

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

ӘӨЖ:327(510+574)(043)

Қолжазба құқында

**БЕЙСЕНБАЕВ ОЛЖАС ТҮСІПБЕКҰЛЫ**

**ҚХР сыртқы саяси стратегиясының трансформациясы және «Белдеу мен жол» аясындағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы**

6D020900 – Шығыстану

Философия докторы PhD  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшілері:  
т.ғ.д., профессор Н.Мұқаметханұлы;  
PhD доктор, доцент м.а. А.Е.Серікқалиева

Шет елдік жетекші:  
PhD доктор, профессор  
Срикант Кондапалли  
Дж.Неру университеті (Нью-Дели, Индия)

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2023

## МАЗМҰНЫ

<b>БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>3</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>5</b>
<b>1 ҚАЗІРГІ ҚХР СЫРТҚЫ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН КОНЦЕПТУАЛДЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....</b>	<b>23</b>
1.1 ҚХР сыртқы саясатын зерттеудің теориялық ерекшеліктері мен проблемасы.....	23
1.2 Жаңа дәуірдегі ҚХР сыртқы саяси парадигмасының қалыптасуы.....	34
1.3 Жаһанды басқару контекстіндегі Қытайдың жаңа бастамалары.....	48
<b>2 «БЕЛДЕУ МЕН ЖОЛ» ИНИЦИАТИВАСЫ ЖӘНЕ «АДАМЗАТ ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ОРТАҚ ТАҒДЫРЫ» КОНЦЕПЦИЯСЫ.....</b>	<b>61</b>
2.1 «Адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» концепциясының қалыптасу кезеңдері.....	61
2.2 Қытайдың сыртқы саясатындағы «Белдеу мен жол» инициативасының алатын орны.....	71
2.3 ҚХР бастамалары және Орталық Азиядағы көпжақты ынтымақтастықтың дамуы.....	83
<b>3 «БЕЛДЕУ МЕН ЖОЛДЫ» ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙДЫҢ ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ.....</b>	<b>99</b>
3.1 Қазақстан-Қытай жан-жақты стратегиялық әріптестігіндегі «Жібек жолының экономикалық белдеуі».....	99
3.2 Си Цзиньпин кезеңіндегі ҚХР дипломатиялық риторикасы және Қазақстан.....	117
3.3 «Цифрлық Жібек жолы» аясындағы Қазақстан мен Қытай ынтымақтастығының перспективасы.....	128
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>139</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>143</b>
<b>ҚОСЫМШАЛАР.....</b>	<b>170</b>

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

**ҚР** – Қазақстан Республикасы

**АИИБ** – Азия инфрақұрылымдық инвестиция банкі

**АКТ** – ақпараттық коммуникация технологиясы

**АҚШ** – Америка Құрама Штаттары

**АӨСШК** – Азиядағы өзара сенім шаралары жөніндегі кеңес

**АТЭС** - Азия-Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығы

**АЭА** – арнайы экономикалық аудан

**БАҚ** – бұқаралық ақпарат құралдары

**БЖИ** – «Белдеу мен жол» инициативасы

**БРИКС** – Бразилия, Ресей, Индия, Қытай, Оңтүстік Африка елдерінің

ұйымы

**БҰҰ** – Біріккен Ұлттар Ұйымы

**БҰҰ БА** – Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы

**БҰҰ ҚК** – Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік кеңесі

**ДБ** – Дүниежүзілік банк

**ДСҰ** – Дүниежүзілік сауда ұйымы

**ЕО** – Еуропалық одақ

**ЕЭО** – Еуразиялық экономикалық одақ

**ЖЖЭБ** – Жібек жолының экономикалық белдеуі

**ЖІӨ** – жалпы ішкі өнім

**ЖІӨ** – жалпы ішкі өнім

**ИЫҰ** – Ислам ынтымақтастығы ұйымы

**КСРО** – Кеңестік социалистік республикалар одағы

**ҚКП** – Қытай коммунистік партиясы

**ҚКП ОК** – Қытай коммунистік партиясы Орталық комитеті

**ҚР ЖБҒМ** – Қазақстан Республикасының Жоғары білім және ғылым

министрлігі

**ҚР ҚМ МКК** – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің

Мемлекеттік кірістер комитеті

**ҚР ҰЭМ** – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика

министрлігі

**ҚСЗИ** – Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты

**ҚХР** – Қытай Халық Республикасы

**ҚХР БХӨЖ** - Қытай Халық Республикасының Бүкілқытайлық халық

өкілдері жиналысы

**ҚХР ХАА** – Қытай Халық Республикасының Халықтық азат ету

армиясы

**ММУ ААЕИ** – Мәскеу мемлекеттік университетінің Азия және

Африка елдерінің институты

**ОА** – Орталық Азия

**ОША** – Оңтүстік-Шығыс Азия

**РҒА ҚҚА** – Ресей ғылым академиясының Қазіргі Қытай мен Азияны зерттеу институты

**РФ** – Ресей Федерациясы

**РФ СІМ МХҚМИ** – Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігі Мәскеу халықаралық қатынастар мемлекеттік институты

**СІМ** – Сыртқы істер министрлігі

**ТМД** – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

**ТМҰ** – Түркі мемлекеттерінің ұйымы

**ТШИ** – тікелей шет елдік инвестиция

**ҰҚШҰ** – Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы

**ХАА** – халықаралық ақпарат агенттігі

**ХВҚ** – Халықаралық валюта қоры

**ХҚО** – халықаралық қаржы орталығы

**ХШЫО** – халықаралық шекаралық ынтымақтастық орталығы

**ЦЖЖ** – Цифрлық Жібек жолы

**ШҰАА** – Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданы

**ШЫҰ** – Шанхай ынтымақтастық ұйымы

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Диссертация жұмысында ҚХР сыртқы саяси стратегиясының трансформациясы жағдайындағы «Белдеу мен жол» инициативасы (ары қарай – БЖИ), оның аясындағы Қазақстан-Қытай қатынасының саяси-дипломатиялық аспектісі қарастырылған. Тақырыптың теориясы, практикалық механизмдері, екіжақты ықпалдастықтың динамикасы назарға алынды. Си Цзиньпин 2013 жылы Астанада жариялаған «Жібек жолының экономикалық белдеуі» және кейінгі бастамалары арқылы Қытай сыртқы саясатының 2013-2023 жылдар аралығындағы даму эволюциясы талданды. Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің ресми құжаттары екіжақты қарым-қатынастың барлық деңгейінде мемлекеттің позициясын алға шығаруда қолданылды.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі.** Халықаралық қатынастар «архитектурасының» өзгеруіне байланысты ҚХР өзінің сыртқы саясатын, мемлекеттермен дипломатиялық байланысын концептуалдық тұрғыда толықтырып келеді. Ұзақмерзімді стратегия және аралық концепция, доктрина, инициативалар шеңберінде Қытайдың әлемдік амбициясының артып келе жатқаны сөзсіз. Қытайдың әр кезеңдегі сыртқы саяси бастамалары оның ішкі мемлекеттік мобилизациясы, өңірлерінің қауіпсіздігі, экономикалық глобализациясымен де байланысып жатыр. Қытай ұсынған ауқымды инфрақұрылым-инвестиция жобалары Шығыс Қытайдан Орталық, Оңтүстік, Оңтүстік Шығыс Азия, тіпті Африка мен Латын Америкасына дейінгі дамушы мемлекеттерді өзіне тартуда. ҚХР-АҚШ сауда-технологиялық текетіресі, экономикалық санкциялар, Ауғанстаннан АҚШ әскерінің шығарылуы, жаһандық пандемия жағдайында халықаралық аудиторияның Қытайдың мегажобаларына деген қызығушылығы артты.

ҚХР өзінің ішкі және сыртқы саясатын белгілі тұжырымдамаға сәйкес белгілейді және ол сатылы түрде трансформацияланып келеді. ҚХР құрылған уақыттан бергі жарияланған «Үлкен секіріс» (大跃进 – da yue jin), «Мәдени революция» (文化大革命 – wenhua da geming), «Бейбіт қатар өмір сүрудің бес принципі» (和平共处五项原则 – heping gongchu wuding yuanze), «Төрт модернизация» (四个现代化 – si ge xiandaihua) мен «Үштік өкілдік» (三个代表 – san ge daibiao), «Реформа және ашықтық» саясаты (改革开放 – gaige kaifang), «Қытайлық ерекшеліктегі социализм» (中国特色社会主义 – zhongguo tese shehui zhuyi), «Қытай арманы» (中国梦 – zhongguo meng) соның бір дәлелі. Мұның барлығы ҚКП мемлекетті әлеуметтік-экономикалық жаңғырту мақсатында қабылдаған, жаппай насихаттаған күрделі идеялары [1, 73 б.] Қытай батысында тәуелсіз мемлекеттер құрылған соң дипломатиялық байланысын жүйелеу мақсатында сыртқы саясат концепцияларының жаңа легін қабылдай бастады. Қытайдың сыртқы саяси курсына оның ежелгі принциптері, «орталық – периферия», «үлкен – кіші мемлекет» аспектілері де

ескерілгенін ұмытпау қажет. Бірақ бүгінгі Қытай «жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшеліктегі социализм», «халықаралық қатынастардың жаңа типі» сияқты идеяларды ұсыну арқылы өз стратегиясының мазмұнын толықтырып отыр. Егер «бейбіт даму», «үйлесімді әлем» Ху Цзинтаоның мұрасы болса, «Белдеу мен жол», «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» концепциясы Си Цзиньпин әкімшілігінің дипломатиялық қолтаңбасы ретінде қарастырылады. ҚХР Конституциясының реформасынан кейін осы концепция мен БЖИ рөлі нығайып, ҚХР Төрағасының саяси имидждік және жаһандық басқаруға ұсынған идеясы ретінде қарастырылып келеді[2].

«Адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» концепциясы Қытайдың ежелгі мәдениеті және дипломатия дәстүріне байланысты түсіндіріледі[3]. Ал, БЖИ Қытай үшін көпжақты бастама ретінде ортақ ереже шығару, альтернативті норманы ілгерілету, интерактивті ынтымақтастық идеяларын әлеуметтендіру үшін маңызды болып отыр. ҚХР тарапы инициативаның бағыт-бағдарын БҰҰ 2030 жылға дейінгі орнықты даму бағдарламасымен де байланыстыруға тырысады[4]. Қазіргі уақытта «Қытай – Орталық Азия» диалогы арқылы ҚХР ынтымақтастықтың аймақтық платформасын ұсынып, өзінің саяси-экономикалық бастамаларын алға жылжытуда.

2013 жылы Қытай Төрағасы Си Цзиньпин Астанада жариялаған «Жібек жолының экономикалық белдеуін» құру идеясы оның экономикада, халықаралық саясаттағы амбициясының күшейгенін білдіреді. Сонымен қоса БЖИ тұжырымдамасында оның экономикалық дамуы және саяси жүйесі әртүрлі деңгейдегі елдердің өзара сауда-экономикалық байланыстарын нығайтып, бірін-бірі толықтыру арқылы, бейбіт қатар дамуға мүмкіндік беретіні айтылады[5]. ҚХР-дағы қаржы-экономикалық үрдістер, стратегиялық бастамалар көршілес мемлекет ретінде Қазақстан Республикасымен тығыз байланысты. Халықаралық логистикалық желілерінің тұйықталған уақытында Орталық Азиядағы транзиттік жүк тасымалына деген бәсеке және өзара интеграцияға деген сұраныс артып отыр. Алайда АҚШ дипломаты Г. Киссинджер айтпақшы: «Азияның саяси және экономикалық картасы аймақтағы мәселенің күрделі екендігін көрсетеді» [6, 274 б.]. АҚШ, Ресей, Қытай, Индия арасындағы геосаяси мүддені былай қойғанда, аймақ елдерінің өз ішінде қалыптасқан проблемаларын жоққа шығара алмаймыз. «Азияның өзіндік ерекшелігі – ол төтенше көп бояулы, әртүрлі жікке бөлінген және қуатты жанжалдар әлеуетіне толы. Бұл дауласуды қажет етпейтін аксиома» - дейді ҚР Президенті Қ.Тоқаев «Беласу» кітабында [7, 327 б.]. Шығыстағы көрші мемлекетпен қарым-қатынастың 30 жылдық кезеңдегі қалыптасуы, маңыздылығы мен өзекті тұстары «Свет и тень» және «Тәуелсіздік дәуірі» кітаптарында да егжей-тегжейлі жазылған [8-9].

Еліміздің осыған дейінгі қабылданған ұзақмерзімді және аралық стратегиялық құжаттары мен жоспарларында, тұжырымдамасында Қытай Халық Республикасымен ықпалдастыққа үлкен басымдық беріліп отыр. Си

Цзиньпиннің Жібек жолының экономикалық белдеуін құру туралы идеясы Қазақстан тарапы 2014 жылы қабылдаған «Нұрлы жол» жаңа экономикалық бағдарламасымен ұштасып отыр[10]. Оның негізгі мақсаты – тиімді көлік-логистикалық дәліз құру, көрші елдердің даму бағдарламасымен сәйкестендіру. Инициативаларды байланыстыру, экономикалық қатынасты синхронизациялау бойынша көптеген уағдаластыққа қол жетіп, бүгінде қос инициативаның байланысы жаңа фазаға өтіп отыр.

Қытай жетекшілері ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдықтарын «стратегиялық мүмкіндіктер кезеңі» деп сипаттайды. Қытай тарапы БЖИ-дің артықшылықтарын дәлелдеп, аймақтағы өзінің позициясы қорғау, позитивті имиджін нығайту үшін елшіліктері арқылы қоғамдық саясатқа белсенді араласып, дискурсивті күшін арттырып келеді. Өйткені, бұл инициативаны іске асыруда туындаған проблемалар да жоқ емес. Халықаралық ақпарат алаңында «Қытай қаупі», «қарыз қақпаны» мәселесі де жиі көтеріледі. Қытай коммунистік партиясы мемлекеттің өрлеуі тек бейбіт мақсатты көздейтінін түсіндіріп, қауіп-қатер, стратегиялық қысым туралы ұғымды сейілтуге тырысады. Сондықтан БЖИ-дің сауда-экономикалық, инвестициялық мүмкіндіктерімен қатар қоғамдық-саяси ықпалын, даму болашағын ғылыми тұрғыда зерттеу маңыздылығы арта түседі.

ҚХР-дың «қос жүзжылдық» мақсатына жетудегі сыртқы саясатының траекториясы, БЖИ салдары, COVID-19 пандемиясының ықпалы сияқты сұрақтар академиялық ортада күн тәртібінен түспей келеді. «Жаңа шынайылық» кезеңінде «Денсаулықтың Жібек жолы», «Цифрлық Жібек жолы» бағыттары да зерттеуге тартымды болуы ықтимал. Дегенмен, бүгінде Қытай сыртқы саясатының трансформациясы, оның ішіндегі концепцияларымен байланыстыра отырып кешенді, объективті түрде қазіргі динамикасын бақылау маңызды болады. Көп жағдайда бір жоба аясындағы қысқа мерзімді, жекелеген аспектілерге талдау жүргізіледі, сондықтан тақырыптың теориясы мен концептуалдық негіздерін қарастыру өзекті болып отыр. БЖИ туралы неғұрлым ашық концептуализацияға негізделген түсінік қалыптастыру да маңызды. Бұндай күн тәртібі БЖИ күрделілігін шешу үшін әртүрлі теориялық перспективаларды біріктіруді және аналитикалық құрылымда батыстық емес элементтердің де болуын талап етеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттілігін нығайту және ұлттық мүддесін қорғау үшін Қытайдың аймақтық және жаһандық басқару амбициясы, сыртқы саяси бастамалары бойынша түпкілікті зерттеу алдағы уақытта да қажет. Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасы өзінің сыртқы саясат концепциясын қайта қарастырып, аймақтық және әлемдік басымдықтарын белгілеп жатқан кезеңде өзекті болып есептеледі. ОА елдері осы бағытта саяси шешімдер қабылдауда, экономикалық, инфрақұрылымдық жобаларды аймақтың дамуында бірлесіп пайдалану үшін әр тараптың зерттеуі болу қажет. Диссертация жұмысында тақырыптың осы аспектілеріне баса назар аударылған.

**Зерттеу нысаны.** Қазіргі заманғы ҚХР сыртқы саясаты және Қазақстан Республикасымен қарым-қатынасы.

**Зерттеудің пәні.** ҚХР сыртқы саясатының теориялық ерекшеліктері мен практикалық механизмдері, жаңа инициатива мен концепциялар аясындағы Қазақстанмен саяси-дипломатиялық қатынасының трансформациясы.

**Зерттеу жұмысының мақсаты.** Халықаралық қатынастар жүйесіндегі ҚХР орнын, соңғы онжылдықтағы сыртқы саясатының траекториясын, Қазақстанмен қарым-қатынасын БЖИ және сыртқы саясат концепциялары арқылы объективті бағалау.

Зерттеу жұмысында келесідей **міндеттерді** орындау көзделген:

- Қытай сыртқы саясатын зерттеудің теориялық ерекшеліктері мен проблемасын анықтау;
- Қазіргі ҚХР сыртқы саяси парадигмасы мен жаңа бастамаларын көрсету;
- «Адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» және «Белдеу мен жол» инициативасының өзара байланысын, аймақтағы көрінісін зерттеу;
- Қазақстан-Қытай жан-жақты стратегиялық әріптестігінің деңгейін «Жібек жолы экономикалық белдеуі» арқылы сараптау;
- «Белдеу мен жол» контекстіндегі Қытайдың дипломатиялық риторикасын қарастыру;
- «Белдеу мен жолдың» өзекті тармағы ретінде «Цифрлық Жібек жолының» мүмкіншіліктері мен проблемасын зерттеу.

**Зерттеудің деректік негізі.**

Диссертацияда пайдаланылған деректердің **бірінші тобына** – ҚР және ҚХР Үкіметтерінің стратегиялық даму және ресми құжаттары [11-14], ҚР Президенттерінің жолдаулары, сыртқы саясат тұжырымдамалары [15-16] мен жоспарлары, инфрақұрылымдық бағдарламалары, ҚКП ОК шешімі [17-19], БЖИ және «Адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» концепциясының әр жылдардағы жарияланған ресми іс-қимыл құжаттары кіреді [20-22]. Қытайлық түпнұсқа деректерді зерттеу нәтижесі көрсетіп отырғандай, ҚХР ресми мемлекеттік құжаттары, партия басшыларының баяндамалары, ҚКП шешімдерінде «жаһанды басқару», «жаһанды басқару жүйесін реформалау» ұғымдары жиі көтеріліп келеді. ҚХР-дың жаһанды басқару стратегиялық мақсатынан туындайтын «халықаралық қатынастардың жаңа типі», «жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшеліктегі үлкен мемлекеттің дипломатиясы», «көршілік дипломатия», «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры», БЖИ – жаңа дәуірдегі ҚХР сыртқы саясатының жаһандық, аймақтық және трансқұрлықтық ауқымдағы концептуалдық негіздеріне жатады. Бұл сыртқы саясат стратегиясының құрамдас бөліктерін Қытай өзінің халықаралық қатынастар теориясына қосқан үлесі ретінде қарастырады.

**Екінші тобы** – хронологиялық кезең аралығында қабылданған ресми мемлекетаралық, дипломатиялық құжаттар тобы [23-29]. Оған Мемлекет



басшылары мен Үкімет мүшелерінің екіжақты мемлекеттік, ресми және жұмыс сапарларында бекітілген стратегиялық және үкіметаралық құжаттар, әр саладағы келісімшарттар мен ынтымақтастық меморандумдары, ШЫҰ мен АӨСШК сияқты халықаралық ұйымдар алаңдарының бірлескен мәлімдемелері енеді. Жалпы екіжақты қарым-қатынастың құқықтық негіздері 250-ден астам үкіметаралық және ведомствоаралық келісімшарт негізінде жүзеге асады. Одан бөлек Мемлекет басшыларының бірлескен мәлімдемелері, ведомстволар, түрлі саладағы мекемелер, ақпарат агенттіктері, ЖОО арасындағы ынтымақтастық туралы келісімдер, хаттамалар, меморандумдар бар. Көрсетілген кезеңде Қазақстан басшылары 10 рет ҚХР-ға арнайы іссапармен (5-мемлекеттік, 1-форумға қатысу, 1-ресми, 3-жұмыс сапарлары), ҚХР Төрағасы 4 рет (1-мемлекеттік, 2-ресми іссапар) Қазақстанға әртүрлі дәрежедегі іссапармен келген екен. Төмендегі үш іргелі құжат Қазақстан мен Қытайдың тату көршілік, достық, стратегиялық қарым-қатынасының саяси-құқықтық іргетасын нығайтты:

- ҚР мен ҚХР жан-жақты стратегиялық әріптестікті одан әрі тереңдету туралы бірлескен декларациясы (Астана қ., 2013 ж. 7 қыркүйек);

- ҚР мен ҚХР Мемлекеттері басшыларының жан-жақты стратегиялық серіктестіктің жаңа кезеңі туралы бірлескен декларациясы (Бейжің қ., 2015 ж. 31 тамыз);

- ҚР мен ҚХР мәңгілік стратегиялық және жан-жақты серіктестікті дамыту туралы бірлескен мәлімдемесі (Бейжің қ., 2019 ж. 11 қыркүйек).

**Үшінші тобы** – мемлекет басшыларының еңбектері [30-31], мақалалары мен сұхбаттары [32-36], мәлімдемелері [37-39] екіжақты және көпжақты диалог алаңдардағы, БЖИ форумдарындағы сөздері [40-46], ҚР және ҚХР сыртқы саяси ведомство, елшіліктерінің жарияланымдары [47-51]. Қазақстандағы ҚХР Төтенше және Өкілетті елшісінің соңғы жылдардағы ҚР Президенті, ҚР Премьер-министрі, Сыртқы істер министрімен кездесулерінің қарқыны, отандық БАҚ-тағы белсенділігі мен дипломатиялық риторикасы өзара байланыстағы мақсат-мүдденің нығайғанын көрсетіп отыр. ҚХР-дағы Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшілігінің де екіжақты стратегиялық қарым-қатынас, трансшекаралық ықпалдастық, көлік-логистикалық, инфрақұрылымдық байланыс, мәдени-гуманитарлық, сарапшылық ынтымақтастықтың өзекті мәселелері туралы сұхбаттары, іс-шаралары, диалог алаңдары Қытайдың сыртқы саясаты мен екіжақты байланыс туралы деректердің үлесін едәуір толықтырды.

**Төртінші тобы** – халықаралық ұйымдар, даму банктері, логистикалық компания, салалық министрліктер, зерттеу орталықтарының есептері мен зерттеу жұмыстарының нәтижелері [52-62]. БЖИ-дің ОА, оның ішінде Қазақстандағы сауда-экономикалық, инвестициялық, инфрақұрылымдық, көлік-логистикалық жобаларының аралық нәтижелері мен динамикасын көрсету үшін халықаралық ұйымдардың статистикалық көрсеткіштері, ЕО және РФ, АҚШ, ҚХР орталықтарының зерттеу жұмыстары мен мәліметтер

қоры қолданылды. БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттары, Дүниежүзілік банк, Азиялық инфрақұрылымдық инвестиция банкі, Халықаралық валюта қоры және т.б халықаралық ұйымдар, Қазақстан мен Қытайдың ұлттық статистика бюролары, салалық министрліктерінің деректері қолданылды. Тақырыптың өзектілігін ескеріп отыру үшін жұмыстың хронологиялық шеңбері БЖИ-дың 10 жылдық кезеңін қамтыған.

**Бесінші тобы** – Қытайдағы және Қазақстандағы ақпарат құралдарының материалдары [61-69]. ҚХР дипломатиялық ведомствосының ақпараттық кеңістіктегі белсенділігі әлдеқайда артуымен бірге қазақстандық және қытайлық электрондық порталдар мен газет-журналдарда («Central Asia Monitor», «zakon.kz», «Қазинформ» ХАА, «Деловой Казахстан», «Kazakhstan Today») Қытайдың әлемге таралатын телевизия, радио, ақпараттық медиа-алыптарының ресурстарында («South China Morning Post», «CGTN» арнасы, «CCTV» телевизия желісі, «Xinhua» агенттігі, «Renmin ribao» онлайн газеті, «China.org.cn» ақпараттық орталығы, «China Daily» агенттігі, «Global Times» немесе Huanqiu shibao күнделікті газеті) зерттеу тақырыбына қатысты сұхбаттар, мақалалар мен материалдардың саны артты. Аталған медиа-корпорациялардың ресурстары ҚР-ҚХР-дың ресми және бейресми салалардағы қарым-қатынасының динамикасын бақылауға мүмкіндік берді.

Осылайша, қолда бар және жарияланған деректерді зерттеу негізінде қалыптасқан жағдайға талдау жасалып, оның даму қарқыны қарастырылды. Қытай, ағылшын, орыс тілдеріндегі түпнұсқа деректер диссертация жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес жиналды. Алынған мәліметтер негізінде ғылыми мақалаларға және диссертацияға енгізілген тұжырымдар мен нәтижелер шығарылды.

### **Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері.**

Тақырыпты зерттеу барысында Қытай сыртқы саясаты тек Еуропа мен АҚШ-тың теориялық ізденістері арқылы ғана емес, халықаралық қатынастар теориясының қытайлық мектебі, ресейлік ғалымдардың пікірі арқылы назарға алынды. Сонымен қатар диссертациялық жұмыстың теориялық құрылымын құрастыруда еліміздің қытайтану, шығыстану ғылымының дамуына үлес қосатын қазақстандық ғалымдардың еңбектері, идеялары маңызды орын алды. Алғашқы тараудағы Қытайдың өрлеуі жағдайындағы әлемдік тәртіптегі алатын орны, сыртқы саяси парадигмасының қалыптасуы гегемондық тұрақтылық, күштер балансы теориялары арқылы зерттелді. Ал жаһанды басқарудың қытайлық көзқарасын білдіретін Қытайдың жаңа сыртқы саяси концепциясы мен бастамаларын түсіндіруде моральдық реализм теориясы қолданылды. Сонымен қоса аймақтық көпжақты ынтымақтастық теориясы негізінде БЖИ, «адамзаттың ортақ тағдыры» концепциясының аймақ кеңістігіндегі реконфигурацияға ықпалы, екіжақты қарым-қатынастағы мүмкіндіктері мен проблемасы қарастырылды. Жалпы зерттеудің өзегі, басқа тараулардағы проблемалар мен ғылыми пайымдар

Қытайдың қабылдауындағы жаһанды басқару призмасы шеңберінде анықталды. Тақырыпты зерттеу аясында келесідей **әдістер** қолданылды:

- Зерттеудің сапалы деңгейін көрсету үшін эмпирикалық зерттеуге негізделген материал ұсынылды. ЖОО мен институт кітапханаларының электронды ресурстарынан қажетті материал жиналып, құрылымдалды. Қытай бастамаларын теориялық қырынан зерттеген еңбектер белгілі параметрлеріне қарай топтастырылды. Түпнұсқа деректерге, мемлекетаралық келісімдер, халықаралық ұйымдар аясындағы көпжақты саяси-дипломатиялық құжаттарға мониторинг жасалды.

- Қытайдың қазіргі сыртқы стратегиясын кезеңдерге бөлу, концепиялардың бірін-бірі толықтыруы және ерекшеліктерін салыстырмалы зерттеу, ғалымдардың алдыңғы жұмыстарын кабинеттік зерттеу әдісі қолданылады. Диссертацияда «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры», БЖИ-ға қатысты АҚШ, ҚХР, РФ, ЕО, ОА мен ҚР ғалымдарының еңбектеріне дискурсивті талдау жүргізілді.

- ҚХР жаңа сыртқы бастамаларының көршілес елдерге, Қазақстанға қатысты орнын бағалау мақсатында ҚХР мемлекеттік органдары, СІМ ресми өкілдері, елшіліктері мен саясаткерлерінің БАҚ-тағы сұхбаттары, мәлімдемелері мен пікірлеріне (фэйсбук, инстаграм, твиттер) контент-талдау жасалды. Контент-талдау ҚХР елшілігінің ресми ресурстарындағы материалдарын сандық және сапалық зерттеу, Қытай дипломаттарының риторикасы, әлеуметтік желідегі белсенділігі және жазбаларының мазмұнын талдауға арналды.

- ҚХР ұсынған «Жібек жолының экономикалық белдеуінің» трансляциясын, инвестициялық-инфрақұрылымдық, көлік-логистикалық жобаларының қазіргі жағдайы мен алдағы перспективасын сараптау; Қытай инициативаларының АҚШ, РФ диалог алаңдарымен үйлесімін, мүдделер қайшылығындағы Қазақстан үшін тиімді жақтарын талдау мақсатында SWOT анализ бен болжау әдістері де қолданылды.

- Жергілікті аудиторияның ҚХР инициативаларын бағалау деңгейін анықтау мақсатында Алматы, Астана және өңір тұрғындары, ЖОО студенттері мен оқытушылары арасынан 100 адамнан электронды поштасы арқылы онлайн-сауалнама алынып, ҚХР сыртқы саясат концепциялары, оның механизмдері және салдары туралы қазақстандықтардың пікірі тұжырымдалды.

Тақырыпты зерттеу барысында қолданылған теориялар мен әдістер өзара байланысты және диссертацияның мақсаты, міндеттері, күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған. Тұтастай алғанда диссертацияда әртүрлі зерттеу парадигмалары мен теорияларын, халықаралық қатынастар, саясаттану, әлеуметтану ғылымындағы әдіснамалық көзқарастардың өзара сыни пікірін үйлестіруге тырыстық.

### **Тақырыптың зерттелу деңгейі.**

Диссертацияда отандық және шетелдік зерттеуші-ғалымдардың ғылыми еңбектерінің нәтижелері, рецензияланған журналдардағы мақалалары, монографиялары мен кітаптары, ғылыми конференциялардың жинақтары, халықаралық ұйымдар мен талдау орталықтарының есептері, баспасөздегі тақырыпқа қатысты сарапшылардың пікірлері қолданылды. ҚХР сыртқы саяси стратегиясы мен БЖИ-ге қатысты соңғы 10 жылдың ішіндегі жарияланған зерттеулер аймақтық, тілдік принциптерге қарай іріктеліп отыр. Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі төмендегідей төрт топқа бөлінді:

**Қазақстандық зерттеушілер.** Соңғы онжылдықта әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Шығыстану» сериясы хабаршысында, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ мен Абылайхан атындағы ӘТЖХҚ университеті, Абай атындағы МПУ журналдарында диссертацияға қатысты 100-ге жуық ғылыми мақала жарияланған. ЖОО жыл сайынғы «Фараби әлемі» және «Жас ғалымдар» конференциялары, ҚР ЖБҒМ қарасты Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты [70], «Назарбаев университеті» ДББҰ [71], Астана халықаралық университеті [72], Қазақ-Неміс университеті [73-74], ҚР СІМ жанындағы Сыртқы саяси зерттеулер институты [75-76], Еуразиялық зерттеулер институты [77-78] халықаралық ұйымдар аясында ҚХР сыртқы саясаты, ОА елдерімен байланысы, БЖИ туралы форум, конференция, дөңгелек үстелдер, әлеуметтік зерттеулер өтті. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Қазіргі заманғы Қытайды зерттеу орталығының ұйытқы болуымен 2016 жылы «Жаңа Жібек жолы экономикалық белдеуі: Жібек жолы бойындағы мемлекеттердің ынтымақтастығы және тұрақты дамуы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары [79], «ҚКП ХІХ съезі шешімдері және Қазақстан-Қытай қатынастары: мақалалар жинағы» [80] монографиясы және бірнеше конференция өтті.

Тақырыпты көп жыл зерттеген ғалымдар ішінен Н.Алдабек пен А.Серікқалиева [81-85], Н.Мұқаметханұлын [86-87] ерекше атап өтуге болады. Диссертанттың отандық ғылыми жетекшілермен бірігіп шығарған шет елдік және еліміздегі рецензияланған ғылыми басылымдардағы мақалаларда [88-89] БЖИ-ді іске асырудағы АИИБ орны мен ОА-дағы жобалары; пандемия мен одан кейінгі БЖИ сын-қатерлері, сауда-экономикалық қатынастың кедергілері мен перспективалары қарастырылған. Н.Мұқаметханұлының ақпараттық порталдардағы Қытай сыртқы саясатының кешегісі мен бүгіні, ҚКП ХІХ съезінен кейінгі эволюциясы туралы мақалаларына да тақырыпқа жіті көңіл бөлінген. Қытайтанушы-ғалымдар Дәуен Д. [90], М.Омарова мен А.Арзықұлов [91], Ф. Оразақынқызының [92], Ж. Ашинова [93], А. Дәлелханның [94] мақалаларында Қытай дипломатиясының даму эволюциясы, «Жібек жолы экономикалық белдеуінің» перспективалары, «Нұрлы жол» бағдарламасы, қаржылық интеграция мен инвестиция, сауда-экономикалық қатынастар, білім мен туризм саласындағы ықпалдастық туралы жан-жақты талдау жасалған.

А.Дүйсекина, К.Байсұлтанова, Ж.Ашинова мақаласы [95] бастама аясындағы ықпалдастықтың түрлі аспектілерін қамтыған. Қытай жобаларының қоғамда қабылдануы туралы авторлар тобы шығарған монографияда да Қазақстандағы синофобияның таралу себептері, инфрақұрылымды жақсарту, агроөнеркәсіпті Қытай нарығына шығару ұмтылысы зерттелген [96]. Аталған еңбектердің барлығы тақырыптың ғылыми негіздемесін дайындап, даму динамикасы мен локальді проблемаларын анықтауға үлкен септігін тигізді.

ҚХР сыртқы саясатының трансформациясындағы, сондай-ақ жаһандық басқару контекстіндегі «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры», оның кеңеюі және басқа идеялармен байланысы соңғы жылдары С.Кожирова [97], А.Нұридденова [98], Д.Жекенов, М.Макишева, С.Джакубаева [99] жұмыстарынан көруге болады. Д.Жекенов және авторлардың бірлескен зерттеуі қазіргі Қытайдың сыртқы саясаты туралы бірыңғай түсінік қалыптаспағанын жазады. Отандық зерттеушілердің жұмыстарында ең алдымен осы концепцияның атауы мен мағынасы әртүрлі нұсқада ұсынылады.

Тақырыптың теориясын зерттеу тұрғысынан И.Қорабоев қарастырған салыстырмалы регионализм теориясы [100], сондай-ақ шет елдегі баспаларда жариялап жүрген А.Битабарова мен Ғ.Шаханованың БЖИ-дің Қазақстанға және ОА-ға ықпалы, БЖИ мен «Нұрлы жол», ЕЭО арасындағы ынтымақтастықты үйлестіру жөніндегі мақалаларын [101-103] атап өтуге болады. А.Токеева өзінің бірқатар материалдарында БЖИ шеңберіндегі ҚР-ҚХР стратегиялық әріптестігінің негізгі бағыттарын қарастырған [104].

COVID-19 пандемиясының Орталық Азияға ықпалы, геосаяси мәселелер туралы А.Бугаенко [105], Р. Изимовтың [106-107] мақалаларын атап өтуге болады. А.Амребаев бірнеше материалында БЖИ-дің ұлттық, аймақтық және жаһандық ауқымын қарастырады [108-109]. 2020 жылғы «TALAP» қолданбалы зерттеулер орталығы мен К.Аденауэр атындағы қордың зерттеуінде [110] БЖИ аясындағы сауда-экономикалық, инвестициялық байланыс, қаржылық интеграцияға талдау жасалып, синофобия мен «жұмсақ күш» мәселесі де сарапталған. Зерттеу нәтижесіндегі «Қытайды қабылдау индексі» мен өзара іс-қимыл жөніндегі ұсыныстарды ерекше атап өту қажет.

Осыған дейінгі шығыстану, халықаралық қатынастар және аймақтану мамандықтары бойынша ҚХР-ға қатысты диссертация жұмыстарында [111-113] бұл тақырып тарауларында болғанымен, «Белдеу мен жол» диссертация жұмысы түрінде еліміздің шығыстану ғылымында қазақ тілінде алғаш рет кешенді қарастырылып отыр. Сондықтан академиялық ортада тақырыптың практикалық аспектілерімен қатар, БЖИ және «адамзат қауымдастығының ортақ тағдырының» концептуализациясын, жаһанды басқару идеясы, оның интерпретациясы және ҚХР сыртқы саясатындағы көрінісі туралы қазақ тіліндегі ғылыми дискурсты дамыту маңызды болмақ.

*Ресейлік зерттеулер.* Тақырыптың теориялық және практикалық аспектілерін талдау бойынша көршілес РФ ММУ Азия және Африка елдерінің институты, РФ ҒА Қазіргі Қытай мен Азияны зерттеу институты, РФА Е.Примаков атындағы Әлемдік экономика және халықаралық қатынастар ұлттық ғылыми зерттеу институты, Карнеги-Мәскеу орталығы, сондай-ақ бірқатар ғалымдардың зерттеуі жарияланып келеді. Диссертацияда ҚХР сыртқы саяси стратегиясы жаһанды басқару идеясы негізінде зерттелгендіктен, осы сұраққа қатысты Ресей академиялық ортасының пікірі де құнды болып есептеледі.

РФ ММУ ғалымы П.Цыганков халықаралық қатынастар теориясында соңғы жылдары «жұмсақ» және «ақылды» күш, қоғамдық дипломатия, әлемдік азаматтық қоғам теориясы, жаһанды басқару және т. б. бірнеше тұжырымдама пайда болғанын жазады [114]. «Жаһанды басқару» концепциялары мен тәжірибелерінің генезисін қарастыруда РФА Е.Примаков атындағы институт ғалымдарының еңбектері өз үлесін қосқан. Ресей ғалымдарының пікірінше, «governance» құбылыс ретінде басқарудан түбегейлі түрде ерекшеленеді [115]. В. Давыдов термин ретінде «басқару» емес, «реттеу» нұсқасын қуаттап, өзгеше көзқарас ұстанатынын айтады [116]. Бұл тақырыпқа қатысты сыни пікірлерді ескере отырып, объективті және салыстырмалы зерттеуге мүмкіндік береді.

А. Мокрецкийдің мақаласы Қытай төрағасы ресми баяндамаларындағы «жаңа дәуір» ( 新時代 ) ұғымын, «Си Цзиньпин идеяларын», олардың дипломатиялық риторикадағы көрінісін бағалауға септігін тигізді [117]. Д.Тренин 2021 жылғы шыққан кітабында Қытайдың «Адамзат тағдырының ортақтығы», «Ұлы державалар арасындағы жаңа қатынастар» және т.б. бірқатар қағидаттарды ұсынып, периферия деңгейіндегі қытай-американ қатынастарының геосаяси және әскери өлшемдері әлдеқайда маңызды бола түскеніне назар аударады [118, 269 б.]. «Адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» тұжырымдамасын ресейлік зерттеушілер ішінен А.Тушков, Д.Фоменко [119], А. Семенов, А.Цвык [120] та қарастырады. Ал, нақты «Белдеу мен жол», оның ОА, оның ішінде Қазақстандағы іске асырылуы, ЕЭО мен «Жібек жолының экономикалық белдеуін» ұштастыру туралы ресейлік ғалымдардың зерттеуі ауқымды. Ресей ЖОО мен зерттеу институттары ғалымдарының ішінен А. Маслов [121], А.Воскресенский [122], Ю.Кулинцевтің [123] еңбектері тек Қытайдың сыртқы саясаты емес, қос державаның аймақтағы мүдделерінің түйісуі тұрғысынан құнды деп есептейміз. РФ Жоғары экономика метебінің орталық директоры В.Кашин мен А.Королевтің мақаласында ҚХР-дың ОА-дағы сауда-экономикалық, инфрақұрылымдық және мәден-гуманитарлық саладағы жобаларының басымдығы, ықпалы көрсетілген [124]. В. Кашин сонымен қоса Қытайдың сыртқы саясаты жаңа сапалы деңгейге көшті деп санайды. Кез-келген жанжалды «жылы жабуға» және экономикалық дамуға қолайлы сыртқы

жағдайды маңызды санайтын Қытай бүгінде проактивті дипломатия жүргізеді[125].

РФ СІМ МХҚМИ аға ғылыми қызметкері И.Зуенко ҚХР-мен кооперация жасаудың форматы бойынша Мәскеу мен Астана көзқарасындағы кейбір қайшылықтар, ЕЭО мен ЖЖЭБ-ны «ұштастыру» туралы қос тараптың позицияларын талдайды[126]. И. Зуенконың И.Денисовпен бірлескен мақаласында және өз зерттеулерінде де [127-128] Еуразия кеңістігінде саяси-экономикалық бастамаларды түйістірудің сын-қатері мен мүмкіндіктерін қарастырады. Қытайдың соңғы жылдары жиі қозғалған проактивті және бетперде дипломатиясы, Қытайдың жаңа дипломатиясының тілі мен ерекшеліктері, ОА-дағы Қытай экспансиясы туралы А. Габуев пен Т. Умаровтың еңбектеріне көңіл аудару қажет [129]. Қос автор БЖИ ұсынған уақыттан бергі Қытай дипломатиясының риторикасы туралы эмпирикалық, контент-анализ зерттеулерін жүргізген[130]. Сонымен қоса, БЖИ іске асуында бірқатар қиыншылықтар бар екенін, Бейжің тәжірибе жинау арқылы өз инвестицияларын бейімдеп, халықаралық қауымдастықтың пікірін ескеру керек деген түйін жасайды [131]. Келесі материалда А.Габуев 2014-2017 жылдардағы БЖИ-ге қатысты аналитикалық жұмыстарды жариялаған 20 ғалым қатысқан сауалнама нәтижелерін ұсынған [132]. Мәскеудегі Карнеги орталығының сарапшысы Т.Умаров 2020 жылғы мақаласы ОА-дағы күштер балансы, АҚШ, Еуроодақ, Индия, Жапония, Оңтүстік Корея белсенділігін нығайтқанын, бірақ баланс біртіндеп Қытайға қарай ауып жатқанын жазады [133]. Жалпы алғанда, Ресей-Украина қақтығысы еуразиялық кеңістіктегі халықаралық тәртіптің даму динамикасын айтарлықтай өзгертті, сондықтан өңір елдерінің сыртқы саяси принциптері немесе басымдықтарына да назар аударып отыру қажет.

**Қытайлық зерттеулер.** Қытай ғалымдарының еңбектері пост-батыстық теориялардың болжамдарына балама болады. Моральдық реализм теориясын ұсынған Ян Сюэтун [134-136] дәлелдегендей, Қытайдың әлемдік тәртібі тарихи тұрғыдан гегемонияға емес, «адамгершілік билікке» негізделген. Қытай ғалымдарының басым көзқарасы Қытай жаһандық ірі державаға айналуға деп есептейді. Кейбіреулер Қытайды әлемдік экономикалық және сауда державасы десе басқалары «квази супердержава» деп санайды[137].

Юй Кэпин батыс нұсқасындағы жаһанды басқару тұжырымдамасының қауіптері [138], Цай Туо жаһанды басқару тетіктері мен нормалары Қытайға таныс емес, оны меңгеруге уақыт қажет екенін [139, 218 б.], Пан Чжуньин Қытай өзінің сыртқы саясатын қайта құрылымдап, оны жаһанды басқарудың өзегіне айналдыру мәселесін көтереді [140]. Ван Ивэй Қытайдың дәстүрлі мәдениеті жаһанды басқару жөніндегі еуропалық либералды идеяларды қабылдауға кедергі жасайды деп санайды [141].

М.Дян [142], Бора Ли [143], Лян мен Чжан [144] қытайлық теорияда аналитикалық тұжырым мен үкіметтің ұстанымын бөліп қарау, БЖИ-дің

көшбасшылыққа жетудегі маңызды құрал болуы, Қытай әзірлеген идеялардың жаһанды басқаруға үлесін зерттейді. Бора Ли тағы бір еңбегінде БЖИ мен Көпжақты даму банкі Қытай үшін жаһанды басқарудың институционалдық әлеуетін дамытады деп санайды [145]. Лина Лю, Цзен Лян БЖИ-ді енгізу кезінде Қытайдың орнын ереже қабылдаушы, реформалаушы, бұзушы және енгізуші деп анықтайды [146-147].

Сюй мен Гуо, Дэн Юйвэн [148-149] ҚХР ұсынған тұжырымдамалардың мағынасы, нақты іс-қимыл жоспары айқын болмаған соң ұран ретінде қолданады және әлемнің қалған бөлігіне анық емес дейді. «Адамзат тағдырының қауымдастығын», оның Қытай сыртқы саясатындағы орнын зерттеген ғалымдар – Чжан Дэнхуа [150], Чэнь Чжаохэ [151], Чжао Сяочунь [152], Дин Цзюнь, Чэн Хунцзинь [153], Ван Цзяньвэй [154]. Чжан Дэнхуа пікірінше, «адамзат тағдыры қауымдастығы» жеткілікті зерттелмеген, мағынасы анық емес тұжырымдама деп санайды. Ван Цзяньвэй бұл концепцияны Қытайдың жауапты мемлекет сатысына көтеру және әлемге Қытайдың өрлеуін қабылдануға пайдаланады деп есептейді.

Қытай халықаралық зерттеулер институтының сарапшысы Чэн Шулу «Адамзат қауымдастығының ортақ тағдырын» құру Қытай дипломатиясының ең жоғары мақсаты деп есептейді [155]. Ол БЖИ құрылысы кезінде жинақталған тәжірибе негізінде адамзат қауымдастығының ортақ тағдырын құрудың теориялық деңгейіне көтеріледі деп пайымдайды. Сяо Вэймин БЖИ мен «адамзат тағдыры» концепциясының өзара байланысы консенсус, инвестиция, гуманитарлық алмасудан көрінеді деп санайды [156].

Сингапур Ұлттық университетінің профессоры Чжэн Юнян Қытай жөнінде түсіндіру үшін таза батыстық теорияларды қолдану түсінбеушілік тудыратынын [157], Фу Мэнцзы [158], Хаогуан Лян мен Яоцзюнь Чжан БЖИ-дің теориялық аспектілеріне терең бойлау қажет екенін [159], Хан Юан Қытай үкіметі ұсынған тұжырымдамалардың бастапқыда анықтамалары болмайтынын және кейіннен ғана ғалымдар түсіндірме беретінін [160] жазады. Билян Ху БЖИ-дың инвестиция бойынша қарыздық сын-қатерді басқарудың техникалық-экономикалық негіздемесі қажет және сыни пікір Қытайды келіссөзге келуге мәжбүрлейді деп санайды [161]. Профессор Чжао Хуашен ОА елдері «көршілік дипломатиясы» бойынша Қытайдың жаңа дипломатиялық философиясын қолданатын ыңғайлы аймақ десе [162], Сун Чжуанчжи ОА елдері дамушы болғандықтан, олар көптеген ішкі экономикалық және әлеуметтік қиыншылықтарға тап болады дейді [163].

Қытайлық академиялық зерттеулер мен ҚХР ғалымдары тақырыптың теориясына, БЖИ саяси қырларына және экономикалық стратегиясына көңіл бөледі. Ғалымдар әдетте БЖИ туралы ресми құжаттардың мазмұнына контент-анализ жасау, АИИБ мен инфрақұрылымдық жобалар сияқты репрезентативті мысалдарды таңдау, аймақтық экономикалық интеграция, әріптестік және қазіргі бастамаларды дәстүрлі концепциялармен байланыстырып тұжырымдайды.



### *Еуропа, АҚШ ғалымдарының және ағылшын тіліндегі зерттеулер.*

Шетелдік ғалымдардың зерттеулері энергетика мен экономика, саясат және геосаясат, қауіпсіздік, әлемнің әр бөлігіне ҚХР бастамаларының ықпалы, экология, тұрақты даму, жаһандық басқару сияқты БЖИ теориясы мен практикасының түрлі аспектісіне арналған. Джордж Вашингтон университеті [164], ОБСЕ Академиясы мен Норвегия халықаралық қатынастар институты [165], Лоуи халықаралық саясат институты, Петерсон Халықаралық экономика институты, Дүниежүзілік банк, университеттер мен ұйымдар БЖИ жөніндегі көлемді зерттеу жұмыстарын дайындап келеді [166-167]. Батыс ғалымдары әсіресе ҚХР мен АҚШ арасындағы сауда, технологиялық текетірісте, БЖИ-дің негізгі мақсат-мүддесін, оның перспективаларын зерттейді.

Диссертация жұмысында шетелдік ғылыми жетекші С.Кондапалли басқа авторлармен және өзінің жеке ғылыми монографиялары, мақалалары және интернет платформадағы материалдарында [168] ҚХР сыртқы саясаты, БЖИ-дің аймақтағы әсері, ҚХР әскерінің модернизациясы туралы жазады [169-170]. С.Кондапаллидің белгілі ғалым Д.Шамбаумен бірлесіп шығарған еңбектерінде қытайлық ерекшеліктегі аймақтық мультилатерализм туралы бөлімі диссертацияның ҚХР-ОА аспектісін тереңдетуге, Қытайдың сыртқы саяси институттарының жұмысын талдауға септігін тигізді. Оның пікірінше, Қытай «статус-кво» держава ретінде бүгінгі әлемдік тәртіпті де қолдайды, сонымен қоса ревизионистік сипатта бірқатар халықаралық институттарға қосылмайды [171]. Авторлардың түйіні бойынша ревизионистік держава ретінде Қытай бүгінгі әлемдік тәртіпті тікелей емес, жанама түрде өзгертуге талпыныс жасап келеді. Авторлардың бірлескен мақаласында «адамзат тағдыры» идеясы, оның БЖИ-мен байланысы, жаһанды басқару контекстіндегі дамуы қарастырылған[1].

ҚХР мен АҚШ-тың жаһандық жетекшіліктегі бәсекесі, қақтығыстың ықтималдығы, тарихи негіздері мен әр аймақтардағы саяси-экономикалық салдары туралы терең зерттеулер К.Махбубани [172], Д.Шамбау[173], Г.Алисон [174], П.Франкопан [175], Дж.Хиллман [176-177] т.б орнын ерекше айтуға болады. Г. Алисон «Соғысқа арналған» кітабында АҚШ-Қытай қарым-қатынасының болашағы туралы «Фукидид тұзағы» (ағылшынша - «Thucydides trap») теориясын ғылыми айналымға енгізді.

Батыс ғалымдарының ортасында тақырыптың теориясын зерттеушілер көп. Г. Икенберри [178-179], У.Каллахан [180], А.Пурванти [181], Ф.Мартин мен Л.Даннер [182], Бентли Б. Аллан, Срджан Вучетич, Тед Хопф [183] бірлескен мақаласы, Н.Ролланд [184], М.Майер [185], У.Хюбнердің [186] материалдары гегемониялық күштің қалыптасуы, либералды экономикалық жүйедегі қуатты мемлекеттің орны, Қытайдың гегемон ретіндегі перспективасын, ережелер мен нормаларды қалыптастыруын, күштер теңгерімі туралы зерттеулері маңызды. АҚШ-пен қатар ҚХР жаһандық басқарудың халықаралық тетіктерін жетілдіруі, қауіпсіздік бағытында RAND

сарапшылары Т.Хиз [187], А. Скобелл [188] зерттеген. Жаһанды басқару туралы ғылыми дискуссия Дж. Розенау [189], Т. Вайсс пен Р.Такур [190], Дж. Най [191], К.Вальц [192], М. Зюрн [193] еңбектерінде көрсетілген.

Соңғы жылдары қоғамдық дипломатия нарративі Қытайдың саяси жүйесі мен ҚКП басшылығының жаһандық басқаруға қосқан үлесі тақырыбына қарай ауысты және күшейе түсті [194]. Жоғарыда аталған елдер ғалымдарының бұл идеяның пайда болуы, мақсаты мен міндеті туралы пікірінде консенсус жоқ. «Адамзат тағдыры» тұжырымдамасын батыс эксперттері арасынан М.Суэйн [195], Д.Тобин [196], Г.Штек [197] еңбектерінде назарға алынған. Ф.Эберт қоры ұйымдастырған зерттеуге сәйкес [198], бүгінде Ресей БЖИ-ді жаһандық геосаяси жоба ретінде қарастырады және Батыс елдерімен текетірес барысында тек қана экономикалық емес, сыртқы саяси бонустарды алуды көздейді.

**Тақырыптың хронологиялық шеңбері.** Диссертацияда 2013-2023 жылдар аралығындағы Қытайдың жаһандық саясаттағы орны трансформацияланып жатқан кезеңге басымдық берілді. Бұл хронология «Белдеу мен жолдың» биылғы 10 жылдығымен сәйкес келеді.

#### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы.**

1) ҚХР сыртқы саяси стратегиясының трансформациясы, оның әлемдік және аймақтық даму контурларына жаһанды басқару концепциясы, халықаралық қатынастардың қытайлық теориясы арқылы қарастырылды.

2) ҚХР сыртқы саясатындағы БЖИ және «адамзаттың ортақ тағдыры» концепциясы, оның аясындағы Қазақстан-Қытай саяси-дипломатиялық ынтымақтастығына диссертация деңгейінде кешенді анализ жасалды.

3) Қазақстан-Қытай ынтымақтастығының 30 жылдық кезеңіндегі мәңгілік жан-жақты стратегиялық қатынастың жаңа сатысы белгіленген соңғы онжылдыққа басымдық беріліп, маңызды деректер ғылыми айналымға қосылды.

4) ҚХР-дың 2013-2023 жылдардағы сыртқы саясатының трансформациясы БЖИ және «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» концепциясының даму динамикасына сәйкес бірнеше кезеңге бөліп қарастырылды.

5) ҚХР сыртқы саяси ведомствосы мен ресми өкілдерінің коммуникация құралдары, мәлімдемелеріне мониторинг жасау арқылы Қытайдың дипломатиялық риторикасының өзгерісіне баға берілді.

6) ҚХР сыртқы саясат концепциялары мен инициативасының мемлекеттік тілдегі нұсқасы жөнінде ортақ түсінік қалыптастыру үшін бірыңғай ұстаным ғылыми дискурсқа енгізілді.

7) БЖИ-ға қатысушы мемлекеттердің екіжақты, көпжақты ынтымақтастығының ықтимал басым бағыты ретінде «Цифрлық Жібек жолының» мүмкіншіліктері мен сын-қатері зерттеу нысанына алынды.

## **Зерттеудің қорғауға ұсынылатын тұжырымдары.**

**1) ҚХР АҚШ құрған жаһандық тәртіпті ревизионистік сипатта жанама түрде өзгертуге талпыныс жасауда.** АҚШ нормаларына балама ретінде Қытай жаһандық бастамаларды алға жылжытып, ереже қабылдаушыдан шығарушыға айналууда. Қытай әлемдегі ықпал бөлінісін жаңадан құрғысы келгенімен, іс жүзіндегі институттармен де байланысын нығайтады. Бұл Қытайдың батыс ықпалы салыстырмалы түрде аз кеңістікте ішінара гегемонияға ұмтылатынын көрсетеді. «Белдеу мен жол» – ҚХР осындай стратегиялық байланысын арттыруды көздейтін географиялық аумақ. Қытайдың өзіндік идентификациясы, дәстүрлі мәдениеті қазіргі тәртіптің құндылықтарына қайшы келгендіктен, бүгінгі жағдайда өзара ықпалға сүйенетін күштер балансы сақталуы ықтимал.

**2) ҚХР-дың жаһанды басқарудың өзіндік интерпретациясы халықаралық қатынастардың қытайлық теориясын тарату ұмтылысын көрсетеді.** ҚХР сыртқы саяси бастамалары арқылы жаңа идеялар корпусын қалыптастыру және оны тәжірибеге енгізуді көздейді. «Халықаралық қатынастардың жаңа типін», «жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшеліктегі үлкен мемлекеттің дипломатиясы», «көршілік дипломатия», «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры», БЖИ – ҚХР жаңа дәуірдегі жаһандық, аймақтық және трансқұрлықтық саясатының концептуалдық негіздеріне жатады. Аталған концепцияларды Қытай халықаралық қатынастар теориясына қосқан үлесі ретінде қарастырады. Сыртқы саясат концепцияларының нақты иерархиясы анықталмағандықтан, ондағы аналитикалық тұжырым мен үкіметтің ұстанымын бөліп қараған маңызды.

**3) Қытайлық зерттеулерге сәйкес, «Белдеу мен жол» – «адамзат қауымдастығының ортақ тағдырын» іске асырудың практикалық механизмі.** БЖИ Қытайдың жаһанды басқаруға қосқан экономикалық, сауда, көлік-логистикалық үлесін қамтиды. ҚХР БЖИ-дің шеңберіндегі саяси ықпалдастық, инвестиция және инфрақұрылым жобалары арқылы дамушы елдерде өзіндік ережелерді белгілеуді көздейді, ал «адамзат тағдыры» оның идеялық мазмұны мен сыртқы имиджін білдіреді деген ұстаным бар. «Си Цзиньпин идеялары» ҚКП Жарғысы мен ҚХР Конституциясына енгізілген соң, халықаралық қатынастар жүйесін өз пайдасына өзгертетін орталық постулат ретінде орнады. Қытай басшылары осы идеяларды тиімді формада толықтырып отыруы ықтимал.

**4) Си Цзиньпин басшылығымен Қытай дипломатиялық риторикасының формасы мен мазмұны эволюциядан өтті.** ҚХР проактивті дипломатиясы жай үгіт-насихат емес, ҚКП-ның халықаралық дискурстағы құқығын қорғау, саяси моделінің институционалдық артықшылығын көрсету, дамушы елдермен қатынасын нығайту жауапкершілігі ретінде қарастыруға болады. Қытайдың жаһанды басқарудағы мүддесі инвестициялық, сауда-экономикалық шекарадан асып, саяси-дипломатиялық сипат ала бастады. ҚХР-дың сыртқы саясаттағы

амбициясы «Қытай – Орталық Азия» диалог алаңының құрылуы, халықаралық ұйымдар аясындағы кездесулер жиілігі, Қытайдың дипломатиялық өкілдіктерінің мәлімдемелерінен көрінеді. Қытай дипломатиясының дәстүрлі екіжақты ұстанымы көпжақты форматқа ауысып, ОА өзара байланысты нарықтың тұтас конструкция ретінде қарастырыла бастады.

**5) 2013-2023 жылдары бастамалар аясында Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық қарым-қатынас жаңа деңгейге көтерілді.** Қытай Қазақстанды БЖИ бойындағы маңызды «транскүрлықтык көпір» деп санайды. Осы аралықта стратегиялық байланысқа «мәңгілік» сипаты қосылып, Қазақстан ОА-дағы Қытайдың жетекші сауда-инвестициялық серіктесіне айналды. Қазақстан Қытайдың бастамасын мақұлдап қана қоймай, «Орта дәлізді» дамытудың балама идеяларын ұсынуда. Бүгінде БЖИ аясындағы орталық қана емес, трансшекаралық және өңіраралық байланысқа назар аударылуда. Постпандемия кезеңінде сауда көрсеткішіндегі диспропорция, «жасыл дәлізді» шешудің прагматикалық қадамдары іске асуы ықтимал. Ресми мемлекетаралық қатынастың динамикасына қарамастан, ҚХР жобаларын қабылдау скептицизмі де жойылған жоқ.

**6) Қытай үшін БЖИ-ді іске асырудағы «Цифрлық Жібек жолының» өзектілігі артып келеді.** БЖИ елдерінің цифрлық байланысын нығайтуды Қытай өзін қозғаушы күш ретінде есептейді. Сауда-экономикалық қатынастың цифрлануы оның транспаренттілігін, трансшекаралық тасымалды, ақпарат алмасуды жеделдетеді. Карантин шектеулері кезеңінде «цифрлық дипломатия» ұғымы да таралды. Алдағы уақытта ЦЖЖ Қытай сыртқы саясатының басым бағытына айналуы ықтимал. Қытай тарапы ЦЖЖ телекоммуникация желісін, бұлтты технология, электронды коммерцияны жетілдіруге бағытталғанын түсіндіргенімен, жеке деректер құпиялығы, цифрлық қауіпсіздіктің проблемасы сын-қатер тудырады. ЦЖЖ перспективасы қауіпсіздік тұрғысынан әлі де терең зерттеуді талап етеді.

**7) ҚХР сыртқы саясатын зерттеудің теориясы және әдіснамасын жетілдіру қажеттілігі жоғары.** Қазақстандағы БЖИ имплементациясын бағалайтын толыққанды эмпирикалық зерттеулер шет елдік ұйымдардың қатысуымен жарияланып келеді. БЖИ тақырыбын тұрақты зерттеушілер пулы қалыптаспаған және материалдардың басым бөлігі комплиментарлық сипатта келеді. ҚХР сыртқы саяси бастамаларының мемлекеттік тілдегі аудармасы бірізге келтірілмеген. Пандемиядан кейінгі кезеңдегі Қытай сарапшыларының сыртқы қауымдастықпен байланысының азаюы, Ресейдегі шектеулер мен ОА-дағы синологияның эпизодтық деңгейі ҚХР сыртқы саясатын объективті зерттеуде қиыншылықтар туғызады. Қытайдың аймақтағы және жекелеген мемлекеттердегі стратегиялық ықпалына тұрақты мониторинг жүргізу қажет.

### **Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы.**

Зерттеудің болжамды нәтижелері ҚХР ұсынған сыртқы саяси бастамаларының жаңа кезеңдегі өзгерісін теориялық-концептуалдық тұрғыда зерделеу үшін маңызды. Жобаның нәтижелері академиялық ортада, сондай-ақ саяси дәрежедегі консультацияларда, әсіресе Қытайдың Қазақстанға және ОА-ға қатысты сыртқы саясатының трансформациясын, оның халықаралық геосаяси ахуалдың өзгеруі жағдайындағы Қытайдың сыртқы саясатының бағыт-бағдарын, соның ішінде ресми дипломатиялық риторикасын сараптауда пайдаланылуы мүмкін. Жалпы алғанда, диссертация Қытайдың сыртқы саяси стратегиясына қатысты қазақстандық аудиторияның ғана емес, ОА қауымдастығының ортақ көзқарасы мен жауабын қалыптастыруға өзіндік септігін тигізеді.

Диссертация жұмысының ғылыми нәтижелері, тақырыптың себебі мен ықтимал салдарын зерттеу Қазақстан Республикасының Президент Әкімшілігіне, Сыртқы істер министрлігіне Қытаймен екіжақты сауда-экономикалық, дипломатиялық байланыстың ғылыми негіздерін нығайтуға, отандық ЖОО мен институттарға тақырыптың теоретизациясы мен концептуализациясы туралы нақты ұсыным беру, Қазақстанның сыртқы саясат концепциясының ғылыми негіздемесін күшейту, алдағы Қытай векторын бағалау тұрғысынан практикалық құндылығы жоғары. Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен деректері Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарындағы «шығыстану», «аймақтану», «халықаралық қатынастар», «саясаттану» мамандығы бойынша бакалавриат, магистратура студенттерінің оқыту бағдарламасын дайындауда көмекші құрал болуы ықтимал. Бұл жұмыс қазақстандық қытайтану, қазіргі заманғы халықаралық қарым-қатынастар теориясы, ҚХР-дың аймақтық және жаһандық көшбасшылығы туралы зерттеулер қатарын толықтырады.

### **Зерттеуді апробациялау.**

Зерттеу академиялық адалдық пен ғылыми этика қағидаттарына сәйкес орындалды. Зерттеу нәтижелері рецензияланған шетелдік және ҚР БЖҒМ БҒБК ұсынған отандық басылымдарда – 3, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда - 7, Scopus базасында енетін журналда – 1, барлығы 11 мақала түрінде жарияланды. Ғылыми мақалалардың тізімі:

1. Serikkaliyeva, A., Amirbek, A., Tazhibayev, R., Beisenbayev, O. Global governance, Chinese-style: The Central Asian projects of the Asian infrastructure investment bank. Central Asia and the Caucasus. 2019, 20(4), pp. 32–40.
2. Бейсенбаев О., Кондапалли С. ҚХР сыртқы саясатының трансформациясындағы «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» концепциясы // «Қоғам және дәуір» ғылыми-сараптамалық журналы. № 3 (71) 2021, 72-94 б.
3. Бейсенбаев О., Мұқаметханұлы Н. COVID-19 пандемиясы жағдайында «Бір белдеу – бір жол» инициативасын іске асырудың сын-қатері

// «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы, 2020. - №2(22).  
<http://88.204.166.9/kz/publications/view/1455>

4. «Жібек жолы» бойындағы Қазақстан мен Қытайдың білім саласындағы ынтымақтастығы // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2018–№4(4)– 179-183 б.

5. Сотрудничество Казахстана, России и Китая в развитии цифрового шелкового пути: новые вызовы и перспективы. Восточная Азия: прошлое, настоящее, будущее / ИДВ РАН; отв. ред. сост. Ю.В. Кулинцев. — М.: ИДВ РАН, 2020. — 209-219 с.

6. «Жібек Жолының экономикалық белдеуі» бойындағы ОА елдерінің ынтымақтастығы. Материалы международной научной конференции студентов и молодых ученых «Фараби әлемі» / отв.ред. А.Е. Сериккалиева. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 189 с. ISBN 978-601-04-3400-4.

7. ҚХР сыртқы саясатының концептуалдық негіздері. Сборник XII Международной научной конференции студентов и молодых ученых «Наука и образование -2017» – 2017-2225-2227, ISBN 978-9965-31-827-6

8. «Бір белдеу – бір жол»: Қытайдың жаңа жаһандық стратегиясы. «Бір белдеу – бір жол» бойындағы мемлекеттердің білім беру саласындағы ынтымақтастығы мен инновациясы» атты халықаралық форум материалдары. – Алматы: «Қазақ университеті», 2017 жыл 28-30 маусым. - 114-119 б.

9. «Бір белдеу – бір жол» инициативасы және ҚХР Конституциялық реформасы // Сборник XIII Международной научной конференции студентов и молодых ученых «Наука и образование-2018» ЕНУ им.Л.Н. Гумилева, 12 апреля 2018 г.

10. «Цифрлық Жібек жолы» аясындағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастығының дамуы / ҚКП шешімдері және Қазақстан-Қытай қарым-қатынастары: мақалалар жинағы (Қытайды зерттеу). Алматы: «Мерей» баспасы – 2018. – 254 бет

11. «Жібек жолы» бойындағы білім саласындағы ынтымақтастық мәселелері // Сборник республиканской научно-практической конференции на тему «Профессии будущего: к чему готовится поколению Y, Z?» МДРГО РК и НИЦ «Молодежь», 27 апреля 2018 г.

Ғылыми мақалалардан бөлек ҚХР сыртқы саясатын, қазіргі кезеңдегі Қазақстан мен Қытайдың дипломатиялық қарым-қатынасын, мемлекеттік және халықаралық ұйым арасындағы ықпалдастық, БЖИ аясындағы жобалар тақырыбы интернет-платформалар мен отандық ақпарат құралдарында кеңінен талқыланды[199-205].

**Диссертация жұмысының құрылымы.** Зерттеу қысқартылған сөздер, кіріспе және негізгі бөлім, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер және қосымшалардан тұрады. Жалпы диссертация жұмысының көлемі – 173 бет.

# 1 ҚАЗІРГІ ҚХР СЫРТҚЫ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН КОНЦЕПТУАЛДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 ҚХР сыртқы саясатын зерттеудің теориялық ерекшеліктері мен проблемасы

Диссертация жұмысының бұл бөлімінде жаһандық тәртіп пен халықаралық қатынастар жүйесіндегі ҚХР орнын, соңғы онжылдықтағы сыртқы саясатының траекториясын, болашақтағы аймақтық және әлемдік амбициясын объективті бағалау үшін бірқатар теория аясында тақырыпты зерттеген шығыс және батыс ғалымдарының еңбектеріне шолу жасалды. Халықаралық қатынастардағы жаңа концепциялар әлемдік тәртіптің даму тұжырымдамасы мен шешім қабылдауды әртараптандыруда маңызды орын алады. Сонымен қоса халықаралық қатынастар жүйесіне бүгінгі жаһандық процестер ықпал етуде. Жаңа локалды конфликтілер, пандемия шектеулері, этносаяси келеңсіздіктер, унилатерализм мен протекционизм, осыған дейін VUCA, қазіргі уақытта VANI деп бағаланатын әлемдегі жаһанды басқару жүйесінің тұрақсыздығы мен белгісіздігі жағдайында халықаралық қатынастарды концептуалды түрде қайта қарау қажет. Классикалық теориялар бүгінгі әлемдік саясатты зерттеуде көрініс табады, дегенмен халықаралық қатынастар жүйесіне жаңа теориялық мектептердің қосатын үлесін жоққа шығаруға болмайды. Диссертацияда ҚХР сыртқы саясатының трансформациясы мен ҚКП шешімдері, жаһандық қауымдастыққа және аймақтық деңгейде ұсынған концепция, инициатива, идеяларының негізгі мақсаты мен мүмкіндіктерін теориялық тұрғыда кең ауқымда түсінуге талпыныс жасалды.

XXI ғасырдың басындағы әлемдік тәртіп, жаһанды басқару жүйесі, халықаралық қауіпсіздікті орнату жолдары Қытай үшін аса маңызды болып есептеледі. Халықаралық қатынастар жүйесінің бүгінгі талаптарына байланысты Қытай басшылары сыртқы әлем туралы мемлекеттің қабылдауына өзгерістер енгізіп келеді. Соңғы онжылдықта халықаралық қатынастар «архитектурасының» өзгеруіне байланысты Қытайдың әлеммен қатынасының концептуалдық тұрғыда дамып отырғанын байқаймыз. Оған ҚХР-дың бүгінгі партиялық-үкіметтік саяси элитасы, академиялық қауымдастығы мен сарапшылары, дипломатиялық өкілдіктері тікелей үлес қосып келеді. Қытайдың кез-келген сыртқы саяси ұстанымы оның экономикалық және ішкі саяси мүддесі, қауіпсіздігі және тұрақтылығымен тығыз байланысып жатыр. ҚХР сыртқы саяси принциптері әр онжылдық сайын трансформацияланып, жаңа сыртқы саясат тұжырымдамаларынан көрініс тауып отырады, сондай-ақ оны жүзеге асыру үшін бірқатар механизмдер мен дипломатиялық құралдарды қолданады [206, 2154 б.]. Бүгінгі халықаралық қатынастар жүйесінде Азиядағы өрлеуші державалар «норма қабылдаудан» өздерінің идеясы, даму үлгісіне негізделген аймақтық

және жаһандық басқару нысандарын ілгерілетуге ауысты. АИИБ және БЖИ сияқты қытайлық нормалардың аймақтандыру және жаһандану мүмкіндігі ғалымдардың көп зерттейтін тақырыбына айналды [142, 13 б.]. Бұл тенденцияны ғалымдар батыстық немесе демократиялық емес режимдер алға қоятын идеялар мен тәжірибелердің бірегейлігімен сипатталатын «позитивті шығыстанумен» де байланыстырады. Мысалы, «ұтыс-ұтыс» (win-win) сияқты қағидаларды державалық қатынастардың жаңа түрі, ұжымдық байланысты білдіретін «қытайлық ұғымдар», авторитарлы нормаларды бекіту жолдары ретінде қарастырылады. Зерттеу жұмысында әлемдегі екінші экономика, әскери әлеуеті едәуір артқан, ірі өнеркәсіп шоғырланған, валюта қоры ең үлкен мемлекеттің аймақтық және жаһандық жетекшілігі қалай өрбиді, әлемдегі алпауыт күштердің өзара қарым-қатынас конфигурациясы қандай болады, оған қандай теория объективті баға береді және Қытайдың үздіксіз жариялап жатқан концепциялары нені білдіреді деген сұрақтарға жауап іздеу міндеті қойылған.

XXI ғасырдағы халықаралық саясаттағы Қытайдың өркендеу жағдайына қайта назар аударылғанына қарамастан, бірқатар ғалымның пікірінше, қазіргі Азиядағы қарым-қатынастар жүйесін талдауда қолданылатын теориялар әлі де еуроцентристік болып есептеледі. Мысалы, Грэхам Аллисон АҚШ-Қытай қарым-қатынасының болашағы туралы гипотезаны алға жылжыту үшін ежелгі Афина мен Спартадағы билік ауысуының 16 жағдайын талдап, «Фукидид тұзағы» (ағылшынша - «Thucydides trap») теориясын ғылыми айналымға енгізді [174]. Сондай-ақ, зерттеуші Ачария дәлелдегендей, «халықаралық қатынастардың негізгі теориялары Батыстың тарихына, интеллектуалдық дәстүріне және талаптарына тамыр жайған. Олар батысқа жатпайтын әлемнің теорияларына шектеулі деңгейде ғана сәйкес келеді [142, 5 б.]. Диссертацияда ҚХР-дың қазіргі сыртқы саясаты мен концепциялары алынғандықтан, сондай-ақ жұмыстың жаңашылдығы ретінде халықаралық қатынастар теориясындағы өзге де мектептер объективті тұжырым жасауға үлес қосады.

Саясаттанушы П.Цыганковтың пайымынша, әлемдегі үрдістердің динамикасы, оның қарқыны мен ауқымы саяси ғылымның осы құбылыстарды зерделеуде артта қалғанын көрсетеді. Жаһандық саяси өзгерістер белгілі бір деңгейде теорияны күрделі жағдайға алып келді. Яғни, кейбір теория мектептері қазіргі жаһандық үрдістер мен халықаралық қатынастардың жүйесін толық бағалай алмай жатса, екінші жақтан жаңа теориялардың қалыптасуы, сондай-ақ батыс пен шығыс мектептерінің арасындағы қарама-қайшылықтар немесе өзара толықтыру байқалады. Инновацияны іздеудің нәтижесінде бірнеше пікірталассыз болмаса да жаңа теориялар мен тұжырымдамалар пайда болды: мысалы, *«жұмсақ» және «ақылды» күш, қоғамдық дипломатия, әлемдік азаматтық қоғам теориясы, жаһанды басқару, демократиялық әлем, адам қауіпсіздігі және т. б.* кең таралған концепциялар [114, 8-9 б.]. Халықаралық саяси қатынастар



теориясын зерттеудің бүгінгі проблемаларының ішінен екі мәселеге ерекше назар аударылады:

*Біріншіден*, халықаралық-саяси теория көп жағдайда белгілі бір тұтас ұғымды білдірмейді. Әдетте оған үздіксіз бәсекелестік пен әртүрлі зерттеу парадигмаларының, әдіснамалық көзқарастардың өзара сыни пікірі, тақырыптардың алуан түрлілігі, теориялардың пәні мен объектісі туралы әртүрлі идея тән.

*Екіншіден*, көптеген зерттеушілер қазіргі жағдайды сипаттағанда және оларды дәстүрлі теориялармен салыстырғанда көбінесе олардың біреуінен бас тартады немесе толықтай екіншісінің жағына шығады. Бүгінгі таңда саяси реализм теориясының сыншысы көп. Алайда, практикада, теорияда да бәрі олай емес деп есептейді П.Цыганков [114, 23 б.].

Теориялық пікірталастардың арасында жоғарыда айтылған ұстанымдарға сыни көзқараспен қарайтын гегемондық зерттеулердің толқыны қалыптасты. Гегемония, биліктің ауысуы және халықаралық тәртіп теориялары арасындағы синтезді табуға тырысатын зерттеу жаһандық және аймақтық деңгейде бәсекелестік, әлеуметтену үшін жаңа зерттеу жолдарын ашады. Бұл Қытайдың өрлеуін, сондай-ақ Азиядағы аймақтық тәртіпті қайта бөлісу процесін түсіну үшін өте маңызды [178, 355 б.]. Ең алдымен батыстағы ғылыми дискурста шолу жасайтын болсақ, осы контексте қарастырылатын гегемондық тұрақтылық теориясына (*hegemonic stability theory* - ағылшынша) сәйкес халықаралық қатынастар құрылымдық жүйе болып есептеледі. Гегемондық тұрақтылық бір держава үстемдік ететін әлемдік тәртіп ең тұрақты және субъектілер арасында ең ашық экономикалық тәртіпке ие болады деп есептейді. Осы орайда гегемондық тұрақтылық бойынша Қытайдың жаһандық және аймақтық көшбасшылығын зерттеген синологтардың пікірін бірнеше бағытқа топтастырылған:

*Бірінші тарап* тұрақты ынтымақтастық еркін нарықтық экономикаға әкелетін либералды қоғамда ғана болады деп болжайды. Яғни, батыс ғалымдары әлемдік және аймақтық тәртіп сақталуы үшін бір үстем күш болуы керек деп есептейді және сол орында ірі держава ретінде АҚШ-тың қалатынын, либералды-демократиялық құндылық қажет екенін алға тартады.

*Екінші тарап* Қытай АҚШ құрған либералды экономикалық және саяси жаһандық тәртіпті қабылдауы екіталай дейді. Сондықтан Голландия үлгісіндегі жаһандық гегемония неғұрлым ықтимал траектория болып көрінеді. Қытай алдағы онжылдықта қатаң саудаға бағытталған, саяси бейтарап және өз мүддесін көздейтін саясатқа басымдық беруі мүмкін.

*Үшінші тарап*, Қытайдың болжанған гегемониясының теориялық қолдауы болмағандықтан, бұл практикалық тұрғыда мүмкін емес дейді. Қытайдың демографиялық құлдырауы және қоршаған ортаның нашарлауы, практикалық өміршеңдіктің жоқтығы оның келесі гегемон болуына кедергі келтіреді. Гегемония Қытайдың ұлттық болмысына терең сіңгеніне

қарамастан, ол әлемдік көшбасшылықтың тізгінін алуға дайын емес дейді [181, 140 б.].

Ч.Кинделбергер ашық және либералды әлемдік экономика гегемониялық және үстем күштің болуын талап етеді деп есептейді [207]. Р.Гилпин «либералды халықаралық экономиканы жүйедегі ең қуатты мемлекеттің немесе мемлекеттердің қолдауы арқылы ғана қалыптастыруға және қолдауға болады» деп болжайды [208]. Р.Кеохан гегемондық тұрақтылық теориясының екі қағидатына тоқталады: 1) әлемдік саясаттағы тәртіп әдетте бір үстемдік етуші күш арқылы жасалады және халықаралық режимдердің қалыптасуы гегемонияға байланысты; 2) гегемония жалғасуы үшін тәртіпті сақтау қағидасы талап етіледі [209]. Г. Джон Икенберри аймақтық призмада американдық тәртіп Шығыс Азиядағы тәртіптің маңызды құрамдас бөлігі болып қала беретінін айтады. Экономикалық тұрғыдан Шығыс Азия елдерінің көпшілігі өздерінің болашақ экономикалық қарым-қатынастарын Қытаймен байланыстырады деп күтілуде. Қауіпсіздік тұрғысынан бұл елдердің көпшілігі американдық альянстың қорғанысына деген сенімін жалғастырады [178, 355 б.].

А.Пурвантидің зерттеуінше, АҚШ әлі күнге дейін Шығыс Азияда көшбасшы болып саналады. Ал ҚХР үшін оның өсіп келе жатқан экономикалық және әскери қуаты анық болғанымен, ҚХР аймақтағы көшбасшы ретінде қызмет ету үшін тиісті атрибуттарын құрбан ететін гегемон ретінде әрекет етпейді [181, 139 б.]. Луи мен Хангтың пікірінше, Қытай тартымды экономикалық көрсеткіштерге жете алады, бірақ Қытай әлі де әскери стратегиялық тұрғыдан Жапония, Оңтүстік Корея және Тайваньның назарын аудара алмайды. Олар Солтүстік-Шығыс Азияда қалыптасқан қауіпсіздік архитектурасы жағдайында өміршең болып қала береді, өйткені дәстүрлі дипломатиялық одақтастар басқа тараптардың агрессиясын болдырмау үшін әлі де АҚШ-тың аймақтағы әскери ықпалына сенеді деп есептейді [210, 217 б.].

Ф.Мартин мен Л.Даннер Қытайдың жаһандық әлеуетін түсіндіру үшін гегемониялық эвристикалық траекторияны назарға алады. Бұл «гегемония» жетекші державаның дүниетанымы мен ұлттық мүддесіне сәйкес келеді деген сөз. Зерттеушілер гегемонды түрлі аспектіге қарай: қайырымды-көшбасшы, мәжбүрлеуші-үстем немесе тәртіпке сәйкес басқаратын голландтық стилдегі көшбасшы деп бөледі. Идеологиялық тұрғыдан Қытай қайырымды гегемон бола алмайды, ал әскери және саяси тұрғыдан нарықтық жүйелерді басқаруға қажетті жаһандық күш пен беделге ие емес. Аталған зерттеуде «гегемония» деп халықаралық, әсіресе жаһандық саяси экономика саласындағы көшбасшылық айтылады [182, 189 б.]. Р. Кеохан өзінің неонинституционалистік режим теориясында ынтымақтастықты дамыту және жаһандық саяси-экономикалық тәртіпті қолдау үшін тек гегемония жеткіліксіз екенін айтады. Оның орнына халықаралық экономикалық

режимдер халықаралық саяси-экономикалық тәртіптің жұмысын жеңілдету үшін қажет деп ұсынды[209].

Ф.Мартин мен Л.Даннер жоғарыда айтылған мақалада бұрын-соңды болмаған экономикалық өсім болашақта Қытайды АҚШ-тың орнына жаһандық гегемон ретінде алмастырады дейді. Ғалымдар Қытайдың бітімгершілік операцияларға қатысуы және оның жаһандық инвестициялары оның гегемондық қадамын көрсетеді деп санайды. Мақала авторларының пайымынша, Қытай АҚШ құрған либералды экономикалық және саяси жаһандық тәртіпті қабылдауы екіталай. Осыған қарамастан, Қытайдың гегемондық траекториясының көп бөлігі оның экономикасы мен саясаты тұрғысынан ішкі жағынан қалай дамитынына байланысты болуы мүмкін[182, 204 б.].

Ғалымдар халықаралық тәртіптің болашағы тек материалдық күшпен ғана емес, сонымен бірге ұлы державалар арасындағы бірегейліктің (identity – ағылшынша) таралуымен де қалыптасады деген қорытындыға келеді. Бірегейліктің қабылдануын Бентли Б. Аллан, Срджан Вучетич, Тед Хопф бірлескен мақаласында қарастырады. Біріншіден, қазіргі тәртіп пен ондағы бірегейліктің таралуын Батыс мемлекеттері, Үндістан мен Бразилия сияқты өсіп келе жатқан державалар қолдайды. Екіншіден, Қытайдың авторитарлық идентификациясы қазіргі тәртіптің демократиялық идеологиясына қайшы келеді [183, 3 б.]. Дегенмен, гегемонияның тұжырымдамасы Қытай гегемониясының ықтималдығын жоғарылатады, өйткені ол құрылымдық, идеялық кедергілердің жиынтығын елемейді. Яғни, гегемондық тәртіптердің күші мен тұрақтылығы бірегейліктің державалар арасында кеңірек таралуына да байланысты. Оның ұлттық бірегейлік туралы пікірталасы оқшауланған және үгіт-насихат сипатында, сондықтан идентификацияны таратуда қолдау табуы қиын болуы мүмкін.

Швеллер мен Пу АҚШ-тың гегемониясына ревизионистік қыр көрсету үшін Қытай әлемдегі билеуші идеологияға қарсы тұруға мәжбүр болады дейді[211, 616 б.]. Г. Джон Икенберри либералдық тәртіп «ашық» және «әділ» ережелерге негізделгендіктен, оның Қытай мен басқа да өсіп келе жатқан державаларды біріктіру мүмкіндігі бар деп қорытындылайды. Ол халықаралық тәртіптің болашағы Қытай шешімдеріне байланысты деген түйін жасайды. Ал, Чжанның пікірінше, Қытайдың өз билігінің идеологиялық негіздеріне қарсы тұратын тәртіпке қолдау көрсетуі екіталай [212, 305 б.].

Коммунистік партияның «қытайлық ерекшеліктегі социализм», «Қытай арманы» сияқты тұжырымдары қытайлық бірегейлікті анықтауда негізгі рөл атқарады. Бұл тұжырымдар ел ішінде маңызды идеологиялық функцияны атқарады, бірақ олар Қытайдың ішкі саясатына бағытталған[183, 110 б.]. Қытайлық бірегейліктің бұндай элементтері басқа ірі державаларды жұмылдыратын балама көзқарас орнату мүмкіндігі төмен. Эмпирикалық зерттеуге сәйкес, Қытайдың өрлеуі гегемондық жүйені ауыстыра алмайды,

өйткені бірегейлікті анықтауда елдер негізінен демократиялық неолиберализм құндылықтарын қолдайды.

Саяси ғылымдар профессоры Л.Херрингтонның пікірінше, Қытайдың өрлеуі АҚШ нарығының тұрақтылығына байланысты болады. Оның үстіне Қытай гегемониясының теориялық негіздемесі болмағандықтан, бұл практикалық тұрғыдан қиынға соғады. Қытайдың демографиялық құлдырауы және қоршаған ортаның нашарлауы Қытайдың келесі гегемон болуына кедергі келтіреді дейді зерттеуші. Қытайдың саяси ой-пікірінде 2800 жыл бұрын енгізілген «гегемония» ұғымы ұлттық болмысына терең сіңгеніне қарамастан, бүгінгі ҚХР-дың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық мәселелері көп көңіл бөлуді талап етеді. Сондықтан бұл фактор әлемдік көшбасшылыққа жол бермейді деп есептейді [213]. Дегенмен, Қытайдың экономикалық даму қарқыны, әскери әлеуеті, ғарышты игеруі, өндірістік қуаты мен БЖИ сияқты жаһандық бастамаларын, қаржылық институттарының масштабын ескере отырып, оның әлемдік тәртіптегі ықпалының өскенін елеусіз қалдыруға болмайды.

Жоғарыда айтылған көзқараспен келіспейтін, ҚХР-дың халықаралық саяси-экономикалық конъюнктураға ықпалының күшеюі, гегемониядан күштер балансына өтуі туралы зерттеулер де жарияланды. Г. Джон Икенберри алдағы онжылдықта Қытайдың күш-қуаты одан әрі артып, әлемдік сахнадағы ықпалының нығаятыны сөзсіз дейді. Бұл Американың стратегиялық мүддесі мен жаһандық ұстанымы үшін салдары ауқымды болуы мүмкін. Г. Икенберри Шығыс Азияны еркін «гегемондық» тәртіптен «**күштердің теңгерімі**» бар тәртіпке өтетін жағдайда сипаттайды. «Күш теңгерімі» (balance of power - ағылшынша) ғалымдардың аймақтық және жаһандық тәртіптердің логикасын көрсету үшін қолданатын термин болып саналады [179, 42 б.].

Қытайдың күші мен көшбасшылығы аймақта өсетіні сөзсіз. Ал, Американың мақсаты – Қытай билігі мен көшбасшылығының өсуіне тосқауыл қою емес, оның аймақты өз ықпалына пайдаланбауын қамтамасыз ету. Қытайдың бейбіт өрлеуі және Азиядағы АҚШ-Қытай бәсекелестігі жөніндегі ең оптимистік көзқарас бойынша халықаралық либералды тәртіп Бейжіңнің бейбіт көтерілуіне көмектеседі және оған кедергі болмайды. Шығыс Азияда ықпалды мемлекеттер өзара күш теңгеріміне оралуда, өйткені АҚШ-тың аймақтағы ықпалын Қытайдың күш-қуаты шектейді. Аймақтағы бір емес, бірнеше ірі державаның болуы «күш теңгерімін» білдіреді. Бұндай стратегия ең алдымен Қытайды жаһандық және аймақтық либералдық тәртіпке «қосуға» және күш-қуаты өрлеуші Қытайды тежегіш коалицияларды құруға бағытталған [179, 55 б.]. Г. Джон Икенберри бұндай жүйеде гегемондық тәртіп немесе дәстүрлі билік жүйесінің балансы емес, өзара ықпал аспектілерін сақтап, дамытатын **күштер балансы** орнайды деген тұжырымға келеді. Ықпалдастықтың осы траекториясы өрлеуші Қытай мен доминат күш АҚШ арасында сақталады деп болжауға болады.

Н.Ролланд Си Цзиньпин тұсында Қытай қалыптасқан халықаралық тәртіпке наразылығын көбірек білдіре бастады деп санайды. Ішкі дикуссиялар мен пікірлер Қытайдың болашақ жүйеге деген көзқарасы дәстүрлі қытай философиясынан шабыт алатынын көрсетеді. Қытайдың ұжымдық интеллектуалдық күш-жігері батыс ықпалынан және либералдық идеалдардан таза кеңістікте ішінара гегемонияға ұмтылатынын көрсетеді. Бұл жүйенің контурлары немесе идеологиялық шеңбері көрсетілмесе де, Бейжіңнің ықпал ету аймағын анықтай түседі. Мәселен, қазіргі жағдайда Бейжіңнің үш ықпал аймағын көрсетуге болады: құрлықтағы Қытай; шекаралас аймақ, көршілес мемлекеттер, «Белдеу мен жол» мемлекеттері, ҚХР стратегиялық ықпалын арттырғысы келетін географиялық аумақ; державалар, дамыған либералды демократия және либералды халықаралық институттар деп бөлінеді. Қытайдың «дискурстық қуатын» жоққа шығаруға келмейді немесе жай үгіт-насихат деп түсінбеу керек. Керісінше, ҚКП іс жүзіндегі нормаларды өзгертуге және халықаралық жүйені реформалау қадамы ретінде қарастыруға болады. Қытай басшылығының халықаралық тәртіпті сынға алуы оның осы тәртіптің негізінде құрылған құндылықтарға деген үзілді-кесілді қарсылығын көрсетеді. Нәтижесінде Қытай әлемді билегеннен гөрі ішінара гегемонияға ие болатын жаңа әлемдік тәртіпті көздеуі ықтимал [214, 10 б.].

Зерттеу тақырыбының шеңберіндегі ағылшын әдебиеті халықаралық тәртіптің плюралистік және солидаристік түрлерін анықтайды. Плюралистік тәртіп мемлекеттер өз территориясында егеменді болатын, басқа мемлекеттердің ішкі саясатына араласуға ұмтылмайтын Вестфальдық жүйеге өте жақын. Ал, солидаристік тәртіп мемлекет егемендігінің шегінен шыға отырып, басқа мемлекеттердің істеріне араласпау және әділеттілікті нығайту басымдықтарымен анықталады. Кейбір ғалымның пікірінше, халықаралық қатынастардың жаңа типін (新型国际关系 – xīnxíng guójì guānxì) және «Қытай арманы»(中国梦 – zhōngguó mèng) сияқты ұғымдар вестфальдық жүйеге қатысты болмаса да, плюралистік бағытпен тығыз байланысты. Қытай басшылығының өз құндылықтарына негізделген аймақтық тәртіпті ілгерілетуі халықаралық аренада плюрализм мен бірегейліктің әртүрлігін қабылдау эволюциясын білдіреді. Осылайша, АҚШ-тың ережелер мен нормаларды қалыптастыру қабілеті төмендеген кезеңде Қытай өзіндік аймақтық тәртіп үлгісін алға жылжытуда [215, 13 б.].

Жоғарыда аталған пікірлердің қайшылығы, бірін-бірі толықтыруына қарай ҚХР сыртқы саяси стратегиясын объективті және толық бағалау мақсатында халықаралық қатынастардың қытайлық мектеп өкілдерін де қарастырған жөн. Яғни, халықаралық қатынас пен әлемдік тәртіпке деген қытайлық көзқарас қандай идеяға негізделген? Оның астары толық ашылмаса да, сыртқы формасы қандай мотивпен қапталғаны қызығушылық тудырады. Қытайдың халықаралық қатынастар мектебі зерттеуші Цинь Яцин, философ Чжао Тэнян және интеллектуал ғалым Ян Сюэтуңнің теориялық

еңбектерімен толықты. Олар деконструкцияға және «ұлттық тәсілдерге» басымдық беру арқылы сыни және пост-батыстық болжамдарға балама болады [134-136].

Аталған қытайлық үш ғалымның теориялық зерттеулері мен ғылыми ұстанымы ежелгі қытайдың саяси философиясымен байланысып жатқаны анық. Ал мақсаты халықаралық қатынастың тұжырымдамасы мен тәсілін соған қарай қайта құру болды. Тянься жүйесінің ең ықпалды заманауи интерпретациясын философ Чжао Тэнян ұсынған [180, 228 б.]. Тянься жүйесі ресми теңдік пен билік саясатына негізделген Вестфалия әлеміне балама болды. Керісінше, синоцентристік модель ізгілік пен моральдық жағынан қытайлық артықшылыққа негізделген болып саналады [215]. Цинь Яцин жаһанды басқарудың екі түрлі тәсілін сипаттады: ережелерге негізделген тәсіл және Еуропа мен Шығыс Азияны зерттеуде пайдаланатын қатынастық тәсіл. Циньнің пікірінше, Батыстың интеллектуалды және саяси гегемониясын ескеретін болсақ, біріншісі әлдеқайда көбірек қолданылады дейді. Ал, қатынастық тәсіл өзара сенім негізінде, бақылау мен болжауға қарағанда келіссөздердің қажет екенін көрсетеді [142]. Бұл жерде Қытайдың дәстүрлі саяси философиясы мен құндылықтары ескерілгені белгілі.

Моральдық реализм теориясы (道义现实主义 – daoyi xianshi zhuyi) Ян Сюэтуннің интеллектуалдық қызметінің негізгі нәтижесі [134-136]. Ян Сюэтун дәлелдегендей, Қытайдың әлемдік тәртібі тарихи тұрғыдан гегемонияға емес, «адамгершілік билікке» негізделген. Ол жариялаған еңбегінде «адамгершілік билік пен гегемондық биліктің негізгі айырмашылығы - біріншісі моральға, екіншісі мемлекетаралық тәртіпті сақтау үшін материалдық күшке сүйенеді» деп айтады [216, 284 б.]. Моральдық реалистер өсіп келе жатқан мемлекет неліктен үстемдік ете алады және халықаралық деңгейде қалайша көшбасшы болады деген сұрақтарға жауап іздейді. Реалистік теорияның бір саласы ретінде моральдық реализм саяси көшбасшылық пен халықаралық стратегиялық сенімділікті орнатудағы биліктің ауысу логикасы мен механизмдерін зерттейді.

2005 жылы Янь Сюэтун бастаған ғалымдары Цинь империясы құрылғанға дейінгі дәуір мен ондағы тарихи оқиғалар қазіргі халықаралық қатынастарға көп жағынан ұқсас деген түйінге келген. Янь Сюэтун Цинь дәуіріне дейінгі ғалымдардың идеяларын реализм мектебінің ережелерімен біріктірді. Моральдық реализмге сәйкес, мемлекеттің сыртқы саясатының негізгі міндеті оның ұлттық мүддесін жүзеге асыруымен байланысты [217, 243 б.]. Осыған байланысты моральдық реалистер теориялық конструкцияларының негізгі бөлігі «өрлеуші күш (崛起国 – jueqigu) – супердержавы (主导国 – zhudaoguo)» жұбындағы қарым-қатынасты талдауға бағытталған. Сыртқы және ішкі саясаттың моральдық нормаларға сәйкестігі биліктің легитимділігін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар оның саяси күшін арттырады дейді қытайлық ғалым. Ян Сюэтун мемлекет өз саясатында

қытайлық немесе американдық емес, әмбебап моральдық принциптерді басшылыққа алуы керек деп атап көрсетеді [135, 17 б.].

Моральдық реализм теориясындағы орталық концепциялардың бірі – саяси күш (政治实力 – zhengzhi shili). Мәдени, сондай-ақ материалдық билікпен бірге ол мемлекеттің жиынтық күш-қуатын (综合实力 – zonghe shili) құрайды. Янь Сюэтуң өз елінің қазіргі супердержава АҚШ-тан ерекшеленіп, қытайлық қана емес, жалпыадамзаттық моральдық принциптердің таралуына ықпал етуі керек екенін айтады [218, 233 б.]. Моральдық реалистер мемлекеттің сыртқы саясатына әсер ететін көшбасшылықтың төрт түрін анықтайды: пассивті (无为型领导 – wuwei xing lingdao), консервативті (守成型领导 – shou chengxing lingdao), белсенді (进取型领导 – jinqu xing ling he) және агрессивті (争斗型领导 – zhengdou xing lingdao). Ғалым бұл белсенді көшбасшылық көтеріліп келе жатқан мемлекетке бейбіт түрде және бүкіл халықаралық жүйеге өз үстемдігін орнатуға, жаңа нормалар мен жаңа әлемдік тәртіпті құруға мүмкіндік береді дейді [217, 110 б.].

Айтылған бағыттарды зерттей келе Ян Қытайдың сыртқы саяси стратегиясына қатысты келесідей ұсыныстарды алға қояды. Біріншіден, Қытай жауапкершілік пен мемлекет құқығының теңгерімі бар халықаралық қатынастар жүйесінің қалыптасуына ықпал етуі керек. Екіншіден, дамыған мемлекеттер дамушы мемлекеттерге қарағанда халықаралық нормалардың сақталуын дәйекті түрде іске асыруы керек. Үшіншіден, Қытай «тянься» концепциясына жүгіне отырып, ашық және біртұтас әлем құруға ықпал етуі керек. Қытайдың «көлеңкеде жасырыну» саясатынан «белсенді әрекетке» көшу салдарын зерттеген ғалым «Қытайдың әлемдік аренадағы белсенділігі теріс бағаланғанына қарамастан, бұл оның саяси күші мен билігінің кеңеюіне алып келді» деген қорытынды жасайды [219, 82 б.].

Моральдық реалистер билікті ұлттық мүдденің негізгі бөлігі ретінде қарастырады. Халықаралық саясатта ықпалы өсіп келе жатқан мемлекеттің күші оның халықаралық күшке ие болудағы негізгі мүддесін анықтайды. Моральдық реализм шешуі керек деген теориялық мәселенің бірі өрлеп келе жатқан мемлекеттің экономикасы, технологиясы, білім беру жүйесі, әскери күші және саяси жүйесі жағынан төмен сатыда болса да, үстемдік етуші гегемонды ығыстыруға қабілетті болуында жатыр. Моральдық реализм теориясына сәйкес, егер Қытай ел ішінде де, шетелде де әділдік және мәдениеттілік сияқты моральдық қағидаларды қолданса, халықаралық жүйені өзгертуі әбден мүмкін [216, 1 б.]. Халықаралық дәрежеде стратегиялық сенімге ие мемлекет халықаралық қауымдастықты саяси тұрғыда жұмылдыра алады және халықаралық конфигурациядағы өзгерістерді жеңілдетеді деген пікір бар [216, 26 б.].

Басым көзқарас Қытай жаһандық державаға айналуға деп есептейді. Қытай әлі де Шығыс және Оңтүстік Азиядағы аймақтық держава болып қала береді деген пікір де бар. Ол әлемдік державаның кейбір қасиеттерін ғана

пайдаланады делінеді. Мысалы, кейбіреулер Қытайды әлемдік экономикалық және сауда державасы десе [137, 55 б.], басқалары «квази супердержава» деп санайды. Қалай болғанда кең ауқымды жаһандық байланыстар Қытайды бірте-бірте ықпалы үлкен мемлекетке айналдыруда. Қытайдың модернизацияға бағытталған талпыныстарында табысқа жету-жетпеуі әлі белгісіз. Халықаралық жүйедегі өз позициясы бойынша ол белгілі бір ұлттық және әлеуметтік-экономикалық сипаттамалар жиынтығымен белгіленген дамушы ел ретінде жиі жіктеледі.

Біз көңіл аударып отырған халықаралық қатынастарды зерттеудің қытайлық мектебінің бірқатар проблемалары мен өзіндік ерекшелігі бар екенін де ескеру қажет. Атап айтқанда қытайлық ғалымдардың зерттеулері Қытай үкіметі мен коммунистік партиясы көтерген саяси нарративті легитимді қылу үшін функционалды тұжырым мен талдау жасап, «биліктің сөзін сөйлеуге» бейім болатынын да назарға аламыз. Сондықтан мемлекет, егемендік, анархия, нарықтық немесе халықаралық тәртіп сияқты әмбебап және табиғи категориялардың теориялық шекарасын қайта қарау қажет. «Бейбіт өрлеу», «бейбіт қатар даму», «халықаралық қатынастың жаңа типі», «адамзаттың ортақ тағдыры», «Қытай арманы» сияқты концепцияларды қарастырғанда аналитикалық тұрғыдан пайдалы тұжырымдама мен үкіметтің ұстанымын ажыратып отырған маңызды [184, 142].

Жоғарыда айтылған қытай ғалымдарының ұсынысы ҚХР-дың жаһанды басқару жүйесін реформалау ұмтылысынан көрінеді. Қытай АҚШ сияқты жетекші державамен әлемдік тәртіпті бөлісуде халықаралық ұйымдарға белсенді араласып, альтернативті қаржы-экономикалық институттарды, инвестициялық-инфрақұрылым жобаларын ұсынып, оның қабылдануын, дискурсивті қуатын күшейту үшін қытайлық концепцияларды кеңінен таратып жатқаны анық. Эксперт Бора Ли көшбасшылық және гегемондық көшбасшылық тұжырымдамасы жаһанды басқару жүйесінде қалай жұмыс істейтінін зерттеген. Мемлекеттің жаңа күші пайда болған кезде ол өзінің географиялық бақылауын, саяси ықпалын немесе әлемдік экономикадағы үстемдігін кеңейтеді. Ол жаһанды басқару шеңберін және билік саласын реттейтін ережелер мен нормаларды реформалауға тырысады [208]. Жаһанды басқарудың қарапайым үлгісін нақты мәселелерді халықаралық деңгейде ұжымдық тұрғыда басқару деп түсінуге болады. Кеохан мен Най [220, 68 б.] «басқару» сөзін үкіметпен салыстырғанда топтық іс-әрекеттерді басқаратын және реттейтін ресми-бейресми процестер мен институттар деп түсіндіреді. Осылайша, маңызды мәселелерді шешу және жаһандық жүйедегі қайшылықтарды зерттеу үшін барлық субъектілерді тарту жаһандық басқару көзқарасын орнатады. Жаһандық көшбасшылыққа ұмтылыста Қытай өзіндік жаһанды басқару идеясымен келіп жатқаны анық және ол туралы келесі тарауда тарқатып айтылады.

Жоғарыда қарастырған гегемондық тұжырымдамасы жаһанды басқару құрылымының негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Қытайдың



гегемонияға қарсылық танытатын мәлімдемелері басқа мемлекеттердің күмәнін тудырады, бірақ оның өсу траекториясы мен Си Цзиньпин әкімшілігі кезіндегі жаһанды басқару амбициясы гегемониялық ұмтылысын да білдіреді. 2013 жылы БЖИ Қытайдың сыртқы стратегиясының дамуы мен экономикалық ықпалының басты мақсаты ретінде жарияланды. Негізінен инфрақұрылымдық байланыс пен инвестицияға арналған бастама ретінде қарастырылған БЖИ режимдер мен институттардың динамикалық жүйесіне енгізілген[143].

Зерттеушілердің пікірінше, БЖИ мен жаһанды басқару арасындағы өзара әрекеттестіктің екі негізгі аспектісі бар: халықаралық қоғамдық игіліктерді қамтамасыз ету және көпжақты құрылымды орнату. БЖИ шеңберінде Қытай елдерге инфрақұрылымды дамыту немесе бар нысанды жаңарту үшін ауқымды деңгейде қаржы бөледі. Ол сондай-ақ ШЫҰ мен БЖИ сәйкес келетін басқа да көпжақты қауіпсіздік тетіктері арқылы аймақтық және жаһандық деңгейде бейбітшілік пен тұрақтылықты ілгерілету идеясымен тартады. Қытайға өзінің бастамасына өзге елдерді тарту үшін дәстүрлі жаһанды басқару жүйесінің қолданыстағы ережелерінің орнын басатын жаңа ереже мен тәжірибе қажет. Жаһанды басқарудың күрделі жүйесінде қалыптасқан халықаралық құрылымда орнығу прагматизм тұрғысынан ревизионистік сипатта болады. Жобаның легитимділігін арттыру үшін кейбір қолданыстағы жаһанды басқару тәртібін толықтыру және сәйкестендіру үдерісі БЖИ жобасының сабақтастығы, дәйектілігіне сәйкес қытайлық дуалистік көзқарасқа ұқсайды. Қытай көшбасшылары, көптеген халықаралық ұйымдар БЖИ мен жаһандық міндеттемелердің, әсіресе БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі тұрақты даму күн тәртібінің арасындағы өзара толықтырулар мен синергияны көрсетуге тырысады[190]. ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин «Қытай арманы» мен «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» идеалдарын риторикалық түрде насихаттайды. Осындай жағдайда БЖИ Қытай үшін жаһанды басқару құрылымын өз пайдасына өзгертуге тырысатын көшбасшылыққа жету үшін маңызды және ықпалды құрал болып есептеледі[143, 18-19 б.].

Қытай дискурсивті қуатын материалдық күшімен арттыра отырып, өзінің өнеркәсіптік стандарттары мен басқару үлгісін батыс ықпалынан тыс әлемге таратуды қалайды. Ал, халықаралық аудиторияның пікіріне ықпалу ету мақсатында партияның дипломатиялық тәжірибесін, жоғары деңгейдегі саммиттер мен диалогтарды дәстүрлі сән-салтанат сипатында ұйымдастырады. Сондықтан Си Цзиньпин кезіндегі «адамзаттың ортақ тағдыры» мен «Белдеу мен жол» инициативасы қытайлық дипломатияның да тиімді құралына айналып келе жатыр. Әлемнің көп бөлігінде Қытай осы параллель жүйенің орталығы ретінде өз позициясын бекітуде [214, 50 б.]. Жауапты держава рөлін атқару жолындағы Қытайдың мүддесі мен оны ресми құжаттардағы бекітуіне қарай Қытайдың көзделген мақсаттан бас тартуы екіталай деп болжауға болады. Осындай жағдайда Батыс пен Қытай бүгінгі

әлемдік тәртіпте қатар өмір сүрудің, келіспеушіліктерді реттеудің жолын тапса, жекелеген аймақтар мен мемлекеттерге ұтымды болуы ықтимал[221].

Диссертация тақырыбы соңғы онжылдықта теориялық-концептуалдық тұрғыда кешенді зерттелмегендіктен, отандық деректер мен зерттеулерге сілтеме жасауда қиыншылықтар туындайды. Ғылыми апробация нәтижесінде таңдап алынған теориялар әлі де тереңірек зерттеуді талап етеді. Диссертацияда ҚХР сыртқы саясатының трансформациясын оның соңғы онжылдықта қабылданған жаңа сыртқы саясат концепциялары және инициативасы арқылы қарастыруда әртүрлі зерттеу парадигмалары, әдіснамалық көзқарастар, өзара сыни пікір, бір теорияны толық қолдап, екіншісін жоққа шығармай өзара байланыстарын салыстыра отырып анализ жасауға мән беріледі. ҚХР сыртқы саясатының трансформациясы әлемдік тәртіп және әлемнің жетекші мемлекеттерінің конфигурациясы шеңберінде қарастырылды. Қытайдың жаңа сыртқы саясат концепциялары, БЖИ теориясын ҚХР-дың жалпы әлемдік аренадағы көшбасшылығы, аймақтық және әлемдік державалармен ықпалдастығы аясында қарастыру маңызды болмақ. Осы мақсатта халықаралық зерттеушілердің жұмысында жиі назарға алынатын гегемондық тұрақтылық, күштер балансы, моральдық реализм теорияларына шолу жасалды. АҚШ гегемониясының азаюымен бірге Қытайдың көшбасшылыққа ұмтылуы, Бейжіңнің алдағы сыртқы саясаты мен жаһандық басқаруға тигізетін ықпалы артуы ықтимал. Сондықтан қазіргі Қытайдың ресми риторикасында айтылып жүрген «жаһанды басқару» амбициясы, жаһанды басқару шеңберінде көшбасшылыққа жету үшін іске асырылатын БЖИ-дің рөлін талдау маңызды болып саналады.

## **1.2 Жаңа дәуірдегі ҚХР сыртқы саяси парадигмасының қалыптасуы**

Диссертация жұмысының бұл тарауында Қытайдың жаңа дәуірдегі үстемдікке ұмтылысы қытайлық көзқарастағы жаһанды басқару контекстінде қарастырылады. Қытайдың жаһанды басқаруға деген үлесі туралы ғалымдардың тұжырымынан бөлек, ҚХР басшылары да ресми баяндамаларында жариялап, дипломатиялық риторикасына белсенді қосып келеді. Си Цзиньпин 2017 жылы ҚКП ХІХ съезінде Орталық Комитеттің бас хатшысы болып қайта сайланған соң, ресми баяндамаларында «жаңа дәуір» ұғымын жиі пайдаланып, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатында жариялай бастады. Қытай түсінігіндегі жаһанды басқару идеясы, оның интерпретациясы және ҚХР сыртқы саясатындағы көрінісі туралы қытай, ағылшын, орыс тіліндегі түпнұсқа деректер қарастырылып, қазақ тілінде кешенді формада ғылыми айналымға енгізіліп отыр. Қазіргі заманғы әлемнің және оның тыныс-тіршілігінің күрделілігі мемлекет деңгейінен жаһандық ауқымдағы басқару диапазоны кеңейіп келе жатқанын көрсетеді. Бұндай басқару жұмысының бұрын-соңды болмаған ауқымы оны ретке келтіруді,

жүйелеуді қажет ететіні халықаралық ұйымдардың саны, қаржы-экономикалық институттар маңыздылығының артуынан көрінеді. Бұл жағдайда жетекші мемлекеттердің саясатын үйлестіру, олардың жекелеген мәселелерге көзқарасын, саяси және экономикалық дирижизмнің әдістері үйлестіру жеткіліксіз болады. Жаһандануды және оның негізгі компоненттерін басқаруда саяси және нақты практикалық қажеттілік барған сайын артып келеді және оған қытайлық жаһанды басқару идеясының ұсыныстары қызығушылық тудырады.

Халықаралық саясатта жаңа акторлардың пайда болуы, сондай-ақ олардың әрекет етуші ретінде өзге мемлекеттерге бәсекелестік тудыруы халықаралық қатынастардың анархиясына ықпал етеді, сондықтан осы саладағы бетбұрыстарды болжау да қиындай түседі[222]. Бұл процесті сипаттайтын маңызды үрдіс «жаһанды басқару» бейресми институтының қалыптасуымен байланысты, ал оның қажеттілігі жалпы өзара тәуелділіктен және адам өмірінің маңызды мәселелерінің шиеленісуінен туындады. 1990 жылдардан бастап әлем жаһанды басқару құрылымы мен халықаралық қатынастардағы ең түбегейлі өзгерістердің куәсі болды. Көптеген зерттеушілер Қытайдың жаһанды басқаруға қосатын үлесін, қабылданбаудан тануға дейін, бақылаудан қатысуға дейін және қарапайым рөлден жетекші орынға дейінгі өзгерісін қарастыруға қызыға бастады. Қытайдың әлемдік істердегі жетекші рөлді ойнауы, өз артықшылықтарын пайдаланудағы аймақтық басқару мен жетекші державалардың қарым-қатынастары жиі талқыланып келеді.

Ресей ғалымы П.Цыганковтың пікіріне сүйенсек, «жаһанды басқару» ұғымы жұмыс істеп тұрғандарын күшейтуді және реформалауды, сондай-ақ мемлекетаралық ынтымақтастықты дамытуға арналған жаңа формальды институттар мен рәсімдерді құруды бағамдайды. Бірақ, қалыптасып келе жатқан жаһанды басқару жүйесінің кемшіліктері де жоқ емес. Себебі өзара әрекеттесудің құқығы мен міндетін негізінен күші басым акторлар анықтайды[114, 36-37 б.].

Жаһандану үрдісі мемлекеттік институттарды, азаматтық қоғамды және алуан түрлі бизнес-құрылымды біріктіретін жаһандық саяси желінің қалыптасуына ықпал етеді. Осыған байланысты 1970-ші жылдары Р. Кохейн мен Дж. Най «жаһандық халықаралық жүйенің басты ерекшелігі – әр актор кез-келген басқа қатысушының әрекетіне сезімтал және осал болатын өзара тәуелділік» деп айтқан еді. Дж. С.Найдың айтуынша, қырғи қабақ соғыстың соңына қарай күш элементінің мемлекеттің қуатындағы тиімділігі төмендеп, ірі мемлекеттер арасындағы қатынастарда күшті пайдалану тиімсіз, қымбат әрі қауіпті бола бастады [223, 16 б.].

БҰҰ шеңберінде қарайтын болсақ, басқару – қоғамдық істердің ашық, инклюзивті және жауапты болуын қамтамасыз ететін нормаларды, құндылықтарды және ережелерді білдіреді. 2009 жылы жаһандық мониторинг есебінде басқару «билік қатынастары», «саясатты қалыптастыру

мен ресурстарды бөлу үрдістері», «шешім қабылдау үрдісі» және «үкіметтерді жауапкершілікке тарту жолдары» деп қарастырылады [190]. Зерттеулерге назар аударатын болсақ, «жаһанды басқару» ұғымының бірнеше анықтамасы бар. Оған дейін «жаһандық үкімет» деген термин қалыптасты. Осы ұғымдардың айырмашылығын зерттеген ғалымның бірі – Дж. Розенау [189, 72 б.]. Ағылшын тіліндегі «government» (үкімет) пен «governance» (басқару) терминдері басқару жүйесін, реттеу механизмдерін, солардың көмегімен белгілі бір саяси жүйенің тұтастығын сақтауға бағытталған билікті білдіреді. «Үкімет» дегеніміз белгілі бір құрылымды білдіретін болса, «басқару» - әлеуметтік функция, процестер. Сондықтан басқару билікті жүзеге асыру мағынасын білдіреді. Басқару жүйесінде міндеттемелерді орындауға тараптар кепілдік алмайды, сондықтан бұл жаһанды басқарудағы қиыншылықтардың бірі.

Бостон университетінің профессоры А. Наджам жаһанды басқарудың анықтамасын «жаһандық үкімет болмаған кезде жаһандық процестерді басқару» деп көрсетеді. Ол Дж. Розенау зерттеген «үкімет» және «басқару» терминдерінің ара-жігі әділ көзқарас деп есептейді. Т. Вайсс жаһанды басқару ұғымын мемлекеттік деңгейде шешу мүмкіндіктерінен тыс әлемдік проблемаларды анықтау, одан әрі шешу мақсатында жұмсалатын ұжымдық күш ретінде қарастырады. Ол «жаһанды басқару» нақты мәселелерді шешуге бағытталған кооперативті сипаттағы келісілген іс-қимыл деп есептейді [190].

Т. Вайсс пен Р.Такур еңбегінде ұсынған жаһанды басқарудың жалпылама анықтамасы қызығушылық тудырады. Онда «жаһанды басқару – мемлекет, ұйымдар арасында қалыптасқан ресми-бейресми институттар, механизмдер кешенін білдіреді, солар арқылы ұжымдық мүдде анықталады, құқықтар мен міндеттер белгіленеді». Жаһанды басқарудың тағы бір ықтимал нұсқасы – жаһандық процестерді институционалды емес сипаттағы саяси басқару. Ол демократиялық елдердің жаһандық консенсусқа келуі немесе жетекші державаның біржақты үстемдігі түрінде де көрінуі мүмкін [191].

Жаһанды басқару жүйесіндегі «америкалық гегемония» идеясын жақтаушылар біз жоғарыда қарастырған «гегемониялық тұрақтылық» теориясына да сілтеме жасайды. Зерттеушілердің пікірінше, гегемон мемлекет болған жағдайда экономиканың дамуы тұрақты болады, өйткені көшбасшы мемлекет басқа қатысушылар қабылдайтын ережелер мен іс-қимыл нормаларын дайындайды [192, 7 б.]. Халықаралық қатынастар жүйесінде реалистер мемлекетті әлемдік саяси аренадағы басты актор ретінде қарастырады. Дегенмен олар ДБ пен ХВҚ сияқты басқа «ойыншылардың» да орнын мойындайды. Бірақ бұл көзқарас мемлекетті саяси процеске әсер ететін актор ретінде қарастыратын неореалистерге қатысты [224, 8 б.].

Ресей ғалымдарының мақалалары, монографиялардағы көзқарастарын топтастыратын болсақ, келесідей мәселелерді анықтауға болады: 1. Саяси және практикалық тұрғыдан алғанда «governance» және «басқару»

терминдерінің айналасында әртүрлі тілдегі қалыптасқан ұғымдардың өзара сәйкестігін қарау қажет. «Governance» терминінің қазақ, орыс тілдеріндегі аудармасы туралы ортақ түсініктің қалыптаспауы 2. Жаһанданудың халықаралық-саяси сипаты, оның жекелеген салалары мен аймақтарындағы өзгерістерді бағдарлау. 3. Басқарудың нақты және ықтимал мақсатын, мазмұны, басымдылығы, уақыт аралығы, бағалау критерийлерін көрсету. 4. Жаһанды басқаруды институционализациялау және оның легитимділігі. 5. Жаһандану жағдайында мемлекеттердің егемендігі мен елдің экономикалық ашықтығы өзекті тақырыпқа айналды [115, 13-14 б.].

Ғылыми әдебиетте «жаһанды басқару» (global governance) әдетте әртүрлі сала мен қызмет түрлеріне қатысты өз функциясын жүзеге асыратын халықаралық және ұлттық деңгейден жоғары реттеу мен басқару функциясы бар, әлеуетті және құрылатын институттарының көп деңгейлі жүйесі ретінде түсіндіріледі. Кейбір ресейлік ғалымдардың пікірінше, «governance» құбылыс ретінде басқарудан түбегейлі түрде ерекшеленеді. Соңғысы бүгінде халықаралық байланыс жүйесінде жоқ, ал кейбір бағыттары реттеледі, бірақ басқарылмайды дейді. Шын мәнінде, «governance» халықаралық өмірді саясаттан бастап функционалдық және ұзақ мерзімді перспективада әкімшілік қалыптастыруға жасалған ең алғашқы қадам. Кейбір зерттеушілер «global governance» «жаһандық басқару» емес, әлемдік дамудың қазіргі кезеңіндегі практикалық саяси жаһандану деген қорытындыға келеді [115, 59 б.].

Жоғарыда «басқару» емес, «реттеу» нұсқасында беріліп отырған ұғымды Ресей ғалымы В.Давыдов та қуаттайды. Ол баяндамасында парадигмалар ауысып, тарихтың тосын өзгерістері жиілеген өтпелі дәуірде «жаһандық реттеу» термині қолайлы болады деп санайды. Оның көзқарасы бойынша, жаһанды реттеу – бұл қатты және жұмсақ күшті, халықаралық құқық пен халықаралық институттарды пайдалана отырып, жаһандық процестерді бақылау, олардың траекторияларын реттеу мүмкіндігі [116, 87 б.]. «Governance» ұғымы «government» сөзінен лексикалық-құқықтық жағынан ерекшеленеді. Яғни, «government» басқару жұмысының міндетті құқықтық тұрғыда легитимді болуын талап етеді, ал «governance» мұндай талап қоймайды және саяси, этикалық, конфессиялық-идеологиялық немесе олардың өзара үйлесіміндегі легитимділікке сүйенеді. Сондықтан осы тақырыптағы қазақ тіліндегі зерттеулердің аздығын ескере отырып, диссертация жұмысында «global governance» ұғымы «жаһандық басқару» деп аударылып, оның қазақ тіліндегі нұсқасын ғылыми талқылауды алдағы уақыттағы арнайы зерттеу жұмыстарына қалдырамыз.

Жаһандық басқару – халықаралық қатынастар тарихы тұрғысынан қалыптасып келе жатқан құбылыс ретінде қарастырылады. Жаһандық басқарудың қалыптасуы 1970-ші жылдардың ортасынан, яғни жаһандық проблемалардың пайда болуы мен маңызы туралы түсінік орнаған; қос жүйенің қарама-қайшылығы оның сапасын жаңа кезеңге көтерген уақыттан

басталады. Соңғы жарты ғасырда жаһанды басқарудың барлық аспектілері, ауқымы мен мазмұны, сондай-ақ институттары бойынша айтарлықтай эволюциядан өтті. «Жаһанды басқару» концепциялары мен тәжірибелерінің генезисін РФА Е.Примаков атындағы ғылыми зерттеу институтының ғалымдары шартты түрде үш фазаға бөліп талдайды [115, 10 б.].

«Жаһанды басқаруды» жүзеге асырудың принциптері туралы идея дамуының **бірінші кезеңі** – 1970 жылдардың басындағы қырғи-қабақ соғыстың аяқталуы және КСРО тарағанға дейінгі аралықты қамтиды. «Жаһанды басқару» идеялары мен тәжірибесін дамытудың **екінші кезеңі** 1990-шы жылдары – 2000-шы жылдары биполярлы әлемдік тәртіптің ыдырауы, халықаралық институттар жүйесінің және олардың функцияларының өзгеруі, сондай-ақ АҚШ-тың жаңа жаһандық мәртебесі мен рөлінің күшеюімен тығыз байланысты болды. 2008-2011 жылдардағы жаһандық қаржылық-экономикалық дағдарыс «жаһанды басқару» идеялары мен тәжірибесін дамытудың **үшінші кезеңінің** шарықтау шегі болды. Оның салдары 2012-2013 жылдар бойы көрінген жаһандық рецессия салдарынан сезілді. Дағдарыстың арқасында дамыған елдердің ғылыми және сарапшылық қауымдастығы алғаш рет жаһандану дамыған елдерді ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық дамудың әртүрлі деңгейі мен кезеңдеріндегі қоғамды, мемлекеттер мен экономикаларды тығыз байланыстырғанын түсінді [115, 40 б.]. Дегенмен, зерттеушілер тарапынан осы кезеңдердегі жаһанды басқарудың биполярлы, бірполярлы жүйелері сын-қатерлерге лайықты жауап бере алмағаны да айтылады. Олардың орнына бұрынғы жүйенің көптеген элементтері, соның ішінде БҰҰ ҚК, ХВҚ, ДСҰ және т.б. сақтай отырып, әлемді көпполярлы, көпжақты реттеудің жаңа жүйесі келді. Ал, 2013 жылдардан бастап Қытайдың саяси-экономикалық, қаржы-инфрақұрылымдық дамуына ғана емес, оның аймақтағы және әлемдік саясаттағы орны мен ықпалын нығайтуға арналған жаһанды басқару идеясы кеңінен тарала бастады.

Жаһандану мен жаһанды басқару бір-бірімен тығыз байланысты көп қырлы құбылыс болғандықтан оны зерттеу енді қарқын алып келеді. Жаһанды басқару бүгінде оны саяси және экономикалық субъектілер жүзеге асыратын ортада дамып келеді. Бұл тарихи өлшем бойынша халықаралық қатынастардың жаңа архитектурасын құру процесі енді басталды [121]. В.Давыдов жаңа халықаралық құрылымдардың пайда болуы аймақтық деңгейде барынша белсенді жүріп жатыр деп санайды. Оның ойынша, Қытай, Үндістан, Бразилия да тек жаһандық деңгейде ғана емес, ең алдымен аймақтық деңгейде табысты жұмыс істей алатын болса, көшбасшылық позицияларын сақтап қалуға болады [116, 57 б.].

Бүгінгі жаһанды басқару бұрын-соңды болмаған деңгейде халықаралық және трансұлттық саясаттың барлық саласына ықпал етуде. Жаһанды басқаруды бұрын қарастырған теориялық парадигмалардың көпшілігі бұл процестің барлық тұстарын қамти алмады. Оның күрделілігін көрсету үшін

әр парадигманың жеке элементтерін біріктіру қажет. Оны тұжырымдау реализмнің, институционализмнің, конструктивизмнің аспектілерін үйлестіруді талап етеді. Жаһанды басқару – динамикалық, жан-жақты, көпдеңгейлі және күрделі жаһандық жүйені білдіреді.

Осыған дейінгі жаһанды басқару теориясына қатысты еңбектерде Джеймс Н. Розенау жаһанды басқарудың онтологиясын зерттеді; одан бөлек ғалымдар оның сыни ойлау бағытын, жаһанды басқаруды жүргізу жолдарын, жаһанды басқаруға күнделікті өмір деңгейінде, жаһандық азаматтық қоғамның мән-маңызын қарастырды [189, 73 б.] Тақырыпты теория деңгейінде зерттеген М. Зюрн ұсынған жаһанды басқару қазіргі халықаралық жүйені бұрынғыдан сапалы түрде ажырататын саяси жүйе деген пікірді ұстанады. Ол жаһанды басқаруды «ұлттық шекара шеңберінде билік жүргізу, сондай-ақ ұлттық мемлекеттен тыс келісілген нормалар мен ережелер» деп анықтайды. Қазіргі заманғы жүйе жаһандық билік беделінің жоғары болуымен, сонымен қоса оған қарсылықтың артуымен ерекшеленеді деп мәлімдейді [193, 18 б.].

Диссертация жұмысында ҚХР халықаралық тәртіп пен әлемдік саясаттағы орны, ондағы сыртқы саясатының трансформациясы зерттелгендіктен, аталған мемлекеттердің ішінде Азиядағы алпауыт көршіміздің аймақтық және әлемдік беделін ерекше бөліп қарастырамыз. ҚХР құрылғаннан бергі аралықта Бейжің бәсекелестен жаһандық басқаруға үлес қосушыға айналды деген көзқарас орнап келеді. Мұндай эволюция халықаралық жүйенің өзгеруі, Қытайдың өсіп келе жатқан күші және оны халықаралық тәртіпке сәйкестендіру қажеттілігінен туындап отыр. Қытай маңызды мүдделі тарап ретінде әлемде белсендірек рөл атқаруды өзінің жауапкершілігі деп санайды. Өзінің жаһандық көшбасшылық рөлін сақтауға баса назар аударатын АҚШ-пен қатар ҚХР жаһанды басқарудың халықаралық тетіктерін жетілдіруге мән беріп келеді [225].

Экономикасы дамыған сайын Бейжің жаһанды басқаруда белсенді рөл атқарып, қолданыстағы институттар мен нормаларға қарсылық әлеуетін көрсетті. ҚХР өзінің күш-қуатын төрт бағытта арттырды: халықаралық институттардағы рөлін нығайтты, өзінің артып келе жатқан ықпалын жарнамалады, кейбір ұйымдарды құруға себепкер болды және жаһанды басқарудың кейбір ережелерін бұзды. Қытай жаһанды басқаруға қатысты көпжақты стратегияны ұстанып, ДБ және климаттың жөніндегі Париж келісімі сияқты өз нормаларына сәйкес келетін институттарды қолдайды. Дегенмен, Бейжің адам құқықтарына келгенде балама институттар мен модельдер құруға тырысады. Қытай ғаламдық интернетті басқаруда көшбасшы болуға тырысады және әр мемлекет өз шекарасында интернетті бақылауы керек деген «кибер егемендік» идеясын қолдайды [226]. Бұл жаһанды басқару бағытындағы Қытай мен өзге мемлекеттердің арасында құндылық және өркениеттік қайшылықтардың бар екенін көрсетеді.

2000 жылдары Қытай сарапшылар қауымдастығы жаһанды басқару тұжырымдамасын кеңінен талқылай бастады. Бастапқыда авторлар жаһанды басқару тұжырымдамасын «нәзік» тақырып деп қабылдап, негізсіз иллюзиядан бас тартуға шақырды. Мәселен, Юй Кэпин батыс нұсқасындағы жаһанды басқару тұжырымдамасын қабылдаған жағдайда туындайтын негізгі үш қауіп туралы айтады: біріншіден, халықаралық және азаматтық қоғам ұйымдары АҚШ пен Батыс манипуляциясына жол беруі мүмкін; екіншіден, жаһанды басқарудың ережелері мен тетіктерін Батыстың дамыған елдері өздерінің құндылықтары мен жоспарына сәйкес жасайды; үшіншіден, жаһанды басқару теориясы қуатты державалар мен трансұлттық корпорациялардың әлсіз мемлекеттердің ішкі істеріне араласуына жағдай жасауы мүмкін [138, 23 б.]. Цай Туоның айтуынша, жаһанды басқарудың көптеген тетіктері мен нормалары Қытайға таныс емес, ал оларды меңгеру процесі уақытты қажет етеді. Оның ойынша Қытай ең алдымен өз саясатын жаһандық «бұлыңғыр» деңгейден емес, мемлекеттік шеңберден бастап, мемлекетаралық ынтымақтастыққа негізделуі керек [139, 98 б.].

Пан Чжуньин пікірінше «Қытай өзінің халықаралық жоспарларының анықтамаларын АҚШ-тағы Қытай мәселелері жөніндегі сарапшылардан алудың қажеті жоқ. Қытай өзінің сыртқы саясатын қайта құрылымдап, оны жаһанды басқарудың өзегіне айналдыруы керек» дейді [140, 20 б.]. Панның көзқарасына сәйкес, «болашақ жаһандық валюта немесе қауіпсіздік саласы болсын, егер оған қытайлық ерекшеліктер енгізілсе, жаһанды басқару Қытай мен Батыс арасындағы қақтығыстың жаңа алаңына айналады».

Қытай мен Батыстың саяси концепцияларындағы өркениет тұрғысындағы айырмашылықтар жиі айтылады. Ван Ивэйдің айтуынша, Қытайдың дәстүрлі мәдениеті жаһанды басқару жөніндегі еуропалық либералды идеяларды қабылдауға кедергі жасайды. Қытайлықтар үшін бұл ұғым тарихта су элементін (чжи шуй) бағындырумен байланысты болған [141, 215 б.]. Юй Кэпин Қытай өзінің жаһандық жауапкершілігі мен әлемдік қауымдастық қойған талаптардан қашып құтыла алмайтынын айтады. Бұл нәтижелерге жету үшін жаһанды басқарудың мәні мен заңдылықтарын дұрыс қабылдайтын Қытайдың жаһанды басқару стратегиясын құру қажет деп есептейді [227].

Жаһанды басқару туралы ғалымдардың пікірталасы Си Цзиньпин ҚКП ОК Бас хатшысы болып сайланған соң, нақты практикалық көрініс таба бастады. ҚХР ресми мемлекеттік құжаттары, партия басшыларының баяндамаларында, ҚКП шешімдерінде «жаһанды басқару» (全球治理), «жаһанды басқару жүйесін реформалау» (全球治理体系改革) ұғымы енгізіле бастады. Диссертацияда ҚХР Төрағасының жаһанды басқару туралы ойының эволюциясына көңіл аудардық. 2012 жылғы қарашада өткен ҚКП XVIII съезінде «жаһанды басқару» ұғымы ҚКП ОК баяндамасында екі рет айтылған. Оның біріншісінде «жаһанды басқару тетіктерін реформалау



жұмысы ілгерілегені» туралы айтылды. Екінші ретте «жаһанды басқару» ұғымы сыртқы саясат саласындағы міндеттер туралы бөлімге кірді [228].

ҚКП XVIII съезінің материалдарында «жаһанды басқару» ұғымының пайда болуы оның қытай билігінің ресми тіліне енуінің айқын көрінісі болды. 2013 жылы Боао форумында Си Цзиньпин дағдарысқа ұшыраған әлемдік экономиканы қалпына келтіру жағдайы «жаһанды басқару тетіктері одан әрі жетілдіруді қажет етеді» деп тоқталды [229]. Сол жылы Санкт-Петербургтегі «жиырмалық» форумында ол «жаһандық экономикалық басқару жүйесін жетілдіруге» және оны әділетті қылуға шақырды. 2013 жылғы БРИКС көшбасшыларының бесінші кездесуінде ҚХР Төрағасы «жаһандық басқару жүйесі қалай өзгерсе де, біз белсенді қатысуымыз керек, бүкіл әлемде бейбітшілік пен тұрақтылыққа институционалдық кепілдік беруіміз керек» деді [230]. Осы сипаттағы 2014 жылғы Германия, Бразилия конгресіндегі баяндамасында жаһандық басқаруды жақсарту үшін қытайлық шешімдерді ұсыну, БҰҰ, ДСҰ, G-20 тобы, БРИКС сияқты көпжақты тетіктерде дамушы елдердің күшін біріктіру туралы айтылды [231-233].

2014 жылы Үндістанның Халықаралық істер комитетінде өткен жиынында Си Цзиньпин жаһанды басқарудағы «бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидасы» туралы [234], ҚХР Сыртқы істер жөніндегі орталық жұмыс конференциясында көршілес елдер дипломатиясы және жаһанды басқару мәселесі туралы айтты. Баяндамаларда дамушы елдердің көпшілігінің өкілдігін кеңейту, прагматикалық ынтымақтастықты нығайту, БЖИ құрылысын ілгерілету маңыздылығына тоқталды [235].

2015 жылғы шілдедегі Ресей Президенті В.Путинмен кездесуінде Си Цзиньпин дамыған және дамушы елдердің ортақ мүдделерін қорғау үшін 2015 жылдан кейінгі даму күн тәртібі, климаттың өзгеруі жөніндегі келіссөздер, ХВҚ-ны реформалау, терроризмге қарсы күрес және киберқауіпсіздік сияқты жаһанды басқарудың негізгі мәселелерін тығыз үйлестіру туралы уағдаласты [236]. 2015 жылғы The Wall Street Journal журналына жазбаша сұхбатында Си Цзиньпин «Жаһанды басқару жүйесі бірлесіп құрылады және оны ешбір ел жалғыз басқара алмайды. Қытай жаһанды басқару құрылымын жақсарту үшін мемлекеттердің көпшілігімен ынтымақтасуға дайын» деді [237].

Жаһанды басқару туралы риториканың тереңдеуіне 2015 жылы ҚКП ОК Саяси Бюросы жаһандық басқару жүйесі туралы ұжымдық зерттеуі әсер етті. Си Цзиньпин БЖИ-ді алға тартып, өзара тиімді ынтымақтастықпен «халықаралық қатынастардың жаңа типін» орнату, адамзаттың ортақ тағдырын және барлық елдердің мүдделеріне сәйкес келетін шараларды ұйымдастыру туралы айтты. Жаһандық басқарудағы қытайлық көзқарасты дамыту, осы саладағы теориялық зерттеулерді арттыру және таланттарды дайындау туралы да сөз болды [238]. 2015 жылы Қытай ресми түрде G-20-тобындағы төрағалықты қабылдап алды. ҚХР Төрағасы адамзат тағдырының

ортақтығы сезімін қалыптастыру, елдер арасындағы өзара іс-қимылға жәрдемдесу туралы тоқталды [239].

2016 жылы ҚКП-ның 95 жылдығына арналған жалпы жиналыста Си Цзиньпин «Қытай жаһандық басқару жүйесін құруға белсенді қатысады, халықаралық тәртіп пен жаһандық басқару жүйесін әділ бағытта дамыту үшін жұмыс істейді» деді[240]. Сонымен қатар, 2017 жылғы G-20-ның Гамбург саммитінде, 2018 жылғы Аргентинадағы G20 көшбасшылар саммитінде, 2019 жылғы Жапониядағы G20 саммитінде ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин өзара тиімді ынтымақтастық тұжырымдамасын қолдау, әртүрлі саладағы прагматикалық ынтымақтастықты нығайту туралы айтты.

Қытай-Франция форумының жабылуында Си Цзиньпин жаһанды басқарудың бірқатар маңызды сұрақтарына тоқталды. «Протекционизм мен біржақтылық күшейіп, жаһандық басқару жүйесі мен көпжақты механизмдерге әсер етті. Біз бірлесіп талқылау, бірлесіп құру және бірлесіп пайдалануға (共商共建共享 gòngshāng gòngjiàn gòngxiǎng) негізделген жаһандық басқару тұжырымдамасын ұстануымыз керек» деді[241]. Осы баяндамалардың мазмұнынан аңғаратынымыздай, ҚХР басшылығы халықаралық жоғары деңгейдегі кездесулерде және ҚКП зерттеулерінде, ОК Саяси бюросының шешімдерінде «жаһанды басқару» ұғымын жүйелі түрде қолданады. Қытай БҰҰ халықаралық жүйені берік қолдайтынын және жаһанды басқаруды жақсартуға көмектесу үшін елдердің диалог пен ынтымақтастықты нығайтуын жақтайтынын мәлімдеп отыр. Қытайдың құрушы ықпалы бар БРИКС пен ШЫҰ-ның аймақтық және дүниежүзілік бейбітшілік пен дамуға ықпалын Қытай тарапы жиі қозғайды.

#### Кесте 1. ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің жаһанды басқару туралы ойлары

№	Іс-шараның атауы	Мерзімі	ҚХР Төрағасының сөзінен үзінді
1	БРИКС көшбасшыларының бесінші кездесуінде	2013 ж. 27 наурыз	«Жаһандық басқару жүйесі қалай өзгерсе де, біз белсенді қатысуымыз керек, бүкіл әлемде бейбітшілік пен тұрақтылыққа институционалдық кепілдіктер беруіміз керек»
2	Азияның Боао форумы	2013 ж. 7 сәуір	«Біз халықаралық экономикалық және қаржы жүйесін реформалауды ұдайы ілгерілетуге, жаһандық басқару тетігін жетілдіруге тиіспіз»
3	Германияның Кербер қорындағы сөз	2014 ж. 28 наурыз	Біз қытайлық даналықты заманауи халықаралық қатынастарға енгіземіз, жаһандық басқаруды жақсарту үшін қытайлық шешімдерді ұсынамыз»
4	«Бейбіт қатар өмір сүрудің» бес қағидасының 60-шы мерейтойлық конференциясы	2014 ж. 28 маусым	«Тек басқаларға қолданылатын және өзіне қолданылмайтын заң, қос стандарттар болмауы тиіс. «Халықаралық күштердегі жаңа өзгерістерге бейімделу, жаһандық

			басқару жүйесін реформалауға ықпал ету қажет»
5	Бразилия конгресі	2014 ж. 16 шілде	«Біз БҰҰ, ДСҰ, G-20 тобы, БРИКС сияқты халықаралық және көпжақты тетіктерде дамушы елдердің күшін біріктіруге, жаһандық басқаруға белсенді қатысуға және институционалдық билікті нығайтуға тырысуымыз керек»
6	Үндістанның Халықаралық істер комитетінде өткен жиын	2014 ж. 19 қыркүйек	Қытай мен Үндістан бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидасын ілгерілетуі, егемендік теңдігін, адалдық пен әділеттілікті, жаһандық басқаруға көбірек үлес қосу үшін өз дамуын пайдалану туралы.
7	Сыртқы істер жөніндегі орталық жұмыс конференциясы	2014 ж. 29 қараша	«Біз көпжақты дипломатияны тиімді ілгерілетуге, халықаралық жүйе мен жаһандық басқаруды реформалауға, сондай-ақ еліміздің және дамушы елдердің көпшілігінің өкілдігін кеңейтуге «Белдеу мен жолдың» құрылысын ілгерілетуге тиіспіз»
8	Ресей Президенті В.Путинмен кездесуі	2015 ж. 8 шілде	Климаттың өзгеруі жөніндегі келіссөздер, ХВҚ-ны реформалау, терроризмге қарсы күрес және киберқауіпсіздік сияқты жаһандық басқарудың негізгі мәселелерін тығыз үйлестіру.
9	Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Саяси Бюросы жаһандық басқару моделі мен жаһандық басқару жүйесі туралы ұжымдық зерттеуі	2015 жылы	Жаһандық сын-қатерлердің өсуімен жаһандық басқаруды нығайту және жаһандық басқару жүйесін реформалау ортақ үрдіс болады. Жаһандық басқару саласындағы теориялық зерттеулерді арттыру және жаһандық басқару саласындағы таланттарды дайындауға үлкен мән беру.
10	Америка Құрама Штаттарына мемлекеттік сапары қарсаңында Си Цзиньпин The Wall Street Journal журналына жазбаша сұхбаты	2015 ж. 22 қыркүйек	«Жаһандық басқару жүйесін ешбір ел жалғыз басқара алмайды. Қытай қазіргі халықаралық жүйеге қатысушы, құрылысшы және үлес қосушы болып табылады. Қытай мен АҚШ жаһандық басқару жүйесін жетілдіруге бірлесіп үлес қосуы керек.
11	Қытайдың ресми түрде G-20-тобындағы төрағалықты қабылдап алуы	2015 ж. 1 желтоқсан	ҚХР Төрағасы инновациялық даму мен құрылымдық реформалар арқылы әртүрлі елдердің өсуіне серпін беру, адамзат тағдырының ортақтығы сезімін қалыптастыру, жаһандық экономикалық және қаржылық

			басқаруды жетілдіру.
12	Қытай Коммунистік партиясының құрылғанына 95 жыл толуына арналған жалпы жиналыс	2016 ж. 1 шілде	«Қытай жаһандық басқару жүйесін құруға белсенді қатысады, жаһандық басқаруды жетілдіруге Қытай даналығын енгізуге тырысады және халықаралық тәртіп пен жаһандық басқару жүйесін әділ және ақылға қонымды бағытта дамытуға ықпал ету үшін әлем қауымдастығымен жұмыс істейді»
13	Германиядағы G-20-ның Гамбург саммиті  Аргентинадағы G20 саммиті,  Жапониядағы G20 саммиті	2017 ж. 7 шілде  2018 ж. 30 қараша  2019 ж. 28 маусым	Өзара серіктестікке сүйену, әртүрлі саладағы прагматикалық ынтымақтастықты нығайту туралы айтты. «Әлемдегі ең ірі экономикалар ретінде біз көпжақты сауда жүйесін қолдауда жетекші рөл атқара білуіміз керек»
14	Жаһандық басқару бойынша Қытай-Франция форумының жабылуы	2019 ж. 26 наурыз	Біз БҰҰ көпжақтылығын жоғары деңгейде ұстап, ДСҰ, ХВҚ, Дүниежүзілік банк, Үлкен жиырмалық және Еуроодақ сияқты жаһандық және аймақтық көпжақты механизмдердің сындарлы рөлін толық пайдалануымыз керек»

Си Цзиньпин партия басшысы болып келген соң, ҚКП-ның сыртқы стратегиядағы көзқарасы өзгеріп, жаһандық басқару, ондағы «Қытай арманы» және «адамзаттың ортақ тағдыры» идеялары халықаралық қауымдастыққа жариялана бастады. Қытай жаһандық басқару құрылымында көшбасшылыққа ие болу үшін осы бастамалар арқылы әлем мен Қытай арасында тұжырымдамалық байланыстың жолдарын орнатуға кірісті. Жоғарыдағы деректерден Си 2012 жылы ҚКП Бас хатшысы болып сайланғаннан кейін оның жаһандық басқару туралы риторикасы кеңейіп отырды. Мемлекеттік үгіт-насихат пен ресми мәлімдемелер Қытайдың халықаралық сахнада неғұрлым сенімді саясатына жол ашты. Қытаймен бірге дамып келе жатқан қазіргі жаһандық басқару құрылымы үш негізгі элементтен тұрады. Біріншіден, әртүрлі режимдер мен ұйымдар үшін белгілі мәселелерді қадағалау жолдары институционалданып келеді. Екіншіден, көпдеңгейлі жаһандық басқару жүйесі елдерге басқару институттары арқылы бірнеше жолмен байланысуға мүмкіндік береді. Үшіншіден, жаһандық басқарудың қалыптасқан парадигмасы гегемондық көшбасшылықты қабылдаған Батыс елдерінің ықпалында болды[145]. ҚКП XIX съезіндегі баяндамасында Си Цзиньпин ҚХР жауапты держава ретінде жаһандық басқару жүйесін реформалауға және құруға белсенді қатысатынын айтты. Яғни, қытайлық

жаһанды басқарудың мазмұны айқындала бастады. Ол «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» мен «Белдеу және жол» инициативасын іске асыру арқылы жаһанды басқаруға үлес қосу қажеттігін атап өтті[1, 75 б.].

Шанхай халықаралық қатынастар академиясының президенті Ян Цзэмянь Қытай «жаһандық күшті держава» деген халықаралық қатынастардың жаңа теориясын құру қажет екенін айтты[115, 74 б.]. ҚКП XVIII съезінен бастап Қытай өзара кеңесу, бірігіп құру және ортақ пайдаға негізделген жаһандық басқару тұжырымдамасын ұстанып, қазіргі жаһандық басқару жүйесін өзгертуге белсенді қатысып отыр. Осы идеяларға негізделген жаһандық басқару тұжырымдамасы Си Цзиньпиннің дипломатиялық философиясының маңызды бөлігі деп қарауға болады.

Лян мен Чжан өз еңбектерінде демократиялық мемлекеттерге арқа сүйейтін және есеп беретін, тиімді халықаралық институттардан, адам құқықтарын сақтайтын жаһандық басқару жүйесінің қажеттілігін айтады. Қытай ғалымдарының пікірінше, ҚХР ұсынған «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» идеясы өзара консультацияларды, бірлесіп үлес қосу және ортақ пайданы қамтитын жаһандық басқару көзқарасын қолдайды. Ал БЖИ үш «трансцендентке» қол жеткізеді: прагматикалық ынтымақтастыққа қол жеткізу үшін саяси және әскери одақтардың геосаяси құралдарынан; даму бастамаларына бірге қол жеткізу үшін сыртқы көмек бағдарламасынан; «достар шеңберін» құру мақсатында шағын топтардың одағынан асып түседі [144].

Бұған дейін қытайлық сарапшылар «жаһандық басқару» концепциясын ішкі істерге араласу, батыстың демеушілігімен құрылған және халықаралық құрылымдарды ұлттық егемендіктен жоғары қою әрекеті ретінде қарастырды. ҚКП ОК XVIII съезінің баяндамасында (2012 ж. қараша) «жаһандық басқару» тұжырымдамасы оң контексте қаралған соң жағдай өзгерді. Қытай әлемдік қаржы-экономикалық құрылымдардағы рөлін арттыруға ұмтылуын тек өз мүддесін қорғау арқылы ғана емес, сонымен қатар жаһандық проблемаларды талқылау кезінде дамушы елдердің мүдделерін қорғау қажеттілігімен де негіздейді. 2016 жылы Қытай жаһан экономикасын реформалау бойынша «қытай жоспарын» ұсынуға дайын екендігін жариялады. Қытайдың жаһандық басқарудағы мүддесі инвестициялық, сауда-экономикалық шекарадан асып, саяси-дипломатиялық сипат ала бастады [159]. БЖИ Қытайдың жаһандық басқаруға қосқан экономикалық, сауда, көлік-логистикалық үлесін қамтиды.

Қытай ғалымдарының пікірінше, Қытай әзірлеген жаңа ойлар мен идеялар Қытайдың жаһан мәдениетіне сіңісіп, жаһандық басқаруға қатысу процесін арттырады, сонымен қоса жаһандық басқаруға қатысты қытайлық әдіс-тәсілдерді ұсынады. Қытай өзара тиімділік және инклюзивтілік, жан-жақты ынтымақтастық және тұрақты қауіпсіздік тұжырымдамасы негізінде АИИБ және Жібек жолы қорын құру туралы дипломатиялық идеяларды алға тартты. Бұл Қытайдың жаһандық бейбітшіліктің, дамудың және басқарудың

дағдарысын еңсеру үшін «ортақ тағдыр қауымдастығы» идеясын ұсынғанын көрсетеді [144].

Қытайлық деректерден байқағанымыздай, БЖИ және АИИБ Бейжіңнің жетекші жаһандық басқару рөлін нығайтатын құрылымдары болып қарастырылады. Осыған байланысты Бейжің анағұрлым сенімді мақсаттар мен ұтымды және дуалистік көзқараспен жаһандық басқаруда белсенділікті ұстанып отыр. Бора Лидің еңбегінде БЖИ және Көпжақты даму Банкі Қытайдың тиімді жаһандық басқару көшбасшылығы үшін институционалдық әлеуетін қалыптастыратыны туралы айтылған. Қысқаша айтқанда, осы енгізіліп жатқан институттар Қытай халықаралық аренада пассивті қатысушыдан белсендіге айналғанын, оның өсіп келе жатқан күші мен сенімін білдіреді [173, 211 б.].

Қытайлық ерекшеліктегі жаһандық басқарудың практикалық қырына қарайтын болсақ, RAND сарапшылары Қытайдың халықаралық стратегиясы елдің Азия-Тынық мұхиты аймағындағы жетекшілігін орнатуға бағытталған деп тұжырымдайды. «Ол сондай-ақ Қытайдың халықаралық тәртіптегі көшбасшылығын күшейтуге тырысады. Дегенмен, Қытайдың жаһандық көшбасшылық бәсекесін аймақтық басымдыққа қол жеткізгенше күтудің қажеті жоқ» дейді мамандар. Табысты болған жағдайда, Қытай АҚШ-ты басып озып, ең маңызды аймақтық державаға және жетекші жаһандық державаға айналады деп болжанады[187]. Дегенмен, АҚШ әлемдік тәртіптің тізгінін оңайлықпен босатпайтыны белгілі. Әлемнің аймақтарына қарай қос мемлекеттің қатынасы әрқилы өрбиді. Сондықтан батыс сарапшылары ҚХР-дың дамушы әлемге қатысты стратегиясының АҚШ-тың аймақтардағы саясатына әсерін төмендегідей тұжырымдайды:

- Оңтүстік-Шығыс Азиядан тыс жерде АҚШ пен Қытай қатар жүретін серіктес болып көрінеді. Екі мемлекет бірігіп жұмыс істемейді, бірақ ұқсас мақсаттарға ұмтылады. Яғни, олардың қарым-қатынасы нақты аймаққа байланысты өзгеріп отырады.

- Қытай ашық қарсылас болмағанымен, АҚШ-тың жаһандық мақсат-мүдделеріне кедергі келтіруі мүмкін. Ондай жағдайда Қытаймен ынтымақтас мемлекет ретінде әрекет ету қиынға соғады.

Осыған байланысты АҚШ зерттеу орталығының беретін ұсыныстары:

- АҚШ пен Қытай әлемдік саясатта және нақты аймақтарда бәсекелес болғанымен, екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтатын мүмкіндіктер де бар. Вашингтон Бейжіңмен мүдделері түйісетін тұстарда бірлесіп жұмыс істеуге тырысуы керек.

- Вашингтон АҚШ пен Қытай арасындағы ықтимал ынтымақтастық деңгейі аймаққа байланысты өзгеріп отырады. Қос елдің байланысы Оңтүстік-Шығыс Азияда күрделі болатыны белгілі. Ал керісінше, Таяу Шығыс сияқты алыс аймақта Бейжіңмен ынтымақтастық жасау жолдары салыстырмалы түрде жеңіл болуы ықтимал[188, 12 б.].

Авторлардың пікірінше, Қытайдың АҚШ-пен табысты бәсекесі келесі шартты талап етеді: 1) АҚШ-пен соғысты болдырмайды, бірақ әскерленген дағдарыс немесе ауқымы шектеулі қақтығыс болуы ықтимал 2) АҚШ қуатты мемлекет болып қала берсе де, Қытайдың жаһандық көшбасшы ретіндегі беделін құрметтейді 3) АҚШ негізінен Қытайдың мүддесіне зиян келтіруден аулақ болады 4) Қытай Еуразияның, Таяу Шығыстың және Африканың көп бөлігінде, мемлекеттерге қамқорлық жасау арқылы басымдық орнатады 5) АҚШ-тың күші қысқарды, бірақ әлемде әскери, экономикалық және дипломатиялық ықпалын сақтай алады 6) АҚШ пен Қытай өздерінің келіспеушіліктерін Қытай нормаларына сәйкес басқарады; 7) екеуі негізінен қытайлықтар анықтаған шарттар бойынша ортақ мәселеде ынтымақтасады. RAND сарапшыларының болжамы бойынша, ұсынылып отырған халықаралық стратегия Қытайдың экономикалық қабілеті мен дипломатиялық айла-шарғысына сүйенеді, ол негізінен Бейжіңнің артықшылығын нығайтуды көздейді[188, 16 б.]. Аталған басым позицияларына қарамастан, Қытайдың ішкі жағдайында осал проблемалары да бар. Қытай әлі де ауыр экономикалық теңгерімсіздікке, сыбайлас жемқорлыққа, аймақтық толқуларға және демографиялық қиыншылықтарға тап болуда. Халықаралық атрибуттар тұрғысынан Қытай өсіп келе жатқан держава ретінде қолайсыз жағдайға ұшырайды. Оның көпжақты алаңдарда көшбасшылық рөлі әлсіз және АҚШ-қа қарағанда жаһандық дискурсқа әсері салыстырмалы түрде төмен болып отыр.

Жалпы, мемлекет өзі ойдан теория жасап шығара алмайды, ол сыртқы саясаттағы жалпы бағыт-бағдарды белгілейді дегенмен, билік ғылыми-сараптамалық қауымдастықтың жұмысына бағыт көрсетіп отырады. Мұндай күш-жігерсіз билік жариялаған концепциялар («бейбіт өрлеу», «үйлесімді әлем» т.б.) шынайы жағдайдан ажырап қалуы, халықаралық қатынастардың қытайлық теориясынан қолдау таппауы ықтимал[171, 116 б.]. Қазіргі ұлттық басымдықтар тізімінде Қытай өз теориялары мен концепцияларын сыртқы әлемге жеткізу міндетін қойған. Қытайдың әлемдік істердегі «сөйлеу құқығының» кеңеюі жаһанды басқарудың жаңа ережелерін әзірлеуге қолайлы жағдай жасайды деген болжам бар. Қытайлық сарапшылар осы тақырыпты тереңірек зерделеп, жаһанды басқарудың орталығына мемлекет институтын қойып, оның жаңа принциптерін әзірлеуге барлық мемлекеттер тең дәрежеде қатысуы қажет деген тұжырымға келеді[182, 194 б.]. Қытай ендігі кезекте жаһанды басқарудың қытайлық концепциясын дайындайтын, сондай-ақ маман кадрларды даярлау сияқты практикалық міндеттерді шешетін кезеңге көшті. Қытай әлсіз мемлекеттердің істеріне күшті державалардың еркін араласуына мүмкіндік беретін саяси басқару тәсілдеріне сақтықпен қарап, экономикалық проблемаларды артық көреді, өйткені бұл салада экономиканы дамытуға, сауда мен инвестиция кедергілерін алып тастау негізінде ортақ тіл табуға болады деп санайды[183].

Жаһанды басқарудың барлық аспектілері, оның ауқымы, акторлары мен мазмұны, институттары да трансформациядан өтті. Қытайдың дамуы жаһандық қауымдастықтың дамуымен тығыз байланысты. Қытай мүдделі тарап ретінде әлемде белсендірек рөл атқаруды өзінің жауапкершілігі деп санайды және бәсекелестен жаһандық басқаруға үлес қосушыға айналды. Өзінің жаһандық көшбасшылық рөлін сақтауға баса назар аударатын АҚШ-пен қатар ҚХР жаһандық басқарудың халықаралық тетіктерін жетілдіруге мән беріп келеді. 2013-2023 жылдар аралығындағы қытайлық түпнұсқа деректерді зерттеу нәтижесі көрсетіп отырғандай, жоғарыда айтылған тұжырымға ҚХР ресми мемлекеттік құжаттары, партия басшыларының баяндамаларында, ҚКП шешімдерінде «жаһанды басқару», «жаһанды басқару жүйесін реформалау» ұғымдарының енгізілуі дәлел болады. Қытайлық және халықаралық сарапшылар да Қытай жаһандық басқаруды өз идеялары мен тұжырымдамасында қалыптастырып жатқанын түйіндейді. Жаһандық басқарудың қытайлық тұжырымдамасы батыстан түпкілікті мақсаттары мен шығу нүктелері бойынша ерекшеленеді. Қытайдың көзқарасы ретінде мәлімдемелерде жиі айтылған «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры», «Белдеу мен жол» инициативасы, «халықаралық қатынастардың жаңа типі» концепцияларын түсінуге болады. Олардың барлығы Қытай тарапы ұсынған жаһандық басқаруды жетілдіруге ықпал ететін маңызды бастамалар. Ендігі кезекте Қытай Үкіметі оның практикалық көрінісі мен іске асыру механизмдеріне көңіл бөлетіні белгілі. Жаһандық басқарудың өзіндік интерпретациясын дамыту халықаралық қатынастардың қытайлық теориясын таратуға бағытталған тенденцияның бір бөлігі. Жаңа теория тек заманауи тәжірибеге ғана емес, сонымен қатар дәстүрлі қытай мәдениетінің мұрасына негізделіп, өз әзірлемелерімен қатар шетелдің үлгісінде біріктіреді деп болжауға болады.

### **1.3 Жаһандық басқару контекстіндегі Қытайдың жаңа бастамалары**

Диссертацияның бұл бөлімінде Қытай Төрағасы Си Цзиньпин кезеңіндегі сыртқы саясаты концептуалдық тұрғыда қарастырылып, бірқатар маңызды тұжырымдамаларды талдау арқылы көрсетілген. Жаңа бастамалар жөніндегі зерттеу нәтижелері негізінен қытайлық деректерлер сүйеніп дайындалған. ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің жетекшілігіндегі Қытайдың сыртқы саясаты мен дипломатиясының жаңа кезеңі 2012 жылы өткен ҚКП XVIII съезінен кейін басталды. ҚХР-дың «жаңа дәуірдегі» сыртқы саясаты мен Си Цзиньпиннің билікке келгеннен кейінгі жаңа дипломатиялық бағыты объективті зерделеуді талап етеді. Зерттеудің осы бөлімінде халықаралық қатынастар саласындағы қытайлық теория мектебінің көзқарасына басымдық берілген. Диссертацияның алдыңғы бөлімдерінде қарастырылған әлемдік тәртіптегі ішінара үстемдік, жаһандық басқару жүйесінің реформасы Қытайдың сыртқы саясат идеялары, оның дәстүрлі саяси философиясы мен



тарихи тәжірибесі негізінде қалыптасып отыр. «Халықаралық қатынастардың жаңа типін», «жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшеліктегі үлкен мемлекет дипломатиясы», «көршілік дипломатия», «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры», «Белдеу мен жол» инициативасы – ҚХР сыртқы саясатының жаһандық, аймақтық және трансқұрлықтық ауқымдағы концептуалдық негіздері болғандықтан, әрқайсысының қытайлық жаһанды басқару идеясына қосатын үлесін тарқатып талдауымыз қажет.

ҚХР өзінің ішкі және сыртқы саясатын белгілі тұжырымдама, доктринаға сәйкес белгілейді және ол сатылы түрде трансформацияланып келеді. Саясаттың ішкі-сыртқы контурын ұрандар, доктрина, бастамаларға сай анықтау мемлекеттік саяси дәстүрі және әлемді қабылдау философиясымен, сондай-ақ автократиялық биліктің ерекшелігімен байланысып жатыр. ҚХР құрылған уақыттан бергі «Бейбіт қатар өмір сүрудің бес принципі»(和平共处五项原则 – heping gongchu wuding yuanze), «Үштік өкілдік»(三个代表 – san ge daibiao), «Реформа және ашықтық» саясаты(改革开放 – gaige kaifang), «Қытайлық ерекшеліктегі социализм»(中国特色社会主义 – zhongguo tese shehui zhuyi), «Қытай арманы»(中国梦 – zhongguo meng) соның бір дәлелі. Мұның барлығы Қытай коммунистік партиясының мемлекеттің әл-ауқатын арттыру, әлеуметтік-экономикалық жаңғырту мақсатында қабылдаған, жаппай насихаттаған реформалары. XX ғасырдың соңына қарай Совет үкіметі құлаған соң, Қытай батысындағы жаңа тәуелсіз мемлекеттер, жалпы әлем елдерімен дипломатиялық байланысын жүйелеу мақсатында сыртқы саясат концепцияларын қабылдай бастады[1, 75 б.]. Қытайдың жаңа кезеңдегі сыртқы саяси курсына оның ежелгі принциптері, орталық – периферия, үлкен – кіші мемлекет аспектілері де ескерілгенін ұмытпау қажет. Бірақ бүгінгі Қытай ішкі-сыртқы саяси идеяларды ұсыну арқылы өзінің стратегиясын жаңа мазмұнмен толықтырып отырғанын жоққа шығара алмаймыз. Совет Одағынан бөлініп шыққан он бес мемлекеттің ішіндегі Қазақстан үшін де Қытайдың сыртқы саяси ұстанымдары өте өзекті болғаны анық. Ежелгі Жібек жолының бойында, геосаяси өзекті аймақта орналасқан, Совет үкіметінен ядролық арсенал «мұра» болып қалған ОА-да тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы және олардың ШҰАА-мен іргелес жатуы Қытай үшін, Қазақстан тарапына да маңызды болды. Қазақстан Қытайға көршілес мемлекет ретінде «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» және БЖИ-дің транзиттік аймағында орналасқан.

«Адамзаттың ортақ тағдыры» концепциясын түсіну үшін Қытайдың Конституциясы, ҚХР Төрағасы баяндамалары, ресми құжаттарды қарастыру қажет. ҚХР-дың бұлжымайтын принциптері оның Конституциясында көрсетілген. Ол – сыртқы саяси курстың дербестілігі, Қытайдың әлемдік үрдіспен байланысты болуы, бейбіт қатар өмір сүрудің бес принципін ұстану, дипломатиялық қатынасты дамыту, экономикалық және мәдени байланысқа басымдық беру, империализм, гегемонизм мен колониализмді мойындамау және т.б.[11]. 2018 жылғы ҚХР Конституциясына енгізілген толықтырулар

оның жаңа дәуірдегі жаһанды басқару ұмтылысын айқындап берді. ҚХР реформаторы Дэн Сяопин уақытында «өз мүмкіндіктерін жасыру, орайлы сәтті күту» (韬光养晦 有所作为 – tao guang yang hui, you suo zuo wei) принципіне сүйеніп, сыртқы саясатта өзіне инициатива алмайтын, бақылаушы позицияда болды. Алғашқыда ҚХР ішкі әлеуметтік-экономикалық модернизацияға көңіл бөліп, сыртқы әлемнен реформаның жолдарын үйренуге, қос держава – АҚШ пен КСРО арасында баланс сақтауға тырысты. Алайда, 1989-1999 жылдары ҚХР ішкі жағдайы мен әлемдік тәртіптің өзгере бастауына орай, бұл Қытайдың аймақтағы және жаһандағы белсенділігін шектейтінін түсінген ҚХР төрағасы Цзян Цзэмин жаңа концепцияларды қабылдады. Осы аралықтағы «Кешенді ұлттық қуат»(综合国 - zonghe guoli) концепциясының мақсаты – мемлекеттің қуатын тек әскери фактор арқылы емес, кешенді түрде, яғни экономикалық, ғылыми-техникалық даму арқылы нығайту, Қытайды әлемдік қауымдастықтың беделді мүшесі ретінде орнату болды[242, 11 б.]. Ішкі әлеуметтік-экономикалық модернизациясын нығайтып алған Қытай осы кезеңде сыртқы аренаға шығуды көздейді. Осы кезеңде мемлекеттің экономикалық потенциалын арттыру үшін «Реформа және ашықтық» саясатының жалғасы ретінде сауда-инвестицияны, экономикалық интеграцияны нығайтуға бағытталған «Сыртқа шығу» (走出去 – zou chu qu) стратегиясы қабылданды. «Сыртқа шығу» саясатын жүргізгелі сауда-экономикалық салаға қатысты негізгі идеялар мен саясат реттеліп, жетілдіріліп отырды. Бұл концепция Қытайдың сауда-экономикалық дамуындағы тарихи кезең – ДСҰ кіруімен жалғасты және соңғы отызжылдықта қаржы-экономикалық дамудың драйвері болды. Соның есебінен ҚХР-дың ЖІӨ мен сауда-саттық көлемі, өндірістік қуаты бірнеше есе артты. Бүгінгі БЖИ аясындағы шет елдік жобаларға қатысып жатқан қытайлық кәсіпорындар «Сыртқа шығу» компаниясы арқылы жүргені айтылады[243].

Жаңа ғасырдың басында Қытай өзін жаһандық тәртіпке ықпалы бар және халықаралық қатынастар жүйесіне белсенді қатысушы мемлекет ретінде қабылдайды. Өйткені осы кезеңде Қытай бірқатар шекаралық мәселесін шешіп, Сянган мен Аомынді өзіне қайтарып, Қытай қауіпсіздігі үшін маңызды халықаралық ұйымдарды (ШЫҰ, АӨСШК) құрушы мен қолдаушылардың бірі болды. ҚХР Төрағасы мен Қытай коммунистік партиясының идеологтары әлемдік державалармен бәсекелестікті білдіретін халықаралық қатынастың көпполярлы жүйесі туралы айта бастады[244]. Яғни, АҚШ пен КСРО жетекші болған биполярлы әлемдік жүйенің уақыты өтіп, ықпал аймағын бөлісетін көпполюсті жаһандық тәртіп насихатталды. Сол уақытта қабылданған тағы бір маңызды тұжырымдама - «Қытай халқының ұлы өрлеуі» (中华民族伟大复兴 – zhonghua minzu weida fuxing). ҚКП XVI Съезінде жарияланған бұл концепция модернизацияны алға жылжыту, Отанның бірігуін аяқтау және әлемдегі бейбітшілікті қорғау, бейбіт қатар

даму сынды міндеттерді алға қойды. ҚКП ұлы өрлеудің мақсаттарын қытайлық ерекшеліктегі социализм жолынан көрді [245].

Қытайдың жариялаған сыртқы саясат концепцияларын әлемдік қауымдастық әрқалай қабылдайды. ҚХР-дың сауда-экономикалық белсенділігі артып, кешенді ұлттық қуаты күшейіп, халқының өрлеу қарқынынан ірі державалар мен аймақтағы дамушы мемлекеттер сескене бастайды. Сыртқы қолайлы жағдай Қытайдың ішкі тұрақтылығы үшін де маңызды болғандықтан, ҚХР тарапы «Бейбіт өрлеу» (和平崛起 – heping jueqi) концепциясын ұсынды. Осылай ҚХР өзінің жетекші мемлекет болу жолында күш қолданбайтынын білдірді [246]. Бірақ әлемдік қауымдастық әскері модернизацияланған, сауда-экономикалық ықпалы артушы мемлекеттің «бейбіт өрлеуін» жиі сынға алды. Сондықтан ҚХР төрағасы Ху Цзинтао сыртқы саясатта гуманистік құндылықтарға жүгіне отырып, «үйлесімді әлем» (和谐世界 – hexie shijie) тұжырымдамасын қабылдады. «Үйлесімді әлемге» сәйкес Қытай АҚШ, Ресей, Жапония, көршілес елдер, дамушы мемлекеттермен байланысын үйлесімді жағдайда дамытатынын білдірді. Яғни, ҚХР өзін әлемдік державалармен тең дәрежеде ұстауға қауқарлы мемлекет қылып көрсеткісі келді. ҚХР-дың сыртқы тартымды имиджін орнату үшін «үйлесімді әлемнің» заңды жалғасы ретінде шыққан «жұмсақ күш» (软实力 – ruan shili) идеясы халықаралық алаңда қызу талқыланды [247, 2771 б.]. Қытайдың энергетикалық-экономикалық белсенділігі, инфрақұрылымдық-инновациялық жобалары, халықтың миграциясын шет елдің қоғамы қабылдау үшін мәдени ықпалдастық қажет болды. Сондықтан көптеген дамушы мемлекеттерде ашқан Конфуций орталықтары мен қытай тілі кабинеттері, мәдени фестивальдер мен апталықтар, оқу гранттары «жұмсақ күштің» құралы ретінде танылды. Бірақ ҚХР Төрағалығына Си Цзиньпиннің келуімен Қытай өзінің стратегиялық қызығушылықтарын белсенді қорғап, жаһандық проблемаларға жауапкершілікпен үн қата бастады. 2012 жылғы жетекшілердің ауысуымен ҚХР сыртқы саясаты мүлде жаңа сипат алды. Си Цзиньпин «Қытай арманын» (中国梦 – zhongguo meng) орындау мақсатын жариялап, оған жеткізетін бірқатар ішкі және сыртқы даму концепцияларын қабылдады. ҚХР Төрағасының сөздерінде ол «中华民族伟大复兴的中国梦» (Қытай халқының ұлы өрлеуінің қытайлық арманы) деп те жарияланды. Баяндамасында Си Цзиньпин сыртқы саясатта Қытай бейбіт даму жолын жалғастырып, ашықтық, достық стратегиясын, сонымен қоса халықаралық жауапкершілік пен міндеттемелерді орындайтынын айтты [26]. Аталған «Қытай арманынан» тарайтын «Жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшеліктегі социализм» (新时代中国特色社会主义思想 – xin shidai zhongguo tese shehui zhuyi sixiang), «Жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшеліктегі үлкен мемлекеттің дипломатиясы» (新时代中国特色社会主义思想大国外交 – xin shidai zhongguo tese daguo waijiao), «халықаралық қатынастардың жаңа типі» (新型

国际关系 – xinxing guoji guanxi) ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин қолға алған және белсенді іске асырып жатқан концепциялар [1, 77 б.].

Қытайдың жаңа сыртқы саяси бастамаларының даму динамикасын Қытай Коммунистік партиясы съездерінің аралық кезеңіне бөліп қарастыруға болады. ҚКП-ның XVIII съезі 2012 жылы 8-15 қараша аралығында Бейжіңде өткені белгілі. ҚКП XVIII съезінен бері Қытай басшылығы жаһандық әріптестік орнату бағытына үлкен мән берді. ҚКП XVIII съезінен бері Қытай әлемдік бейбітшілік пен дамуды сақтаудағы маңызды күш ретінде халықаралық деңгейде жаңа даму тұжырымдамасын алға тартты [248]. Ол Қытайдың жауапты ірі ел ретінде рөлін жалғастыратынын, жаһанды басқару жүйесін реформалау мен құруға белсенді түрде қатысатынын көрсетеді. Бұл кезеңді Қытай өз ұстанымын білдіру, көзқарасын тарату, қытайлық идеяны насихаттау үшін пайдаланатыны анық. Оны ҚХР-дың халықаралық ұйымдар және мемлекетаралық қатынастар шеңберіндегі белсенділігінен айқын көруге болады. Маңызды кезеңдерге Қытайдың БҰҰ, ХВҚ, ДСҰ, Дүниежүзілік банк, G20 және басқа да халықаралық ұйымдар, сондай-ақ ШЫҰ, АӨСШК, БРИКС, АТЭС сияқты аймақтық ұйымдармен ықпалдастығының артуы жатады. 2012-2017 жылдары Қытай дипломатиясында көптеген өзгерістер болып, ҚХР Мемлекеттік кеңесі төрағасының есебіне сәйкес, «қытайлық ерекшеліктегі үлкен мемлекеттің дипломатиясы тұрақты түрде кеңейді». Осы аралықтағы дипломатиядағы өзгерістер жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшеліктегі социализм туралы Си Цзиньпин ойының ажырамас бөлігіне айналды.

Партияның XVIII съезінен бастап талқылау мен құруға негізделген жаһандық басқару тұжырымдамасы Си Цзиньпиннің дипломатиялық ойының маңызды бөлігіне айналды. Фудан Университетінің профессоры Су Чанхэнің (苏长和) пікірінше, экономика мен қауіпсіздікті басқару саласында жабық саяси, сауда, әскери блоктардың басқаларға қарсы текетіресі және өркениеттер қақтығысы халықаралық қатынастардың жаңа типін құруға кедергі болып табылады. Жаһандық басқарудың ортақ көзқарасын талқылау және қалыптастыру барлық елдердің жаһандық мәселелерді шешу және бірге жақсы әлем құру үшін бірлесіп жұмыс істеуіне ықпал етеді [249].

Мемлекет басшысы дипломатиясы – сыртқы саяси жұмыстың ең жоғары және маңызды бөлігі. Оның практикалық нәтижесіне назар аударатын болсақ, ҚХР Төрағасы қос съезд аралығындағы 5 жылда барлығы 193 күннің ішінде шамамен 570 000 шақырым жолды іссапарға арнап, 5 құрлықтағы 50-ден астам елге және ірі халықаралық ұйымдардың жиынына қатысқан. ҚХР басшысының сапарларынан кейін Қытайдың «халықаралық достар шеңбері» мен бүкіл әлем бойынша серіктестік желісі кеңейген. 2016 жылдың аяғына қарай Қытай 97 елмен және халықаралық ұйыммен серіктестік орнатып, жан-жақты және көп деңгейлі дипломатиялық байланысын нығайтты. Ал ҚКП-ның XIX съезі 2017 жылы 18-24 қазанда Бейжіңде өтті. Си Цзиньпин ҚКП XIX съезінде жасаған баяндамасында жаһандық әріптестікті орнатуға жүйелі түрде кірісуге шақырды [37].

Қытайлық ерекшеліктегі үлкен мемлекет дипломатиясының архитекторы ретінде Си Цзиньпин ҚКП ХІХ съезінен бергі үш жылға жуық уақытта 13 рет іссапармен шығып, 27 елде болып, 215 мың шақырым жол жүріп, екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты тереңдету арқылы жаһандық мәселелерге қатысты қытайлық шешімдерді ұсынды. Мысалы, 2018 жылдан бері Си Цзиньпиннің төрағалығымен өткізілген алты ірі дипломатиялық іс-шара халықаралық істерде Қытайдың жаһандық басқаруға қосқан үлесі ретінде қарастырылады. Ал «Бір белдеу, бір жол» халықаралық ынтымақтастық саммитінің ІІ форумы нәтижесінде ынтымақтастықтың 283 құжаты қабылданды. ШЫҰ кеңеюінен кейінгі жаңа жағдайдың алдында Циндао саммиті ұйымның «қайта жаңаруына» себеп болды.

Мемлекетаралық байланысқа келетін болсақ, үлкен мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас жаһандық стратегиялық тұрақтылықпен тығыз байланысты. ҚКП маңызды съезінен кейінгі жылдары Қытай Төрағасы Си Цзиньпин мен Ресей Президенті В.Путинмен; Қытай-АҚШ қарым-қатынастарының күрделі жағдайына қарамастан Д.Трамппен үш рет кездесті. Осы жылдары ҚХР дипломатиялық байланыс орнатқан елдердің саны 175-тен 180-ге дейін өсті. Қытай төрағасы COVID-19 індеті басталғаннан бері 51 шетелдік көшбасшы және халықаралық ұйым басшыларымен 65 рет телефон арқылы сөйлесіп, келіссөздер жүргізді. Яғни, партияның 2012 жылғы съезінен кейінгі кезеңмен салыстырғанда келесі бесжылдықта ҚХР-дың сыртқы саяси белсенділігі мен халықаралық қатынастар жүйесін, жаһанды басқару реформасына қатысуы бірнеше есе артты[250].

Жалпы алғанда ҚКП ХІХ съезінен кейін Қытайдың халықаралық істерге қатысуы нығайып, ҚКП-ның «қос құрылыс», «адамзат қауымдастығының ортақ тағдырын құру» және «ұтыс-ұтыс» ынтымақтастық көзқарасы айқын көріне бастады. Сондай-ақ Қытайдың халықаралық жаһандық басқаруға деген ұстанымы айқындалды. Халықаралық басқаруға қатысу және жетекші рөл атқару ұмтылысында ҚКП ХVІІІ съезден кейінгі дипломатияның өзгерістерін ары қарай жалғастырды. Қытайлық сарапшылардан зерттеуінше, ҚКП ХІХ съезінен кейінгі **«жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшеліктегі үлкен мемлекет дипломатиясының»** (新时代中国特色大国外交) іске асуын дипломатиядағы келесідей трансформациядан байқауға болады:

- *Қытай өз күшін жасырудан белсенді дипломатияға ауысты.* Жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшеліктегі үлкен мемлекеттің құрылысы Қытай үшін аймақтық державадан жаһандық державаға дейінгі жаңа ұстанымды алға тартты. Ендігі кезекте Қытай бұрынғы реактивті дипломатия стилінен проактивті дипломатияға көшті.

- *Қытайдың жаһандық көзқарасы мен ұстанымы кеңейе бастады.* Соңғы бес жылда Си Цзиньпин ұсынған дипломатиялық тұжырымдамаларды екі деңгейге бөлуге болады. Ол негізінен төрт тұжырымдаманы қамтиды: адамзат қауымдастығының ортақ тағдырын құру, «ұтыс-ұтыс»

ынтымақтастығы, ашық әлемдік экономика және халықаралық қатынастардың жаңа типін көрсететін жаһандық серіктестік желісі.

- *Қытай жаңа инициатива арқылы сыртқы әлемді өз стратегиясына тірек ретінде қалыптастыра бастады.* БЖИ – жаңа бетбұрыс нүктесі болғандықтан, Қытай сыртқы әлемді негізгі тірек ретінде қалыптастыра бастады. Соңғы бес жылда Қытай дипломатиясы екіжақты жүйеде қалыптасты, бір жағынан Қытай қазіргі халықаралық жүйеге белсенді түрде қатысып, дауыс беру құқығына ұмтылады. Екінші жағынан, Қытай АҚШ үстемдік ететін жүйеге қосымша өз жүйесін алға тартады[251].

Си Цзиньпин 2015 жылы 26 қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясында Қытайдың жаһанды басқару тұжырымдамасын кеңінен түсіндіріп берді. Бұл Қытайдың жаһанды басқаруының бастапқы нүктесі болғандықтан, сол кезеңнен бастап теориялық шешімдерді алға тартты. Соңғы отыз жылда Қытай дипломатиясы негізінен үлкен мемлекеттер дипломатиясы(大国外交), көршілік дипломатия(周边外交), дамушы елдер дипломатиясы(发展中国家外交) және көпжақты халықаралық ұйым дипломатиясы(多边国际组织外交) сияқты төрт тұрақты бөліктен тұрады. Си Цзиньпин билікке келгеннен кейін «төрт жаңа мазмұн» қосылды: «Белдеу мен жол» ("一帶一路") Қытай дипломатиясының ұзақмерзімді және тұрақты стратегиясына айналды; Қытайдың шетелдегі мүддесін қорғау (保护中国海外利益) жаңа дипломатиялық тәжірибенің маңызды бағыты болды; жұмсақ күшін арттыруға көңіл бөлінді; жаһанды басқаруға белсенді қатыса бастады.

Жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшеліктегі үлкен мемлекеттің дипломатиясы – жаңа дәуірдегі Қытайдың сыртқы стратегиясын білдіреді, онда Қытай социализмді қытайлық ерекшелігімен дамыту үшін қолайлы сыртқы ортаны құру міндетін қойған. Қытай соңғы жылдары «адамзат қауымдастығының ортақ тағдырын» құру мақсатын тұрақты түрде ұсынды, «халықаралық қатынастардың жаңа типінің» тұжырымдамасын жариялады, халықаралық институционализация мен тұжырымдамалық өзара іс-қимылға ерекше назар аудара отырып, БЖИ мен АИИБ ұсынған ынтымақтастықтың көпжақты механизмдерін белсенді алға қойды. Қытайдың халықаралық ықпалын күшейту және кеңейту процесінде «жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшеліктегі үлкен мемлекеттің дипломатиясы» сыртқы саясатты жүргізудегі негізгі логикасы ретінде қолданады[252].

Өткен кезеңдерде Қытай аймақтық держава ретінде бәсекеге түсетін болса, қазір ол жаһандық көзқарасы орнаған үлкен мемлекет болып көрінгісі келеді және оның стратегиялық тұтастыққа деген сұранысы артып келеді. Екіншіден, жетекші мемлекеттердің арасындағы бәсеке қалыпты құбылыс болып саналады. Ірі мемлекеттердің даму моделі, қызығушылықтары мен идеологиялары әртүрлі болуы мүмкін, сондай-ақ бәсеке міндетті түрде болады. Үшіншіден, қазіргі уақытта қарсылас мемлекеттермен достық қарым-қатынасқа көшкен әлдеқайда тиімді болады. Ал, «қытайлық

ерекшеліктегі үлкен мемлекет дипломатиясының» басты сипаты оның бейқамдықтан белсенділікке, реакция білдіріп отырудан көшбасшылыққа ауысуын білдіреді[253].

**«Халықаралық қатынастардың жаңа типі»( 新型国际关系 )** концепциясы заманның ерекшеліктерін Қытай дипломатиясының соңғы жаңалықтарымен тығыз біріктіріп, ұжымдық қауіпсіздік, халықаралық құқық үстемдігі, өзара тәуелділік, қазіргі заманда қалыптасқан халықаралық ынтымақтастық ұғымдарын бойына сіңірді. Концепция бойынша ең әуелі жетекші державалардың қарым-қатынасына назар аударылады және біртіндеп жан-жақтылы өзгеріске ұшыраған барлық елдер қамтылады. Осылайша, мазмұнды жүйелеу процесі, жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшеліктегі социализмнің халықаралық қатынастағы идеясының маңызды құрамдас бөлігіне айналуға. 2013 жылы Қытай басшылары Ресейге жасаған сапарында «өзара жеңіске негізделген халықаралық қатынастардың жаңа типін» ұсынды. 2015 жылы Қытай басшылары БҰҰ қатысқанына 70 жыл толуына арналған бірқатар саммиттер өткізген кезде «жаңа халықаралық қатынастар» тұжырымдамасын жаһандық деңгейге көтерді. Партияның ХІХ съезінің баяндамасында «қытайлық ерекшеліктегі үлкен мемлекеттің дипломатиясы» халықаралық қатынастардың жаңа типі мен «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» идеясының іске асуына ықпал етуі керек деп нақты айтылды. Қытай ғалымдары қазіргі уақытта жаңа үлгідегі халықаралық қатынастар тиісті деңгейде емес деген баға береді[248]. Ол практикалық сипатқа ие болып, қолданыстағы халықаралық жүйенің түпкі элементтері мен жүйелі факторларына негізделген көпвекторлы және тұрақты көзқараста қабылдануы тиіс. Зерттеулер бойынша ҚХР соңғы онжылдықтардағы халықаралық қатынастардың жаңа типін құруға деген ұмтылысы келесідей тенденциялардан байқалады:

*Қытай жаһандық әріптестікті дамыту арқылы жаңа халықаралық қатынастар үлгісін құруға қатысады.* Көрші аймақтармен және дамушы елдермен әріптестікті дамыту және арттыруда шоғырланған Қытай дипломатиясының дәстүрі мен шындығы жаңа үлгідегі халықаралық қатынастарды құруға стратегиялық қолдау көрсете алады. Бұл әріптестік екіжақты немесе аймақтық қауымдастықтың ортақ тағдырын құруға, Азиядағы халықаралық қатынастардың жаңа моделін құруға бағытталған.

*Халықаралық қатынастардың жаңа типінің практикалық тартымдылығы артып келеді.* Оған мысал ретінде Қытай ұсынған ШЫҰ, «Белдеу мен жол» инициативасы мен АИИБ, «Адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» концепциясы аталады [63].

1) ШЫҰ халықаралық қатынастардың жаңа типінің өңірлік үлгісі ретінде танылды. Жаңа әрі жетілген аймақтық ұйым ретінде ШЫҰ үшінші елдерге қосылмау, қарсыласпау және ол елдерді көздемеу принциптерін ұстанады. Ынтымақтастық тақырыптары шекаралық аймақтардағы тұрақтылықты сақтау болып саналады.

2) БЖИ халықаралық қатынастардың жаңа типі үшін ашық тәжірибе алаңын ұсынуда. Бастамашы ел ретінде Қытай мен барлық қатысушы елдер жалпы жоспар мен нақты жүзеге асыру жобаларын бірлесіп белгілейді.

3) АИИБ сияқты жаңа функционалды көпжақты механизмдер - халықаралық қатынастардың жаңа типін құрудың маңызды тұтқасына айналды. АИИБ – дамушы елдердің бастамасымен құрылған, дамушы және дамыған елдер қатысатын көпжақты даму институтының жаңа түрі.

4) «Адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» – халықаралық қатынастардың жаңа типінің мақсаты және жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшеліктегі социализмді қолдау ретінде насихатталуда.

*Халықаралық қатынастардың жаңа типін құру үшін қолайлы жағдай жасау – Қытайдың қабылдауындағы жаһанды басқару жүйесін реформалау мүмкіндігі.* Қазіргі жаһанды басқару жүйесі өзгерістердің сыни кезеңінде барлық тараптар тиісті көпжақты механизмдердің ережелерін жасауда. Жаһанды басқару жүйесін реформалау тенденциясы халықаралық қатынастардың жаңа типін құрудың талаптарына түбегейлі сәйкес келеді. Жаңа модельді құру үшін жаһанды басқару реформасына назар аудару, тиісті халықаралық жүйелердің құрылысын күшейту және жаһандық әріптестікті құру арқылы қатысушыларды кеңейту; сондай-ақ, даму және қауіпсіздік салаларында үйлестірілген және теңгерімді дамуға ұмтылып, жаңа тәжірибе бағыттары мен әдістерін үнемі кеңейту қажет. Қытайлық ерекшеліктегі үлкен мемлекеттің дипломатиясы аясында ШЫҰ, БЖИ, АИИБ сияқты механизмдер халықаралық қатынастардың жаңа типін құрудың маңызды алаңдарына айналды[254].

Көршілерге қатысты сыртқы саясатты ретке келтіру және көршілес елдермен қарым-қатынастарды дамытуға сыртқы саясат қызметінің ерекше саласы – **«көршілік дипломатиясына»** 1990 жылдардың басынан бері Қытайдың көрші елдермен қарым-қатынасының шиеленісуі және аймақтағы қайшылықтар себебінен назар аударылды. Ян Сюэтуң 2015 жылғы қаңтардағы мақаласында Қытай үшін бұрыннан басымдық беріліп келе жатқан АҚШ-пен немесе көршілерімен өзара әрекеттесу мәселесі көтеріледі[255]. Салмақты аргументтер арқылы Янь Сюэтуң көршілік дипломатияны қолдайтынын көрсетеді.

Мазмұны жағынан «көршілік дипломатиясы» Қытайдың көршілеріне қатысты дәстүрлі дипломатия, экономикалық дипломатия және халықтық дипломатиясының қосындысы болып табылады. «Тату көршілік дипломатиясының» негізгі мақсаты – Қытайдың қоршаған айналасында бейбіт және тұрақты сыртқы ортаны қамтамасыз ету, мемлекеттің егемендігін қорғау, «екі жүз жылдық мерейтойлар» мақсатын және «қытай арманын» жүзеге асыру[256, 63 б.]. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, қазіргі Қытайдың «көршілік дипломатиясы» екі түрлі өлшемді қамтиды деген қорытынды жасауға болады. Ол бір жағынан Қытайдың көрші елдермен аумақтық дауларының тереңдей түсуі және «қытайлық қауіп»



теориясының таралуы аясында олармен қарым-қатынасын үйлестіру міндетін, екінші жағынан Қытайды аймақтық интеграцияны және басқа да процестерді басқару арқылы аймақтық көшбасшы ретінде бекіту мақсатын көрсетеді.

«Көршілік дипломатия» Қытайдың ішкі даму жоспарымен тығыз байланысты. 2013 жылдың қазан айындағы кездесуде Си Цзиньпин «Қытайдың көршілік дипломатиясының стратегиялық мақсаты - «екі жүз жылдық» мақсаттарды жүзеге асыру үшін күресу, оның ішінде ҚКП-ның жүз жылдығына дейін «қалыпты гүлденген қоғам» құрылысын аяқтау екенін айтты[257].

ҚХР Ухан университеті Саясат және мемлекеттік басқару мектебінің профессоры Жуань Цзяньпин ( 阮建平 ) халықаралық қауымдастықтың алаңдаушылығынан Қытай үкіметі 2005 жылдан бері «Қытайдың бейбіт дамуы» атты ақ кітапты шығарып, өзінің агрессия мен экспансияға бармайтынындығын тұрақты түрде жариялап келеді дейді. Қытайдың өрлеуі туралы қауіп-қатер көршілес мемлекеттердің арасында жиі байқалады. Кейбір көрші мемлекеттердің алаңдауына қарай Қытай бейбіт дамуды ұстану бағыты негізінде «көршілермен достық қарым-қатынас» қағидатын жариялады[258, 15 б.].

70 жыл бұрын ҚХР құрылғаннан бері көршілік дипломатия (周边外交) Қытай сыртқы істерінде әрқашан маңызды орынға ие болған («периферия дипломатиясы» деп те аударылған – О.Б). ҚКП XVIII Съезінен кейін Қытайдың бейбіт өрлеу қарқынының үдеуімен Қытайдың көрші елдермен дипломатиялық қарым-қатынасы да «үлкен мемлекеттің сыртқы саясаты дәуіріне» аяқ басты. Қытайдың көршілік дипломатиясына келесідей міндеттер кірді: «достық, шынайылық, өзара тиімділік және инклюзивтілік» жаңа концепциясын алға жылжыту, «үлкен көршілестік» концепциясын жоспарлау және «адамзаттың ортақ тағдырын» құруға жәрдемдесу»; «Белдеу мен жолдың» жаңа бейнесін орнату (绘制“一带一路”新宏图), «Азиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын құру»( 构建新型“亚洲安全观 ), Теңіз державасын құрудың жаңа стратегиясын жүзеге асыру(实施建设海洋强国新方略 ), дауларды бейбіт жолмен шешудің «қос жолы» идеясын алға жылжыту(推进和平解决争端的“双轨”新思路), аймақтық және халықаралық жүйені жетілдіру, көршілік дипломатияның жаңа жобасын құру.

2013 жылы Си Цзиньпин стратегиялық саясат пен Қытайдың көршілес елдермен дипломатиясын нығайту үшін БЖИ-ді ұсынды. Сол жылы ҚКП ОК орталық және шеткі аймақтардың дипломатиялық жұмысы туралы алғаш рет мәжіліс өткізіп, көршілік дипломатиясын жалпы дипломатияда бірінші орынға қоюды ұсынды. Қытай ғалымдарының көзқарасына сәйкес, көршілес аймақтар – Қытай жақтайтын «адамзат қауымдастығы ортақ тағдырының» маңызды аймағы. Қытайлық сарапшылардың қарауында «ортақ тағдыр қауымдастығы» Қытайдың көршілес елдерінен басталады және көршілес аймақтар оны құрудың бастапқы нүктесі саналады. Қазір де, болашақта да

көршілік дипломатия ҚКП сыртқы істерінде маңызды орында болатынын болжауға болады. Қытай өзінің ұсынып отырған бастамаларына ең алдымен көршілес дамушы мемлекеттерді қатыстырып отырғанын байқаймыз[259, 10 б.].

ҚКП Орталық партия мектебі институтының сарапшысы Чжай Майюннің пайымдауынша, Төраға Си Цзиньпин көптеген дамушы нарық елдерін тартатын «БРИКС+» ынтымақтастық тұжырымдамасын ұсынды. 2017 жылы БҰҰ 71-ші Бас Ассамблеясы «БҰҰ және жаһандық экономикалық басқару» қарарын қабылдады, оған Қытай ұсынған бірлескен талқылау, құру және пайдалану принципі кірді. ҚХР барлық әмбебап үкіметаралық ұйымдарға қосылып қана қоймай, 600-ден астам халықаралық конвенция мен түзетуге қатысып, «Қытай жобасы» арқылы елдерге ДСҰ-ға қатысуға көмектесті. Жаһанды басқарудың жалпы тұжырымдамасын талқылау мен құрудың жақтаушысы бола отырып, Қытай қолданыстағы халықаралық ынтымақтастық платформаларын толық пайдалану, жаһанды басқаруды трансформациялау үшін БЖИ-ға сүйенеді[260].

Қытайлық сарапшы Чэнь Сяньян Қытайдың жаһандық басқаруға қатысуының негізгі мақсаты «қос жүз жылдық» мақсатына жету екенін айтады. Си Цзиньпин жаһандық басқаруды нығайту және жаһандық басқару жүйесін өзгертуге жәрдемдесу әртүрлі жаһандық сын-қатерге жауап қана емес, сонымен қатар халықаралық тәртіп пен халықаралық жүйеге жаңа «ереже мен бағыттарды белгілеу» екенін атап өтті. Сарапшы алдағы бес жылда Қытай «адамзаттың ортақ тағдырын» бірлесіп құру үшін жаһандық басқаруға қатысу және әртүрлі жаһандық сын-қатерге жауап беру ісін жалғастыратынын айтады. Сонымен қоса ол БЖИ жаңа дәуірдегі Қытай дипломатиясының жарқын визит карточкасы және сыртқы әлемге ашықтығы мен халықаралық экономикалық ынтымақтастықты дамытудың жаңа кезеңі деп санайды[261].

Жалпы алғанда 2013 жылдан бастап Қытай өзінің сыртқы саясат саласындағы нормативтік идеяларды жаңартып келеді. Қытай осы ұғымдарды сыртқы әлемге тарату үшін өзінің өсіп келе жатқан халықаралық ықпалын пайдалануда. Бірқатар жылдар бойы «қытайлық ерекшеліктегі үлкен мемлекеттің дипломатиясы», «халықаралық қатынастардың жаңа типі», «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» деген ұғымдар дүниежүзілік БАҚ-қа еніп, Қытайдан тыс жерлерде де танылды [262].

«Белдеу мен жол» инициативасы іске қосылғаннан кейін Қытайдың сыртқы саясаты мен сыртқы экономикалық байланыстарында кешенді «жобалау» қажеттілігі айқын көрінді. БЖИ құрылысының жоспарлары қарқынды дамып келеді, олар экономика мен гуманитарлық саланы ғана емес, қауіпсіздік пен тұрақтылық мәселелерін де қамтиды. Осы аспектілерді біртұтас бағдарламаға біріктіру мүмкіндігі Қытайдың сыртқы саяси стратегия саласындағы мүмкіндіктерінің көрсеткішіне айналды. Бұл «Белдеу және

жол» құрылысына қатысуға ниетті елдер үшін ынталандыру және сонымен бірге сынақ деп айтуға болады [263].

ҚХР-дың жаңа сыртқы саяси бастамаларының айрықша ерекшелігінің бірі – жаңа идеялар корпусын қайта қалыптастыру, жанарту және оны тәжірибеге енгізу процесі. Си Цзиньпиннің дипломатиясы Қытайдың жаһандық амбицияларының кеңейгенін білдіретін транзиттік сипатқа ие. Жаңа тұжырымдамалар жан-жақты, көп өлшемді болғандықтан кейбір батыс елдері өз идеяларын қарсы қойғанда немесе халықаралық ынтымақтастықтың баламалы жолдарын ұсынғанда қиыншылықтарға ұшырап жатады. Қытайдың БЖИ, «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» концепциясы, «халықаралық қатынастардың жаңа типі» және басқа идеялар Қытайды үлкен мемлекеттен( 大国 ) ұлы державаға ( 强国 ) айналдырудың жаңа дипломатиялық және идеологиялық тәсілі есебінде жүзеге асырылады. Ол теориялық жағынан да, практикалық жағынан да қолданылып, сыртқы дипломатиясы барған сайын инновациялық сипат алып келеді.

Сонымен қатар, жаңа сыртқы саяси идеялар мен оларды өңірлік және жаһандық деңгейде іске асыру тетіктерінің айтарлықтай көп болуына байланысты қандай тұжырымдамалар жетекші екенін, қайсысы қосымша екенін анықтау қиын. Қытай басшылары осы идеяларды тиімді формада алмастырып отырады деген көзқарас пайда болады. Си Цзиньпиннің соңғы онжылдықтағы тұжырымдамаларын және зерттеушілер пікірін талдай отырып, қазіргі Қытайдың сыртқы саяси дискурсындағы идеялардың көпшілігінің мақсат-мүддесі, ауқымы белгісіз, бұлыңғыр және нақтыланбаған деген көзқарас бар[264, 78 б.].

Қытай халықаралық зерттеулер институтының зерттеушісі Чэнь Шулуның (陈须隆) пікірінше, қазіргі кезеңдегі Қытай сыртқы саясатының ең жоғарғы мақсаты мен концепциясы «Адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» болып есептеледі. Аталған концепция қазіргі заманның және қазіргі қытай дипломатиясының ерекшеліктерін анық көрсететін болғандықтан ол басқа да дипломатиялық идеяларды өз бойына сіңірген. Мәселен, алдыңғы кезеңдерде жарияланған «бейбіт өрлеу», «көршілік дипломатиясы», БЖИ идеяларының барлығы «Адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» концепциясында көрініс тапқан[155].

Чэнь Шулу Қытай тарапы әртүрлі себеппен ұсынатын бірқатар дипломатиялық идеялар мен концепциялардың байланысын келесідей тәртіпте түсіндіреді: «адамзат қауымдастығының ортақ тағдырын» құруға ықпалдасу – қытайлық дипломатияның ең үлкен мақсаттарының бірі; бейбіт өрлеу(和平发展) мен өзара ынтымақтасу және жеңіске бірге жету(合作共赢) идеялары оған жетудің жолы болып саналады; БЖИ құрылысы осы мақсатқа жетудің маңызды құралы(重要抓手); ал Қытайдың жан-жақты дипломатиясына(中国全方位外交) көршілес елдер(周边), үлкен мемлекеттер(大国), дамушы елдер(发展中国家) сияқты дипломатиялық

концепциялар енеді. Қытай алдағы әлемдік тәртіптегі рөлін қайта қарастыруға, оның қандай ережелерге сәйкес реттелетініне байланысты өзінің концепцияларын бейімдеп жатыр.

Диссертацияның бұл бөлімінде Қытай сыртқы саясатының трансформациясы мен оның концепцияларының даму динамикасы ҚКП XVIII және XIX съездерінің аралық кезеңіне бөліп, салыстырмалы түрде қарастырылды. Партияның XVIII съезінен бастап талқылау мен құруға негізделген жаһандық басқару тұжырымдамасы Си Цзиньпиннің дипломатиялық ойының маңызды бөлігіне айналды. Ал XIX съезден кейін «Си Цзиньпин идеялары» ҚКП Жарғысы мен ҚХР Конституциясына еніп, мемлекеттің ішкі және сыртқы саяси риторикасында «жаңа дәуір» (新时代) ұғымын жиі пайдаланып, Қытайдың «ұлы держава» мәртебесін қалпына келтіруді растайтын сыртқы саяси бастамалар жарияланды. Қытай кейбір бастамалары арқылы халықаралық қатынастардың батыстық үлгісін сынға алып, өзінің идеалды нұсқауларын жариялағысы келеді. Толық түсініктің қалыптаспағанына қарамастан Қытайдың жаңа сыртқы саяси концепциялары ерекше назар аударуды қажет етеді. ҚХР-дың жеке бастамаларынан халықаралық қатынастардың жаңа типі теориясы қалыптасып келеді. Си Цзиньпин билікке келген соң бұл процесс жеделдей түсті. Жаңа дәуірдегі ҚХР сыртқы саясатының жаһандық, аймақтық және трансқұрлықтық ауқымдағы концептуалдық негіздеріне жататын идеяларға талдау жасалып, олардың өзара байланысы анықталды.

Си Цзиньпин «жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшеліктегі үлкен мемлекеттің дипломатиясын» қолға алып, кейінірек өзінің дипломатиялық философиясын қалыптастырған бастамалар мен ұсыныстар тізбегін жариялады. Жаңа сыртқы саяси идеяларды өңірлік және жаһандық деңгейде іске асыру механизмдерінің әртүрлі болуына байланысты тұжырымдамалардың қатаң иерархиясы анық көрсетілмейді. Қытай басшылары осы идеяларды тиімді формада алмастырып және толықтырып отырады. Дегенмен, түпнұсқа деректерді сараптау негізінде «адамзат қауымдастығының ортақ тағдырын» құруға ықпалдасу – қытайлық дипломатияның ең үлкен мақсаттарының бірі. Оның құрамдас бөлігі ретіндегі идеялар әртүрлі деңгейде бір-бірімен байланысқан, ал БЖИ құрылысы осы мақсатқа жетудің ортақ маңызды практикалық құралы деген қорытындыға келуге болады. Жалпы осы міндеттердің барлығы жаһандық басқару жүйесін реформалау мақсатымен тығыз байланысып жатыр. Си Цзиньпин билігінің екінші кезеңінің аяқталып, жаңа төраға ретінде сайлануымен Қытайдың сыртқы саясат тұжырымдамасы нақты құрылымдық контурларға ие болуы ықтимал.

## **2 «БЕЛДЕУ МЕН ЖОЛ» ИНИЦИАТИВАСЫ ЖӘНЕ «АДАМЗАТ ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ОРТАҚ ТАҒДЫРЫ» КОНЦЕПЦИЯСЫ**

### **2.1 «Адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» концепциясының қалыптасу кезеңдері**

«Адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» – Қытай дипломатиясындағы жаңа концепция болғанымен, соңғы онжылдықта ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің баяндамаларында жиі қолданылады. Концепцияға қатысты отандық академиялық зерттеулердің жетіспеушілігін ескере отырып, оның мағынасы, себептері және салдарын қарастырудың өзектілігі артады. «Адамзат ортақ тағдырының» түбегейлі мақсат-міндеті айқын болмағанымен, Қытайдың халықаралық қатынастар жүйесінде өзін жауапты мемлекет ретінде таныту, ХХІ ғасырдың екінші-үшінші онжылдықтарында «стратегиялық мүмкіндіктер кезеңін» қолдану жоспарының бөлігі ретінде қаралады. Қытай ұсынған концепция бастапқыда халықаралық конфликтілердің эскалациясы, қаржы-экономикалық дағдарыс жағдайында ұтымды және тартымды көрінгенімен, дамыған елдерді айтпағанда, дамушы әлемнің осы тұжырымдаманы қабылдауында қарама-қайшылықтар бар екені белгілі. Қытайдың сыртқы саяси парадигмасындағы «адамзаттың ортақ тағдыры» идеясының басқа концепттермен байланысын сыртқы саясат контекстінде кешенді қарастыру қажет.

ХХІ ғасырда ҚХР үшін әлемдік тәртіп, жаһандық проблемаларды шешу жолдары, энергетикалық ресурстарға қол жеткізу аса маңызды. Соңғы онжылдықта жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс, саяси жүйедегі белгісіздік пен тұрақсыздық, халықаралық қатынастар «архитектурасының» өзгеруіне байланысты ҚХР дипломатиялық стратегиясын концептуалдық тұрғыда толықтырып келеді. Қытай ұсынған ауқымды инфрақұрылым-инвестиция жобалары Шығыс Қытайдан Орталық, Оңтүстік, Оңтүстік Шығыс Азия, Африка, Латын Америкасына дейінгі аралықтағы дамушы мемлекеттерді өзіне тартып, саяси истеблишмент пен академиялық ортаның, қоғамның назары Қытайдың бастамаларына бұрылды.

Қытай басшылығы ішкі және сыртқы ұзақмерзімді стратегиялық мақсаттарды белгілеуде партияның жетекші идеяларын жаңа жағдайға бейімдеп, іске асыру барысында нақтылап және жетілдіріп отырады. Бұндай қағидат ҚХР-дың халықаралық істердегі белсенді және ықпалды рөлімен сипатталады. 2012 жылғы ҚКП ХVІІІ съезіне дейінгі аралықта Қытайдың дипломатиялық риторикасы мен академиялық зерттеулерінде «бейбіт өрлеу», «үйлесімді әлем», «жұмсақ күш», «Қытай арманы» және т.б. концепцияларына басымдық берілді. Алайда, ҚКП ХVІІІ съезінен кейін «Қытай дипломатиясы» ұғымы толықтай трансформацияланды. Сондықтан тақырыпты зерттеу шеңберінде Си Цзиньпиннің жаһанды басқару ауқымындағы идеяларының негізгі ерекшеліктерін көрсету; «адамзат

қауымдастығының ортақ тағдыры»(人类命运共同体), концепциясы, «Белдеу мен жол»(一帶一路) инициативасының өзара байланысы мен құрылымын, олардың мақсат-мүддесін кешенді түрде қарастыру қажет. 2013 жылы Си Цзиньпин ҚХР төрағасы қызметіне кірісіп, 2017 жылғы ҚКП ХІХ съезінде Орталық Комитеттің төрағасы және бас хатшысы болып қайта сайланды. Осы сәттен кейін Қытай төрағасы ресми баяндамаларында «жаңа дәуір» (新时代) ұғымын жиі пайдаланып, «Си Цзиньпин идеяларын» ҚКП Жарғысы мен ҚХР Конституциясына енгізіп, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаты, дипломатиялық риторикасында батыл түрде жариялана бастады. Си Цзиньпиннің басшылығымен Қытайдың «ұлы держава» мәртебесін қалпына келтіру мақсатын растайтын бірқатар сыртқы саяси бастамалар жарияланды [117, 15 б.].

Бүгінде Қытай әлемдік қатынастар жүйесіне өзінің мүддесін ескере отырып, Си Цзиньпин билігінің алғашқы күндерінен бастап ішкі саяси консолидация және сыртқы саяси мүддеге сай бастамаларды алға қойып келеді[43]. Әлеммен диалог орната отырып «дискурсивті күшін» нығайту Қытай дипломатиясының маңызды саласына айналууда. Осыған дейін ұсынылып келе жатқан тұжырымдамалар мен формулалар қытай тілі мен мәдениетін меңгерген тарап үшін түсінікті, бірақ әлемнің қалған бөлігіне анық емес еді. Қазіргі уақытта қытайлық дипломаттар мен сарапшылардың жаңа буыны «қытай жоспарын» шетелдік серіктестердің мүдделерімен үйлестіруді көздейді [149]. Қытайдың кейбір бастамалары арқылы халықаралық қатынастардың батыстық үлгісін сынға алып, өзінің идеалды нұсқауларын жариялағысы келеді. Толық түсініктің қалыптаспағанына қарамастан Қытайдың концепциялары ерекше назар аударуды қажет етеді.

Диссертацияның осы бөлімінде ерекше қарастыратын «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» (人类命运共同体 – renlei mingyun gongtongti) концепциясы Си Цзиньпин ҚХР Төрағалығына келген уақытта сыртқы саясатта басымдыққа ие болды. Ху Цзинтао алғаш рет 2007 жылы баяндамасында «ортақ тағдыр» туралы сөз қозғағанда «ортақ тағдыр» ұғымы ҚХР ішкі тұтастығы мен тұрақтылығын нығайтуға бағытталған еді. «Адамзаттың ортақ тағдыры» Ху Цзиньтаоның «үйлесімді әлемнің» жалғасы болса, екінші жағынан Қытайдың аймақтық және әлемдік деңгейдегі белсенділігін растайды. Біздің зерттеуімізше, он жылға жуық уақытта бұл концепция идеядан нақты іс-қимыл жүйесіне дейінгі трансформациядан өтті. «Адамзаттың ортақ тағдыры» - Қытайдың сыртқы саяси парадигмасында орны бар, талқылаудан және сынақтан өткізілген концепция. «Адамзаттың ортақ тағдырының» алдыңғы идеялардан ерекшелігі – кейбір тұстары БҰҰ орнықты даму мақсаттарымен үйлескен, Қытайдың проактивті іс-қимылын идеялық қамтамасыз ететін әмбебап концепция. Зерттеу жұмысы барысында бұл концепция толық нұсқасынан бөлек «адамзаттың ортақ тағдыры» немесе «адамзат тағдыры» деп толық және қысқартылған формада беріледі.

Деректер бойынша, «адамзат тағдыры» тұжырымдамасын 2010-2011 жылдардағы ҚХР-АҚШ стратегиялық және экономикалық диалогтың екінші раундында және Қытай мен ЕО арасындағы ынтымақтастықты ілгерілету туралы пікірталаста алға тартылды. «Адамзат тағдыры» концепциясын әртүрлі аймақтардың, елдердің және олардың даму жағдайларына негізделген бірнеше салада, деңгейде құруға болады деп ұсынылған. Тұжырымдама өзара ынтымақтастықпен қатар, Батыс мектептерінің негізгі идеяларын да қабылдайды. Өркениеттер тұрғысынан бұл концепция ұғымы шығыс философиясына жатады[265]. «Адамзат тағдыры» Қытайдың жаһандық көзқарасы мен ақыл-ойын, сол арқылы әлемдік сахнада маңызды орын алып келе жатқанын көрсетеді. «Адамзаттың ортақ тағдырын» құру процесінде елдердің идеологиялық қайшылықтары, мүдделер қақтығысы академиялық қауымдастықтың зерттеуін қажет етеді. Халықаралық қауымдастықта бұл тұжырымдама мен БҰҰ жарғысының арасындағы, жаһанды басқару идеясы арасындағы байланыс туралы сұрақтар бар[3].

Эмпирикалық деректерді зерттеу нәтижесінде, 2011-2013 жылдары бұл идея ретінде ішкі Қытайға таныстырылып, бағыт-бағдары қалыптасса, 2014-2016 жылдары БҰҰ алаңында және әлемдік аудиторияға жарияланды, ал 2017 жылы Коммунистік партияның жарғысы, кейін ҚХР Конституциясына енгізілді. Ал 2020 жылғы COVID-19 пандемиясының таралуы кезеңінде шыққан «адамзат денсаулығының қауымдастығы»(人类健康共同体 – renlei jiankang gongtongti)[63], «Денсаулықтың Жібек жолы» (健康丝绸之路 – jiankang sichou zhilu) концепцияның жаңа жағдайға бейімделуі, оның келесі сатыға өту талпынысын көрсетеді.

ҚХР концепцияда көрсетілген «өзара пайда табу», «бірлесіп жеңіске жету» ұсынысы арқылы қауіпсіз, жасыл және инновацияға сүйенетін мемлекет ретінде имидж орнатқысы келеді. Бірақ жоғарыда айтқандай Қытайдың ішкі жүйесінде түсінікті идеялары мен доктриналары сыртқы контурда әрқилы қабылданады. «Бейбіт дамуды» ұсына отырып, «Қытай қаупін» сейілтуге тырысқаны сияқты, «адамзаттың ортақ тағдыры» да Қытайдың бейбіт өрлеуіне сыртқы стратегиялық күдіктерді жоюға қолайлы ортаны дайындайды. 2017 жылы 14-15 мамырда Бейжіңде өткен халықаралық жоғары деңгейдегі форумда Си Цзиньпин «адамзат қауымдастығының ортақ тағдырына» қарай жылжу – БЖИ-дің басты мақсаты екенін айтқан еді. Яғни, осы арада екі идеяның байланысы анық көрінеді. «Белдеу мен жол» инициативасы Батыс, Жапония, Индия, Аустралия ғалымдарының зерттеулерінде «Қытайдың қарызы», «геостратегиялық жоба», «экономикалық экспансиясы» ретінде қаралады. БЖИ-ді әлемнің көптеген елдерінің сауда-экономикалық, инфрақұрылымдық интеграциясына мүмкіндік бергенімен, дәстүрлі мәдениеті мен қазіргі саяси курсы, экономикалық даму деңгейі әртүрлі мемлекеттердің қабылдауында проблемалардың бар екенін көрсетті[155]. Сондықтан сыртқы контурда бір-бірін толықтыру мақсаты да қойылуы ықтимал.

Жалпы, Қытай, Батыс және Ресей ғылыми қауымдастығында ғалымдар бұл концепцияның негізін қытайдың дәстүрлі мәдениетінен, коммунистік теориядан, қытайлық ерекшеліктегі социализмнен де көреді. Дегенмен ғалымдардың бұл идеяның пайда болуы, сондай-ақ оны жүзеге асырудың мақсаты мен міндеті туралы консенсус жоқ. Отандық зерттеушілердің жұмыстарында концепцияның атауы мен мағынасы әртүрлі нұсқада беріледі. А.Нуридденованың мақаласында[98, 54 б.] ол «Тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық», Д.Жекеновтың жұмысында «адамзаттың ортақ тағдыры» бастамасы» деп берілген[99, 13 б.]. Зерттеу жұмыстары бірізді болуы үшін түпнұсқадағы 人类命运共同体 (renlei mingyun gongtongti) , ағылшынша «community of common destiny for mankind», орысша «сообщество единой судьбы человечества» концепциясының аудармасы қазақша «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» деп ұсынылады. «Адамзаттың ортақ тағдыры» ресми қытай деректерде 理念 (linian) яғни, концепция немесе тұжырымдама деп көрсетіліп, зерттеуде де сол формада қарастырылады.

Зерттеуші А.Нұридденова «адамзаттың ортақ тағдыры» нақты іс-қимыл жоспары, принциптері жоқ концепция деген қорытындыға келген. Авторлардың арасында бұл концепция БЖИ-дің идеялық және теориялық аспектілерін қамтитыны айтылады[98, 55 б.]. Д.Жекенов және авторлар тобы Си Цзиньпиннің алғашқы 5 жылдағы билігінде сыртқы саясат концепциясы туралы бірыңғай түсінік қалыптаспағанын жазады. Авторлар тақырыпты зерттеуде «күштер балансы» теориясының өзектілігін жоғалтпағанын айтады. Д.Жекенов тағы бір зерттеуінде Қытайдың бастамаларын жаһандандудың «қытайлық үлгісі» деп қарастырады[99, 18 б.].

Қытай ғалымдары Сюй мен Гуо тұжырымдаманың мағынасы, мақсатты елдері және нақты іс-қимыл жоспары туралы анықтаманың жоқтығын, Қытай тарапы оны ұран ретінде қолданатынын айтады. Кейбір қытай ғалымдары концепцияның мақсат-міндеті бұлыңғыр болғандықтан басқа елдердің алаңдаушылығын тудыратынын, сондықтан Қытай концепцияны қабылдас бұрын өзара сенімсіздік, күрделі тарихи, этникалық және мәдени мәселелерді шешу қажет дейді[148, 12 б.]. Чжан Дэнхуа да осымен келісе отырып, «адамзаттың ортақ тағдыры» жаңа және жеткілікті зерттелмеген тұжырымдама, сондай-ақ ХХІ ғасырдағы Қытай экономикасының дамуына қолайлы сыртқы жағдай жасау мақсатында қабылданған дипломатиялық стратегия деп қарастырады[150, 198 б.]. Ал, Ван Цзяньвэй бұл концепцияны Қытай өзін жауапты мемлекет сатысына көтеру және әлемге Қытайдың өрлеуін қабылдатуға бағытталған дейді. ҚКП ХІХ съезінде Қытай әлемдік тәртіптің жаңа үлгісін ғана емес, экономикалық және саяси дамудың балама жолын ұсына алатынын мәлімдеді[154].

ҚХР Халықаралық экономикалық алмасу орталығы стратегиялық зерттеулер бөлімінің жетекшісі Сю Чжанчэн БЖИ «адамзаттың ортақ тағдырын» құруға бағытталған және практикалық құндылығы жоғары, ортақ талқылау, құру және пайдалану принципін ұстанатын концепция деп



есептейді[266]. Адамзат ортақ тағдырының құрылуы қазіргі әлемдік экономикалық дамудың қажеттіліктеріне және адамзат өркениеті дамуының жалпы бағытына сәйкес келеді деген пікір бар. Осы жерде БЖИ адамзаттың ортақ тағдырын құру үшін маңызды практикалық платформаға айналуға деген көзқарас орнап келеді. Яғни, авторлардың ойынша, саяси коммуникация, объектілерді қосу, үздіксіз сауда, қаржылық интеграция және адамдар арасындағы қарым-қатынас және адамзат тағдырын құру процесіне ықпал етеді. БЖИ-дің құрылысы қатысушы мүшелердің, ынтымақтастық процестерінің ашықтығын, даму нәтижелерін бірлесіп пайдалануға жол ашады. Сол уақыттан «адамзат тағдыры» Қытай дипломатиясының ең жоғары мақсаты мен жетекші тұжырымдамасы деп түсіндіріле бастады. 2017 жылдың басында БҰҰ-ның Женевадағы штаб-пәтерінде Си Цзиньпин сөзінде Қытай жоспарының түсіндірмесін ұсынғаннан кейін концепция туралы кеңінен таралды.

Қытайдың қазіргі заманғы халықаралық қатынастарды зерттеу институтының ғылыми қызметкері Дин Сяосин өз еңбектерінде [267] «адамзат тағдыры» концепциясын халықаралық ұйымдар аясындағы, мәселен ШЫҰ-ның ынтымақтастық пен өзара сенім, ортақ жауапкершілік, қауіпсіздік, өзара тиімділік, төзімділік пен өзара үйрену принциптерінің өзегі деп қарастырады. Бүгінгі таңда «адамзаттың ортақ тағдырын құру» халықаралық қатынастардың батыстық дәстүрлі теорияларының шеңберінен шығып, қытайлық ерекшеліктегі үлкен мемлекеттің сыртқы саясатының инновациялық теориясындағы талпынысы. Сондықтан қытайлық ғалымдар «Белдеу мен жолды» құру «адамзат қауымдастығының ортақ тағдырымен» тығыз байланысты деп түсіндіреді.

Ресей ғалымдары А.Цвык пен А.Семенов бұл идеяның түп негізін ежелгі Қытайдың «Датун» философиясынан қарастырады[120, 74 б.]. А.Тушков пен Д.Фоменко да бұл концепцияның тарихи тамыры терең екенін айтып, оның «Аспан астындағы әлемнің бірлігі» идеяларымен үйлесіп жатқанын назарға алады[119, 123 б.]. Н.Ролланд бұл «Қытайдың жаңа әлемдік тәртіпке деген моделі, «аспан астындағы» халықтың барлығына таралатын, бірақ Қытайға бағынатын тәртіп жүйесі деп санайды[184]. Кейінгі Қытай басшылары ішінде Си Цзиньпин кезіндегі Чжоу Энлайдың «бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидатын» Қытайдың сыртқы саясатының негізгі қағидаты ретінде бекітті[196]. Десек те, Си Цзиньпиннің жаһанды басқаруды өзгерту (全球治理变革 – quanqiu zhili biange) көзқарасы бұрынғы Қытай басшыларынан амбициясы әлдеқайда жоғары болып шықты.

ҚХР осындай бастамалары арқылы жаһанды басқаруды реформалауы әлемге қауіп төндірмейтінін, халықаралық ынтымақтастық пен дамуға кең мүмкіндік ашатынын дәлелдеуге тырысады. Осындай жағдайда зерттеушілер «бейбіт даму» және «адамзат тағдырының» арасында айтарлықтай айырмашылық бар екені жазады. Ху Цзиньтао «бейбіт дамуды» ұсынған уақытта Қытай «көлеңкеде» болса, «адамзат тағдыры» жарияланған уақытта

Қытай үйлестіруші және жетекші рөл атқарады[268, 46 б.]. «Бейбіт даму» кезеңінде Қытайдың әлемдегі орны анықталып үлгермесе, Қытай жаңа тұжырымдаманы жариялағанда әлемдік тәртіптегі орны да өзгергені белгілі. Бұл концепция ҚХР дипломатиясының көпқырлығын; Қытайдың негізгі мүддеге және оған қатыссыз мәселелерді шешудегі әрқилы стратегиясын көрсетеді[269, 300 б.]. Зерттеу нәтижесінде бұл тұжырымдама БЖИ-дің алдында жоспарланған, ҚХР Конституциясына енген салмақты концепция деуге болады. Біздің есептеуімізше, «адамзаттың ортақ тағдыры» концепциясына қатысты сын-пікірлердің бір себебі оның БЖИ-мен байланысында жатыр. 2017 жылдан белсенді түрде жарияланып келе жатқан «Адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» Қытай сыртқы саясатының орталық постулаты ретінде қалыптасты[270, 68 б.].

Егер «бейбіт даму», «үйлесімді әлем» Ху Цзинтаоның мұрасы болса, «адамзат тағдырының» концепциясы Си Цзиньпин мен оның әкімшілігінің дипломатиялық қолтаңбасы ретінде қарастырылады. ҚХР Конституциясына өзгертулер енгізілгенде Мао Цзэдун мен Дэн Сяопиннің есімдерімен қатар Си Цзиньпиннің аты қосылып, концепция мен БЖИ ҚХР Төрағасының ұзақмерзімді іске асатын идеясы ретінде талданады. Қытайдың алдыңғы сыртқы саяси доктриналарының Конституцияға енгізіліп, оның тиісті баптарында көрсетілгені кемде-кем. Бұл идея 2011 жылдан бастап ҚХР ресми құжаттарында көрініс тапқан, «Қытайдың бейбіт дамуы» жөніндегі «Ақ кітапта» ортақ тағдыр қауымдастығын құру туралы алғаш айтылды[150, 197 б.]. Келесі жылы ҚКП XVIII съезінің ашылуында өзге мемлекеттің заңды қызығушылығын ескеру, барлық елдің дамуын қолдау идеясы ортаға салынды. Ортақ мүдде, жауапкершілік, жаһандық баланс жөнінде ақпарат құралдары мен ресми құжаттарда айтыла бастады.

ҚХР жаңа Төрағасы Си Цзиньпин 2013 жылы наурызда Мәскеу халықаралық қатынастар институтында баяндама жасаған кезде екі маңызды тұжырымдама туралы айтты. Ол – «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» және «жаңа сипаттағы халықаралық қатынастар». Осындай концепциялар халықаралық қауымдастықтың алдында тұрған бірқатар күрделі мәселелерді шешу үшін Қытайдың берген жауабы болды. Кейіннен Си Цзиньпин Қытайда және одан тыс жерлердегі маңызды жиындарда аталған тұжырымдарды егжей-тегжейлі баяндап, олардың мазмұнын екіжақты, аймақтық және жаһандық аспектілерде толықтырып отырды. 2015 жылы БҰҰ 70-жылдығына арналған саммитте Си Цзиньпин адамзат тағдырластығын орнатуға инновациялық ашықтық, гармониялық және мәдени алмасу, таза экологиялық жүйе, «жасыл» даму себеп болатынын атап өтті[151]. Яғни, концепцияны түсіндірудегі белгілі құндылықтардың шекарасы анықтала бастады.

2017 жылы «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» тұжырымдамасы БҰҰ әлеуметтік даму комиссиясының, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің және БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Кеңесінің қарарларына

енгізілді. «Тағдырластық» ұғымы мыңжылдықтағы қытай мәдениетімен және қытайлық дипломатия концепциясымен түсіндірілді[47]. Ал ҚКП-ның ХІХ Бүкілқытайлық съезінде аталған идея Қытай Коммунистік партиясының Жарғысына енгізілді. 2017 жылы 1 желтоқсанда Си Цзиньпин ҚКП мен әлемнің саяси партиялары Диалогының ашылу салтанатында: «адамзаттың тағдырластығы концепциясы барған сайын қолдауға ие болып, тұжырымнан нақты іске айналып келеді» деді[44]. Бұл бес жылдықтан кейінгі оның нақты құжаттардан көрініс таба бастаған кезеңімен сәйкес келеді.

2018 жылы 11 наурызда ҚХР Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысының 13-сессиясында Конституцияға түзетулер қабылданып, «адамзат қауымдастығының ортақ тағдырын құру» идеясы бекітілді. ҚХР Конституциясының 35-бабы, 12 пунктінде «әр мемлекетпен дипломатиялық қатынастар, экономикалық, мәдени байланыстарды дамыту» бөлігі «адамзат қауымдастығының ортақ тағдырын құруға ықпалдасу» деп толықтырылды[14]. 2018 жылы ҚХР Конституциясына сыртқы саясат бойынша «бейбіт даму жолын қолдау» («坚持和平发展道路»), «өзара пайда табу және жеңіске бірге жету, ашықтық стратегиясында берік тұру» («坚持互利共赢开放战略»), «адамзат қауымдастығының ортақ тағдырын құруға ықпалдасу - «推动构建人类命运共同体» ұғымдары қосылып, аталған концепцияның ішкі құрылымына айналдыруға талпыныс жасалды. Бұл конституциялық өзгертулер мен толықтырулар ҚХР сыртқы саясатын дамыта және толықтыра отырып, оның үздіксіздігі мен тұрақтылығын, белсенділігі мен жаңа дәуірдегі трансформациясын көрсетеді. ҚХР СІМ «бұл идея Қытайдың 5 мың жылдық дәстүрлі мәдениеті мен жаңа Қытайдың 60 жылдық дипломатиялық практикасы мен Қытайдың жаһандық дамуға деген көзқарасы» дейді[47].

ҚХР құрылған уақыттан бергі әр кезеңдегі төрағаларының өзіндік басқару стилі орнықты. Мәселен, Мао Цзедун – республиканы құру мен мәдени революция, Дэн Сяопин – реформалар мен ашықтық саясаты, Цзян Цзэмин – тұрақтылық пен даму, Ху Цзиньтао – гармония қоғамын құруды алға қойса, Си Цзиньпин «жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшеліктегі социализмді» іске асыруға белсенді кірісті. Қытай ендігі кезекте 2049 жылы ҚХР-дың 100 жылдығына орай мемлекеттің социалистік модернизация жоспарын белгіледі. Мәселен, 2020 жылы орташа дәулетті қоғам құру, 2020-2035, 2035-2050 жылдары социалистік модернизацияланған заманауи держава құру межесін қойды[203]. «Сяокан» қоғамын құрып алған соң, Қытай аймақтық және жаһандық саясатта өз мақсат-мүддесін батыл қорғайтын державаға айналады. Сол үшін Қытайдың қазіргі басшылығы өзінің позициясын барынша нығайтып, бастаған инициативаларының позитивті нәтижелерін әлемге көрсетуге күш салады.

2019 жылы 26 наурызда Си Цзиньпин Парижде Қытай мен Франция бірлесіп ұйымдастырған жаһандық басқару форумында «Қытай мен Франция жаһандық басқарудағы маңызды ойыншылар, көпжақты сауданы қолдау

және БҰҰ оның белсенді рөлінде қолдауда саяси консенсус пен ынтымақтастық негізін пайдаланады» деді. Си Цзиньпин жиында жаһандық істердегі «төрт тапшылықты» шешудің әдісін ұсынды. Оның пікірінше, жаһандық басқару кең консультацияны, бірлескен үлес қосу және ортақ пайданы көздеп, жаһандық істерді әлем халықтары өзара кеңесу арқылы шешуі керек[38]. ҚХР Төрағасы БЖИ екінші халықаралық ынтымақтастық форумының ашылу салтанатындағы сөзінде адамзат қауымдастығына ортақ құндылық ретінде кең консультациялар, бірлескен үлес және ортақ пайда қағидатын толық іске асыру; ашық, жасыл және экологиялық таза ынтымақтастыққа ұмтылу туралы айтты. Ол халықаралық алаңдағы сөзінде «адамзат тағдыры» мен БЖИ-ді байланыстырып, даму мақсатында халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға, дамушы елдер үшін көбірек мүмкіндік пен кеңістік құруға шақырды[42].

Ал, 2019 жылы шыққан «БЖИ-ді бірлесіп құру: прогресс, үлес және перспективалар» атты 69 беттік құжатта да халықаралық қауымдастықтың әділ, тең құқылы, ашық және инклюзивті болатын жаһандық басқару жүйесіне деген талабын, оның жоғарыда айтылған Қытай бастамаларынан көрінетіні айтылады. «Адамзат қауымдастығының» тұжырымдамасы мүдделерді біріктіру, ортақ сезім, құндылық пен міндеттерді, даму артықшылықтарын бөлісуді көрсетеді. Ол айырмашылықтарды, инклюзивтілікті, өзара түсіністікті, қарым-қатынас пен диалогты және тең негізде өзара әрекеттесуді сақтай отырып, ортақ тіл табу принциптерін қолдайды делінген[19].

Құжаттарға сәйкес, әлемнің көпполярлығы, экономикалық жаһандану, мәдени әртараптандыру неғұрлым терең болса, соғұрлым көп адамдар БЖИ-ді де «адамзаттың ортақ тағдырын» құрудың практикалық платформасы ретінде зерттеулермен және практикалық тәжірибе қажет екенін терең түсінеді. Бұл Қытайдың жаһандық ашықтық пен ынтымақтастыққа қатысу, экономикалық басқарудың жаһандық жүйесін жетілдіру, жалпы жаһандық даму мен өркендеуге жәрдемдесу және адам тағдыры қауымдастығын құруға жәрдемдесу жоспары ретінде түсіндіріледі. Қытай мен басқа елдер өзара танысу ықпалдастық арқылы «адамзаттың ортақ тағдырын» құруға үлес қоса алады[157] делінген.

БЖИ мен «адамзат тағдырын» байланыстыру мысалы ретінде, 2014-2016 жылдары Қытайдың БЖИ бойындағы елдермен жалпы саудасы 3 триллион АҚШ доллар, ҚХР осы елдерге салған инвестициясы 50 миллиард АҚШ доллардан асты. «Жібек Жолы» қорының инвестициясы 4 миллиард АҚШ долларға жеткен. Білім беру саласындағы ынтымақтастық, студенттік алмасу, аналитикалық орталықтардың рөлі де назардан тыс қалған жоқ. ҚХР дамушы елдер мен халықаралық ұйымдарға шамамен 60 миллиард юань көлемінде көмек көрсететіні айтылды. ҚХР Төрағасы «Жібек жолы» қорына қосымша 100 миллиард юань бөлу арқылы БЖИ-ге қаржылай қолдауды

арттыратынын айтты. Алдағы бес жылда 2,5 мың жас шетелдік ғалымдар Қытайға қысқа мерзімді зерттеуге шақырылды[41].

Жоғарыдағы шолуларда бірқатар зерттеушілер БЖИ-ді «адамзат тағдыры» концепциясының практикалық көрінісі деп бағалап жатқандықтан, бұндай көзқарас қандай нәтижелерден көрінетінін сарапшы Чэн Шулун: «адамзаттың ортақ тағдыры» және БЖИ ҚКП Орталық Комитетінің 18-ші съезінен бастап ішкі және халықаралық жағдайды жан-жақтылы есепке алуда. Олардың мақсаты бір болғандықтан «бірлесіп кеңесу, бірлесіп салу және бірлесіп пайдалану» қағидасын ұстанады. Бастаманың екеуі де бір-бірін нығайтатын процесс. «Адамзаттың ортақ тағдырын» құру әлемнің бағытын жоспарласа, БЖИ практикалық және нақты шешімдерді ұсынады. БЖИ құрылысы кезінде интеграция, ынтымақтастық, ортақ пайданың табыстары мен үлгілері маңызды практикалық мысалдарын беріп, кейін «адамзаттың ортақ тағдырын» құрудың теориялық деңгейіне көтеріле алады[155].

Қытайдағы БЖИ құрылысын ілгерілету жөніндегі топ кеңсесінің жетекшісі Сяо Вэйминнің айтуынша, 2017 жылдың мамыр айында өткен бірінші халықаралық ынтымақтастық форумы 279 нақты іс-қимыл тізімін жасады. Сяо Вэймин БЖИ мен «адамзат тағдыры» концепциясының өзара байланысы мен аралық нәтижелері туралы бірнеше түйін жасаған:

- ынтымақтастық пен консенсус тереңдетіліп, саяси коммуникацияда жаңа нәтижелерге қол жеткізілді. Көлік, энергетика және су ресурстары сияқты инфрақұрылым салаларында бірқатар ынтымақтастық жобалары іске асырылды.

- өнеркәсіпке инвестицияларды кеңейту және сауда рәсімдерін ырықтандыру мен жеңілдетуге көңіл бөлінді. Стандарттар, метрология, кеден, инспекция және карантин бөлімшелері арасындағы ынтымақтастық тереңдеді. Азиялық қаржылық ынтымақтастық қауымдастығы 380 миллиард юань несиені инфрақұрылымға бөлді.

- гуманитарлық алмасу адамдарды өзара тығыз байланыстырды. Инициатива бойында орналасқан елдермен мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары, қоршаған ортаны қорғау және басқа да салалардағы ынтымақтастық тереңдей түсуде[61].

БЖИ туралы құжаттарда құндылықтар тұрғысынан бұл бастама бейбіт ынтымақтастық, ашықтық пен толеранттылық, өзара тиімділік және ұтымды жағдай тұжырымдамаларын ұстанады және саяси өзара сеніммен, экономикалық интеграция арқылы мүдде, тағдыр және жауапкершілік қауымдастығын құруды алға тартады делінген. Қытай БЖИ-ді бірлесіп құру үшін маршрут бойында орналасқан елдермен ынтымақтастықта болуға дайын, сондай-ақ тең негізде келіссөздер жүргізу үшін барлық тараптың мүддесін ескереді, ашықтық қағидатына сай жұмыс істейді, өзара алмасу және кең ауқымдағы интеграцияны қолдайды делінген.

БЖИ бастамасы тұжырымдамаға сәйкес «барлық елдердің, сондай-ақ халықаралық және өңірлік ұйымдардың қатысуы үшін ашық» деп

көрсетілген. Ол «бейбітшілік пен ынтымақтастықты, ашықтық пен инклюзивтілікті, өзара үйрену мен өзара тиімділікті жақтайды және барлық салалардағы практикалық ынтымақтастықты дамытады, өзара саяси сеніммен ерекшеленетін ортақ мүддесі, тағдыры мен жауапкершілігі бар қауымдастық құруға жұмыс істейді. БЖИ халықаралық қауымдастықты «үйлесімді және инклюзивті» әлем құру үшін бірлесіп жұмыс істеуге шақырады. Ең бастысы, экономикалық мүдделер өзара пайда мен өркендеу тұрғысынан тұжырымдалғанымен, геосаяси мүдде де маңызды болып табылады[64]. Қытай инвестициялары шет елдерге көбірек салынған және сауда-саттық ұлғайған сайын, оның осы елдердегі геосаяси мүдделері де артып келеді. Бастама экономикалық факторлардың реттелген еркін ағынын және ресурстарды тиімді бөлуге арналған.

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі және әлемнің екінші ірі экономикасы ретінде Қытай халықаралық істерде өзіне жауапкершілік алып, әлемдік қауымдастықтың бейбіт және үйлесімді дамуына үлес қосатындығын ашық көрсетуде. ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин «адамзаттың ортақ тағдырын» қалыптастырудың бес бағытын ұсынды: саясат, қауіпсіздік, экономика, мәдениет және экология. Қытай идеологтары бұл тарихтың даму барысына, дәуірдің талаптарына сай келетін, Қытайдың әлемге ұсынған дамудың тыңғылықты ойластырылған идеясы деп бағалайды[62]. Сол арқылы Қытай тарапы адамзатқа ортақ келетін, қолдауға ие болуы мүмкін универсалды өзара құрмет, тең дәрежелі келіссөз, бейбіт қатар өмір сүру, ортақ қауіпсіз, гүлденген, таза әлем құру сияқты құндылықтарын насихаттауды көздейді.

Диссертацияның бұл бөлімінде ҚХР сыртқы саясатының трансформациясындағы, сондай-ақ жаһандық басқару контекстіндегі «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» концепциясы кешенді түрде қарастырылды. Зерттеуде түпнұсқа деректердің негізінде аталған концепцияның ҚХР сыртқы саясатының трансформациясындағы алатын орнын, алдыңғы идеялардан айырмашылығы, сондай-ақ БЖИ-мен өзара байланысына ғылыми баға берілді. Біздің зерттеуімізше, он жылға жуық уақытта бұл концепция идеядан нақты іс-қимыл жүйесіне дейінгі төрт кезеңдік трансформациядан өтті. 2011-2013 жылдары бұл идея ретінде ішкі Қытайға таныстырылып, бағыт-бағдары қалыптасса, 2014-2016 жылдары БҰҰ алаңында және әлемдік аудиторияға концепция болып жарияланды, ал 2017 жылы Коммунистік партияның жарғысы, кейін ҚХР Конституциясына енген соң, Қытайдың жаһандық басқаруға ұсынған іс-қимыл жүйесіне айналды. Зерттеуде ҚХР Конституциясындағы сыртқы байланыстарға қатысты жаңа баптар жеке талдауға алынды. Ал 2020 жылғы COVID-19 пандемиясының таралуы кезеңінде Қытай «адамзат тағдыры» мен БЖИ-ді жаңа жағдайға бейімдеп, келесі даму сатысына өткізді[65-66].

Зерттеуде «адамзаттың ортақ тағдыры» сыртқы саяси концепция болғанымен, ҚХР ішкі саяси аспектілерін де тыс қалдырмайтыны қарастырылды. Ху Цзиньтао кезеңінде «ортақ тағдыр» Сянган, Аомын және

Тайванмен «Бір мемлекет – екі жүйе» саясаты бойынша сауда-экономикалық, саяси-мәдени интеграцияға басымдық берді. Ол уақытта «ортақ тағдыр» ұғымы ҚХР ішкі тұтастығы мен тұрақтылығын нығайтуға бағытталған еді. Ал Си Цзиньпин билігінің алғашқы кезеңінде «адамзат тағдыры» алдыңғы идеялардың жалғасы ретінде шыққанымен, кейін мүлде жаңа сипатқа ие болды. Концепция саяси-ғылыми айналымға еніп, сыртқы аланда Қытайдың имиджін орнататын басты идея ретінде қалыптаса бастады. 2013 жылы БЖИ-дің шығуымен оның өзектілігі бірнеше есе артты. Бұл концепция ҚКП сыртқы саяси идеяларын алға жылжыту үшін идеологиялық ресурсты күшейтіп, тиісті институттарды тақырып төңірегінде мобилизациялады.

Зерттеуде «адамзаттың ортақ тағдыры» Қытайдың жаһандық басқаруды реформалау ұмтылысын көрсететіні тұжырымдалды. БЖИ – «адамзат ортақ тағдырының» практикалық механизмі екенін осы саланы зерттеуші ғалымдардың басым бөлігі түйіндейді. «Белдеу мен жолдың» идеялық мазмұны мен іске асырылып жатқан жобалары «адамзат тағдырын» іске асыру тетіктерін көрсетеді. Аталған тұжырымдама «халықаралық қатынастардың жаңа типі» мен «жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшеліктегі үлкен мемлекеттің дипломатиясын» орындаудың құралы. «Адамзат тағдыры» және сыртқы саясаттағы концепттер Қытайдың жаһандық басқаруды реформалау ұмтылысы, сыртқы саясаттағы ашық белсенділігін, стратегиялық мүмкіндіктерді пайдалану қадамдарын білдіреді. Концепция бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздік, ортақ өркендеу, ашықтық пен төзімділік сияқты құндылықтар мен принциптерді ұсынып отырғандықтан ең алдымен Қытайдың ішкі және сыртқы саясатта осы міндеттерді орындау жауапкершілігін күшейтеді.

## **2.2 Қытайдың сыртқы саясатындағы «Белдеу мен жол» инициативасының алатын орны**

Ежелгі Жібек жолы Азия, Еуропа мен Африканың арасында сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық байланыстың негізін қаласа, жаңа дәуірде өңірлік және трансқұрлықтық көлік-инфрақұрылым, коммуникация, сауда мен инновациядағы ықпалдастықты нығайту үшін әлемнің алпауыт мемлекеттері бірқатар инициативаларды ортаға салып келеді. Геосаяси және геостратегиялық, экономикалық сипаттарының басымдығына қарай халықаралық бастамалар мен жоспарларды мемлекеттер әртүрлі деңгейде қабылдайды. Осы тұрғыда ҚХР экономикадағы және сыртқы саяси қызметтегі жетістіктерінен басқа өз беделі туралы мәселені ең басты назарда ұстай отырып, өз әкімшілік аудандары, шекаралас жатқан көрші мемлекеттер, дамушы елдер, ірі аймақтық және әлемдік державалармен байланыстың жаңа сатысына шықты. Халықаралық қатынастар жүйесінің трансформациясына қарай Қытайдың партия жетекшілері мемлекеттің сыртқы әлем туралы көзқарасына өзгеріс енгізуде. ХХІ ғасырдағы Қытай

сыртқы саяси принциптері мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуымен бірге жаңаша сипатқа еніп, халықаралық қарым-қатынастар жүйесінің өзгерісіне сай толықтыру енгізіліп келеді[2].

ҚХР Төрағасы 2013 жылғы Астанаға мемлекеттік сапарында жаһанға жариялаған БЖИ-ді соңғы онжылдықтарда әлемдік қауымдастыққа ұсынылған ең ауқымды мегажоба ретінде көп талқыланып келеді. Ауқымды инициатива «Жібек жолының экономикалық белдеуі» және «XXI ғасырдағы Теңіз Жібек жолы» тармақтарынан құралған. Құрлықтағы «Жібек жолының экономикалық белдеуі» бірнеше дәліз арқылы Еуропаға жетеді. БЖИ жарияланған уақыттан бері инициативаның сапалық деңгейі айтарлықтай өзгерді, ресми түрде жүзден аса мемлекет меморандумға қол қойды. БЖИ бастапқыда инвестициялық фокус ретінде қатты инфрақұрылымнан (hard infrastructure) басталғанымен қазір ол «Цифрлық Жібек жолы» немесе «Денсаулық Жібек жолы» деп те аталады[271]. Бұл инициатива даму деңгейі әртүрлі мемлекеттердің арасында экономикалық дәліздер құру, трансқұрлықтық көліктік маршруттарды орнықтыру арқылы сауда айналымын, жергілікті жердегі инфрақұрылымды дамытуға ықпалдасуды көздейді.

ҚХР Төрағалығына Си Цзиньпиннің келуімен «Жібек жолы» ұғымы Еуразия континентіндегі жаңа бастамаға түрткі болды. Ежелгі Жібек жолы Қытайдан басталып, XVI ғасырға дейін Шығыс пен Батыс арасындағы сауда-экономикалық, саяси және мәдени алмасудың күрежолы болды. Неміс географы Фердинанд фон Рихтгофен 1877 жылы алғаш рет «seiden strassen», яғни «жібек жолы» атауын қолданған. Қытай «Жібек жолын» ең алғашқылардың бірі болып жаңғыртып, қолға алды деуге келмейді[87, 108 б.]. Қазіргі уақытта әртүрлі елдер мен көпжақты даму серіктестері Азия мен Еуропаны байланыстыруға бағытталған көптеген әртүрлі аймақтық және субөңірлік ынтымақтастық бастамаларын алға жылжытуда. Олардың қатарында Жапония, Корея Республикасы, Моңғолия, АҚШ-тың «Жібек жолы» бағдарламалары, аймақтық, субөңірлік экономикалық ынтымақтастық платформалары да бар. БЖИ синергия құру және осы әртүрлі бастамалар және платформалармен өзара толықтыру, экономикалық аймақтар мен индустриалды парктерді пайдалану арқылы экономикалық дәлізді ілгерілетуге ниетті[272].

«Жібек жолының» жаңа замандағы мысалы ретінде 1993 жылғы Индонезиядағы «Жібек жолы туристік жоспарын»; 1994 жылғы алғаш рет «Жібек жолы» конференциясындағы «Самарқанд декларациясын»; 2005 жылғы БҰҰ ұсынған «Жібек жолы аймағының ынтымақтастық жобасын» да айтуға болады. Бұл бастаманың осы аймақтарда жариялануы оның келешектегі сыртқы саяси принциптерімен байланысты болатыны заңдылық[84]. Азияда таныстырылған бұл бастама 2016 жылы 16 қаңтарда іске кіріскен «Жібек жолы» қоры арқылы жүзеге асырылды. Қорға Бейжің 40 миллиард доллар қаражат салып, оның көлемін \$ 100 млрд.-қа жеткізуді



көздеді[273, 35 б.]. Стэнфорд университетінің профессоры Ф.Фукуяманың: «Бүгінде батыстың даму институттары бюрократия мен тәуекелді бағалауға байланып қалған уақытта, Қытай жедел түрде бос орындарды толтырып жатыр» деп айтқаны Қытайдың стратегиялық мүмкіндіктер кезеңін тиімді пайдаланғанын көрсетеді. Қытайдың кез-келген сыртқы саяси ұстанымдары оның экономикалық мүддесімен, ішкі әлеуметтік мәселесімен байланысып жатыр. ҚХР сыртқы саяси принциптері нақты іске асыру механизмдерімен толығып, бірқатар дипломатиялық құралдар қолданылуда[274, 76 б.]:

*Біріншіден*, Қытай көпжақты және екіжақты байланысты нығайту арқылы дамушы және дамыған мемлекет, аймақтармен стратегиялық әріптестік орнатуды көздейді. ҚХР аймақтық ұйымдардың белсенді қатысушысы ғана емес, саяси-экономикалық ұйымдардың құрушысы болуда.

*Екіншіден*, сыртқы саясаттағы мақсаттарына жету үшін Қытай экономикалық дипломатия, әскери дипломатия және ҚХР басшыларының дипломатиясында бастамаларды жариялап, өзін халықаралық қатынастарға жауапты мемлекет ретінде қарастыра бастады.

*Үшіншіден*, Қытай ішкі және сыртқы саясатын белгілі концепция арқылы Үкімет пен Коммунистік партияның, мемлекеттік компаниялар, дипломатиялық өкілдіктері, Конфуций институттарының барлық ресурстарын өз ықпал аймағын кеңейтуге жұмылдырады.

Бұл ауқымды инициатива ҚКП-ның адамзат қауымдастығының бүгінгі даму заңдылықтарын түсінуге және қабылдауға, жаһандық басқаруды «бірлесіп талқылау, бірлесіп құру және бірлесіп пайдалану» қағидаттары бойынша жаһандық басқару идеяларын алға жылжытуға негіз берді. Инициатива ҚКП Сянган, Аомын және Тайванмен «Бір мемлекет – екі жүйе» саясаты бойынша сауда-экономикалық, саяси-мәдени интеграциясын да қамтитыны қытайлық деректерде қозғалады. Қытай сыртқы саясатта өзге мемлекеттің ішкі ісіне араласпайтынын БАҚ арқылы жариялап отырады. Өйткені реформалар мен ашықтық саясатын ары қарай табысты жүргізу үшін Қытайдың имиджі жағымды, халықаралық жағдайдың тұрақты болғаны тиімді[79, 114-119 б.]. Сол мақсатта БЖИ өзінің құралдары арқылы тиімді қолданатыны ресми мәлімдемелер мен қытайлық дискурстан анық көрініп отырады.

Кез келген бастаманың негіздемесін құжаттар құрайтындықтан, диссертация жұмысында қарастырылған хронологиялық кезеңде БЖИ-ді іске асыруға бағытталған бірнеше маңызды құжат жарияланды. Қарастырылатын құжаттар бастаманың осы аралықтағы және Үкімет пен мемлекет ауқымындағы стратегиялық мән-маңызының артқанын айғақтайды. Олардың қатарына 2013-2023 жылдар аралығында қабылданған маңызды іс-қимыл құжаттары кіреді. БЖИ маңыздылығын ҚХР Үкіметі, ҚКП ОК шешімдері, Си Цзиньпиннің баяндамалары, Конституциялық реформа, бастамаға қосылған мемлекеттердің саны мен қаржыландырудың ауқымы, халықаралық жоғарғы деңгейдегі «Белдеу мен жол» форумдарындағы бірлескен

нәтижелердің көрінісінен де аңғаруға болады. Сондықтан БЖИ-дің ресми құжаттардағы жариялануы мен орнын бағалау үшін бірқатар деректі шолып шықтық. БЖИ-дің саяси маңыздылығының алғашқы кезеңдегі белгісі – ол ҚКП ОК реформаны жан-жақты тереңдетуге қатысты кейбір маңызды мәселелер бойынша 2013 жылдың 12 қарашасында қабылданған шешіміне енгізілген. Шешімнің 26 бабында «Қытайды көрші елдермен және аймақтармен байланыстыратын инфрақұрылымның құрылысын жеделдету және жан-жақты ашудың жаңа моделін қалыптастыру үшін Теңіз Жібек жолы мен Жібек жолының экономикалық белдеуін құру туралы айтылған[17].

Кесте 2. 2013-2020 жылдары БЖИ-ді іске асыруға бағытталған құжаттар

<b>№</b>	<b>Құжаттың атауы</b>	<b>Қабылданған уақыты</b>
1	«21 ғасырдағы Теңіздегі Жібек жолы мен Жібек жолының экономикалық белдеуін бірлесіп құру жөніндегі көзқарас пен іс-қимыл»	2015 жыл, наурыз
2	БЖИ стандарттарын қосудың іс-қимыл жоспары (2015-2017)	2015 жыл, қазан
3	БЖИ аясындағы білім беру саласындағы іс-қимыл жоспары	2016 жыл, шілде
4	БЖИ мәдени даму жөніндегі іс-қимыл жоспары (2016-2020 жылдар)	2016 жыл, желтоқсан
5	БЖИ аясындағы ауыл шаруашылығы ынтымақтастығын бірлесіп ілгерілету жөніндегі көзқарас және іс-қимыл	2017 жыл, мамыр
6	21 ғасырдағы Теңіз Жібек жолы мен Жібек жолы экономикалық белдеуінің бірлескен құрылысындағы энергетикалық ынтымақтастық жөніндегі көзқарас және іс-қимыл	2017 жыл, мамыр
7	«Белдеу мен жол» экологиялық ынтымақтастық жоспары	2017 жыл, мамыр
8	«Белдеу мен жол» аясындағы теңіз ынтымақтастығының көрінісі	2017 жыл, маусым
9	«Белдеу мен жол» спорттық туризмді дамыту жөніндегі іс-қимыл жоспары	2017 жыл, шілде
10	БЖИ құрылысында ғылыми-техникалық инновациялар саласындағы ынтымақтастықты дамыту жөніндегі арнайы жоспар	2017 жыл, қараша
11	БЖИ стандартты қосу жөніндегі іс-	2018 жыл, қаңтар

	қимыл жоспары (2018-2020 жылдар)	
12	Жаһандық қауымдастықтың ортақ болашағы: Қытайдың ұсыныстары мен әрекеттері	2023 жыл, қыркүйек
13	«Белдеу мен жол» инициативасы: жаһандық қауымдастықтың ортақ болашағының негізгі тірегі	2023 жыл, қазан

2015 жылдың 28 наурызында ҚХР Ұлттық даму және реформалар комиссиясы «21 ғасырдағы Теңіз Жібек жолы мен Жібек жолының экономикалық белдеуін бірлесіп ілгерілету туралы көзқарас пен іс-қимылда» БЖИ-ге қатысты ынтымақтастықтың негіздері, ынтымақтастық тетіктері көрсетілген. Аталған құжат қытайша 8381 сөзден және 8 бөлімнен тұрады[64]. Онда «БЖИ бүкіл әлемдегі адамдардың игілігі үшін ұсынылған бастама» деп көрсетілген. Бұл бастаманың бірлескен құрылысы халықаралық қоғамдастықтың іргелі мүдделеріне жауап береді және адамзаттың ортақ ұмтылыстарын көрсетеді. Бұл халықаралық ынтымақтастық пен жаһанды басқарудың жаңа моделін белсенді түрде зерттеуге тың қуат қосады. 2017 жылы 14-15 мамырда осы инициативаның алғашқы жоғары дәрежелі форумында Си Цзиньпин төрт жыл ішінде осы идеяға 100-ден астам мемлекет пен халықаралық ұйым қолдау білдіргенін айтты. БҰҰ Бас Ассамблеясы мен Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған қарар да осы бастамаға сілтеме жасаған. [41].

Одан кейін 2019 жылы 27 сәуірде Бейжіңде БЖИ халықаралық ынтымақтастықтың екінші форумы өтті. ҚХР Төрағасы экономикалық өсім, әлеуметтік прогрес және қоршаған ортаны қорғауға қол жеткізу туралы айтты. БЖИ елдеріндегі инновациялық сектордың 5000 қызметкеріне алдағы бес жылда өзара алмасу, оқу бағдарламалары мен бірлескен зерттеулер ұсынылады[42]. ҚХР төрағасы БЖИ-ді бірлесіп құруға, экономикалық жаһанданудың тарихи тенденциясына сай болуға, жаһанды басқару жүйесінің өзгеру талаптарына сай келуге шақырды. Сонымен қоса, ол қытайлық ерекшеліктегі социализм жолында табысқа жетуді жалғастыратынын, «адамзат ортақ тағдырының» құрылысына жәрдемдесетінін айтты. Яғни, бұл инициативалардың өзара байланыс логикасы бар екенін мемлекет тарапы түсіндіргісі келеді.

Жалпы, БЖИ екінші форумының қорытындысына алты санат бойынша 283 нәтиже тізбесі кірді. Оның ішінде 1) Қытай ұсынған немесе іске қосқан бастамалар; 2) БЖИ шеңберіндегі көпжақты ынтымақтастық тетіктері; 3) инвестициялық және қаржыландыру жобалары; 4) жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен кәсіпорындарының жобалары бар[29].

ҚКП 19-шы Орталық Комитетінің бесінші пленарлық отырысы халықаралық және ішкі жағдайды терең талдап, ұлттық экономикалық және әлеуметтік дамудың «14-ші бесжылдық жоспарын» тұжырымдау бойынша

келесі ұсыныстарды алға қойды. Соның ішінде БЖИ және сыртқы саясат мәселесі бойынша бірқатар пункттер бар:

- 1-пунктте сыртқы әлемге ашықтық кеңейіп, БЖИ-дің бірлескен құрылысы жемісті нәтижелерге қол жеткізгені; адамдардың өмір сүру деңгейі айтарлықтай өскені айтылған.

- 2-пунктте «Адамзат ортақ тағдыры» халықтың ортасында қолдау тапқаны көрсетілген. Біржақтылық, протекционизм және гегемонизм бүкіл әлемде бейбітшілік пен дамуға қауіп төндіретіні қозғалған.

- 40-пунктте БЖИ-дің жоғары сапалы дамуына ықпал ету; инфрақұрылымды біріктіруге жәрдемдесу және үшінші тараптармен нарықтық байланысты кеңейту маңыздылығы көтерілген.

- 57, 58, 59 пункттерде БЖИ-дің функционалды платформасын жасау арқылы Гуандун-Гонконг-Макао аймағы тұрғындарының материкте дамуына ықпал ету; Тайвань кәсіпкерлері мен кәсіпорындарын БЖИ құрылысына қатыстыру туралы айтылған[17].

Си Цзиньпиннің ҚКП 19-шы съезіндегі баяндамасында аймақтық үйлестіру күшейтіліп, БЖИ құрылысы, сыртқы сауда, шетелдік инвестициялар мен валюта резервтері әлемде жетекші орын алғаны атап өтілді. Ол жан-жақты дипломатиялық байланысты мұқият ойластыру, қытайлық ерекшеліктегі үлкен мемлекеттің дипломатиясын жан-жақты ілгерілету және елдің дамуы үшін көп деңгейлі дипломатиялық құрылымды қалыптастыру міндетін қойды. Сонымен қоса, адамзат тағдырының ортақтығын құруды қолдау және жаһанды басқару жүйесін өзгерту қажеттілігі сөз болды[37]. Си Цзиньпин ҚКП-ның ХІХ съезінде сөйлеген сөзінде «Қытай жауапты ірі держава рөлін атқара береді, жаһанды басқару жүйесін реформалауға және қорғауға белсенді қатысады, бұл процеске үнемі қытай даналығы мен күшін қосады» деп атап өтті. Бұл ҚКП Съезі деңгейіндегі мәлімдемелер БЖИ-дің мемлекеттік стратегиядағы маңызды орнын тағы да дәлелдеп берді.

Ал, 2018 жылы ҚХР БХӨЖ Тұрақты комитеті жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшеліктегі социализмді дамытудың жаңа тәжірибесіне сәйкес ҚКП ОК ҚХР Конституциясының бір бөлігіне түзету енгізу бойынша келесі ұсыныстарды алға тартты. Кіріспенің 7 абзацында: марксизм-ленинизм, Мао Цзэдунның ойы, Дэн Сяопин теориясы, «Үш өкілдің» маңызды ойы, дамудың ғылыми көзқарасымен қатар, «жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшеліктегі Си Цзиньпиннің социалистік ойы» қатар тұратын болады.

4-баптың редакциясы «Қытай...бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидатын ұстанады, өзара тиімділік пен ұтымды ашықтық стратегиясын ұстанады, дипломатиялық қатынастарды, әртүрлі елдермен экономикалық және мәдени алмасуларды дамытады және адамзаттың ортақ тағдырын құруға ықпал етеді» деп өзгертіліп, бұл концепция Конституцияға енді[12]. ҚХР Конституциясының 79-бабы, 3-тармағының жаңа редакциясына сәйкес «ҚХР Төрағасы мен орынбасарының өкілеттігіне қос мерзімдік шектеу алынып

тасталды, «ҚКП жетекші рөлі қытайлық ерекшеліктегі социализмнің айқын сипаты» деп көрсетіліп, ҚКП мемлекеттік биліктегі орнына басымдық берілді. «Синьхуа» мәліметі бойынша 2016 жылдың соңында ҚКП мүшелері 89 млн-нан асқан[275].

«Адамзат тағдыры» концепциясы мен БЖИ-дің тығыз байланыстылығын, сондай-ақ 2017 жылы ҚКП оны өз Жарғысына енгізгеннен бері және 14-ші бесжылдықтың жоспарындағы БЖИ-дің алатын орнын ескерсек, БЖИ Қытайдың сыртқы саясатының негізгі тірегі болып қалатынын байқаймыз. Бұл ұзақмерзімді перспективадағы БЖИ-дің эволюциясы туралы мәселені бұрынғыдан да өзекті қылады[276]. Осы бастамаларды ұсынып отырған ҚХР Төрағасының өкілеттігі нығайып, ҚКП иерархиясындағы беделі ең жоғары деңгейге көтерілді. Сәйкесінше, оның идеялары да Үкімет пен партияның қатаң қадағалуында болатыны, имиджін нығайтуға барынша күш салатыны белгілі.

2019 жылы БЖИ-ді ілгерілетудің жетекші тобының кеңсесі «Белдеу мен жол» инициативасын бірлесіп құру: прогресс, үлес және перспективалар» құжатында 2013 жылдан бастап саяси үйлестіру, инфрақұрылымды байланыстыру, кедергісіз сауда, қаржылық интеграция және адами тығыз байланыс мақсаттарына негізделген инициатива бірқатар маңызды нәтижені қоса алғанда, айтарлықтай прогреске қол жеткізілгені көрсетілген. Яғни, БЖИ-дің іске асу барысы мен аралықтағы нәтижесі осы бес аспекті бойынша анықталады және оған өнеркәсіптік саладағы кооперация да қосылған. Бастаманың алғашқы бесжылдығында көрсетілген бағыттар бойынша нәтижелер келесідей [19]:

**1. Саясатты үйлестіру.** «Белдеу мен жол» БҰҰ, G20, АТЭС және басқа да халықаралық ұйымдардың құжаттарына енгізілді. 2016 жылы 193 мемлекет БЖИ-ді қолдады. 2017 жылы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі БЖИ туралы 2344 қарарды қабылдады, «Адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» тұжырымдамасын бекітті. 2019 жылы ҚХР 125 елмен және 29 халықаралық ұйыммен ынтымақтастық туралы 173 келісімге қол қойды.

**2. Инфрақұрылымды қосу.** БЖИ елдері теміржол, автомобиль жолдары, кеме, авиация, құбыр және ғарыштық ақпараттың желісіне бағытталған көп деңгейлі инфрақұрылымға күш салды. Жаңа Еуразиялық құрлық көпірі және Қытай-Моңғолия-Ресей; Қытай - ОА - Батыс Азия; Қытай - Үндістан түбегі; Қытай-Пәкістан және Бангладеш-Қытай-Үндістан-Мьянма алты дәлізі Азияны Еуропамен байланыстырады. Гвадарда тұрақты контейнерлік маршруттар, 126 елмен үкіметаралық әуе тасымалы ашылды.

**3. Кедергісіз сауда.** Қатысушы елдер мен аймақтардағы сауда мен инвестиция ырықтанды, сауда мен бизнес шығындары азайды. Қытай мен Қазақстан, Қырғызстан мен Тәжікстан арасындағы ауыл шаруашылығы өнімдерін экспресс ресімдеу кедендік шара уақытын 90 пайызға қысқартты. Траншекаралық электрондық коммерция қозғаушы күшке айналды. 2018

жылы «China customs» платформасы арқылы импорт-экспорт бөлшек тауарлардың жалпы құны 20,3 миллиард АҚШ долларына жетті.

**4. Қаржылық интеграция.** Бастамаға қатысушы елдер ұзақмерзімді пайдаға жету үшін қаржылық ынтымақтастықты нығайтуға және жақсартуға күш салуда. Қытайдың қаржы министрлігі және оның 27 елдегі әріптестері, БЖИ-ді бағыттарын қаржыландыруға келісті. 2018 жылы Қытайдың экспорт және несие сақтандыру корпорациясы 600 миллиард АҚШ долларын инвестициялауға келісті. Қытай қаржыландыратын 11 банк Таяу Шығыстың 28 елінде 76 алғашқы мекемесін ашты.

**5. Адамдар арасындағы байланыс.** БЖИ елдері әртүрлі формадағы дипломатиялық қызмет пен мәдени, білім беру, туризм, медицинадағы ынтымақтастықты кеңейтті. ҚХР БЖИ-дің 24 елімен дипломды тану туралы келісімге қол қойды. Таяу Шығыстағы 54 елде 153 Конфуций институты мен 149 кабинеті ашылды. Жібек жолының туризмді дамыту одағы, альянстары жұмысын бастады. Қытай 15 елмен виза рәсімдерін жеңілдетуге келісті.

**6. Өнеркәсіптік кооперация.** Қытайдың БЖИ елдеріне тікелей инвестициялары 90 миллиард АҚШ долларынан асты, ал бұл елдердегі шетелдік жобалар айналымы 400 миллиард АҚШ долларын құрады. Қытай Қазақстан, Египет, Эфиопия және Бразилияны қоса алғанда 40-тан астам елмен өнеркәсіптік ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойды.

Саясатты үйлестіру, инфрақұрылымды қосу, кедергісіз сауда, қаржылық интеграция, адамдар арасындағы байланыс, өнеркәсіптік кооперация бағыттарында БЖИ масштабының әлдеқайда кеңейгенін аңғаруға болады. БЖИ-ді іске асырудың қаржылық интеграция, сауда және логистика, инвестиция және саяси ықпалдастық бойынша келесідей жетістіктерін атап көрсетуге болады[277]:

- 2014 жылғы 8 қарашада ҚХР БЖИ жобаларын қолдау үшін «Жібек жолы» қорын құруға 40 миллиард АҚШ долларын бөлетінін жариялады. 2015 жылғы Қытайдың бастамасымен АИИБ өз қызметін 100 миллиард АҚШ доллары капиталмен бастады. 2017 жылы БЖИ ҚКП Жарғысына енгізілді.

- 2018 жылы БЖИ форумының қорытынды тізіміндегі 279 тапсырманың 95 пайызы орындалды. 2018 жылы Қытай-Еуропа жүк пойыздарының саны 10 000-ға жетті. Сол жылы Қытайдың даму банкі БЖИ-ге 250 миллиард АҚШ доллар несие бөлді.

- Қытайдың БЖИ елдерімен тауар айналымы 5,5 трлн АҚШ долларынан асты. Бұл елдердің қаржылық емес секторларына Қытайдың тікелей инвестициясы 80 миллиард АҚШ долларына жетті.

- Қытай 28,9 миллиард АҚШ долларын инвестициялау арқылы 244 000-ға жуық жұмыс орнын құрып, шетелде 82 экономикалық және сауда ынтымақтастық аймағын құрды. Бастама аясында Қытай 81 білім беру мекемесі мен жобасын, сондай-ақ БЖИ елдерінде 35 мәдени орталық ашты. 2018 жылдың бірінші жартыжылдығында Қытай «Жібек жолы» стипендиясына 270 миллион юаньнан астам қаражат жұмсады[278].

Дегенмен, қазіргі таңда «Белдеу мен жолдың» имплементациясы мен оны зерттеуде бірқатар проблемалар бар. Оның бірқатары шешімін тауып, «шекаралары анықталып» келе жатқанымен, концептуалдық тұрғыда халықаралық қауымдастыққа әлі де түсініксіз тұстары қалған. Демек, БЖИ-ді іске асыруда бірқатар проблемаларды айтпағанда, концептуалдық және институционалдық тұрғыда нақтыланбаған мәселелер бар:

Біріншіден, инициативаның институционалдық, салалық, географиялық шегі нақты көрсетілмеген. Әрбір зерттеу орталықтары мен институттардың «сызып алған» бірақ нақтыланбаған карталары бар. БЖИ статистикасына барлық көлік-логистикалық, сауда-экономикалық, мәдени қарым-қатынас көрсеткіштері еніп кетеді.

Екіншіден, бұл инициатива әрқалай аталып келген: «Қытайдың жаңа жаһандық стратегиясы», «инфрақұрылымдық мегажоба», «сыртқы саяси және экономикалық инициатива», «экономикалық даму стратегиясы». Бастапқыда ғылыми қауымдастықта стратегия, кейін жоба, концепция, қазіргі уақытта инициатива ретінде орнықты.

Үшіншіден, инициативаның нақты үйлестіруші органы жоқ, өйткені БЖИ еуропалық үлгідегі интеграциялық жоба емес. Қытай үкіметаралық жоғары органды құрмай-ақ аймақтық ынтымақтастықты нығайтуды көздеп отыр. Ондай функцияны біз назарға алып отырған «Белдеу мен жол» форумы және оның жанындағы Консультативтік комитет атқарады.

Ф.Эберт қоры ұйымдастырған «Жаңа Жібек жолы және аймақтық кооперацияның болашағы» атты зерттеуге сәйкес[198], бүгінде Ресей БЖИ-ді жаһандық геосаяси жоба ретінде қарастырады және Батыс елдерімен текетірес барысында тек қана экономикалық емес, сыртқы саяси бонустарды алуды көздейді. ОА мемлекеттері бұл инициативаға салыстырмалы түрде прагматикалық танымда. Яғни, осы аймақтағы эксперттік дискурсқа сәйкес, әлемдік геосаясаттың сойылына қарағанда, Қытайдың қатысуымен нақты экономикалық жобаларға назар аударылады[279].

БЖИ-ға қатысты ағылшын тіліндегі академиялық әдебиеттерге шолу жасайтын болсақ, БЖИ сипаты, көлемі, салдары жергілікті, ұлттық, аймақтық және жаһандық ауқымда талқыланады. БЖИ тақырыбындағы талдауларды бірнеше көзқарас бойынша топтастыруға болады: бірінші топ БЖИ-ді Қытайдың сыртқы саясаты, геосаяси жоспарымен байланыстырады; екінші тарап БЖИ-ді регионализм, халықаралық құқық және АИИБ сияқты халықаралық тақырыптармен байланыстырады; үшіншісі жаһанды басқару төңірегінде болды; төртіншісі БЖИ түсініктерін басқа субъектілер, соның ішінде Ресейдің қабылдауы, Қытайдың жауаптары зерттелген[160, 35 б.]. Дереккөздерде БЖИ мән-мағынасына қатысты «үлкен стратегия» сияқты терминологияға сілтеме беріліп жатады. ҚХР «Белдеу мен жол» ұсынудағы өзіндік тәжірибесі мен жолы қоғам назарын өзіне аударады. Сондықтан БЖИ құрылысын теориялық тұрғыда қамтамасыз етуде қытайлық көзқарасты ескеру маңызды болады. Өйткені Қытай тәжірибесін дұрыс қабылдау ойлау

процестері мен жаһандық мәселелерді шешу әдістерін жетілдіру, тақырып шеңберінде объективті шешімге келуге мүмкіндік береді.

2013 жылы БЖИ-ді ұсынылған уақыттан бері оның мазмұны мен ықпалы туралы қызу пікірталас жүріп жатыр. Қытайдың ұлттық білім инфрақұрылымындағы БЖИ туралы академиялық ресурстардың саны жыл сайын мыңдаған мақаламен толығып отырды. Ғалымдар әдетте BRI туралы ресми құжаттардың мазмұнына контент-анализ жасау, АИИБ мен инфрақұрылымдық жобалар сияқты репрезентативті мысалдарды таңдау, аймақтық экономикалық интеграция, әріптестік және адамзат тағдырына қатысты дәстүрлі концепциялармен салыстыру арқылы тұжырымдайды [147, 523 б.].

БЖИ мотивациясы және оның ықпалы туралы пікірталас әдетте екі көзқарасқа бөлінеді, мұнда бір тарап БЖИ-дің қорғаныс сипатына және оның жаһандық тәртіпке интеграциялануына баса назар аударады, ал екінші тарап БЖИ-ді Батыс гегемониясына қарсы шабуыл және көбірек ревизионизм мінез-құлқын көрсетеді деп санайды. БЖИ жаһандық экономикалық басқарудың жаңа құрылымын қалыптастыруға бағытталғаны туралы пікір де бар. Каллахан [180, 229 б.] БЖИ аймақтық және жаһандық тәртіпті жаңа ережелермен қайта құруға арналған деп тұжырымдайды. Реалистер өсіп келе жатқан державаларды ревизионистер, ал либералдар мен институционалистер державалар ынтымақтасады және халықаралық қауымдастыққа әлеуметтенеді деген пікір айтады. Шамбаудың сыни көзқарастары [280, 67 б.] либералдық институционализм державалардың күрделі құбылыстарын толық қамтуға қабілетсіз, сондықтан бұл саланы тереңірек зерттеуді талап ететінін көрсетеді.

Кейбір зерттеулер пандемияның БЖИ-ға әсерін экономика мен глобализация тұрғысынан талқылайды. Басқалары жаһандық саяси тәртіптің болашағы контекстінде пандемияның БЖИ-ға әсеріне көбірек назар аударады, яғни, АҚШ пен Қытай арасындағы жаһандық көшбасшылық үшін бәсекелестік күшейеді, БЖИ жаһандық дамудың Бреттон-Вудс институтына балама үлгі ретінде қарастырылады және Қытайдың «Денсаулық сақтау дипломатиясы» көмегімен дүниежүзіндегі ықпалын арттыруы **жаһандандудың жаңа түрін ілгерілету құралы** ретінде қарайды [281, 37 б.].

Лина Лю БЖИ порталындағы 2016 жылдың қыркүйегінен бастап ресми веб-сайттар мен газеттерден БЖИ жайлы ақпаратты зерттеген. Анализге сәйкес, Қытай үшін БЖИ аясындағы оқиғаларда статус-кво (status quo) және режимді ауыстыру (regime shifting) тәсілдері өте маңызды деп тұжырымдалған. Қытай қазіргі жаһандық тәртіпті көптеген аспектілерде қолдайды, сонымен бірге билікті қайта бөлу, батыс құндылықтарын тежеуде бәсекелестікті жалғастырады. БЖИ енгізу кезінде Қытай ереже қабылдаушы, ережені реформалаушы, ереже бұзушы және ережені енгізуші ретінде бірнеше рөл атқарады [146, 94 б.].



Хан Юаннің пікірінше, БЖИ-ді жан-жақты зерттеу Қытайдың әлемге деген көзқарасын, оның сыртқы философиясы мен тәжірибесін концептуалдық тұрғыда зерделеуді білдіреді. Әдіснамалық деңгейде қазіргі халықаралық қатынастарды зерттеу мен БЖИ тәжірибесіндегі алшақтық бар. Хан Юан БЖИ-ді Қытайдың инфрақұрылымына қызмет қылатын геосаяси жоспары емес деп санайды. Оның орнына, БЖИ сынақтар мен қателіктер арқылы үйренуді және тәжірибелерді қамтитын халықаралық бастама деген көзқарасты ортаға салады. Осылайша, алдын-ала белгілі бір тұжырымға келмей тұрып, бақылау және деректерді жинаудан басталатын индуктивті зерттеулер БЖИ талдауында пайдалырақ болып көрінеді [160, 38 б.]. Хан Юан осы инициативаның бірнеше іргелі ерекшеліктерін атап көрсетеді:

**Біріншіден**, БЖИ-дің негізгі ерекшеліктеріне оның мақсат-мүддесінің бұлыңғыр, анық еместігі жатады. Қытай БЖИ ресми құжаттарының сериясын шығарғанымен, оның негізгі сұрақтарына толық жауап беретін стандартты анықтама жоқ.

**Екіншіден**, жоғарыда аталған ерекшелік БЖИ-ді ұсынудағы қытайлық көзқараспен тығыз байланысты. Ол көбінесе белгілі бір тәжірибеден немесе идеядан басталып, сынақ пен қателік үлгісіндегі саяси экспериментті қамтиды (policy experiments in trail-and-error patterns).

**Үшіншіден**, Қытайлық халықаралық ынтымақтастық стилі көбінесе БЖИ көрсетілгендей басында анық емес, бұлыңғыр сипатымен ерекшеленеді. Тұжырымдамалардың бастапқыда анықтамалары болмайды және кейіннен ғана ғалымдар оған түсіндірме береді [160, 37 б.].

Қытай сарапшысы Фу Мэнцзының пікірінше, БЖИ-дің теориялық қамтамасыз етілуін біржолата анықтап алу мүмкін емес. БЖИ-ді дамыту уақыттың сұранысына сай теориялық ізденістер мен академиялық инновацияларды талап етеді. Сондықтан Фу Мэнцзы үлкен жаһандық бастамаға теориялық қолдау қажет деп санайды [158].

Қытай ғалымдары Хаогуан Лян мен Яоцзюнь Чжанның зерттеуінше, БЖИ-ді зерттеу үшін оның теориялық аспектілеріне тереңдеу қажет. Си Цзиньпиннің ой-пікіріне сәйкес БЖИ бейбітшілікті, жаңашылдық пен ашықтықты нығайтып, мәселеге бағдарлану; іс жүзінде кездесетін маңызды стратегиялық мәселелерге назар аудару; ашық әлемдік экономика құрылысын енгізу; «алты дәліз бен алты арна» («six corridors and six channels») құрылысын зерделеу жоспарын көздейді [159, 6 б.].

БЖИ болжанған сценарийлерін жаңа тенденциялар шектеп, әсіресе технологиялық инновация, саяси ландшафттағы өзгерістер немесе пандемияның жаңа түрі сияқты сыртқы дағдарыс әсер етуі ықтимал. Қытайдағы сыртқы және ішкі өзгерістер БЖИ-ді мүлдем басқа траекторияға бұруы мүмкін [281, 10 б.]. Қазіргі Қытайдағы негізгі тәжірибенің бірі - саяси эксперименттер арқылы реформа жүргізу. Оның мағынасын қытай тіліндегі: 摸着石头过河 («тас қармап өзеннен өту») деген мақал ашады. БЖИ-дің бес бағыты тереңірек зерттеуді, міндеттерді шешу үшін теориялық және

әдістемелік инновацияларды қажет етеді. Кейбір халықаралық қатынастарды зерттеуші ғалымдар осы тақырыпты қарауда «парадигмалық соғыстан» «аналитикалық эклектизмге» өту қажет деп есептейді[160, 43 б.].

Бұл бастама Си Цзиньпиннің сыртқы саясатының іргетасы болғандықтан, саясатты үйлестіру, инфрақұрылымдық байланыс, сауда байланыстары, қаржылық интеграция және адамдар арасындағы қарым-қатынастарды қамтиды. Сонымен қатар, Қытай өзін батыс державаларынан ерекшеленетін аймақтық ынтымақтастыққа бағдарланған жауапты держава ретінде көрсетеді. Қытайдың көзқарасы жаһандық тәртіпті қайта қарауға бағытталған. 2019 жылғы екінші БЖИ форумын 2017 жылғы бірінші форуммен салыстырғанда Қытайдың сыни пікірді қарастыру және оның БЖИ-ге енгізу сапасын жақсарту қадамдарын байқаймыз. Өтпелі кезең Қытайдың қызығушылық пен мәртебе іздеуге байланысты мотивтерінің теңгерімді болғанын көрсетті. БЖИ Қытайдың жаһандық және аймақтық тәртіпті өз пайдасына өзгертуге деген үлкен ұмтылысын көрсетеді. Дегенмен, әлемнің әр бөлігінен көбейіп келе жатқан сыни пікір Қытайды басқа елдердің талаптары мен мүдделерін қанағаттандыру үшін келіссөздер арқылы ымыраға келуге мәжбүрлейді. Келіссөздер БЖИ-дің халықаралық легитимділігін қамтамасыз етуі ықтимал[146, 105-106 бб.].

Зерделенуі өте күрделі болып келе жатқан БЖИ-ді жақсырақ түсіну үшін теориялық плюрализмге көбірек назар аудару қажет, бұл теориялық перспективалар мен парадигмалардың әртүрлі комбинацияларын қарауға көбірек мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта «жаһандық басқару тапшылығы» барған сайын кеңейіп тұрғандықтан, қолданыстағы халықаралық ережелер жүйесі өзгерістерді толық аша алмағандықтан, өркениеттердің алуандығын ескеретін жүйенің жоқтығы жаһандық басқаруда қиыншылық тудырып отыр. БЖИ қолданыстағы тетіктерді толықтырады, ынтымақтастықтың әртүрлігін қолдайды, прагматикалық ынтымақтастықты ілгерілетуге ықпал ете отырып аймақтық және жаһанды басқаруды насихаттайды[159, 4 б.].

Зерттеушілердің, әсіресе қытай тарапының өкілдері «Белдеу мен жол» - халықаралық ынтымақтастықтың ең ірі платформасы және бірлескен дамудың жаңа импульсы екені көрсетеді. Дегенмен Қытайдың БЖИ-ді іске асыру арқылы көздеген сыртқы саяси мақсаттары – серіктес мемлекеттермен Қытайдың байланысын нығайту, юаньнің интернационализациясы, қытайлық капитал мен жұмыс күшіне жаңа нарықтар, табиғи ресурстарға қол жеткізу және орталығы Қытай болатын аймақтық инфрақұрылым желісін құру екенін ұмытпау қажет. Инициатива табысты орындалған жағдайда Қытай сыртқы әлеммен сауда-экономикалық байланысын жаңа дәрежеге көтере алады. Дегенмен, БЖИ аясында Қытайдан көмек алатын мемлекеттер тиісті саяси шешімдер арқылы өз мақсаттарының орындалуын талап етуі тиіс. Ол үшін өзекті мәселелер уақытында көтеріліп, нақты проблемалар мен мүмкіндіктерді анықтап отыруды қажет етеді. БЖИ айналасындағы өткен эволюцияға және оның «өзгергіш» табиғатына қатысты белгісіздіктерге назар

аударған жөн. Алдағы кезеңде АҚШ пен Қытай арасындағы сауда соғысының өршу ықтималдығы, цифрландырудың артуы, жаһандық тенденция мен оқиғалар БЖИ-дің курсына әсер етуі ықтимал. Қытай тарапы БЖИ олқылықтарын мойындай отырып, сынақтар мен қателіктер арқылы үйренуге бағытталған бастама дейді.

БЖИ ұсынылған уақыттан бастап он жыл аралықта халықаралық конъюнктураның өзгерісі, әлемдегі күштер балансының ауысуы, өңірлердегі мүдделер қақтығысына қарай бірнеше даму кезеңінен өтіп, теориясы мен концепциясы, практикасы, күрделі мәселелері мен артықшылықтары айқындалды. Саясатты үйлестіру, инфрақұрылымды қосу, кедергісіз сауда, қаржылық интеграция, адамдар арасындағы байланыс, өнеркәсіптік кооперация бағыттарында БЖИ масштабының әлдеқайда кеңейгенін аңғаруға болады. Инициативаның тақырыбы алғашқы бес жылдықта жиі талқыланып, БЖИ бойынша жарияланған зерттеулердің көпшілігі негізінен оның өткен және бастапқы жылдардағы динамикасына арналды. Бірақ оның құрылымы, ауқымы, процесі және салдары туралы кейбір сұрақтар әлі де ашық қалып отыр және нақты жауаптар мен жан-жақты пікірталасты қажет етеді. БЖИ-дің соңғы кезеңдердегі зерттеулерін қарайтын болсақ, әртүрлі теориялық перспективаларды біріктіруді және Қытай мен басқа елдерді қоса алғанда, аналитикалық құрылымдарда батыстық емес көзқарас элементтерін көбірек ескеруді талап етеді. Парадигмалар мен перспективалар арасындағы сәйкессіздік пікірталасынан хабардар бола отырып, БЖИ тақырыбын зерттеуде прагматикалық тәсілді ұстану маңызды болады.

### **2.3 ҚХР бастамалары және Орталық Азиядағы көпжақты ынтымақтастықтың дамуы**

Диссертация жұмысы барысында Қытайдың сыртқы саяси концепциялары, БЖИ аясындағы Қазақстанға ықпалына басымдық берілгендіктен, оның аймақ призмасындағы ерекшелігі, саяси-экономикалық салдары, бастамалардың түйісуі мен мүдделер қайшылығы, өзара ынтымақтастықтың проблемаларына назар аударылған. Зерттеудің осы тарауында ҚХР-дың сыртқы саяси бастамаларының көршілес елдердегі трансляциясын қарастырып, қазіргі жағдайы мен перспективасына талдау жасалады. ҚХР сыртқы саяси инициативаларын аймақ шеңберінде қарастыру арқылы оның қызығушылықтарын, басқа «ойыншылармен» қарым-қатынасын да анықтауға болады. Қазіргі уақытта ҚХР-дың жаһандық басқару контекстіндегі аймақтық көшбасшылығына баға беріп алудың да маңызы үлкен. Өйткені, Қытай өз бастамаларын ең алдымен көршілес мемлекеттерде, дамушы әлемде белсенді іске асыруға тырысуда. Қытайдың Си Цзиньпин дәуіріндегі жаһандық саясатқа көзқарасын сипаттауда ғалымдардың көпшілігі Қытай «өз күшін жасыру және орайлы сәтті күту» көзқарасынан алшақтап, күн тәртібін белгілеуге әрекет етіп, сатылы өзгерістерге ұмтылады

деген пікір айтады. Қытай оны әртүрлі жаһандық басқару нысандары арқылы, формальді үкіметаралық, халықаралық ұйымдар және бастамалар арқылы жасайды деген көзқарас орнаған.

XXI ғасырдағы Қытай сыртқы саяси принциптері қытай халқының өткен ғасырлардағы концепциялары, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуымен бірге жаңаша сипатқа еніп келеді[206, 2154 б.]. Алайда соңғы онжылдықтарда жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс, әлемдегі күштер балансының өзгеруіне байланысты ҚХР-дың жалпы жаһандағы және аймақтағы сыртқы саясаты қарқынды трансформацияланып жатыр. Си Цзиньпиннің 2013 жылғы «Біз аймақтық істерде үстемдік етуге немесе қандай да бір ықпал ету аймағын құруға ұмтылмаймыз. Біз Ресеймен және ОА-ның барлық елдерімен үйлесімді аймақ құруда өзара байланысты нығайтуға дайынбыз» деген мәлімдемесіне қарамастан [45], АҚШ-тың Ресейге салынған экономикалық санкциясы, ҚХР-АҚШ сауда текетіресі және COVID-19 пандемиясы жағдайында Қытайдың халықаралық қатынастардағы жауапкершілігі мен сыртқы амбициясы артып келеді[88].

ҚХР соңғы 40 жылдағы «реформа және ашықтық» саясатының нәтижесінде әлемдегі екінші экономика, ірі өнеркәсіптік мемлекет, валюта қоры ең үлкен елге айналды. Сонымен қатар, ҚХР ЖІӨ жыл сайын орташа есеппен 9,5 %-ға, сыртқы сауда көлемі 14,5 %-ға өсіп отырған, 700 млн. адам кедейшіліктен шыққан. Қытай бүгінде ішкі экономикалық модернизация үшін қолайлы сыртқы ахуал қалыптастыруды көздейді[46]. ҚХР-дың аймақтағы белсенділігі ең алдымен «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» және оның практикалық механизмі БЖИ іске асуынан көрінеді. «Жібек жолының экономикалық белдеуі» аясында Қытайдың аймақтағы экономикалық қатысуы арта беретіні түсінікті[3]. БЖИ жаңа қағидаттарды ОА-дағы саяси және экономикалық кеңістікке қарай кеңейтті. Ол БЖИ аясындағы құрғақ порттар, автомобиль жолдары, темір жолдар, сондай-ақ инфрақұрылымды дамытуға арналған ауқымды инвестициядан көрінеді. БЖИ сияқты аймақтық көпжақты бастамалар ортақ ереже шығару, альтернативті норманы ілгерілету, интерактивті ынтымақтастық идеяларын әлеуметтендіру үшін маңызды[4]. 2013 жылдан бастап ҚХР мен ОА арасындағы іс-шаралардың барлығы осы концепция мен инициатива аясында ұйымдастырылып келеді. ҚХР жобаларын дәл осылай инициатива шеңберінде топтастыру оның жалпы аймақтағы және әр мемлекеттегі сауда-экономикалық, энергетикалық, инвестиция және мәдени ықпалының көлемін анықтауға да септігін тигізеді.

Дүниежүзілік банк есебіне сәйкес, «Белдеу мен жол» жан-жақты жүзеге асырылған жағдайда 7,6 млн адамды төтенше кедейліктен (күніне 1,90 доллардан аз табатындар) және 32,0 млн адам кедейліктен (күніне 3,20 доллардан аз ақша табатындар) және жаһандық экономика мен БЖИ-дегі сауданы сәйкесінше 6,2 пайызға және 9,7 пайызға дейін арттырып, жаһандық кірісті 2,9 пайызға дейін көтереді. БЖИ құрылысы кезеңінде жоба жергілікті

тұрғындарға 5000-ға жуық жұмыс орнын ұсынды. Бұл 23 миллион доллар салық төлеу арқылы ел экономикасына қосымша пайда әкеледі. БҰҰ орнықты даму бағыттары осы шаралар арқылы түсіндіріледі[53].

Инициативаның орындалу барысын соңғы бес жылдағы Қытайдың БЖИ бойында жатқан 20-дан астам елде 75 шетелдік сауда-ынтымақтастық аймағын құруы, жалпы инвестиция көлемін 27 млрд АҚШ доллардан асыруынан байқаймыз. Инвестицияны қабылдаушы мемлекеттерге 2 млрд АҚШ доллар көлемінде салық түссе, 244 мың адам жұмыспен қамтамасыз етілген. БЖИ Қытайдың бүкіл әлемге және аймақтарға «адамзаттың ортақ тағдырын» құру негізінде ұсынған бастамасы деуге болады[61]. Дүниежүзілік банк БЖИ көлік жобаларының ОА елдеріндегі экспортқа, тікелей шетелдік инвестицияларға және аймақтың ЖІӨ-не қолайлы әсерін атап көрсетеді. Жүктерді жеткізу мерзімін қысқарту аймақты бәсекеге қабілетті етеді, ал оның елдері шетелдік инвесторлар үшін тартымды болады. БЖИ Қырғызстан мен Тәжікстанның ЖІӨ-нің 32% - ға, ал Қазақстанның ЖІӨ-нің 21%-ға өсіміне ықпал етуі ықтимал. Дегенмен, инфрақұрылым шығындары есептелетін болса, таза пайда айтарлықтай төмен болады[83, 69 б.].

БЖИ Си Цзиньпиннің бастамасы болғандықтан, қытайлық жүйе мұны жүзеге асыру үшін барлық ресурстарды қолданады (саяси, қаржылық, дипломатиялық, экономикалық, интеллектуалды және т.б). 2013 жылғы инициативаның жариялануынан кейін ҚХР басшылары алыс-жақын мемлекеттерге ресми және бейресми сапарларын табанды түрде жалғастырды. Қытай бүкіл әлем бойынша екіжақты әріптестікті нығайтуға және көпжақты форумдарға жан-жақты қатысуды жалғастыратыны белгілі. ҚХР төрағалығын қолға алған уақыттан бастап Си Цзиньпин әлемнің 57 еліне ресми іссапармен барып, Бейжіңде 110-нан астам мемлекет басшысын қабылдаған[30, 78 б.]. Қытайдың «13-ші бесжылдық жоспар», «Made in China 2025», «Internet +» сияқты барлық негізгі экономикалық және даму жоспарлары БЖИ-мен байланысып жатыр. БЖИ-дің материалдық емес қырлары оның нақты физикалық дамуынан гөрі маңызды болып отыр. Бұл Қытайдың дамушы әлеммен артып келе жатқан саяси, экономикалық, білім беру, өндірістік және қауіпсіздік байланыстарының көп қабатты желісі ертеңгі Еуразиялық экономикалық және геостратегиялық ландшафтты қалыптастырады[54, 13 б.].

Орталық Азия – ҚХР үшін қауіпсіздік, сауда-экономикалық, көлік-логистикалық, геосаяси және геостратегиялық жағынан маңызы жоғары көпжақты ынтымақтастықтың аймағы. ҚХР-ды дамушы мемлекеттермен белсенді ықпалдастыққа итермелейтін жалпы **төрт қозғаушы фактор** бар:

- ҚХР өзінің ішкі экономикалық өсімін тұрақты қылуға тырысады және дамушы әлемді айтарлықтай экономикалық әлеуетке ие деп қарастырады.

- Қытай жаһандық ықпалын күшейту мақсатында дамушы мемлекеттермен ынтымақтасуды көздейді.

- Қытай АҚШ пен оның одақтастары үстемдік ететін Солтүстік-Шығыс Азия, Солтүстік Америка және Еуропа сияқты сыртқы күштерді қабылдамайтын, өзінің ықпалы шектеулі және дамыған аймақтардың орнына әлемнің басқа бөліктеріндегі әлдеқайда ашық, қолжетімді және дамымаған елдердегі белсенділігін арттыруға тырысады[188, 89 б.].

Қытай профессоры Чжао Хуашен Қытай дипломатиясына сәйкес әлем елдерін *ұлы державалар, көршілес елдер және дамушы елдер* деп үш категорияға бөледі. Ұлы державалармен қарым-қатынаста халықаралық жағдайдың стратегиялық балансы мен жүйесіне басты назар аударылады. ОА елдері дәрежесі бойынша Қытайдың «**көршілік дипломатиясы**» (周边外交 – **zhoubian waijiao**) концепциясына сәйкес келеді және шағын немесе орта елдер деп қарастырылады. Бүгінде осы аймақ Қытай дипломатиясының жаңа ошағына айналууда. ОА Қытайдың жаңа дипломатиялық философиясын қолданатын ыңғайлы аймақ болып табылады[162, 159 б.].

RAND корпорациясының зерттеуіне сәйкес, Қытай Халық Республикасының БЖИ арқылы дамушы мемлекеттердегі стратегиясы мен ішкі-сыртқы қауіпсіздігі төрт шеңбер тұрғысынан қарастырылады. Соның ішінде екінші шеңберге Қытайдың құрлықтағы және теңіздегі шекараларында іргелес жатқан аумақ жатады. 2010 жылдары Бейжіңнің ОА-мен байланысын нығайтудағы төрт негізгі мақсатын атап көрсетуге болады:

1) ҚХР-да ішкі тұрақтылық пен ұлттық бірлікті сақтау, атап айтқанда, Батыс Қытайдағы тибет пен ұйғыр сияқты аз ұлттардың арасындағы сепаратистік қозғалыстарды тоқтату.

2) шекарадағы дауларды уақытында шешіп, трансшекаралық аз ұлттарды бірлесіп басқару арқылы ОА-да бейбітшілікті, тұрақтылық пен зайырлықты ұстап тұру.

3) Қытайдың аймақтағы ықпалын күшейту және ШЫҰ арқылы сыртқы державалардың саясатын шектеу.

4) ОА-ның мұнайы мен газына қол жеткізу үшін инфрақұрылымға жағдай жасап, ҚХР-дың экономикалық мүддесін өңірде және одан тысқары жерде ілгерілету және қорғау[188, 97 б.].

Қытай ғалымдары Лян мен Чжанның зерттеуінше, сыртқы аймақтар немесе «көршілес аймақ» Қытай ізденістерінің бастауы және оның дамып, таралатын базасы ретінде қарастырылады. «Кез келген державаның көтерілуі айналадағы сенімді тірекке мұқтаж» деген көзқарас қалыптасқан. Қытайдың қарқынды дамуының алғашқы бенефициарлары оған көршілес елдер болып табылады және «адамзат қауымдастығының ортақ тағдырын» құруға мотивация сыртқы аймақтан басталады, өйткені көрші елдер Қытай қарқынына ілесе отырып, ортақ дамуға қол жеткізе алады[159, 13 б.].

Айналадағы елдердің әл-ауқаты Қытай үшін қаншалықты маңызды болса, ОА елдері үшін де жетекші мемлекеттерден келетін инвестиция көлемі

экономиканы диверсификациялау үшін соншалықты қажет. Жалпы Азияның дамушы елдері экономикалық өсімді сақтап, кедейлікті жойып, климаттың өзгерісіне уақытында жауап бергісі келсе, 2016-2030 жылдар аралығында 26 трлн АҚШ доллары немесе жылына 1,7 трлн АҚШ доллар инвестицияны қажет етеді. Қазіргі уақытта Азия жыл сайын инфрақұрылымға шамамен 881 миллиард АҚШ долларын инвестициялайды. ҚХР осыған қатыспаған жағдайда қалған экономикалардың дамудағы алшақтығы ЖІӨ-нен 5%-дан асып кетуі мүмкін[55, 39 б.]. Сондықтан ОА аумағында инфрақұрылымды дамытып, өңірлердің диспропорциясын азайту үшін және өзара көлік-логистикалық байланысты нығайту мақсатында басқа елдермен қатар БЖИ аясындағы Қытай жобаларының да өзекті болатынын көруге болады.

Бүгінде көптеген елдер көлік пен энергетикалық инфрақұрылымға және басқа да көптеген салаларға салынған инвестицияның әсерін сезіне бастады. Қытай көпжақты ынтымақтастыққа ауысып, өзінің жаһандық басқару мақсатын БЖИ шеңберінде жүргізуге ұмтылғандықтан, бастаманың ауқымы кеңейіп келеді. 2013 жылдан бері көлік және логистика секторы жобаларына 330 миллиард АҚШ долларынан асатын қаражат тартылған. Энергетика секторы 266 миллиард доллармен содан кейінгі орында тұр. Oxford Economics есептеуінше, БЖИ жалпы алғанда 8 триллион АҚШ долларына дейінгі инвестицияны талап етеді. Бүгінгі таңда қаржыландырудың 80 %-дан астамын Қытай тікелей қолдайтын ірі корпорациялар мен қаржы институттары қамтамасыз етіп отыр. Дегенмен, соңғы жылдардағы оқиғалар жеке сектордағы банктер мен шетел үкіметтері тарапынан қызығушылықтың артқанын көрсетіп отыр[56, 7 б.]. Яғни, БЖИ жобаларының іске асуына жан-жақты институттарды қатыстыру қажет екені белгілі.

Бүгінге дейін БЖИ-ге қатысты аймақтардың идентификациясы негізінен сыртқы процестер арқылы қалыптасты. Сыртқы акторлар ОА-ның ерекшелігін оны авторитаризм, терроризм және саяси тұрақсыздық сияқты факторлармен анықтап келді. Бұл жағдайда аймақ шетелдік инвестиция мен халықаралық саудаға тартымды болуы қажет. Сонда ОА елдері БЖИ динамикалық кеңістігінің бөлігі ретінде қабылданып, жаңа аймақтық идентификацияға ие болады. Қазақстандық ғалым И.Қорабоевтың пікірінше, аймақтық интеграция мен ынтымақтастық туралы дискурсты қамтитын салыстырмалы регионализмге (comparative regionalism) деген назар күшейіп келеді. Қытай ғалымдары Еуразиядағы аймақтық ынтымақтастық пен аймақтық интеграцияны дамытуда алдымен БЖИ әлеуетіне назар аударады. Функционалды аймақ (functional region) ретінде БЖИ-ге назар аудару әртүрлі аймақта орналасқан елдердің қатысуына ықпал етіп, БЖИ бойында инклюзивті және динамикалық кеңістік құрады дейді[100, 105 б.].

Вэйфэн Чжоу мен Марио Эстебан Қытайдың БЖИ арқылы Еуразия кеңістігіндегі аймақтық көпжақты ынтымақтастық (regional multilateral cooperation) стратегиясын қарастырады. Біріншіден, Қытай БЖИ-ді АҚШ-тың Қытайды тежеуіне және қоршауына кедергі жасау күші ретінде

қолданады. Екіншіден, Қытай баламалы идея-нормаларды ілгерілетуге және өз күшінің легитимділігін орнату үшін БЖИ арқылы нормативтік рөлін көрсетеді. Үшіншіден, Қытай жаһандық басқаруды қайта құру және халықаралық жүйені өз құндылықтары, мүддесі мен мәртебесіне қарай трансформациялау үшін БЖИ және АИИБ арқылы келіссөздер коалициясын құруға ұмтылады. Қытайдың Еуразиядағы аймақтық көпжақтылықты (regional multilateralism) қабылдауы Қытай үшін бейбіт жолмен көтерілу жолындағы қауіпсіздік сын-қатеріне қарсы тұрудың құралы, баланс коалициясын құру талпынысы деп түйіндейді. Қытай сондықтан аймақтық саясатта геэкономикалық, геосаяси және геостратегиялық мүддені нығайтуға күш салады. Қытайдың экономикалық өсімі 2012 жылдан бері баяулады және 2016 жылы бұрын болмаған 6,7%-ға дейін төмендеп, соңғы 25 жылдағы төмен деңгейді көрсетті. Сондықтан Жаңа Еуразия құрлық көпірі мен экономикалық дәліздер Ресей және ОА мемлекеттерімен тығыз энергетикалық байланыс орнатуға мүмкіндік береді[282, 488 б.].

Е. Кавальский Қытай ортақ тәжірибелер мен көзқарастардың өзара алмасуын ынталандыру арқылы аймақтық бірегейлікті қамтиды. Сонымен қатар, оның мақсаты аймақтық субъектілерді, мемлекет басшыларын Қытайдың аймақтағы аймақтандыру үдерісі туралы түсінігін қабылдатуға тырысады деп санайды[283, 7 б.]. Дж.Гарликтің пікірінше, Қытайдың БЖИ шеңберіндегі аймақтандыру фокусына сүйене отырып, сыртқы саясаттағы БЖИ саяси және экономикалық аспектілері динамикалық түрде өзара әрекеттесетін прагматикалық, экспансионистік стратегия ретінде түсіндіріледі. Қытайдың әрбір аймақта БЖИ-ді ілгерілету тәсілінде ортақ тұстар бар болғанымен, белгілі бір аймақтың геосаяси және геээкономикалық динамикасына байланысты үлкен айырмашылықтар да кездеседі[284, 7-8 бб.].

М. Майер мен Син Чжан Қытайдың әлеммен интеграциялану процесі арқылы жаһандық және аймақтық байланыс кеңістігінің конфигурациясын дәліздеу (corridorization) теориясы арқылы қарастырған. Ғалымдар бұл жобаның территориялық құрылымы мемлекет немесе өңір емес, дәліз деп көрсетеді. Қытайдың экспансиясы жайындағы біржақты көзқарас инфрақұрылымдық жобаларға қажетті жергілікті келіссөздерді ескермейді. Қытайдың экономикалық басқаруы жаһандық капиталистік жүйедегі аумақтарды, орындарды, территорияларды қаржылық дағдарыстан кейінгі қайта құрылымдау арқылы жалғасып келеді [185, 978 б.].

ҚХР-ға құрлықта – 14 және теңізде 8 көрші мемлекет бар. Қытайдың көршілес елдермен қарым-қатынасының күрделі тұстары да бар, өйткені елдердің көлемі, әлеуметтік жүйесі, мемлекеттік құрылымы әртүрлі болып келеді және жер-аумақ мәселесі, теңіз дауы сияқты тарихтан қалған бірқатар проблема бар. Сондықтан, Қытай төңіректегі қарым-қатынастардың түйткілді мәселелерін шешуде ұзақмерзімді мүддені есепке алады[91, 89 б.]. Көрші мемлекеттермен қарым-қатынасты нығайтуда өзара сенімділік,



экономикалық интеграция мен ынтымақтастықты тереңдету маңызды екені белгілі. Біз назарға алатын Азия, ОА-ға әлемдік саясатта әртүрлі баға беріледі.

Азияның кіндігінде орналасқан ОА – табиғи ресурстарға бай, ерекше мәдени-өркениеттік потенциалы бар, транзиттік әлеуеті зор, сонымен қатар тұрақсыздық пен қақтығыстардың да ошағына жақын орналасқан. ОА-дағы саяси жағдайды өзінің динамикасы, көпдеңгейлі сипаты және ынтымақтастықтың әлісіздігімен түсіндіруге болады[92, 86 б.]. Қазіргі кезеңде ОА бестігінің өзара интеграцияны жандандыру; аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; тұрақты экономикалық өсімді ынталандыруы; цифрлық технологияның мүмкіндігін пайдаланып ортақ ақпараттық кеңістік пен киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету негізгі міндеттер қатарына жатады. Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түрікменстан – ТМД, ТМҰ, ҰҚШҰ, ИЫҰ, ШЫҰ, АӨСШК және т.б халықаралық ұйымдар аясында байланыс орнатқан. Дегенмен, «Азияда бәрі бір көрпенің астында ұйықтағанымен, әртүрлі түстер көреді». Сол мақсатта өзара ынтымақтастық гуманитарлық деңгейден өсіп, жаңа механизмдерді қарастырудың өзектілігі артып келеді[93, 78 б.]. Соңғы жылдары Түркі мемлекеттерінің ұйымының құрылуы, ОА мемлекет басшыларының консультативтік кездесулері, жаһандық және Еуразия кеңістігіндегі геосаяси конфигурацияның өзгерісі кейбір елдердің интеграциясын алға жылжытты.

2022 жылы ҚХР мен ҚР арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толды[50]. Қытай мен ОА-ның бес елі арасындағы дипломатиялық қатынастар тату көршіліктен **жан-жақты стратегиялық серіктестікке және мәңгілік жан-жақты стратегиялық серіктестікке** ауыса отырып, жаңа сапалы деңгейге көтерілуде. ОА мемлекеттеріне қатысты Қытай дипломатиясының дәстүрлі екіжақты форматы «С5+1» сияқты көпжақты форматқа айналды, мұнда аймақ Қытай экономикасымен өзара байланысты және сұранысқа ие нарықтың тұтас конструкциясы ретінде қарастырылады.

ОА ҚХР-ға көршілес аймақ және оның батыс шекарасындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды орын алады. Қазақстан, Тәжікстан және Қырғызстан Қытайдың қауіпсіздік тұрғысынан проблемалы аймағы болып саналатын ШҰАА-мен шектесіп жатыр[59]. Қазіргі уақытта ҚХР аймақтық саясатта «адамзат тағдырының Қытай – Орталық Азия қауымдастығы» (中国中亚命运共同体 – zhongguo zhongya mingyun gongtongti), сондай-ақ «көршілік дипломатиясы» (周边外交-zhoubian waijiao) тұжырымдамаларын іске асырады. ҚХР қазіргі уақытта идеялары мен құндылықтары ШЫҰ қағидаттарымен және БЖИ-мен үйлесетін «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» концепциясына ерекше көңіл бөлуде.

Дипломатиялық қатынастар орнаған жылдары ҚХР мен ОА арасындағы сауда көлемі небәрі 4, 460 млн. \$ құраған еді, ал 2020 жылы бұл көрсеткіш 338,6 млрд \$ жетті. Бүгінгі таңда Қытай Өзбекстанның, Қырғызстанның және Түрікменстанның ірі сауда серіктесі, Қазақстанның

екінші ірі сауда серіктесі және Тәжікстанның үшінші серіктесі болып отыр. ОА Қытай ұсынған БЖИ-дің маңызды бөлігі болып саналады, өйткені ол Қытай-Еуропа теміржол экспресінің негізгі торабында орналасқан[285, 2-3 бб.]. Инициатива аясында құрылған 6 экономикалық дәліздің үшеуі ОА аумағы арқылы өтеді. ОА арқылы өтетін БЖИ дәліздері мен маршруттары:

**Жаңа Еуразиялық құрлық дәлізі** БЖИ Қытайды Еуропамен екі бағыт бойынша байланыстырады:

**1-маршрут:** Қытай (Ішкі Қытай, Үрімші, Алашанькоу) – Қазақстан (Достық, Мойынты, Астана, Петропавл) – Ресей (Екатеринбург, Мәскеу) – Беларусь (Брест) – Польша (Малашевичи) – Германия (Дуйсбург) және еуропалық қалалар.

**2-маршрут:** Қытай (Ішкі Қытай, Үрімші, Қорғас) – Қазақстан (Алтынкөл, Алматы, Шу, Жарық, Жезқазған, Сексеуіл, Шалқар, Бейнеу, Ақтау) – Әзірбайжан (Баку/Алят, Ганджа, Бейюк–Кесік) - Грузия (Гардабани, Тбилиси, Ахалқалақи) - Түркия (Карс, Стамбул) және одан әрі Еуропа қалаларына теміржол/автомобиль көлігі жетеді.

**Қытай – Орталық Азия – Батыс Азия** БЖИ дәлізі Қытайды Иранмен/Батыс Азиямен **үш бағыт** бойынша байланыстырады:

**3-Маршрут:** Қытай (түрлі қалалар, Үрімші, Қорғас) - Қазақстан (Алтынкөл, Алматы) - Өзбекстан (Ташкент, Самарқанд, Науаи) – Түрікменстан (Фараб, Мары, Серахс) – Иран (Сарахс, Мешхед) және Азия қалалары.

**4-Маршрут:** Қытай (түрлі қалалар, Қашғар) – Қырғыз Республикасы (Иркештам, Ош) – Өзбекстан (Андижан, Папа, Ташкент, Самарқанд, Навои) – Түрікменстан (Мары, Серахс) – Иран (Сарахс, Мешхед) және Батыс Азияға.

**5-Маршрут:** Қытай (түрлі қалалар, Қашғар) – Қырғыз Республикасы (Иркештам, Сары-Таш) – Тәжікстан (қарамық, Душанбе, Вахдат, Яван, төменгі Пяндж) – Ауғанстан (Ширхан Бандар, Құндыз, Мазари-Шариф, Герат, Гуриан) – Иран (Торбат-и-Гейдарих, Тегеран) және Батыс Азияға[53].

ҚХР ОА-ны энергетикалық және табиғи ресурстардың көзі, тауарларды өткізу нарығы, сондай-ақ халықаралық көлік дәліздеріне балама жол ретінде қарастырады. ҚХР-дың аймақтағы инвестициялық саясаты дәл осы мүддені орындауға арналған. Қытай бүгінде Қырғызстан мен Тәжікстандағы ең ірі, Өзбекстандағы екінші және Қазақстандағы төртінші инвестор болды. Қытайдың ОА-ның бес еліне тікелей инвестициясының жиынтық мөлшері 14 млрд \$-дан асты. Қытайдың ОА-дағы инвестициялық саясаты ағымдағы коммерциялық және стратегиялық мақсаттарды көздейтін жүйелі, ауқымды және ұзақмерзімді сипатқа ие. БЖИ аясында Қазақстанда 55 (кейбір деректерде – 52) инвестициялық жоба іске асырылуда. Қазақстандағы Қытай инвестициялары мен жобалары 2013-2020 жылдар аралығында 8,97 млрд \$ құрады, бұл Қытайдың ОА-ға салған инвестициясының 84,4% - ын құрайды[286].

ОА елдері «Жаңа Жібек жолын» прагматикалық көзқараспен қабылдайды. Аймақтағы дискурста әлемдік геосаясатқа қарағанда Қытайдың қатысуымен болатын нақты жобалар көбірек талқыланады. Мәселен, Қазақстан үшін БЖИ көлік-логистикалық жобалардың жиынтығы болып табылады. Қырғызстан мен Тәжікстан БЖИ-ді кредит, тікелей инвестиция және технология түрінде әлеуметтік-экономикалық дамуға ресурс ретінде қабылдайды. Қырғызстандағы дискурс айтарлықтай құбылмалы және алармистердің ықпалына ұшырайды, ал Тәжікстанда елдегі саяси процестің тоқырауына байланысты бұл дискурс әлдеқайда тұрақты. Түркіменстан «Жаңа Жібек жолын» тек энергия ресурстарын жеткізу тұрғысынан қарастырады. Өзбекстан Ұлы Жібек жолы маршруттары бойынша сауда жасауда өзінің тарихи орнына басымдық береді.

Қазақстан «Жаңа Жібек жолының» мүмкіндіктерін неғұрлым белсенді пайдаланады және алдымен шеткері аудандарын дамытуға бағыттайды. Қазақстанның мүддесі Қытай тарапымен сәйкес келеді және Қазақстанның солтүстігіндегі облыстардың әкімдіктері арасында БЖИ-дің көлік-логистикалық дәліздері үшін бәсеке орнаған[198, 23 б.].

Қазақстанның мысалына қарайтын болсақ, «Нұрлы жол» мен БЖИ-ді ұштастыру дегеніміз Қазақстанның саяси және іскер топтарының Қытай нәтижелерімен ұштасуын білдіреді. Қазақстандық истеблишмент Қытай демеушілік жасайтын инфрақұрылым және көлік-логистикалық жобалар есебінен билік пен қоғам арасындағы вертикальді қатынастарды консервациялауға және консолидация жасауға мүдделі болып отыр. Қытайлық іскерлік және инвестициялық белсенділік есебінен Қазақстанның ресурстық базасын ұлғайту, атап айтқанда жұмыс орындарын құру, инфрақұрылымды жақсарту, агроөнеркәсіпті Қытай нарығына шығару ұмтылысы байқалады[96, 80 б.].

«Белдеу мен жол» инициативасында Қазақстанға айтарлықтай транзиттік пайда әкелетін бірлескен көліктік-логистикалық жобалар ерекше орын алады. Жоғарыда көрсетілгендей, «Қытай-Еуропа-Қытай» және «Қытай – ОА – Қытай» бағыттары бойынша көліктік-логистикалық маршруттар құрылды. Екіжақты ынтымақтастықтың Ляньюньган теңіз портындағы логистикалық терминалы және «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА базасындағы «Құрғақ порт» болды. «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізінің қазақстандық учаскесінің құрылысы аяқталды. 2020 жылы ҚР арқылы жүк транзиті 2017 жылмен салыстырғанда 10 есеге өсіп, 2 млн. контейнерді құрайды, ал ҚР транзиттен түсетін кірісі 5 млрд АҚШ долларына дейін өседі деген болжам жасалды[72].

Қазақстанды Қытаймен темір жолы арқылы байланыстыратын «Қорғас» құрғақ порты – БЖИ-дің ОА-ға әкелетін артықшылықтарының бір үлгісі. Сауданың 90%-дан астамы теңіз арқылы және 5%-дан төмен бөлігі теміржол арқылы жүзеге асырылатын «Қорғас» Қазақстан үшін Қытай мен Еуропа арасындағы жүк тасымалының уақытын екі есе қысқартуға мүмкіндік

беретін сауда дәлізі. «PwC» орталығы 2025 жылға қарай Қытайдан Еуропаға теміржол арқылы тасымалданатын жүктердің үлесі кем дегенде екі есе артып, 10%-ға дейін өседі деп күтеді. «Самұрық-Қазына» қорының бағалауынша, «Қорғас» арқылы тасымалдың өсуі алдағы онжылдықта Қазақстан экономикасының жыл сайынғы шамамен 0,2% өсіміне ықпал етеді. Қазақстан мен Қытай арасындағы «Қорғас» арқылы өтетін теміржол 2012 жылдың аяғында, яғни БЖИ ресми басталмай тұрып салынған болса да, Қытайдың бастамасы Қазақстанның географиялық мәртебесін пайдалануға жол ашты[57, 61 б.].

Қытай үшін негізгі басымдық – Қытайды Еуропамен байланыстыратын Шығыс-Батыс дәлізі бойындағы инфрақұрылым. Ресей үшін Солтүстік-Оңтүстік меридиан траекторияларын дамытқан маңызды болып саналады. Ресейлік сарапшылар Қытай Ресейді айналып өту арқылы тасымалдау бағыттарын әртараптандырып жатыр деп алаңдады. Бірақ БЖИ-дың алты экономикалық дәлізінің екеуі, соның ішінде Еуразия құрлық көпірі мен Қытай-Моңғолия-Ресей дәлізі Ресей арқылы өтетінін ескеру қажет[57, 59 б.]. Ресейдің БЖИ-ге деген ұстанымы өзінің аймақтағы болашақ конфигурация және осы аумаққа Батыстың қол сұғуын болдырмау құралы ретінде қарастырылады. Кейбір ОА елдеріне қарағанда Ресей БЖИ-дан айтарлықтай экономикалық пайда көрмейді, бірақ қазіргі геосаяси статус-квода Ресей БЖИ және ЕЭО түйістіру жолын табуға тырысады. Ресей үшін БЖИ Батыс пен АҚШ-қа қарсы тұруда Қытайдың қолдауын алу тәсілі ретінде саналады.

Пекин университеті зерттеу тобының 94 елдің жалпы даму деңгейін өлшейтін «Белдеу мен жолдың» 2018 жылғы бес байланыс индексі туралы» есебіне сәйкес, барлығы он бір мемлекет ынтымақтастықтың ең жоғары деңгейіне жеткен: Ресей, Сингапур, Малайзия, Қазақстан, Германия, Таиланд, Ұлыбритания, Моңғолия, Жаңа Зеландия, Австралия және Индонезия. Ал, Ресей, Сингапур және Малайзия бірнеше жыл бойы үздік үштікте келе жатыр. БЖИ-дің жарияланған жері ретінде Қазақстан мен Индонезия тұрақты ынтымақтастық орнатқан. Өлшеу нәтижелеріне сүйене отырып, зерттеу тобы Қытай мен 94 мемлекет арасындағы бес байланысты түрлі деңгей бойынша жіктейді[287]. Жалпы алғанда, бұл елдердің Қытаймен байланысының орташа баллы 55,25-ті құрап, «жақсы ынтымақтастық» деңгейіне жетті.

Кесте 3. Байланыстың бес категориясы тұрғысынан БЖИ елдерінің рейтингтері мен бағалары(автордың қысқартқан нұсқасы)

Категория	Рейтинг	Мемлекет	Саяси үйлестіру	Инфрақұрылым қосылуы	Кедергісіз сауда	Қаржылай интеграция	Адами байланыс	Жалпы ұпайы
Кедергісіз байланыс орнатқан мемлекет	1	Ресей	18.07	18.52	15.47	16.11	18.07	86.24
	2	Сингапур	13.18	11.72	19.83	18.86	16.33	79.94
	3	Малайзия	12.02	11.57	18.40	16.28	16.31	74.59
	4	Қазақстан	17.00	12.42	15.78	15.31	14.00	74.52

	5	Германия	11.09	14.16	17.50	13.41	18.24	74.40
	6	Тайланд	13.74	10.30	14.57	16.63	18.31	73.56
Өзара байланысты мемлекет	12	Камбоджа	17.97	8.62	14.32	13.39	14.73	69.04
	13	Пәкістан	16.92	8.61	13.35	15.36	14.69	68.93
	14	Венгрия	16.55	10.60	12.69	15.47	13.20	68.51
	15	Нидерланд	10.41	13.36	16.75	12.16	15.71	68.39
	16	Вьетнам	12.88	10.38	14.60	13.18	17.17	68.21
	17	Польша	16.01	13.09	13.61	11.68	13.67	68.05
	18	Түркия	12.32	12.79	12.75	15.63	14.24	67.75
Жақсы кооперация орнатқан мемлекет	43	Өзбекстан	14.92	10.10	10.99	10.06	10.61	56.69
	44	Қырғызстан	15.04	8.05	11.83	9.65	11.77	56.35
	45	Дания	9.64	9.93	13.77	7.87	14.72	55.92
	46	Аустрия	12.63	9.87	12.59	6.79	14.02	55.90
	47	Тәжікстан	12.23	8.04	11.11	14.54	9.95	55.86
Кооперация мүмкіндігі бар мемлекет	70	Иордания	7.48	8.83	14.26	5.72	11.76	48.05
	71	Түркіменстан	11.97	10.88	10.30	5.07	9.78	48.00
	74	Кипр	8.19	8.92	11.94	10.02	8.38	47.44
	75	Әзербайжан	9.17	10.19	10.90	6.47	10.45	47.18
Ынтымақтастығы әлсіз мемлекет	91	Сирия	5.99	7.14	7.54	3.45	10.75	34.87
	92	Йемен	4.80	7.14	10.67	3.84	8.34	34.78
	93	Палестина	4.80	7.42	6.20	4.15	9.23	31.79
	94	Кук аралдары	5.44	5.81	5.66	4.91	4.09	25.90

ҚХР-дың ОА-ға қатысты саясатында келесідей бірнеше тенденция байқалады:

Аймақтағы және әлемдегі жетекші мемлекеттер және олардың диалог алаңдарымен салыстырғанда (АҚШ, Индия, РФ, Жапония, Еуропа Одағы) ҚХР ОА-дағы сауда-экономикалық, инфрақұрылымдық және мәден-гуманитарлық салада маңызды жобаларды белсенді ұсынып келеді. Қытай кең мультипликативті әсер ететін жаңа идеялар мен жобалар арқылы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделі екенін көрсетеді. Бейжің гуманитарлық-медициналық көмекті өзінің сыртқы саяси мүддесінің тиімді құралына айналдырып, шетелдік көмектің түрлеріне тәуелді болып келетін және Қытайды қолдайтын саяси және экономикалық клиентураны құруға тырысты[124, 80 б.].

COVID-19 пандемиясы кезеңіндегі ҚХР мен АҚШ-тың ақпараттық соғысы ушығуы, БЖИ аясында қытайлық инвестиция мен экономикалық

көмекке тәуелділіктің артуы Қытайдың ОА-да имиджіне әсер етті. Соңғы онжылдықтағы ШҰАА-дағы ұлттық және діни саясатқа қарсы ОА елдерінде зерттеу материалдары, адам құқығын қорғау ұйымдарының белсенділігі артты. COVID-19 қазақстандық мұнайдың Қытайға экспортын қысқартып қана қоймай, көптеген инфрақұрылымдық жобаларды тоқтатты. 2021 жылы Қазақстандағы студенттер арасында өткен сауалнамаға 186 респондент қатысты. Оның деректері Қытайдың қазақстандықтар арасындағы имиджінің өзгергенін және COVID-19 ОА-да Қытайға деген көзқарасты өзгерткенін көрсетеді[71]. Қытай Қырғызстанмен байланыста ашықтықтың жоқтығы және сыбайлас жемқорлықтың таралуы, сонымен қоса ауқымды жобалардың жоқтығы үшін де сынға ұшырайды[288].

ОА өңірінде ішкі проблемалардың болуы және оның шиеленісуі ҚХР-дың мәдени-гуманитарлық саясатын позитивті қабылдауға және оны табысты іске асыруға кедергі келтіреді. Сун Чжуанчжидің пікірінше, ОА елдері дамушы болғандықтан, олар көптеген ішкі экономикалық және әлеуметтік қиыншылықтарға тап болуда[163]. ОА елдеріндегі саяси жүйені нығайту, ұлт құрылысы және аймақтық бірегейлік мәселелері бейресми саяси күштер, аймақаралық және діни факторлардың себебінен түрлі қиындықтарға тап болады. ОА елдері арасында аймақтық тұрақтылыққа әсер ететін жағымсыз факторлар әлі де бар (шекараларды бөлу, су ресурстарының қауіпсіздігі, этникалық топтардың қатынастары).

ОА-дағы геосаяси және экономикалық, қауіпсіздік ахуалы аймақтағы ішкі процестерден бөлек, көп жағдайда РФ, АҚШ, ҚХР сынды ірі ойыншылардың ұстанымдарына тікелей байланысты. Қытай қазіргі кезеңдегі АҚШ-тың негізгі экономикалық және технологиялық бәсекелесі ретінде «адамзат тағдырының ортақтығы», «қытайлық ерекшеліктегі үлкен мемлекеттің дипломатиясы» және т.б. жалпы тұжырымдалған бірқатар қағидаттарды ұсынды[118, 253 б.]. Жаңа жағдайда көршілес елдер деңгейіндегі қытай-американ қатынастарының геосаяси және әскери-стратегиялық өлшемдері әлдеқайда маңызды бола түсті.

ОА – әрқашан сыртқы ойыншылардың арасында балансты сақтауға тырысатын аймақ. Қазіргі уақытта онымен байланыстың түрлі форматтары орнаған: АҚШ-тың «С5+1», Еуроодақтың ОА-ға қатысты стратегиясы, Индияның ОА-ны біріктіру саясаты, Жапония + ОА диалогы, Оңтүстік Кореяның «Еуразиялық инициативасы», Түрік кеңесі және т.б. АҚШ биылғы жылы ОА-ға қатысты жаңа стратегиясын жариялап, аймақтағы белсенділігін дипломатиялық қадамдарымен нығайтып жатыр. Еуропалық Одақ ОА елдерінің басты инвесторларының бірі болғанымен, баланс біртіндеп Қытайға қарай ауып барады[133].

АҚШ ОА-дағы Ресей Федерациясы мен Қытай Халық Республикасының ықпалын теңгерімді қылуда, аймақтық қауіпсіздікті сақтауда маңызды мемлекет болып саналады. АҚШ БЖИ-ге деген көзқарасын қайта қарап, Азияның өсуіне ықпал ететін, бірақ АҚШ-тың

өмірлік мүдделерін қорғайтын жаңа бағытты белгілейді. Вашингтонның БЖИ-ге деген көзқарасы АҚШ-Қытай қатынастарындағы келіспеушіліктер мен шиеленістерге әсер ететіні сөзсіз. БЖИ Қытайға АҚШ-тың күші мен ықпалына соғыссыз нұқсан келтірудің прагматикалық әдісін ұсынады[101, 113 б.].

Ресей Федерациясы БЖИ-ді негізінен өзінің «Үлкен Еуразия» ұстанымын ілгерілету және ЕЭО-да күш біріктіру, экономикалық интеграцияның жолы ретінде қарастырады. Қытай ЕЭО-ны аймақтық ынтымақтастыққа кедергі келтіретін жасанды институт ретінде қарастырды. Алайда, АҚШ-тың 2017 жылдың соңында Ресей мен Қытайды стратегиялық бәсекелестер және ревизионистік держава ретінде көрсетуі екі елдің Еуразия кеңістігінде бірлесуіне серпін берді. 2019 жылы екіжақты ынтымақтастық кедендік байланыс, сауданы жеңілдету, зияткерлік меншік құқығы, мемлекеттік сатып алу сияқты 13 тарауды қамтыды[57].

ҚХР-мен қарым-қатынаста Ресей мен Қазақстан транзиттік жағдайға, аумағы мен табиғи ресурстарына байланысты ОА-да негізгі ойыншылар болып саналады[123]. 2014-2017 жылдары Ресей мен Қазақстан ғалымдары жариялаған материалдардың басым бөлігі БЖИ-ға қатысты комплиментарлық сипатта және Астананың ресми риторикасына сәйкес келеді. Сарапшылардың жұмысында негізгі орын «Нұрлы жолды» ЖЖЭБ-мен «ұштастыруға» көбірек көңіл бөлінген. Қазақстандық дискурста БЖИ көлік-логистикалық жоба ретінде қаралады, ал ресейлік сарапшылар геосаяси сюжеттерге басымдық береді. ҚХР-мен кооперация жасаудың форматы бойынша Мәскеу мен Астананың көзқарасында қарама-қайшылық та бар[128]. Астана ресейлік серіктестердің реакциясынан тартынбай Бейжіңмен ынтымақтастықты дамыта алатын тұжырымдамалық негіз құрды.

ҚХР ішкі проблемаларды, Тайвань дағдарысы мен батыс аймақтарының проблемасын шешуге қайта бағдарланған жағдайда, Ресейдің державалық ұстанымын қайта жандандырып, ОА алаңындағы геосаяси бәсекені күшейту қаупі де бар. Ресей-Украина қақтығысы еуразиялық кеңістіктегі халықаралық тәртіптің даму динамикасын айтарлықтай өзгертті, сондықтан өңір елдерінің сыртқы саяси принциптерін немесе басымдықтарын түзетуге назар аудару қажет. Ресейдің қауіпсіздік саласындағы ықпалы жоғалып кетпейтіні анық[288].

Кеңістік тұрғысынан ОА Қытай инициативасының «өзегі» және БЖИ-дің жүзеге асуы Қытайдың осы аймақтағы ықпалын нығайтады. Қытай жобалары Бейжің басқаратын аймақтық, саяси, экономикалық және қаржылық интеграцияның жан-жақты көрінісі және қазіргі әлемдік ЖІӨ-нің жартысын қамтитын желі. Қытай осы кең аймаққа басып кірген сайын, оның экономикалық және стратегиялық ландшафтына ықпал етеді[54]. БЖИ арқылы орындалатын міндеттерге құрлықтағы айналасын қорғау, энергетикалық қауіпсіздік, саяси ықпалды кеңейту және стратегиялық экспансия да кіреді. Қытай ғалымы Билян Худың пікірінше, бүгінгі таңда

БЖИ-дың базалық институционалдық негізі және бірнеше инфрақұрылымдық жобалар іске қосылды; бірлескен даму аймақтары және BRI инфрақұрылымының үздіксіз дамуын қамтамасыз ету жүйесі құрылды. Бастаманың болашағы зор болуы ықтимал; дегенмен, инвесторлар үшін де, инвестиция алушылар үшін де қарыздық сын-қатерді тиімді басқару инвестициялардың мұқият техникалық-экономикалық негіздемесін қажет етеді[161, 9 б.].

Қытай ғалымдары соңғы жылдары БЖИ-дің орындалуы бойынша көптеген сыни сұрақтарды алға қойып келеді. Бұндай пікірталастар Қытайдың инфрақұрылымды дамыту, сауда келісімдері, кедендік рәсімдерді жеңілдету және мәдени алмасу арқылы елдерді байланыстыратын халықаралық ынтымақтастық платформасы мақсатына неғұрлым айқын жауап беретін «жұмсақ» БЖИ-ге айналдыруы да ықтимал. 2019 жылдан бастап Қытай басқаратын БЖИ несиелерінің көлемі төмендеді. БЖИ енді жобалық қаржыландыруды, сын-қатерді азайту құралдарын және жасыл қаржыландыру арқылы «жоғары сапалы инвестицияға» көбірек назар аударады[155]. Қытайдың BRI жобаларын көпжақты даму банктерімен бірлесіп қаржыландыруға деген қызығушылығы артады. Көпжақты даму банктері ашық сауда мен қатаң басқару стандартын талап ететіндіктен БЖИ-дің көпжақты болуына түрткі болады[156].

Алдын-ала болжам бойынша, БЖИ 2040 жылға қарай әлемдік ЖІӨ-ні жылына 7,1 триллион долларға арттыруы мүмкін. Бұл әлемдік ЖІӨ-ні 2040 жылы ықтимал ЖІӨ-нің 4,2%-ға (немесе 2019 жылғы ЖІӨ-нің 8,3%-ына) арттырады. 2040 жылы жобаның нәтижесінде 56 елдің жылдық ЖІӨ 10 миллиард доллардан аса өседі деп болжанады. 2040 жылға қарай әлемнің ең ірі экономикасы болатын және әлемдік экономиканың кез келген серпілісінен пайда көретін Қытайдан басқа, БЖИ-дің ең үлкен бенефициары АҚШ жобаға тікелей қатыспауы мүмкін. БЖИ-дің ең үлкен ықпалы Ресейде, одан кейін Жапония, Индонезия, Корея, Ұлыбритания, Үндістан және Нидерландыда болады.

Зерттеуге сәйкес, БЖИ ең көп әртараптандыратын аймақ ОА мен Ресей болуы мүмкін, онда 2040 жылы ЖІӨ 18%-ға жоғары болуы ықтимал. Ең үлкен пропорционалды әсер Моңғолия, Қырғыз Республикасы және Ресейде болады деп болжанады. Зерттеу сонымен қатар әлемдік экономиканың баяулауы немесе техникалық қиындықтарға сәйкес БЖИ кешіктірілсе, оның беретін әсерін қарастырады. Егер шығындар 1 триллион АҚШ долларға қысқартылса, әлемдік ЖІӨ 0,5%-ға азаяды. Ең көп зардап шегетін аймақ ЖІӨ 5,9%-ға төмендейтін ОА болады[58]. БЖИ-ға қатысушы елдер мен аймақтардың көпшілігінің жағдайы күрделі болып қалады деген болжам бар[55].

БЖИ тақырыбында өткізілген сценарий әдістері (future studies) негізінде алдағы болашаққа келесідей тұжырымдар жасалған: 1) БЖИ-дің Азиядағы жаһандану деңгейі әлсіз, тек екіжақты келісімшарттары бар, қарыз



тәуекелі жоғары және тұрақтылығы төмен 2) саяси жаһандануы жоғары және көпжақты институттары бар, бірақ экономикалық жаһандануы әлсіз; қарыз тәуекелі орташа және тұрақтылық деңгейі төмен 3) БЖИ экономикалық байланысы жоғары өсімге тән, бірақ көпжақты институттары әлсіз; сондықтан екіжақты қаржыландырылады және экологиялық тұрақтылығы орташа. 4) БЖИ экономикалық және саяси жаһандану дәрежесі жоғары дамыған әлемді білдіреді; көпжақты келісімшарттары негізінен дәйекті инвестицияға толы, қарыз қаупі төмен және тұрақтылығы берік болады[281, 5 б.].

Қазіргі деректер нәтижесінде Қытай үлкен мемлекет ретінде ОА мемлекеттерінің сыртқы саясатындағы негізгі фактор болып табылады. Ол басқа державалардың ықпалын теңгерімді қылу арқылы оң рөл атқара алады, бұл ОА елдеріне тепе-теңдікті сақтауға және көпжақты дипломатия жүргізуге көмектеседі. Осылайша, ОА елдері Қытайдың маңызды сауда серіктесі, экспорт нарығы және көлік дәлізі болады. Қытайдың ОА-дағы ықпалы экономикалық факторға байланысты күшейеді деген қорытынды жасауға болады[162, 164 б.].

Р.Гилпин «Салыстырмалы қуаты артқан сайын, өсіп келе жатқан мемлекет (rising state) жүйені басқару ережелерін өзгертуге тырысады» дейді. Бейжің **жаһандық басқаруды қайта құруға** және қолданыстағы халықаралық жүйені өз құндылықтарын, мүдделерін және мәртебесін көрсететін қалыпқа өзгертуге ұмтылады[282, 491 б.]. Бұл ұмтылыс ОА аймағының призмасында көрініп отыратыны жоғарыдағы зерттеулердің нәтижесінен де ықтимал нұсқа ретінде байқалады. Тұтастай алғанда Қытайдың көпжақты институттарға қосылуы, жаңа институттардың бастамасы арқылы жаһанды басқару жүйесін қайта құру үшін мүдделі коалиция құру ұстанымы бар[180, 228 б.].

Қолданыстағы әдебиеттерді шолу және географиялық, әлеуметтік және саяси контекстті талдау негізінде бірнеше өзекті сұрақ туындайды:

- Жоспарланған немесе ұсынылған БЖИ жобаларының ашықтығын қамтамасыз ету қажет. Осылайша, қытайлық жоспарлаушылар/әзірлеушілер мен ОА елдерінің үкіметтері, жергілікті қауымдастықтар арасында байланыс арналарын қамтамасыз етуге болады.

- БЖИ-дің нақты мақсаты, стандарттары мен құқықтық нормалары жергілікті, мемлекеттік және трансұлттық деңгейде белгіленіп, көрсетілуі керек. БЖИ бойындағы дамушы елдер үшін пікірталас пен ынтымақтастық арқылы ашық, инклюзивті халықаралық платформаны дамыту маңызды. Дамушы елдер жаһанды басқару процесіне қатысқан жағдайда ең алдымен өзінің ұлттық және аймақтық мүддесін алға тарту керек.

ОА мемлекеттері Жібек жолы экономикалық белдеуінің алғашқы сатысы болғандықтан Қытай осы өңірдегі бірқатар инфрақұрылым жобаларына инвестиция салып отыр. Қытай бұл аймақтың қауіпсіздікті нығайтудағы маңызы зор екенін ескере отырып, жоғары деңгейдегі

келіссөздерге белсенді қатысады. БЖИ арқылы Қытай өз түсінігіндегі жаһанды басқару жүйесі шеңберіндегі аймақтық қауымдастық құруға ұмтылады. Қытай ОА аймағына өзінің даму моделін ұсына отырып, сондай-ақ ереже қабылдаушыдан шығарушыға айналу арқылы халықаралық алаңда әлдеқайда маңызды рөл атқаруға тырысады. Дегенмен, Қытай әлемдегі ықпал бөлінісін жаңадан құрғысы келгенімен, іс жүзіндегі халықаралық институттармен байланысын нығайтуға мәжбүр болады.

Бұл тарауда инициативаның ОА аймағындағы саяси-экономикалық конфигурацияға әкелетін ықпалына назар аударып, Қытайдың трансұлттық ықпалын зерттеудің кеңістіктегі перспективалары қарастырылды. Сонымен қатар аймақтық көпжақты ынтымақтастық, салыстырмалы регионализм сияқты теориялар негізінде БЖИ-ға қатысты саяси кеңістікте жалғасып жатқан реконфигурацияның өзекті мәселелері зерттелді. БЖИ тақырыбында өткізілген сценарий, болашақты зерттеу әдістері БЖИ-дің аймақтағы болжамды сипатын дайындауға мүмкіндік береді. ОА кеңістігіндегі өзгерістер Қытайдың жалпы және әсіресе БЖИ-ге қатысты өсіп келе жатқан жаһандық қуатының масштабын түсінуге мүмкіндік береді. БЖИ-ді концептуалды, құқықтық тұрғыдан анықтаудың қиындығына қарамастан, қолда бар деректің көмегімен және аймақтық экономикалық интеграция тұжырымдамаларымен салыстыра отырып талдау жасалды.

Орталық Азия – ҚХР үшін қауіпсіздік, сауда-экономикалық, көлік-логистикалық, геосаяси және геостратегиялық жағынан маңызды көпжақты ынтымақтастықтың аймағы деп тұжырымдаймыз. БЖИ жариялануымен бірге өңірлік интеграция мен көршілік дипломатия Қытайдың сыртқы саясатының басым бағытына айналды. ОА мемлекеттеріне қатысты Қытай дипломатиясының дәстүрлі екіжақты форматы «С5+1» сияқты көпжақты форматқа айналды, мұнда аймақ Қытай экономикасымен байланысты нарықтың тұтас конструкциясы ретінде қаралады. ОА елдері БЖИ-ді прагматикалық көзқараспен қабылдайды және аймақтағы дискурста Қытайдың қатысуымен болатын нақты жобалар көбірек талқыланады. COVID-19 пандемиясы кезеңіндегі ҚХР мен АҚШ-тың текетіресі, қытайлық инвестиция туралы ақпарат аймақтағы имиджіне әсер етті. Екіжақты байланыстағы ашықтық мәселесі, сыбайлас жемқорлық фактілері, ОА елдері арасындағы шекаралық қатынас, су ресурстарының қауіпсіздігі сияқты проблемалар тығыз ынтымақтастыққа барьер болуы ықтимал. Дегенмен, жетекші мемлекеттермен салыстырғанда ҚХР ОА-да маңызды жобаларды белсенді ұсынып келеді. Бейжің гуманитарлық-медициналық көмек арқылы өзін қолдайтын саяси-экономикалық клиентураны құруға тырысатынын түсінген жөн. Сондықтан көршілес дамушы елдердің арасында ҚХР бастамаларына қатысты ортақ позиция орнатып, өзара ықпалдастықты нығайтатын альтернативті идеяларды, ішкі нарративті халықаралық ұйым, диалог алаңдары аясында нығайтқан маңызды деп санаймыз.

### **3 «БЕЛДЕУ МЕН ЖОЛДЫ» ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙДЫҢ ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ**

#### **3.1 Қазақстан-Қытай жан-жақты стратегиялық әріптестігіндегі «Жібек жолының экономикалық белдеуі»**

1992 жылы ресми дипломатиялық байланыс орнатқаннан бастап Қазақстанның Қытаймен қарым-қатынасы қарқынды дамуда және сатылы түрде институционалданып келеді. Ал, 2013 жылы қыркүйекте Назарбаев университетінде «Жібек жолының экономикалық белдеуі» (ары қарай – ЖЖЭБ) халықаралық қауымдастық назарына ұсынылған соң, ҚР мен ҚХР екіжақты қарым-қатынасына тың импульс берді. Бүгінде БЖИ өзінің саяси, экономикалық және қаржылық ауқымымен дүниежүзіндегі бұрын-соңды жарияланған ең ірі және ОА-ның барлық елдеріне, әсіресе Қазақстанға ұзақмерзімді әсері бар жоба болып отыр. Си Цзиньпин бастамаларының ҚКП жарғысы мен ҚХР Конституциясына енгізілуі, «Денсаулықтың Жібек жолы», «Цифрлық Жібек жолының» да актуализациясы соны айғақтап отыр. Сондықтан Қытайдың Қазақстанға қатысты сыртқы саясатының трансформациясын, ҚХР-дың ҚР-дағы саяси-экономикалық ықпалы мен қабылдануын, БЖИ аясындағы инфрақұрылым, көлік-логистикалық және гуманитарлық жобалардың салдарын түсіну мен талдаудың маңызы үлкен. Бұл диссертация жұмысының басты ерекшелігі – қазақ-қытай қатынасының тарихи аспектілеріне, 1990-2000 жылдардағы саяси оқиғаларға тарихи шегініс жасалмайды. Ол кезеңдердің жетістіктері мен проблемаларына әлдеқашан ғылыми баға берілгендіктен, осы диссертацияда Қытайдың жаһандық саясаттағы орны мен амбициясы өзгеріп соңғы онжылдыққа басымдық беріледі.

Қытайдың ұзақмерзімді сыртқы саяси принциптері Си Цзиньпиннің 2013 жылғы 7 қыркүйектегі Назарбаев университетіндегі баяндамасында жарияланды. ҚХР Төрағасының баяндамасына сәйкес, ОА-ға қатысты ұстаным төмендегідей:

Біріншіден, ҚХР әр мемлекеттің таңдап алған жолына, ішкі және сыртқы саясатына құрметпен қарайды; ықпал аймағын құруды көздемейді.

Екіншіден, мемлекеттік егемендік, аумақтық тұтастық, ұлттық қауіпсіздікті өзара қолдау екіжақты негізде және ШЫҰ аясында нығаяды.

Үшіншіден, ұзақмерзімді экономикалық даму, гүлденген мемлекет құру, ұлттық өркендеу – ортақ мақсат. Прагматикалық ынтымақтастықты нығайтып, өзара мүддеге жауап беретін қауымдастық құру қажет.

Төртіншіден, ЕЭО мен ШЫҰ арқылы аймақтық ынтымақтастықты кеңейту қажет[40].

Қазақстан тарапы да халықаралық акторлардың мүддесі түйісіп жатқан аймақтың геосаяси және геоэкономикалық мән-маңызын жоғары қоя отырып, қабылданған «Қазақстан-2050» стратегиясында: «Біздің басымдықтарымыз

өзгермейді, көршілеріміз – Ресей, Қытай, ОА елдерімен, сондай-ақ АҚШ-пен, Еуропалық Одақпен, Азия елдерімен серіктестікті дамытамыз» - деп басым мемлекеттерді белгіледі[31, 103 б.]. Қазақстан Республикасының 2020-2030 жылдарға арналған сыртқы саясат тұжырымдамасында өңірлік және көпжақты дипломатия саласындағы басымдықтардың ішінде Ресей, Қытай мен АҚШ-қа және ОА елдерімен стратегиялық серіктестікке бірінші кезектегі басымдық берілген[289].

ҚР мен ҚХР арасындағы мемлекетаралық ресми дипломатиялық қатынас диссертация жұмысында қарастырылған 2013-2023 жылдар аралығында жаңа сапалы деңгейге көтерілді. БЖИ қос мемлекеттің нақты салалардағы ықпалдастығына импульс берді. Оған мемлекет басшылары мен Үкімет мүшелерінің екіжақты мемлекеттік, ресми және жұмыс сапарлары, бекітілген стратегиялық және үкіметаралық құжаттар, әр саладағы келісімшарттар мен ынтымақтастық меморандумдары, халықаралық ұйымдар арасындағы ықпалдастық дәлел бола алады. Көрсетілген кезеңде Қазақстан басшылары 8 рет ҚХР-ға арнайы іссапармен (4-мемлекеттік, 1-форумға қатысу, 1-ресми, 2-жұмыс сапарлары), ҚХР Төрағасы 3 рет (1-мемлекеттік, 2-ресми іссапар) Қазақстанға **әртүрлі дәрежедегі іссапармен** келген екен. Қазақстандағы ҚХР Төтенше және Өкілетті елшісінің соңғы жылдардағы ҚР Президенті, ҚР Премьер-министрі, Сыртқы істер министрімен кездесулерінің қарқыны, отандық БАҚ-тағы белсенділігі өзара байланыстағы мақсат-мүдденің нығайғанын көрсетіп отыр.

Кесте 4. 2013-2023 жж. аралығындағы ҚР мен ҚХР басшыларының өзара сапарлары(автор дайындаған)

№	Сапардың мәртебесі	Орны	Уақыты
1	ҚР Президенті Н.Назарбаевтың ҚХР-ға ресми сапары	Хайнань провинциясындағы Боао Азия форумы	2013 ж. 4-8 сәуір
2	ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің ҚР-ға мемлекеттік сапары	Астана-Алматы қалалары	2013 ж. 6-8 қыркүйек
3	ҚР Президенті Н.Назарбаевтың ҚХР-ға мемлекеттік сапары	Шанхай қаласындағы АӨСШК 4-ші саммитіне қатысуы	2014 ж. 19-21 мамыр
4	ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің ҚР-ға ресми сапары	Астана қаласы	2015 ж. 7 мамыр
5	ҚР Президенті Н.Назарбаевтың ҚХР-ға мемлекеттік сапары	ҚХР-дың жапон милитаристеріне қарсы соғыстағы жеңісінің 70 жылдығына арналған шеруді тамашалау	2015 ж. 30 тамыз – 3 қыркүйек

6	ҚР Президенті Н.Назарбаевтың ҚХР-ға жұмыс сапары	Чжэцзян провинциясының Ханчжоу қаласындағы G20 саммитіне қатысуы	2016 ж. 2-5 қыркүйек
7	ҚР Президенті Н.Назарбаевтың ҚХР-ға жұмыс сапары	Бейжің қаласындағы «Бір белдеу, бір жол» 1-ші халықаралық ынтымақтастық форумына қатысуы	2017 ж. 13-15 мамыр
8	ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің ҚР-ға ресми сапары	ШЫҰ Саммитіне және ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің ашылу салтанатына қатысуы	2017 ж. 7-8 маусым
9	ҚР Президенті Н.Назарбаевтың ҚХР-ға мемлекеттік сапары	Циндао қаласындағы ШЫҰ саммитіне қатысуы	2018 ж. 7-10 маусым
10	ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың ҚХР-ға сапары	«Бір белдеу, бір жол» II халықаралық ынтымақтастық форумына қатысуы,	2019 ж. 25-28 сәуір
11	ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың ҚХР-ға мемлекеттік сапары	Бейжің-Ханчжоу	2019 ж. 10-13 қыркүйек
12	ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың ҚХР-ға жұмыс сапары	XXIV қысқы Бейжіңдегі Олимпиада ойындарының ашылу салтанатына қатысуы	2022 ж. 4-5 ақпан
13	ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапары	Астана қаласы	2022 ж. 14 қыркүйек
14	ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың ҚХР-ға мемлекеттік сапары	Бейжің-Сиань, Қытай-Орталық Азия саммитіне қатысуы	2023 ж. 17-19 мамыр
15	ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың ҚХР-ға ресми сапары	Бейжің қаласындағы «Бір белдеу, бір жол» 3-ші халықаралық ынтымақтастық форумына қатысуы	2023 ж. 17-18 қазан

Аталған кезеңде екіжақты мемлекетаралық қатынастың ең маңызды стратегиялық құжаттары бекітілді. Қазақстан мен Қытайдың тату көршілік,

достық, стратегиялық қарым-қатынасының саяси-құқықтық іргетасын төмендегі құжаттар нығайтты:

- Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының жан-жақты стратегиялық әріптестікті одан әрі тереңдету туралы бірлескен декларациясы (Астана қаласы, 2013 жылғы 7 қыркүйек);

- Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы Мемлекеттері басшыларының жан-жақты стратегиялық серіктестіктің жаңа кезеңі туралы бірлескен декларациясы (Бейжің қаласы, 2015 жылғы 31 тамыз);

- Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының мәңгілік стратегиялық және жан-жақты серіктестікті дамыту туралы бірлескен мәлімдемесі (Бейжің қаласы, 2019 жылғы 11 қыркүйек).

2013-2019 жылдары ҚХР мен ҚР арасында **29 үкіметаралық келісімшартқа** қол қойылған. Оның ішінде су электр кешенін басқару; газ құбырын салу; төтенше жағдайлардың алдын алу; «Қорғас» ШЫХО қызметін реттеу; мәдени-гуманитарлық байланыс; индустриализация және инвестиция саласындағы іскерлік виза рәсімдеу; суперкомпьютерді ұсыну жобасы; киноөндіріс саласы; әскери-техникалық ынтымақтастық; азаматтық әуе кемелерін құтқару және т.б екіжақты келісімдерге қол қойылды. Осы кезеңде қос мемлекеттің байланысына **«мәңгілік стратегиялық және жан-жақты серіктестік»** деген сипаттама берілді. Бұл мемлекеттер арасындағы ресми түрде тату көрішілік, достық және серіктестік принциптерінің нығайғанын дәлелдейді. Саяси жоғары деңгейдегі байланыстың орнықтылығы инфрақұрылым жобаларына қажетті макроклиматты қалыптастырды. 2013 жылдан бастап сауда-экономикалық, көлік-логистикалық және инфрақұрылым дамуының күретаымыры ретінде БЖИ шықты.

Шет елдік ғалымдар БЖИ Қытай мен көршілес елдердің тұрақты дамуы үшін тиісті жағдайды қарастыратын бірқатар себептері бар дейді:

Біріншіден, елдің шығыс жағалауындағы өндіріс орталықтары ресурсқа бай батыс аудандарымен, Еуразия өңірімен байланыстыра отырып, Қытай жалпы аймақта прогреске жетуге тырысады[144].

Екіншіден, Бейжің БЖИ-ді қатысушы елдердің даму стратегияларымен, мәселен ЕЭО және «Нұрлы жол» бағдарламасын байланыстырып, мультимодальді көлік жүйесін құруды көздейді. Қазақстан үшін бұл – көлік-логистика маршрутын диверсификациялау және модернизациялау мүмкіндігі.

Үшіншіден, БЖИ ағымдағы қаржы дағдарысын азайту және еңсеру арқылы қазіргі сыртқы саудаға бағдарланған дамудан өзгеше жаңа әртараптандырылған экономикалық модельді енгізеді. Қытай артық қуат көзін пайдалануды және оны көрші елдерде іске асыруды көздейді[146].

Қытайтанушы А.Дәлелханның пікірінше, ҚХР ұсынып отырған БЖИ ең алдымен инфрақұрылымдық жоба. Қытай нарығы сыртқы қатынас жолдарын жетілдірмесе елдің үздіксіз дамуы тоқырауға ұшырайтынын қытайлық билік жақсы түсінеді. Қытаймен экономикалық ынтымақтастықты

одан әрі жетілдіру маңызды қадам. «Нұрлы жол» бағдарламасы елдің ішкі жол қатынастарын жетілдіре отырып, Қазақстанның транзиттік мүмкіндігін арттыруға бағытталған. Сарапшы Жібек жолы мен «Нұрлы жол» қытай-қазақ стратегиялық әріптестігінің өзегіне айналғанын айтады[111].

Осы тақырыпқа қатысты қазақстандық зерттеушілер мен сарапшылар көбінесе пікір мен сұхбат, интернет платформада қысқаша шолу жасайды; ОА-дағы БЖИ тақырыбына қатысты конференция жинақтарында материалдары шығады, бірақ ғылыми журналдар немесе монографияларда мақалалары жиі жарияланатын, осы тақырыпқа маманданған сарапшылар пулы толық қалыптаспаған[101-109]. БЖИ-дің Қазақстанға ықпалын бағалауға арналған толыққанды эмпирикалық зерттеулер соңғы жылдары шет елдік ұйымдардың қатысуымен шығып келеді. Жергілікті ғалымдар ортасында БЖИ институттары және оны ОА, Қазақстанда іске асырудың практикалық және теориялық жолдарын тереңірек зерттелуі қажет. Ресейлік зерттеушілер де ҚХР мен ОА арасындағы жобаларды кеңінен жариялау қажеттігін атап көрсетеді. Т.Умаровтың пікірінше, «Қазіргі Қытайды зерттеу қиындап келеді, өйткені Си Цзиньпин саясатының арқасында Қытай сыртқы әлемнен оқшаулануда. Қытайлық сарапшылардың өз пікірін білдіру еркіндігі шектелді. Ресей мен ОА-дағы қытайтану саласы әлі де эпизодтық деңгейде қалып отыр»[133].

2013 жылғы бірлескен декларацияда «Екі жақ ынтымақтастықтың сауда-экономикалық әлеуетін ашып, сауда көлемін 2015 жылға қарай 40 млрд. АҚШ долларына жеткізуге күш салады» деген мақсат қойылады. Стратегиялық құжатта қос тарап БҰҰ, ШЫҰ, АӨСШК шеңберінде жаһандық және өңірлік сын-қатерге бірлесе қарсы тұрып, ортақ мүддені қорғайтынын растады[23]. 2017, 2019 жылдары Бейжіңдегі форумдарда БЖИ аясындағы байланыс проблемасы мен перспективасы талқыланды. 2017 жылы Бейжіңде Н.Назарбаев бұл бастама жаңа геэкономикалық парадигма қалыптастыруға мүмкіндік беретінін айтты. Ол БЖИ-ға өңірлік кооперацияның жаңа моделі, «халықаралық ынтымақтастықтың тартымды формасы» деген сипаттама берді[290]. Қазақстанның БЖИ-ді іске асыру жөніндегі ұсыныстары:

- БЖИ бойында әкімшілік кедергіні жою, тауар ағынын жеңілдету.
- Жобаларды қаржыландыру, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, технология трансферті мен инновациялық компания құру.
- Жібек жолының ғылым академиясын құру, қоршаған ортаның, трансшекаралық өзендердің су ресурстарын тиімді басқару.

БЖИ екінші форумында Қазақстан тарапы ЖЖЭБ қазіргі геосаяси жағдайда табысты жоба екенін атап өтті. Саяси қарама-қайшылыққа, санкциялар мен сауда текетіресіне қарамастан, осы бастама аясындағы сауда көлемі артып, бүгінде 5 триллион АҚШ долларын құрап отыр. 2016 жылдан бастап «Нұрлы жол» бағдарламасын ЖЖЭБ-мен ұштастыру жоспары табысты іске асқаны қозғалды[291]. Қазақстан БЖИ жобаларын қабылдаушы

ғана емес, өз идеяларын да алға қойып келеді. Мәселен, Қазақстан БЖИ форумында **жаһандық ықпалдастықтың «үш диалогын»** ұсынды: 1) АҚШ, Ресей, Қытай және Еуропалық Одақ арасындағы диалог. 2) АӨСШК және ЕҚЫҰ әлеуетін біріктіру. 3) ЕЭО, ЕО, ШЫҰ және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері арасындағы экономикалық диалог. Мұндай форматтағы кооперация әлеуметтік-экономикалық өсімге серпін береді. Осындай идеялар арқылы Қазақстан да өзін халықаралық үрдістің бел ортасынан көргісі келді[292]. Яғни, Қазақстанның саяси истеблишменті Қытайдың инициативасын барынша қолдап, ел экономикасын диверсификациялау, транзиттік әлеуетті нығайту аспектілеріне ереше басымдық беріп отырды. Қазақстан Қытайдың бастамасын мақұлдап қана қоймай, өзінің аймақтық және жаһандық идеяларын орта салғанын көреміз. Дегенмен, осы аралықта Қытайдағы ішкі саяси өзгерістерге қарай сыртқы саяси стратегиясы трансформацияланып отырғанын байқаймыз.

Қытай Төрағасы екінші мерзімге қайта сайланған соң (2017 ж.) БЖИ ХІХ партия съезінде партия Жарғысына, ал Си Цзиньпин ойлары Конституцияға енгізілді. Дегенмен, алғашқы форумнан кейін Қытай мен АҚШ арасында сауда конфликтісі саяси сипатқа көшті. Қытай мен Индия арасында шекаралық қақтығыс орын алды. Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Азия елдеріндегі БЖИ-ға байланысты ұстаным, мемлекеттік қарыздар туралы ақпарат тарады. Осындай жағдайда Қазақстан прагматикалық ұстаныммен БЖИ жобаларын ел экономикасын диверсификациялау мен транзиттік потенциалын ары қарай ашуға пайдалана білді.

**2019 жылы 9-15 қыркүйекте** ҚР Президенті іссапармен ҚХР-ға барды. Қ.Тоқаевпен кездесуде Си Цзиньпин «Қытайдың ЖЖЭБ мен қазақстандық «Нұрлы жол» стратегиясын ұштастыруға, көлік-коммуникациялық байланысты нығайтуға, құрлық және теңіз тасымалы үшін Қытай-Қазақстан магистралін бірлесіп салуға, сондай-ақ гуманитарлық және өңіраралық байланыстарды нығайтуға шақырды[49]. Осы келіссөз нәтижесінде: мемлекет басшыларының бірлескен мәлімдемесі; ҚР мен ҚХР Үкіметтері арасындағы «Нұрлы жол» мен ЖЖЭБ құрылысын ұштастыру жөніндегі меморандум; суперкомпьютер беру жобасы, ауылшаруашылығы, карантиндік және ветеринарлық-санитарлық талаптар, зияткерлік меншік құқығын қорғау, кеден шекарасы арқылы тауар мен көлік құралдарын алып өту туралы келісім бекітілді[59]. Біздің пікірімізше, «Нұрлы жол» мен ЖЖЭБ түйістіру мәселесі екі мемлекеттің арасында көптеген саяси мәлімдемелер мен декларациялардың ішіндегі бағыт-бағдары, шекарасы белгіленген, байланыстың нақты тетігі мен практикалық көрінісі ретінде орнықты.

**2020 жылы** Қытайдың аймақтағы белсенділігі «вакцина дипломатиясы», халықаралық аренада «маска дипломатиясы» іске аса бастады. 2020 жылы 9 сәуірде Қытай үкіметі эпидемиямен күресу үшін Астанаға 10 медициналық сарапшылар тобын жіберді. Гуманитарлық көмекпен бірге шамамен 5,5 тонна дәрі, медициналық бұйымдар мен техника



жеткізілді[293]. Гуманитарлық көмек (VeroCell, HayatVax, SinoVac т.б қытайлық вакциналар) екі жақтан да бірнеше мәрте қайталанды. Жаһанға жайылған пандемияға қарамастан көршілес мемлекеттердің көпжақты қатынас форматы жалғасын тапты. **2020 жылы 16 шілдеде** «ОА – ҚХР» жоғары деңгейдегі платформасының алғашқы отырысы өтті. СІМ өкілдері пандемиямен күресте тығыз іс-қимыл жасау, оның теріс салдарын жою, экономиканы қайта қалыпқа келтіру мәселесін қозғады[294]. COVID-19 таралуы кезеңінде «жасыл дәлізді» ұйымдастыру, қаржы қызметі, электронды коммерция, фармацевтика бойынша кооперация қажет екені айтылды. Осы форматтың жалғасы ретінде **2022 жылғы 25 қаңтарда** Президент Қ.Тоқаев «Орталық Азия – Қытай» мемлекет басшыларының саммитіне қатысты. 30 жылдық саммитте Қазақстан тарапы «Қаңтар оқиғасынан» кейінгі сыртқы имиджін реабилитациялау, қатынасты жаңарту, инвестиция ағымын күшейту үшін өзара сенімді нығайтуды көздегені анық. ҚР Президентінің сөзінен бірнеше түйін жасауға болады:

1) Мемлекет бұл оқиғадан сабақ алып, мемлекеттік басқару, ұлттық қауіпсіздік және экономикалық саясатты реформалау бағытында жедел жұмыс жүргізеді. Шекарадағы өткел, кеден, көлеңкелі бизнес қатаң бақыланады.

2) Көлік-транзит бағыты, логистикаға 2025 жылға дейін 20 млрд доллар инвестиция салынады. Қазақстан үшін Қытай және басқа елден келетін транзит ағыны маңызды.

3) Қаңтар оқиғасы және Ауғанстандағы тұрақсыздық, терроризм қаупі сейілмеген уақытта қауіпсіздікке көңіл бөліп, АӨСШК-ні трансформациялау қажет.[295].

**2022 жылдың 4-5 ақпанында** ҚР Президенті Қ. Тоқаев Қытайға жұмыс сапарымен барып, ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөз жүргізді және Бейжіңдегі XXIV қысқы Олимпиада ойындарының ашылуына қатысты. ҚР Президенті өз сөзінде екіжақты ынтымақтастық мәңгі, жан-жақты және саяси конъюнктураға бағынышты емес екенін айтты. Қ.Тоқаев Си Цзиньпинді 2022 жылы қыркүйекте Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырды[296]. Осы аралықта **2022 жылы 7 маусымда** ҚХР Сыртқы істер министрі Ван И Қазақстанға ресми сапармен келіп кетті[297]. Қазақстанға мемлекеттік сапары қарсаңында ҚХР Төрағасы **2022 жылы 13 қыркүйекте** ақпарат құралдарында қазақ-қытай қарым-қатынасы туралы мақала жариялады. ҚХР Төрағасы қазіргі уақытта тату көршілік пен достық бағытын ұдайы ұстану; өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту; ортақ қауіпсіздікті берік қорғау; халықаралық аренадағы ынтымақтастықты нығайту қажет екенін айтады[298]. Осы аралықтағы ҚХР басшылығы, сыртқы саяси ведомствосы, ҚХР-дың Қазақстандағы Елшілігінің екіжақты саяси байланысты нығайтуға күш салғаны байқалады.

**2022 жылғы 14 қыркүйекте** ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді. Пандемиядан кейінгі Қытай көшбасшысының

алғашқы шет елге сапары қос ел қатынасының жаңа межесіндей бағаланды. Сапар аясында мемлекетаралық 10 құжатқа қол қойылды[299]. Құжаттар негізінен сауда, экономика, өзара байланыс, қаржы, суды пайдалану және БАҚ саласындағы ынтымақтастыққа қатысты.

ҚХР Төрағасының мемлекеттік сапары мазмұны мен геосаяси архитектураның келешегі тұрғысынан ерекше назар аударды. Си Цзиньпин жоғары технология, үлкен деректер, жасанды интеллект, цифрлық қаржы, трансшекаралық электрондық сауда саласындағы кооперацияны кеңейту мәселесіне басымдық берді[300]. Алайда оның «Біз Қазақстанның тәуелсіздігін, егемендігін және территориялық тұтастығын сақтауына қолдау көрсетеміз» деп өңірдің және іргелес жатқан Қазақстанның қауіпсіздігі қаншалықты маңызды екенін және ҚХР-дың да жауапкершілігі жоғары екенін көрсетіп берді. Ал Қазақстан тарапы мәңгілік жан-жақты стратегиялық әріптестікті алға тартып, БЖИ «адамзат қауымдастығының ортақ тағдырын» қалыптастырудың маңызды қозғалтқышына айналғанын айтты. Қазақстан ШЫҰ, АӨСШК, «ОА – ҚХР» шеңберінде іс-қимылды күшейтуге де басымдық береді. Тараптар осы мақсатта Сиань және Ақтөбе қалаларында бас консулдықтар ашу туралы уағдаласты. Бұл дипломатиялық байланысты бұрынғыдан да жан-жақты қылуға септігін тигізеді.

2022 жылы 23 қазанда ҚКП ОК Си Цзиньпинді үшінші мерзімге бас хатшы етіп қайта сайлап, 2023 жылдың басында ҚХР Төрағасы болған соң, шекаралық, өңіраралық ынтымақтастық қарқын алып келеді. **2023 жылы наурыз айында** Қазақстанға ҚХР ШҰАА партия хатшысы Ма Синжуй келіп, екі елдің шекара маңы ынтымақтастығының II Достық диалогы аясында 16 құжатқа қол қойылды. Жалпы құны \$565,4 млн болатын 6 өңіраралық, 5 өзара түсіністік туралы меморандум, 5 коммерциялық келісімшарт бекітілді. Атап айтқанда, Қазақстанның ШҰАА-мен шекаралас облыстарының (Абай, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Алматы), «Қорғас» ШЫХО қызметін үйлестіру, банктер арасындағы, медицина, өндірістік қуат, егіншілік пен өсімдік шаруашылығы институты, көлік, сауда-саттық, 50 мың тонна бидай импорты, электрондық коммерция қоймаларын салу жөніндегі келісімге қол қойылды[301]. Мемлекет басшысы 2023 жылдың мамыр айында Сианда өткен «Орталық Азия + Қытай» саммитіне, сондай-ақ ҚХР-ға мемлекеттік сапарымен барғанын ескерсек, биылғы жылы Қазақстан-Қытайдың саяси деңгейдегі, сауда-экономикалық ықпалдастығы жалғасын тауып келеді.

**Инвестициялық ынтымақтастық.** Қазақстан – ОА-ға Қытай инвестицияларын тарту бойынша жетекші ел. Қытай Қазақстандағы инвестициялардың жалпы көлемінің 4,7%-ын алып, Қазақстанның ең ірі инвесторларының бестігіне кіреді. China Global Investment Tracker мәліметі бойынша, Қазақстандағы БЖИ (2013-2020 жылдары) шеңберіндегі қытайлық инвестиция мен келісімшарттың жалпы сомасы 18,69 миллиард АҚШ долларын құрады[302]. Бұл соманың жартысынан көбі, яғни 9,53 млрд АҚШ доллары энергетика саласына бөлінді, ал 3,81 млрд АҚШ доллары көлік, 2,65

млрд АҚШ доллары химия және 1,91 млрд АҚШ доллары металлға инвестицияланды. ҚХР-дың Қазақстандағы мұнай өндірудегі үлесі шамамен 24% және газ өндірісіндегі үлесі 13% құрайтындықтан, Қазақстан (Түркіменстанмен бірге) болашақта ОА-дан Қытайға энергия тасымалдаушылардың экспорты бойынша маңызды серіктес болып қалады[59].

Қазақстан мен Қытай арасындағы индустриялық-инвестициялық ынтымақтастық бағдарламасы аясында \$ 24,5 млрд-қа 56 (бір деректерде 52) заманауи кәсіпорын салу жоспарлануда, бұл нысандардың көпшілігі 2023 жылға қарай аяқталады деп күтілуде[302]. Жобалар көлік және логистика, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы, энергетика, туризм салаларын қамтиды. «Қорғас» ХШҮО аумағында жалпы сомасы 110,37 млрд. теңгеге 29 инвестициялық жобаны іске асыру бойынша 24 инвестициялық компания қызметін жүзеге асырды. Қаржы мекемелері арасындағы байланыс «Астана» ХҚО базасында дамып келеді[303].

**Сауда байланысы.** ҚХР сияқты әлемдік ірі энергетикалық тұтынушы, екінші экономика мен ірі инвестордың пандемия кезінде оқшаулануы жаһандық экономиканы теңселтіп жібергені белгілі. Мемлекет шекараларының жабылып, халықаралық тасымал мен өндіріс орындарының тоқтатылуы БЖИ барлық бағыттарына әсер етті. Қытайдың жалпы экспорты 2020 жылдың қаңтар-ақпанында 2019 жылмен салыстырғанда 17,2%-ға төмендеді. Экспорттың бұлай төмендеуіне қаңтар-ақпандағы Қытай фабрикаларының жабылуы себеп болды[88, 25 б.].

2020 жылдың қаңтар-ақпан айларында Қазақстан-Қытай сауда айналымы 2 млрд АҚШ долларын құраған, оның 1,4 млрд АҚШ доллары – экспорт, ал 789,7 млн доллар – импорт болған. Екі елдің тауар айналымы негізінен Қытайдан келетін импорт көлемінен азайған. Мәселен, осы аралықта импорт көлемі 23,5 пайызға төмендеп кеткен [304]. Қытайдың ЖІӨ дамуы 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 6,8 пайызға төмендеген. Бұл соңғы онжылдықтағы Қытай экономикасының ең төменгі көрсеткіші болды.

Қазақстан-Қытай сауда-экономикалық байланысы аздаған дағдарыстан кейін тез қалпына келді. ҚР Сауда және интеграция министрлігінің мәліметінше, «Қазақстан мен Қытайдың сауда-экономикалық қатынастары серпінді және қарқынды сипатқа ие. 2020 жылы Қытаймен тауар айналымы 4% - ға өсіп, 15,4 млрд-ты құраған. Бұл ретте, Қытайға экспорт 9 млрд. АҚШ долларын, импорт – 6,4 млрд. АҚШ долларын құрады[302]. Пандемия кезіндегі кедергілерге қарамастан сауда-саттықта оң тенденция сақталып қалған. Бірақ, ҚХР мен ҚР кеден, сауда министрліктерінің деректерінде айырмашылық бар және ол әлі күнге дейін сақталып отыр.

Мәселен, Қытай кеден қызметінің дерегіне сәйкес, 2021 жылдың қаңтар-желтоқсан аралығында Қытай-Қазақстан тауар импорт-экспортының көлемі 25,25 млрд АҚШ долларға жетті[305]. Ал, ҚР ҚМ МКК мәліметі бойынша, 2021 жылы екіжақты сауда көлемі 18,2 млрд. (+15,2%) болған.

Қытай Қазақстанның ең ірі сыртқы сауда серіктестерінің біріне айналды, оның үлес салмағы 2021 жылы Қазақстанның жалпы тауар айналымында – 24,1%-ды құрады[306].

ҚХР Кеден басқармасының мәліметіне сәйкес, 2022 жылы екі елдің тауар айналымы рекордтық 31,2 млрд. АҚШ долларға жетті. Өзара сауданың өсімі жылдық көрсеткіште 23,6%. Мемлекет басшылары тауар айналымын 2030 жылға қарай 35 млрд. АҚШ долларға жеткізуді көздеген, қазіргі серпінмен бұл міндет ерте орындалуы ықтимал[307]. Қазақстан дерегі бойынша, 2022 жылғы өзара сауда 24 млрд. АҚШ долларға жетті. Қазақстандық өнімнің экспорты 3/1-ге өсіп, 13 млрд. АҚШ долларынан асты. Бүгінде Қазақстанда тау-кен металлургия кешені, өңдеу өнеркәсібі және басқа да стратегиялық салаларда қазақ-қытай 3300 бірлескен кәсіпорыны жұмыс істейді.

2022 жылдың мамыр айындағы жағдай бойынша Қытайдың БЖИ бойындағы елдермен тауар саудасының көлемі 11,8 трлн АҚШ долларынан, тікелей инвестиция көлемі 140 млрд АҚШ доллардан асқан. 1992 жылдан 2021 жылға дейін Қытай-Қазақстан саудасы 368 млн АҚШ долларынан 25,25 млрд АҚШ долларына дейін ұлғайып, 70 есеге жуық өсті. Жалпы, 30 жыл ішінде Қазақстан-Қытай өзара сауда көлемі 70 еседен аса өсті. Қазіргі уақытқа дейін Қытай БЖИ аясында 149 елмен және 32 халықаралық ұйыммен ынтымақтастық жөніндегі 200-ден астам құжатқа қол қойған[308].

**Транзит әлеуеті, жүк тасымалы.** Қазақстанның көлік-логистикалық инфрақұрылымы «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» және «Қазақстан-Түрікменстан-Иран» маршруттарының жұмысына қатысу, Ляньюньган портындағы бірлескен логистикалық терминалы, Ақтау мен Құрық порттары, «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА аумағындағы құрғақ порт арқылы дамып келеді. Қазақстан-Қытай арасында 5 тұрақты шекаралық пункт, 5 трансшекаралық мұнай және газ құбырлары, 2 шекара маңы теміржол желілері және халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығы жұмыс істейді. Ляньюньгандағы терминал Қазақстан өнімдерін Тынық мұхит аймағына шығаруға мүмкіндік береді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша ҚР мен ҚХР арасындағы темір жол жүк тасымалы 23% - ға (21,6 млн.тонна) және транзиттік тасымал 22% - ға (7,8 млн. тонна) артты», «Қытай – Еуропа – Қытай бағыты бойынша контейнерлік тасымал 55%-ға дейін өсті» деген дерек келтіреді[309]. Болжамға сәйкес, 2025 жылға қарай Қытай мен Қазақстан арасындағы теміржол көлігінің жүк айналымы 40 миллион тоннаға жетеді. Екі ел арасында тасымалдау көлемінің жыл сайын 30% - ға өсуі байқалады[310].

Екіжақты ықпалдастықтың даму қарқыны белгілі проблемалардың жоқ екендігін білдірмейді. COVID-19 кезеңіндегі дағдарыс ЖЖЭБ іске асыру, көлік және логистикадағы мәселелердің өзектілігін, көршілес елдің «бірлесіп пайда табу» емес, біржақты мүддені ұмытпайтынын айқындап берді. Порттарға, энергетика саласына және олармен байланысты басқа да

инфрақұрылымға инвестиция салған Қытайдың мемлекеттік компаниялары жұмысын жандандырғанымен, жеке компаниялар қиыншылықтарға тап болды[272]. Бұндай ахуал Қазақстанның экономикасына әсер етпей қойған жоқ. COVID-19 таралуы кезеңінде келесідей бірқатар тенденция байқалды:

- Қытайдың сыртқы саясаты мен дипломатиялық риторикасы белсенді және өткір сипатқа ауысты. БЖИ-ді трансформациялап, «вакцина дипломатиясын» тиімді іске асыра білді.

- ОА – ҚХР форматындағы ықпалдастық дамып, қауіпсіздік саласындағы ықпалын кеңейтті. ҚХР ішкі, батыс аудандарындағы қауіпсіздік шаралары мен карантин шектеулері сынға ұшырады.

- Сауда-экономикалық байланыста қатаң карантин енгізілді. ОА елдерімен арадағы шекарада мыңдаған контейнерлер мен жүк көліктері кедергіге тап болып, жобалар уақытша тоқтады[88].

Ресейге салынған экономикалық санкция, АҚШ-ҚХР сауда текетіресі, пандемия жағдайында БЖИ бойындағы қаржы, сауда, инфрақұрылымның дамуы қай тарапқа да тиімді екенін рас. Ал, «Ежелгі Жібек жолын жаңғыртып жатырмыз», «транзиттік әлеуетіміз тамаша», «шекара өткелдері автоматтандырылған», «мәңгілік стратегиялық әріптестік, түсініктік пен селбестік» деген түсініктер нақты саяси-экономикалық мүддеге келгенде қатаң сынаққа салынуы мүмкін екені айқындалды[186].

Оған нақты кейс ретінде 2020-2021 жылдардағы ҚХР-мен арадағы шекарадағы ахуалды қарастыруға болады. Қытайдың ШҰАР-ындағы қатаң карантин шараларға байланысты Қазақстан мен Қытай арасындағы, сондай Қытай-Еуропа транзиттік тасымалын тоқтатуға себеп болды. 2020 жылдың 15 қарашасынан бастап ҚХР тарапы азық-түлік өнімдерін, зығыр тұқымдары, майлы дақылдар, күнбағыс тұқымы, соя, бидай ұнын қабылдауды тоқтатқан. Карантин шараларынан 2020 жылы ҚР-ҚХР арасындағы «Қалжат – Дулаты» және «Майқапшағай – Зимұнай» өткізу пункттері жұмысын тоқтатқан. Негізгі себептің бірі – Шыңжаң тарапының жүк көліктерін дезинфекциялауы, көлікті қатаң бақылауы. 2020 жылдың соңында Достық-Алашанкоу, Алтынкөл-Хоргос шекара өткелдерінің Қазақстан жағында 16 мың жүк вагоны, қытай жағында 6 мың вагон жиналып қалған [311]. Осы мәселені шешу үшін Қазақстан тарапы қытайлық әріптестеріне «Қалжат – Дулаты», «Майқапшағай – Зимұнай» өткізу пункттерінің жұмысын қайта іске қосу, «Нұр-Жолы – Қорғаста» автокөлікті тәулікте өткізу санын 200-ге дейін ұлғайтуды ұсынды. Дегенмен, проблема Қазақстан Үкіметі, салалық министрлік, ҚТЖ компаниясы ресми хат жолдап, Үкімет басшыларының саяси деңгейдегі уағдаластықтарынан кейін ғана реттелді. Бұл шектеулер кезеңінде трансшекаралық байланыстағы «жасыл дәліздердің» жолға қойылмағанын және саяси мәселе себебінен сауда-экономикалық барьер қою ықтималдығын көрсетеді.

Жалпы алғанда эпидемияның алдын алу және шектеуге байланысты Қытай мен Қазақстан арасындағы байланыс 2020-2021 жылдары

қиыншылықтарға ұшырады. Бұл инвестициялар мен өндірістік қуат, көлік-логистикалық саланы қоса алғанда, екіжақты ынтымақтастыққа әсер етті. Алайда, эпидемияның алдын алу мен бақылау жұмысы қалыпқа келген соң, сауда-экономикалық қатынас қайтадан қарқын алды[309]. Екі ел Қытайдың ШҰАА және Қазақстанның Абай облысындағы Бақты өткелінде үшінші теміржол пунктін ашуды жоспарлады. Траншекаралық электрондық сауда, 5G байланыс, үлкен деректер, бұлтты есептеу сияқты жоғары технологиядағы ынтымақтастықты нығайтуға басымдық берілмек.

Дүниежүзілік банк зерттеуіне сәйкес, егер үкімет қосымша реформаларды жүзеге асырса Қазақстан «Белдеу және жолдан» келетін пайданы арттыру мүмкіндігі жоғары. Қазақстан экономикасы Орталық Азияда ең ірі және мемлекеттің орналасуы БЖИ үшін маңызды болып отыр. БЖИ-дің трансшекаралық көлік инфрақұрылымына ықпалы Қазақстанның ішкі-сыртқы байланысын нығайтуға оң әсер еткен. Инфрақұрылымды жетілдіру Қазақстан ЖІӨ шамамен 6,5 пайызға; сауданы жеңілдету және дәліздер бойындағы тарифтерді төмендету 15 пайыз қосады деп көрсетілген.

Қазақстан өз қарызының тұрақтылығын қамтамасыз етіп, бюджеттік институттарды нығайту арқылы БЖИ жобаларын оңтайлы инвестициялай алады. Физикалық инфрақұрылымды жетілдіру үшін аймақтық ынтымақтастықты күшейту қажет. COVID-19 пандемиясы жеткізу тізбегін үзгенімен, БЖИ Қазақстан сияқты елдер үшін даму стратегиясының негізгі құрамдас бөлігі болып қала береді. Бұл елдер көлік тізбегінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, қарыз мәселесіне көбірек мән беру, сауда процедурасын жеңілдетуге күш салуы қажет[312].

БЖИ іске асыратын жобалардың ашықтығы мен жергілікті тұрғындардың қабылдауында да проблема жоқ емес. Қытай экономикасы тұрақты түрде жаһандық өсімді ынталандырғандықтан, инфрақұрылымға инвестициялардың жетіспеуі ОА аймағына да қауіп төндіруі мүмкін[313]. БЖИ-ға негізінен соңғы бірнеше онжылдықта экономикалық өсімге, атап айтқанда, ЖІӨ-нің ұлғаюына басымдық берген дамушы мемлекеттер жұмылдырылған. Алайда мұндай ұстаным инклюзивті даму проблемасын шешкен жоқ. Соңғы уақытта Қазақстанда Қытайға қарсы көзқарас күшейіп, 2016 жылы Қытай азаматтарының жерді жалға алуына қарсы ауқымды наразылық шерулері болып өтті; әлеуметтік желілерде де Қытайға қарсы пікірлер, Қазақстандағы қытайлық компаниялардың қызметі туралы көзқарас та айтылады. «Ауылшаруашылық жерлерін шетелдіктерге сатуға» қарсы үлкен наразылықтан кейін, бұл өзгертулерді 2021 жылға дейін кейінге қалдыруға мәжбүр етті.

Қытай бастамаларына қазақстандықтардың бүгінгі көзқарасын бағалау мақсатында 2023 жылдың маусым-қыркүйек айларында Қазақстандағы ЖОО білім алушылары (студент, магистрант, PhD) мен оқытушылары арасында онлайн сауалнама өткізілді. Ең алдымен сұрақтардың легі БЖИ туралы түсінік, оның жалпылама қабылдануы, аймақтық және әлемдік

масштаптағы ықпалы туралы болды. ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин 2013 жылғы Қазақстанға сапарында жариялаған «Белдеу мен жол» туралы ақпаратты жергілікті тұрғындардың білу деңгейі туралы сұрағанда респонденттердің 51%-ы оны «бағдарлама», 54%-ы «инициатива» деп есептейтінін айтқан. Одан кейінгі орында «стратегия» (34%) және «жоспар» (17%), идеологиялық құрал (15%) деген жауаптар тұр. Яғни, азаматтардың осы тобының ортасында «Белдеу мен жол» инициативасы, Қазақстан арқылы өтетін тармағы – «Жібек жолының экономикалық белдеуі», оның формасы туралы жалпы түсінік бар. Қатысқандардың 4%-ы ғана «жауап беруге қиналатынын» айтқан.

1. «Белдеу мен жол» дегеніміз ҚХР басшылығы ұсынған \_\_\_\_\_ (бірнеше жауап) Инициированная руководством КНР «Пояс и путь» это \_\_\_\_\_ (несколько ответов)  
100 ответов




Диаграмма 1. Қазақстандықтардың ҚХР басшылығы ұсынған «Белдеу мен жол» ұғымын қабылдау формасы

Азаматтардың жалпы инициативаның бар екенінен хабардар болуымен қатар, оған қандай баға беретіні де зерттеуші үшін қызығушылық тудырады. «Жалпы, Қытай ұсынған «Белдеу мен жолға» қандай баға бересіз» деген сауалға қатысқандардың 63%-ы «оң баға беретінін», 2%-ы «теріс баға беретінін», ал 35%-ы «жауап беруге қиналатынын» көрсетті. Қатысушылардың басым көпшілігі бастамаға оң баға бергенімен, едәуір бөлігінде әлі де анық позициясы қалыптаспағанын аңғаруға болады. (Диаграмма 2)

2. Жалпы Қытай ұсынған «Белдеу мен жолға» қандай баға бересіз? (бір жауап) Как вы в целом оцениваете «Пояс и путь» Китая? (один ответ)

100 ответов




Диаграмма 2. Қазақстандықтардың «Белдеу мен жол» инициативасын бағалау деңгейі

Оң және теріс баға бергендердің пікірін ары қарай тереңінен талдау үшін «Қытай тарапын «Белдеу мен жолды» ұсынуға не итермеледі деп ойлайсыз» деген сұрақ қойылды. Бірнеше жауапты таңдау мүмкіндігі ішінен, 50%-ы Қытайдың «өндірістік қуатын арттыру, сыртқы сауда-экономикалық байланыстарын кеңейту», тағы да 50%-ы «Жібек жолы бойындағы елдермен ынтымақтастықты нығайту» деп жауап берген. Жауап қайтарғандардың ішінде аз бөлігін құраған, бірақ қатысушылардың маңызды деген жеке өз ойлары да назар аудартады. Оның ішінде ҚХР бастамасы «Еуропаға құрлық арқылы қысқа уақытта тауар жеткізу, әрі сыртқы экономикалық байланыстарды нығайту, Орталық Азия елдеріне ықпал жасау», «Қытай үлгісіндегі жаһандандудың алғашқы қадамы», «Өз жақтастарының одағын құру», «Өз ықпалын жұмсақ түрде кеңейту» деп баға бергендер де болды. Яғни, респонденттер Қытайдың бірінші кезекте өндіріс қуаты мен сауда-экономикалық байланысқа, Жібек жолы бойындағы елдермен ынтымақтастыққа басымдық беретінін көрсеткен. Дегенмен, көрші елдің аймаққа және әлемге ықпал ету тетіктерін де көздеп отырғанын меңзейді. Тұтастай алғанда «Белдеу мен жолдың» сыртқы ықпалын қалай бағалайтыны туралы респонденттер «халықаралық саясатқа белгілі бір деңгейде әсер етеді» (57%), «халықаралық саясатқа айтарлықтай әсер етеді» (32%) деп жауап қайтарған. Үштен бір бөлігі инициативаның ықпалы үлкен екеніне сенімді болса, алпыс пайызға жуығы оның шектеулі, белгілі бір деңгейде әсер ететінін айтады.



4. «Белдеу мен жолдың» сыртқы ықпалын қалай бағалайсыз? (бір жауап) Как вы оцениваете потенциальное внешнее влияние «Пояса и пути»? (один ответ)

100 ответов



Диаграмма 3. Жергілікті тұрғындардың «Белдеу мен жолдың» сыртқы ықпалын бағалау көрсеткіші.

Сұрақтардың келесі блогы «Белдеу мен жолдың» нақты Қазақстанға қатысты ықпалының тиімді тұстары және оның сын-қатеріне байланысты болды. Мәселен, сауалнамаға қатысқандардың 72 %-ы БЖИ құрлысы Қазақстанға «жалпы оң ықпал етеді» деп есептейді, ал 22 %-ы «нақты ешқандай әсер етпейді», 6 %-ы «жалпы теріс ықпал етеді» деп санайды.

Оң және теріс ықпалын талдау барысында респонденттердің 61%-ы Қазақстанның БЖИ-ге қатысуы «инфрақұрылымды дамыту», 38%-ы «геосаяси және экономикалық әлеуетті нығайту», ал 37%-ы «Қазақстанды әлеммен интеграциялауға ықпал ету» тұрғысынан тиімді деп түйіндеген. Қазақстанға әкелетін сын-қатерлер бойынша респонденттер ең алдымен «Қытай экономикасына тәуелділіктің артуын» (67 %), «қытайлық мигранттардың көптеп келу ықтималдығын» (52 %), «отандық өндірістің дамуына кедергі келтіруін» (41%) және «экологиялық жағдайдың нашарлауын» (39%) атап көрсетті. Сауалнама барысында қатысушылар бірнеше жауап нұсқасын таңдағанын ескеруіміз қажет. Қазақстандықтар Қытайдан келетін сын-қатерде экономикалық, өндірістік, миграциялық және экологиялық қауіпті алдыңғы қатарға қояды. (Диаграмма 4)

7. «Белдеу мен жол» құрылысына қатысу Қазақстан үшін қай бағытта сын-қатер әкелуі ықтимал? (бірнеше жауап) В каком направлении...ля Казахстана вызовом? (несколько ответов)  
100 ответов




Диаграмма 4. «Белдеу мен жолға» қатысудың Қазақстанға әкелетін ықтимал сын-қатері туралы сауалнамаға қатысушылардың пікірі.

Диссертация жұмысында «Белдеу мен жол» инициативасы «Адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» концепциясының практикалық механизмі ретінде қаралады. Сондықтан респонденттердің «Адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» туралы пікірі де қарастырылды. Қатысқандардың 29%-ы оны «Қытайдың сыртқы саясат концепциясы», 46%-ы «Қытайдың жаһанды басқару жүйесін өзгертуге арналған тұжырымдамасы», 19%-ы «Қытайдың Орталық Азияға ықпал ету жоспары» деп санайды. Жауап берушілердің ішінде бұл тұжырымдама туралы бұрын-соңды естімегендер, бір нұсқаны таңдауға қиналатындар да кездесті (5 адам). Жалпы алғанда жергілікті азаматтардың бұл концепцияны қабылдауы зерттеудің логикасына сай келді.

15. Сіздің қазіргі уақыттағы негізгі қызметіңіз (бір жауап) Ваша основная работа на сегодняшний день (один ответ)  
100 ответов



Диаграмма 5. Сауалнамаға қатысушылардың қазіргі уақыттағы қызметі туралы ақпарат.

Сауалнамаға 65 әйел, 35 ер адам қатысқан. Жас ерекшелігіне келетін болсақ, 49%-ы 18-25 аралығындағы, 29%-ы 26-35 аралығындағы, 18 %-ы 36-45 аралығындағы және қалған 4 %-ы 45 жастан жоғары азаматтар болды. Азаматтардың Қытай туралы көзқарасы сол мамандықты оқу, Қытайға бару немесе тұру арқылы емес, көп жағдайда кітап, БАҚ және интернет арқылы қалыптасқан (66%), екіншіден «Қытай тауарын алу арқылы» (48%), үшіншіден Қытай азаматтары (туристер, студенттер, оқытушылар, ресми өкілдері) арқылы (29%) көзқарасы қалыптасқан.

180 нарыққа шолу жасалған сын-қатерді талдау сценарийіне сәйкес, Қазақстанда әлеуметтік мәселелер, сыбайлас жемқорлық пен кірістегі теңсіздік проблемасы бар. Бұл наразылықтардың бизнеске қарсы немесе ксенофобиялық аспектісі өз кезегінде биліктің шетелдік инвестицияға деген көзқарасына әсер етеді. Ресей мен Қытай инвестициясының елдің егемендігі мен табиғи ресурстарын бақылауы туралы халық арасында алаңдаушылық бар. Бірақ ОА-дағы көршілерімен салыстырғанда Қазақстан шетелдік инвестицияға салыстырмалы түрде ашық мемлекет деген тұжырым жасалған[314, 11 б.].

Қытай экономикасы өңірлік ауқымнан әлдеқашан шығып кеткен, сондықтан Қазақстанда, бүкіл ОА-да БЖИ шеңберіндегі инфрақұрылымның ірі масштабты құрылысы Қытайдың ұзақмерзімді мүддесін қамтамасыз етеді және бірінші кезекте қытайлық компаниялары үшін пайда әкеледі. Қытай инициативасының оң нәтижелері ретінде ҚР-дағы БЖИ жобаларындағы инфрақұрылым мен өнеркәсіп орындарын модернизациялау, халықаралық логистикалық жолдарды кеңейту мүмкіндіктерін қарастыруға болады. БЖИ іске қосылғаннан кейін Қытайдың ОА-дағы ықпалы үшін халықаралық бәсекелестік барған сайын күшейіп келеді.

Сондықтан біздің есептеуімізше, Қазақстан экономикасының, бизнесінің, экологиясы және қауіпсіздігі тұрғысынан БЖИ-ға қойылатын талаптар туралы жан-жақты негізделген пікір қалыптастыру өзекті болады. БЖИ-дің аймақтағы ықпалы үлкен және позитивті болуы үшін, бизнес, инфрақұрылымды, өнеркәсіп, елді мекендерді дамыту үшін барлық тараптың мүмкіндіктері ескерілуі қажет.

Қазақстандағы БЖИ-ді іске асыруға байланысты сын-қатерді анықтап, қажет болған жағдайда БЖИ шеңберінде Қазақстанның Қытаймен өзара іс-қимыл жүргізу стратегиясы дайындалуы тиіс. Атап айтқанда, энергетикалық сектордан тыс Қазақстандағы БЖИ қытайлық бизнес-жобалардың (ауыл шаруашылығы, инфрақұрылым және өнеркәсіп саласы) іске асырылуын сапалық талдау қажет. Шетелдік фирмалар мүмкіндігінше жергілікті және ұлттық экономикаға қосқан үлесін жариялау үшін шаралар қабылдап, қазақстандық азаматтарды жұмысқа алу мүмкіндігін қарастыруы керек.

Жоғарыда сарапшылар пікірі мен зерттеулерге сүйене отырып, «Белдеу мен жол» іске асыру кезеңінде Қытайдың сыртқы саяси стратегиясының

трансформациясын және Қазақстанмен ықпалдастығын бірнеше кезеңге бөліп қарастыруға болады:

**1. Жариялау және таныстыру кезеңі (2013-2016 жж.).** Бұл аралықта БЖИ Си Цзиньпиннің Қазақстанға сапарында жарияланып, Қытай Үкіметі әлемдік қауымдастыққа таныстыра бастады. Экономикалық ынтымақтастыққа, инфрақұрылым және құрлықтық көлік дәліздеріне басымдық берілді. Өзара ынтымақтастық туралы келісім көбейді, жоғары деңгейдегі халықаралық форум өтті, қатысатын дамушы елдер географиясы кеңейді. Осы аралықта Қытай БЖИ идеясын аймақтағы және одан тыс экономикалық ынтымақтастық пен инфрақұрылымды дамытуға бағытталған сыртқы саясат платформасы ретінде белсенді түрде алға тартты.

**2. Ықпалдың артуы және бастаманы легитимдеу фазасы (2017-2019 жж.).** Бұл аралықта Қытай БЖИ аясын жаңа аймақтар мен елдерге кеңейту арқылы өзінің сыртқы саясаттағы ықпалын тереңдетті. ҚХР ресми өкілдері мен елшіліктері БЖИ мен «адамзат тағдыры» идеясын халықаралық дискурста қорғай бастады. ҚКП ХІХ съезі мен ҚХР Конституциясының реформасы бұл бастамаларды әлдеқайда белсенді фазаға ауыстырды. ҚХР-АҚШ сауда текетіресінің негізгі фокусы БЖИ тақырыбын да қамтыды. БЖИ жобалары мен ҚХР инвестициясына сыни көзқарас артты.

**3. Жаңа сын-қатерлер және пандемиядан кейінгі реориентация (2020-2023 ж.).** COVID-19 пандемиясы жаһандық экономика мен әлемдік қатынастарға айтарлықтай әсер етті және Қытай осы өзгерістер аясында өз бастамаларын бейімдеуге тырысты. Қытай қауіпсіздік, соның ішінде медициналық және азық-түлік қауіпсіздігіне көбірек көңіл бөле бастады. Сыртқы саясат бастамаларын осы парадигмаға бейімдеді. Карантин кезіндегі шектеулер жүк тасымалын шектеп, көршілес елдерге салдарын тигізді. Пандемияның экономикалық әсеріне байланысты инвестицияны оптимизациялау, ішкі нарықты ынталандыруға күш салынды.

БЖИ-ға қатысу транзит-мемлекет, Қытай инвестициясының реципиенті ретінде Қазақстан үшін экономикалық диверсификация мүмкіндігі. Қазақстандағы БЖИ іске асырылуын, атап айтқанда, оның әлеуметтік-экономикалық аспектілерін сыни бағалау қажет. Елдер арасында құқықтық норманың нық базасы мен өзара іс-қимылдың көп деңгейлі тетіктері орнаған. Соңғы жылдары өңіраралық, шекара маңы ынтымақтастығы Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық іс-қимылдың маңызды бөлігіне айналып отыр. Аймақтағы, шекаралас өлкелердегі өндірістік процестерді, азық-түлік қауіпсіздігін, транзиттік-көліктік әлеуетті, пандемия кезінде өзектілігін көрсеткен «жасыл дәлізді» дамыту жөніндегі түсіністік бар. Диссертация жұмысының хронологиясы шеңберінде қазақ-қытай арасындағы мәңгілік жан-жақты стратегиялық серіктестіктің келісімі бекітілді. Жоғары саяси деңгейдегі серіктестіктің бір практикалық көрінісі ретінде ЖЖЭБ, «Нұрлы жол» аясындағы қос елдің сауда-экономикалық, көлік-логистикалық, энергетика және инвестициядағы байланысын

карастыруға болады. БЖИ бағыттары ЕО-ға баратын жүк тасымалында ОА мемлекеттеріне, әсіресе транзит-мемлекет Қазақстанға да маңызды орын береді.

Қытай Қазақстанмен екі ел көшбасшылары қол жеткізген келісімді толық іске асыру, әскери саладағы достық және өзара тиімді ынтымақтастықты жалғасты түрде қолдау, әлеуеті бар салаларды кеңейту, «Бір белдеу, бір жол» инициативасын бірлесіп құру және оны «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясатымен байланыстыруға тиісті жағдай жасау үшін ынтымақтастықты арттыру, сондай-ақ Қытай мен Қазақстанның ортақ тағдыры мен мүддесінің қауымдастығын құру мақсатын ұстанады.

### **3.2 Си Цзиньпин кезеңіндегі ҚХР дипломатиялық риторикасы және Қазақстан**

Қытайдың жаңа сыртқы саяси концепциялары БЖИ-ді жариялауымен бірге ҚХР-дың әлемдегі және ОА аумағындағы сыртқы саяси амбициясы мен дипломатиялық риторикасы да өзгерді. Қытай коммунистік партиясы мен оның басшылығы әлемнің назарына ұсынылған идеяларды табанды түрде іске асыру үшін өз стратегиялық мүддесі мен түбегейлі қызығушылықтарын қатаң қорғауды қолға алды. ҚХР өткен ғасырларда да өз ұлттық суверенитеті мен территориялық тұтастығын қорғау, әкімшілік аудандарымен қайта бірігу, сыртқы әлемдегі саяси-дипломатиялық мүддесін ілгерілетуге ерекше көңіл бөлді. Ал жаңа ғасырдағы халықаралық қатынастар жүйесінің трансформациясы Қытайдың жаһандық басқару міндеттерін әлдеқайда күшейтті. Диссертация жұмысында Қытай Халық Республикасының Қазақстан Республикасындағы елшілігінің ақпарат құралдарындағы белсенді қызметін зерттеу арқылы соңғы онжылдықтағы Қытайдың аймақтағы қоғамдық дипломатиясының қалай өзгеріп келе жатқандығын, оның Қазақстандағы көрінісіне баға беруге болады. Диссертация жұмысында Си Цзиньпиннің халықаралық қатынастардың жаңа жүйесі мен дипломатиясын ілгерілетуін ҚХР дипломаттарының саяси риторикасы арқылы баға берілді.

Қазақстан мен Қытай арасындағы ресми дипломатиялық қарым-қатынас орнаған уақыттан бастап ҚХР-дың Қазақстандағы 11 елшісі ауысып, орташа есеппен 2,5 жылдан қызмет еткенін ескерсек, елшілер ротациясының жоғары болғанын байқаймыз. Қазақстан Республикасында алғашқы онжылдықта Қытайдың елшісі болып қызмет еткен Чжан Дэгуан, Чэнь Ди, Ли Хуэй, Яо Пэйшэн, Чжоу Сяопэй, Чжан Сиюнь, Чэн Гопин сияқты дипломаттарды есепке алмағанда, соңғы онжылдықтағы, ҚХР Төрағасы Ху Цзинтаоның партия басшылығындағы жылдарда қызмет еткен елшілер Чжоу Ли (2010-2013 жж.) мен 2013-2014 жылдардағы Лэ Юйчэн, сондай-ақ ҚХР Төрағасы ретінде Си Цзиньпин келген аралықта Қазақстандағы Елші міндетін атқарған Чжан Ханхуэй (2014-2018 жж.) мен 2018 жылдан бергі Елші Чжан Сяоның дипломатиялық қызметінің алдыңғы буыннан

айырмашылығы, отандық және шет елдік ақпарат құралдарындағы мақалалары мен пікірлері зерттеу нысанына алынды. Осындай талдау, оның жариялану жиілігі, сапасы мен санын зерттеу арқылы жалпы Қытайдың аймақтық және әлемдік қатынастардағы сыртқы саяси стратегиясының беталысы мен жаңа қырларын анықтауға болады.

ҚКП Орталық Комитеті мен ҚХР СІМ ОА-дағы Қытай елшілерін дайындау мен тағайындау, кадрлық өсіру процесіне ерекше көңіл бөлетінін осы онжылдықтағы дипломатиялық тәжірибенің тарихынан аңғаруға болады. Атап айтқанда, 2010-2013 жылдары ҚХР-дың Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі болған Чжоу Ли ҚХР СІМ, КСРО-дағы ҚХР елшілігі, РФ-дағы ҚХР елшілігі, ҚХР-дың Украинадағы Елшілігінде істеген.

2013-2014 жылдары қысқа мерзімде Қазақстандағы ҚХР Елшісі қызметін кәсіби дипломат Лэ Юйчэн атқарды. Бірақ ол мемлекеттік басқару мен партия иерархиясындағы жоғары лауазымға көтерілген дипломаттың бірі. 2018 жылдан бері Лэ Юйчэн — Сыртқы істер министрінің орынбасары және 19-шы сайланған ҚКП ОК мүшелігіне кандидат та болған[315]. Лэ Юйчэннен кейін 2014 жылы Қазақстанға Қытай Компартиясы Елшісі қылып Чжан Ханьхуэйді бекітті. Чжан Ханьхуэй Қазақстанда 4 жыл елшілік қызметте болған дипломаттың бірі. Қазіргі уақытта ол Қытайдың стратегиялық әріптесі және көршілес РФ-дағы Қытай Елшісі болып жауапты қызмет атқарады. 2018 жылдың тамыз айынан бастап ҚХР-дың ҚР-дағы Төтенше және Өкілетті Елшісі – Чжан Сяо. Қазақстанға келер алдында 2014 жылдан бастап ҚХР-дың Ресейдегі Елшілігінің кеңесші-уәкілі болып жұмыс істеді. Қазақстандағы қызметінен кейін Чжан Дэгуан, Ли Хуэй, Чэн Гопин, Лэ Юйчэн, Чжан Ханьхуэй сияқты елшілердің дипломатиядағы мансабы жоғарылап, кейін ҚХР Сыртқы істер министрінің орынбасары, Қытай Коммунистік партиясында лауазымды орындарда болған.

Қытайдың сыртқы саяси концепциясында айналасындағы көршілес мемлекеттерге қатысты позициясы (中国周边外交- zhongguo zhoubian waijiao) жеке дипломатиялық бағыт ретінде орнаған. Ал осы стратегияны іс жүзінде орындауға жауаптылар қатарына тұтас өңір бойынша маманданған, бұрынғы кеңестік аумақта үлкен жұмыс тәжірибесі бар кадрлық дипломаттар, Қазақстандағы ҚХР елшілері де кіреді. Геосаяси және экономикалық маңызды аймақтағы қызметті Қытай дипломаттары жоғары лауазымға апаратын мүмкіндік ретінде де қарастырады. Қытайдың дипломатиялық практикасы мен дәстүрінің басқа аймақтық державалардан басты айырмашылықтарының бірі осы. Мәселен, ресми дипломатиялық байланыстар орнаған уақыттан бастап Қазақстанда РФ-ның 7 елшісі ауысқан. Жаһандық державаның бірі АҚШ-тың Қазақстандағы елшілері де тәуелсіздік алған уақыттан бастап 11 рет ауысқан[316].

ОА мемлекеттеріндегі Қытай Халық Республикасы Елшілігінің ресми веб-сайты мен Төтенше және Өкілетті Елшінің әлеуметтік желілердегі аккаунттарын зерттеу арқылы Қытайдың Қазақстандағы ақпараттық-

имидждік жұмыстарға, ҚХР Төрағасы мен Коммунистік партия шешімдерін, Қытайдың сауда-экономикалық жетістіктері мен өңірлерінің табыстарын, цифрландыру және ғарышты игеру, жасанды интеллект салаларындағы жаңалықтарын насихаттауға ерекше көңіл бөле бастағанын байқауға болады. Қазақстандық бірнеше ақпарат құралдарында, әсіресе газет-журналдар мен электрондық порталдарда Қытайдың сыртқы саясаты мен Қазақстан-Қытай қарым-қатынасының жетістіктері туралы материалдар жиі жарияланады. Алдыңғы онжылдықтағы Қазақстандағы Қытай Елшілерінің сұхбаттары мен мақалаларын зерделейтін болсақ, көп жағдайда Қазақстан-Қытай қатынасының терең тарихи негізі бар; стратегиялық серіктес, тату көрші және дос мемлекет екендігі; трансшекаралық өзендердің экологиялық проблемасы, «Қытайдың экспансиясы», «заңсыз миграция» туралы екіжақты проблемалар туындаған жағдайда келіссөздер арқылы шешілетіні айтылып; Қытайдың өңірден тыс әлемдік державалармен қатынасы туралы ашық көзқарасы, айыптаулары мен өткір пікірлері айтылмайды. Ол аралықтағы дипломаттар мен өкілдерінің сұхбаттары мен пікірлерінде Қытай әлі де дамушы мемлекет, сыртқы мемлекеттерге қауіп төндіруді көздемейтінін, кедейшіліктен шықпаған қытайлықтардың көп екендігін мәлімдейді. Дегенмен, Қытайдың сыртқы саясатындағы трансформацияның себебінен аймақтағы қытайлық дипломаттардың ақпарат алаңындағы амбициясы артып келеді. Қытай дипломаттарының комментарийлеріне сандық және сапалық зерттеу жасау арқылы Қытай сыртқы саясатының даму динамикасы мен амбициясының қаншалықты өзгеріске ұшырағанын бағалауға болады.

ҚХР сыртқы саясатының трансформациясы мен оның дипломатиялық практикадағы көрінісін бағалау үшін өткен онжылдықтағы Қытай елшілерінің мәлімдемелеріне шолу жасау қажет. 2010 жылы 24 қыркүйекте «Деловой Казахстан» газетінде шыққан «Қытай – дамушы мемлекет» деген мақаласында ҚХР Қазақстандағы Елшісі Чжоу Ли Қытайдың экономикалық күш-қуаты айтарлықтай нығайғанымен, Қытайдың әлі де дамушы мемлекет екенін айтады[317]. 2012 жылы 7 қыркүйекте «Деловая неделя» газетінде шыққан материалдағы Қытай Елшісі Чжоу Лидің «Қытай – Кеңес Одағы емес» деген пікірі әсіресе ресейлік сарапшылардың тарапынан әртүрлі қабылданды. Оның ойынша, кейбір саясаткерлердің көзқарасы қырғи қабақ соғыс кезеңінде қалып қойған. Олар ешкімге ұқсамайтын, өзіне тән ерекшелігі бар Қытай күш жинап, батысқа қарсы тұрған кезде халықаралық қатынастардың бүгінгі жүйесін бұзады деп санайды[318].

Дипломат Лэ Юйчэннің 2013 жылы 2 қазанда шыққан келесі мақаласында ҚКП ОК басшылығының жаңа құрамы 1,3 миллиард қытай халқын ұлы мақсат – «Қытай арманын» іске асыруға шақырғанын жазады. Ол «Қытай арманы» мен «Қазақстан-2050» стратегиялары екі елдің болашақтағы іс-қимылына үлкен перспектива ашатынын айтады[319]. Жалпы осы аралықтағы Қытайдың Қазақстанға қатысты дипломатиялық практикасында қарым-қатынастың тарихи және ғылыми аспектілері, достық атмосфера,

өзара түсіністік пен қолдау, проблемалардың бар екенін мойындай отырып оның бірлесе шешілетініне сенім білдіру принциптері алға шығып отырады.

2015 жылғы 28 қаңтардағы «The Astana times» газетіне берген интервьюде жаңа елші Чжан Ханхуэй Қытай мен Қазақстан арасындағы мемлекетаралық қатынастар өзінің бүкіл тарихындағы даму шыңында тұрғанын айтады. Қос елдің арасында өзара түсіністік, сенім мен өзара қолдау принципіне қол жеткізілді. Елші Қытай мен Қазақстан жай ғана көрші емес, бауырлас мемлекет деп ерекше тоқталады. Ол 2000 жылдан уақытқа созылған өзара қарым-қатынас тарихында біздің ортақ жақтарымыз көп деп санайды[320]. ҚХР Елшісі Чжан Ханхуэй 2016 жылғы қазақстандық БАҚ өкілдерімен кездесуде қытайлық дипломаттардың туыстарына берілетін визаның шектеулері туралы ашық пікірімен есте қалды. Ол өз сөзінде Қытай әлемдегі екінші экономика, БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің мүшесі, Қазақстанның стратегиялық серіктесі екенін, бірақ солай бола тұра Қазақстан тарапының визаны шектеуі мемлекетті кемсіту деп өткір мәлімдеме жасады. Қазақстан тарапы соңғы жылдары Қытай елшілерінің отбасы мүшелері мен туыстарына берілетін виза режимі бұрынғыдан жеңілдетілгені туралы түсіндірме берді.

2017 жылдан кейінгі АҚШ пен ҚХР арасындағы текетірестің қаржы-экономикалық, технологиялық саладан идеологиялық сипатқа көшуі және эскалациясы; «Белдеу мен жол» инициативасының дамушы мемлекеттердегі инвестициялық-индустриялық жобалары, Қытайдың қаржы-экономикалық экспансиясы туралы батыс саясаткерлері мен зерттеу орталықтарының дискурсы; ҚХР ШҰАА-дағы саясаты туралы тақырыптың халықаралық ақпарат кеңістігінде таралуы Қытай дипломатиясына да ықпал етті. ОА-ның ақпарат алаңына қызығушылық артқанда Қытай осыған дейін шектеу қойылып келген жаңа медиа құралдарын, әлеуметтік желілер арқылы сыртқы имиджін нығайтуға кірісті. ҚХР-дың Қазақстандағы дипломатиялық өкілдігінің БАҚ-тағы сұхбаты мен мақалалары, әлеуметтік медиадағы жарияланымдары артты, мазмұны да кеңейді. Ол әсіресе ҚХР Төрағалығына Си Цзиньпин келген соң ҚКП ОК-нің «Қытай арманы», «Қос жүзжылдық» мақсаттары, БЖИ-лы табысты іске асыру, «адамзат қауымдастығының ортақ тағдырын» орнату, «жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшеліктегі социализмді» насихаттау міндетінен туындап отыр.

2019 жылы 20 шілдеде ҚХР-АҚШ сауда текетіресі туралы сұхбатында Чжан Сяо Қытай мен АҚШ қарым-қатынасында әлі де түрлі қайшылықтар мен келіспеушіліктер бар екеніне қарамастан, тараптар мемлекет басшылары қол жеткізген консенсус негізінде дұрыс бағытты ұстанса, өзара тиімді қарым-қатынасты кеңейте түсуге толық негіз бар дейді[321]. Қытай дипломаты Қазақстан мен Қытай мемлекет басшыларының уағдаластықтарын толық деңгейде іске асыратынын, БЖИ аясындағы ынтымақтастықты белсенді нығайтатынын айтты.

2019 жылы 15 сәуірдегі интервьюге сәйкес, Чжан Сяо кәсіби дағдыларды дайындау орталықтарының жұмысы, Шыңжаң-Ұйғыр



автономиялық ауданындағы «үш зұлымдықпен» күрестің нәтижелері, ұлтаралық және діни саясаттың іске асырылуы туралы сұрақтарға жауап берді. Елшінің пікірінше, «Қытайдың ішкі мәселесі туралы жалған ақпарат таратушылар, яғни «Қытайға қарсы элементтер» Шыңжаңның да, Қытайдың да, Қытай-Қазақстан қатынастарының дамығанын қаламайды[322]. 2020 жылы АҚШ Мемлекеттік хатшысы Майк Помпео Қазақстанға сапарының аясында пресс-конференция өткізіп, Қытай туралы мәселені қоғам өкілдерімен талқылады. ҚХР Қазақстандағы Елшісі Чжан Сяо АҚШ Мемлекеттік хатшысынан осындай сөздерді күткенін, Қытайға қарсы тағы бір негізі жоқ «спектакль» қойғанын, жаңадан ештеңе қоспай, ескі әнін қайталап өзін құр кеуде ретінде көрсетті деп мәлімдеді[323]. Сөз соңында ол «Помпео мырза, сөздеріңізге мұқият болыңыз, 5000 жылдық өркениеті бар Қытайда «Уақыт бәрін орнына қояды, ештеңе жазасыз қалмайды» деген сөз бар екенін ескертті.

2020 жылы ҚХР Елшісі Чжан Сяо «zakon.kz», «Деловой Казахстан» және «Kazakhstan Today» порталдарына Қытайдың Халықты Азат ету Армиясының 93-жылдығы туралы интервью берді. Дипломаттың пікірінше, Қытай мен Қазақстанның Қарулы Күштері «үш зұлымдықпен» күресіп, өңірде «түрлі-түсті революцияның» құрылуына қарсы шығады, екі елдің ортақ мүдделерін қорғап, өңірдің қауіпсіздігіне, тұрақтылығына, гүлденуі мен дамуына тікелей үлес қосады[324]. 2021 жылы 28 ақпандағы Шыңжаң туралы сұхбатында Қытай Елшісі АҚШ-тың бұрынғы Мемлекеттік хатшысы М.Помпеоның Шыңжаңдағы «геноцид» туралы сөздерін шылғи өтірік, М.Помпеоны АҚШ тарихындағы ең нашар мемлекеттік хатшы деп бағалады[325]. 2021 жылы 2 шілдеде ҚКП құрылғанына 100 жыл толуына орай Қазақстандағы Қытай елшісі Қытайды түсіну үшін алдымен Қытай Коммунистік партиясын түсіну керектігін, әлемде ҚКП сияқты саяси партия жоқ екенін мәлімдеді.

ҚХР елшісі Чжан Сяоның келуімен Қытайдың дипломатиялық ведомствосының ақпараттық кеңістіктегі белсенділігі әлдеқайда артып, қазақстандық және қытайлық электрондық порталдар мен газет-журналдарда («Central Asia Monitor», «zakon.kz», «Қазинформ» ХАА, «Деловой Казахстан», «Kazakhstan Today», «Деловая неделя», «Дипломатический курьер») Қытайдың әлемге таралатын телевизия, радио, ақпараттық медиа-алыптарының ресурстарында («South China Morning Post» ағылшын тілді газеті, «CGTN» халықаралық жаңалықтар арнасы, «CCTV» жаһандық телевизиялық желісі, «Xinhua» агенттігі, «Renmin ribao» онлайн интернет газеті, «China.org.cn» ақпараттық интернет орталығы, «China Daily» агенттігі) елшіліктің және қытайлық мемлекеттік органдардың ресми сайттарында ([www.fmprc.gov.cn](http://www.fmprc.gov.cn), [www.kz.china-embassy.org](http://www.kz.china-embassy.org)) Қытай елшісінің сұхбаттары мен мақалаларының саны артты. Соңғы бес жылдықта Қытай дипломаттары мен өкілдерінің Қытай аумағында шектеу қойылған, бірақ ОА, соның ішінде Қазақстан азаматтары да белсенді қолданатын фэйсбук, твиттер, инстаграм

әлеуметтік желілерінде белсенділігі, түрлі қоғамдық-саяси мәселелерге қатысты комментарийлері жиі жарияланып тұрады. Қытай сыртқы саяси ведомствосының әлеуметтік медидағы белсенділігі мен жауапкершілігі бірнеше есе артты.

2020 жылы 28 наурызда «Қазақстан Қытай құрамына қашан оралады» деген материал 8 сәуірде «Қазақстан неге Қытайдың құрамына оралуға тырысады» ( «哈萨克斯坦”为何渴望回归中国?) атты мақала Sohu.com атты ең ірі қытайлық интернет-платформада жарияланды. Қазақстан тарапы Қытай елшісіне мұндай мазмұндағы жарияланым 2019 жылғы 11 қыркүйекте Мемлекет басшылары қол қойған Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының бірлескен мәлімдемесінде көрсетілген мәңгілік жан-жақты стратегиялық әріптестік рухына сәйкес келмейтіндігі айтылды. Осыған орай қос тарап БАҚ және ақпарат тарату саласында өзара тығыз іс-қимыл жасауға уағдаласты[326].

**Жалпы алғанда Қытай өкілдерінен жарияланатын сұхбаттар мен мақалалардың ортақ ерекшеліктері:**

- Қытайдың ішкі реформасы мен бағдарламалары, жетістіктері жөніндегі ақпаратты Қазақстан аудиториясына белсенді тарату және позитивті имидж қалыптастыру. Соңғы уақытта Қытайда өткен ірі саяси уақиғалар (ҚХР Конституциясын түзету, Қос сессия, Реформа және ашықтық саясаты, ҚХР ХАА армиясының мерейтойы, Қытайдың мемлекеттік және ұлттық мерекелері, ұлттар саясатының жетістіктері мен жемісі) туралы егжей-тегжейлі мәліметтер берілуде.

- 2013 жылдан бастап Қытай дипломаттарының барлық баяндамаларында Си Цзиньпин Қазақстанға алғашқы сапарында жариялаған ЖЖЭБ, БЖИ, оның «Нұрлы жол» бағдарламасымен байланысы, «Қытай арманы» саясатының іске асуы, Қытай ұлтының ұлы өрлеуі, Си Цзиньпиннің жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшеліктегі социализм, жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшеліктегі үлкен мемлекеттің дипломатиясы, Бір мемлекет – екі жүйе, «Сяоқаң» қоғамын құру, «адамзат тағдыры» сияқты инициатива, концепция, идея, философия әртүрлі формада (әлеуметтік желідегі жазба, видеоролик, газет-журналдардағы сұхбаттар, конференция, фестивальдер) ашық түрде насихатталып келеді.

- ҚХР мен АҚШ арасындағы сауда, технологиялық, кейінгі идеологиялық текетірестің ушығуы, өзара санкциялардың күшеюі, ҚХР мен шекаралық даулар, Тайван мен Гонконг тақырыбы, Қытайдың экспансиясы мен қарыз қақпаны туралы мәлімдемелердің көбеюі жағдайында ҚКП, СІМ ресми өкілдері, әлемнің әр түкпіріндегі дипломатиялық өкілдіктері мен эксперттерінің ақпарат құралдарындағы саяси коммуникациясы мен дипломатиялық риторикасы күшейді. Олардың жекелеген мемлекеттердің мәлімдемелеріне жедел жауап қайтару, эмоция көрсету, тұлғалар мен ұйымдарды әлеуметтік желіде айыптау, дипломатиялық практиканың шеңберінен шығатын өткір мәлімдемелері көбейді.

Саясаттанушы Ш.Нұрсейітов «Қытай өзін держава деп санайтын ел болғандықтан твиттерді бұғаттағанына қарамастан, барлық үгіт-насихат құралдарын қолдануға тырысады» дейді. Сондықтан Қытайдың шетелдегі елшілері осы әлеуметтік желіні пайдаланады дейді ол. «Қытай елшісінің Қазақстандағы парақшасы өзгеше және ол агрессивті мәлімдемелері арқылы «Қытайдың АҚШ-тан қорықпайтынын және олардан ешбір кем еместігін» айтқысы келеді», — дейді Ш.Нұрсейітов[327].

Си Цзиньпиннің билікке келуімен Қытайдың сыртқы саясаты жаңа кезеңге өтті. Си Цзиньпин мемлекет ішінде, халықаралық деңгейде де Қытайды бұрынғы беделіне оралуға шақырды. «Қытайдың ұлы өрлеу жөніндегі арманы» жаһандық ландшафтты өзгертетін және жаңа синоцентристік жүйені орнатуға жол ашатын тұжырымдама ретінде ұсынылды. Ең алдымен державалар арасындағы қарым-қатынасқа басымдық берген алдыңғы төрағалардан басты айырмашылығы ретінде Си Цзиньпин Бейжіңнің өз көршілерімен байланысына ерекше көңіл аударды.

2013 жылы БЖИ жариялануы өңірлік интеграция мен көршілік дипломатия Қытайдың сыртқы саясатының басым бағытына айналғанын көрсететін маңызды бетбұрыс болды[85, 132 б.]. БЖИ арқылы Қытай аймақтық интеграция мен көршілік дипломатиясын дамыту векторын алға жылжытты. Қазіргі уақытта БЖИ-дің географиялық ауқымы осы шектен асып кетсе де, ол бастапқыда Қытайға тікелей көршілес мемлекеттерге, әсіресе Қытайдың батысында жатқан ОА елдеріне бағытталған еді. «Қызу саясат, салқын қоғам» («чжэн ре, мин лэн») постулаты ОА-ның қарапайым халқының Қытайға деген көзқарасын нақты көрсететін сияқты[328].

И.Денисов пен И.Зуенко жаңа қытай дипломатиясының тілі туралы мақаласында ҚХР сыртқы саясатындағы «дискурсивті күш» концепциясы, Қытай дипломаттарының жаңа агрессивті стилі, ОА-дағы дипломаттардың өткір мәлімдемелерін қарастырады. Зерттеушілер көрсеткендей, 2012 жылы Си Цзиньпин ҚХР төрағасы болып билікке келген уақыттан бастап Қытай халықаралық аренадағы пассивті бақылаушы ұстанымын өзгерте бастады. Енді Қытайдың үлкен және табысты экономикалық держава ғана емес, сонымен бірге конфронтациядан жеңіп шығуға қабілетті жаңа жаһандық көшбасшы екенін іс жүзінде дәлелдейтін мүмкіндік келді[127].

2013 жылы Си Цзиньпин дипломаттарға, журналистерге және партия шенеуніктеріне: «Әлемге Қытай туралы айту, сыртқа Қытайдың үнін жеткізу және қытай дискурстық күшін нығайту (хуай юй цюань)» туралы нақты міндеттер қойды[154]. Бұл неологизм алғашқыда американдық ғалым Джозеф Найдың «жұмсақ күш» тұжырымдамасының қытайлық нұсқасы болып көрінді.

2012-2013 жылдары ҚХР ішінде «батыс елдерінде дискурсқа монополия болмауы керек» деген көзқарас жиі айтыла бастады. Сондықтан «Қытай арманына» жету үшін Бейжіңнің үні бұрынғыдан да қатты және нық естілуі керек, «варварларға қарсы өздерінің қаруын қолдану керек» деген шешімге

келді. Дегенмен шет елдермен байланыста түсінікті стильді таңдау да маңызды болып қала береді, өйткені шамадан тыс қытайлық пропаганда штамптарын көпшілік қабылдай алмайды.

Қытайдың ОА-дағы, оның ішінде Қазақстандағы ғана емес, жалпы сыртқы саяси амбициясының артуы тақырыбына шет елдік ғылыми зерттеу орталықтары мен эксперттер де қызығушылық танытып келеді. Оксфорд интернет институты мен Associated Press агенттігі зерттеушілерінің пікірінше, Қытай «онлайн форматтағы қоғамдық дипломатияға деген басымдығын айтарлықтай кеңейтті». Оксфордтың жетекші зерттеушісі Марсель Шлибстің айтуынша, Қытайдың цифрлық дипломатиясы Қытайдың барған сайын күшейіп келе жатқан жаһандық үгіт-насихат стратегиясын жақсырақ түсінуге және оған жауап беруге көмектеседі. Зерттеуге сәйкес, ҚХР дипломаттары 2020-2021 жылдардың тоғыз айы аралығында күніне орта есеппен 778, жалпы саны 201 382 твит жасаған. Олардың жазбаларына жеті миллионға жуық «лайк» басылып, 1 миллион пікір, 1,3 миллион ретвит жасалған екен[329].

АҚШ-тың Brookings институтының 2020 жылғы зерттеуі бойынша, 2019 жылға дейін Қытай дипломатиясы твиттерде болған жоқ. Қазіргі уақытта (2020 жылы) қытайлық дипломаттар твиттерде 170 аккаунт ашып, батыс державаларымен халықаралық саясаттың ең өзекті мәселесі бойынша пікір алмасып отыр. Бір жарым жыл ішінде Қытайда бұғатталған сайттағы Қытай дипломаттарының саны төрт есе өсіп, Қытайдың сыртындағы ақпараттық кеңістікке ықпал ету екінші кезектегі емес, приоритеті ең жоғары мәселеге айналды. Қытайдың интернет желісіндегі позитивті имиджін орнату мақсатында әлдеқайда өткір және батыл тактиканы қолдана отырып, қытайлық дипломаттар корпусы өз мемлекеттерін агрессивті түрде қорғауға көшті. COVID-19 пандемиясы Бейжіңнің ақпараттық алаңдағы іс-қимылына ауқымды өзгерістер алып келді. Осы стратегияның жүргізілу сипаты болашақта демократия мен автократия арасындағы бәсекеге, авторитарлы басшылардың ақпараттық манипуляция жасауына, сол арқылы демократиялық бәсекелестерінің әлсіреуіне тікелей әсер ететін болады[330].

2012 жылы Си Цзиньпин ҚХР төрағасы болып, 2019 жылдың соңынан бастап COVID-19 пандемиясының таралуына қарай Қытай дипломаттары мен ресми өкілдері ақпараттық соғыстың алдыңғы шебіне шығып, ҚХР ұстанымы мен мүддесін қатаң қорғай бастады. Қытай үкіметі БЖИ-ді мақтанышпен жариялап, Қытайдың COVID-19 пандемиясындағы іс-қимылын жаһандық басқаруды жетілдіру, кейде Қытайдың әлемге ұсынған «сыйы» ретінде қарайды. Қытайдың қоғамдық дипломатиясы Коммунистік партия қатаң бақылауға алған соң күшейе түсті және қоғамдық дипломатияның контенті саяси сипатқа ие болды[194, 302 б.].

Қытайдың өз саясатын алға жылжытудың және шетелде имиджін жақсартудың бірден-бір жолы – қоғамдық дипломатия (public diplomacy – ағылш., 公共外交 – қыт.). Жаңа төраға Си Цзиньпиннің басшылығымен (2013

ж. - қазірге дейін) Қытай үкіметі қоғамдық дипломатияны жұмсақ күштің құралы ретінде жолға қойды[248]. 2017 жылы өткен ҚКП съезінде Си Цзиньпин Қытай халықаралық коммуникацияға араласу үшін өзінің әлеуетін жетілдіру керек екенін айтты. Ол Қытай шенеуніктері мен медиасын Қытайды позитивті қырынан танытуға, «Қытайдың шынайы, жан-жақты және кең ауқымды бейнесін» насихаттауға, Қытайдың мәдени жұмсақ күшін нығайтуға шақырды.

Соңғы жылдары Қытайдың қоғамдық дипломатиясында екі маңызды өзгеріс орын алды. Оның біріншісі – қоғамдық дипломатия мазмұнындағы өзгерістер. Қытай жарияланымдарында қытайлық мәдениет жұмсақ күштің негізгі қайнар көзі ретінде көрсетіліп келсе, соңғы бірнеше жылда қоғамдық дипломатия нарративі Қытайдың саяси жүйесі мен ҚКП басшылығының жаһандық басқаруға қосқан үлесі тақырыбына қарай ауысты. Екіншіден, қоғамдық дипломатияның формасы мен сипаты өзгеріп, Қытайдың қоғамдық дипломатиясын іске асырудағы үкіметтің бақылауы мен оның рөлі күшейді.

Қоғамдық дипломатия шет елдік аудиторияның ақыл-ойы мен қабылдауына ықпал ететін, мемлекеттік немесе мемлекеттік емес субъектінің шет елдегі қызығушылықтары мен құндылықтарын алға жылжытудың формасы ретінде қарастырылады[262]. Зерттеуде Қытайдағы және халықаралық саяси оқиғалардың, оның ішкі және сыртқы саяси аспектілерінің өзара байланысынан туындайтын қоғамдық дипломатиясындағы формасы мен мазмұнының трансформациясы қарастырылған. Қытайдың қазіргі сыртқы саясатының алдыңғы буын басшыларынан басты айырмашылығы: қоғамдық дипломатиясы басшылық тарапынан қатаң бақыланып қана қоймай, күшейе түсті және өткір сипат алып, қатаң күшке сүйене бастады.

Қытайдың қоғамдық дипломатиясындағы «Адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры», БЖИ COVID-19 пандемиясы нарративі Қытайдың саяси моделін іргерілету қадамы және Си Цзиньпиннің көшбасшылығын айқын көрсетеді. Екіншіден, Қытайдың қоғамдық дипломатиясында сыртқы және ішкі аспектілердің тоғысуы оның барынша саясиленғанын көрсетіп отыр. Қытайдың COVID-19 қатысты ұстанымы ең алдымен Қытайдың ішкі режимінің қауіпсіздігіне байланысты және содан кейін халықаралық реакция маңызды орын алады. Қытайдың саяси моделінің позитивті образын жасай отырып ҚХР Үкіметі шет ел өкілдерін өткір сынға алып, ҚКП ресми саясатын қолдамайтын қытайлықтарға да тоқтау салып отырды[331].

Си Цзиньпин кезеңінде Қытай Коммунистік партиясы қоғамдық дипломатияға қатаң бағдар беріп, бақылауға алынды және диалог пен альтернативтік көзқарасқа шектеу қойылды. Осы орайда Қытайдың қоғамдық дипломатиясы он жыл бұрынғы жағдаймен салыстырғанда мемлекетке көбірек бағдарланды. Соңғы жылдары ҚХР-дың экономикалық және саяси салмағын ықпал тетігі ретінде қолдана отырып, қоғамдық дипломатиясы әлдеқайда батыл және қатаң сипатқа ауысты. Мұндай ұстанымның салдары

да оңтайлы емес, өйткені COVID-19 Қытайдың халықаралық имиджіне үлкен нұқсан келтірді.

Жалпы алғанда, халықаралық дискурсивті күш – биліктің маңызды компоненті, ол ұлттық күш-жігерді, халықаралық ықпалы мен тартымдылығын көрсететін, ірі державалар бәсекелесетін сала. Дискурсивті күш ұлттық күшке негізделген және елдің халықаралық ықпалының көрінісі болып табылады. Қытай соңғы жылдары халықаралық дискурсивті күшке үлкен мән беріп, оны нығайтуға тек ҚХР үкіметі ғана емес, бұқаралық ақпарат құралдары мен академиялық сала да кеңінен қатысты. Ал дипломатия саласының дискурсивті күштің негізгі арнасы ретіндегі маңызы артып отыр.

Екіншіден, Қытай Батыстың жетекшілігімен қабылданған халықаралық ережелер мен нормаларды сақтай отырып, Батыстың белгілеген күн тәртібіне сәйкес әрекет етіп келді. Соңғы жылдары Қытай өз бастамаларын ұсыну, күн тәртібін белгілеу және ережелерді әзірлеуге қатысудың маңыздылығын жоғары қойып отыр[212, 317 б.]. Қытай «Белдеу мен жолды» Қытай ұсынған жаңа қоғамдық игіліктердің платформасы ретінде қарастырады. Ол Батыстың Қытайды халықаралық жүйені орнатуға қатыспаған мемлекет ретіндегі дискурсын, жалпы Қытайдың халықаралық қауымдастық алдындағы имиджін өзгертуге деген күш-жігерін көрсетеді. Оның бейбіт ынтымақтастық, ашықтық, төзімділік және өзара пайда табу, үйрену принциптері бір жағынан қытайдың дәстүрлі мәдениетінің сипаттаса, екінші жағынан Қытайдың әлемге деген жаңа дискурсына айналды.

Үшіншіден, Қытай жаһандық басқару жүйесіне белсенді қатысып, жаһандық басқарудағы халықаралық дискурсивті күшті арттырды. Өзара бәсекелестікте дәстүрлі дискурсивті күштен жаһандық басқарудың дискурсивті күшіне қарай басымдық беріле бастады. 2015 жылдың қыркүйегі мен 2016 жылдың қазан айында ҚКП Орталық Комитетінің Саяси бюросы дискуссия және ықпалдастық арқылы бірлесіп даму бойынша Қытайдың жаһандық басқару тұжырымдамасын ұсынды. Қытай жаһандық экономикалық басқару, қаржылық басқару және климаттың өзгеруі сияқты салаларда сындарлы және жетекші рөл атқаруға ұмтыла отырып, жаһандық басқару жүйесін реформалауға және құруға белсенді қатысады[170, 225 б.]. Сонымен қатар ҚХР G-20 саммиті, АТЭС саммиті және басқа да көпжақты кездесулер арқылы мультилатерализмді, Қытай бастамалары мен идеяларын халықаралық консенсус пен жаһандық іс-қимылға енгізуді көздейді.

БЖИ-ді іске асыру кезеңінде Қытайдың дипломатиялық риторикасының трансформациясы келесідей көрініс тапты. **Пандемияға дейінгі аралықта (2013-2019 жж.)** дипломатиялық риторика бейбіт дамуға, өзара тиімділікке және қатысушы елдердің мүдделері ескерілетіні туралы болды. ОА елдері, Қазақстан БЖИ-ді инвестиция тарту және өз экономикасын дамыту, инфрақұрылымды кеңейту құралы ретінде қабылдады. Жібек жолында тарихи-мәдени ықпалдастық негіздері алға шығып отырды.

**Пандемиядан кейінгі кезеңде (2020-2023 жж.) COVID-19** пандемиясына жауап ретінде Қытай қауіпсіздік пен денсаулық мәселелеріне, соның ішінде пандемияға қарсы ынтымақтастыққа және басқа елдерге медициналық көмек, «маска дипломатиясына» назар аудара бастады. Қытай ресми өкілдері өз бастамаларын ақпарат құралдарында белсенді жариялап, Батыс елдерінің пікіріне шұғыл жауап қайтарып отырды. Қытай өзінің жетістігін көрсету үшін бастаманың бір бөлігі ретінде аяқталған немесе орындалып жатқан нақты жобалар мен инфрақұрылымдық жетістіктерге белсенді назар аударды.

ҚХР Қазақстандағы дипломатиялық миссия өкілдері алдыңғы онжылдықтың алғашқы кезеңіндегі дипломатиялық риторикада, көптеген сұхбаттарында Қытай-Қазақстан қатынастарының оң серпінмен дамып келе жатқанын, оған екі ел басшылары арасындағы жиі кездесулер, саяси өзара сенім, екі ел экономикасының бірін-бірі толықтыруы, тұрақты мәдени-гуманитарлық алмасулар және халықаралық-аймақтық істердегі стратегиялық өзара іс-қимылдың тереңдеуі дәлел болатынын айтады. ҚХР өкілдері Қытай мен Қазақстан басшылары жеке достығын да жиі мысалға келтіреді. Сонымен қоса дипломаттар Қытай мен Қазақстан БҰҰ, ШЫҰ, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) шеңберінде тиімді ынтымақтастық орнатып, бейбітшілік, тұрақтылық пен жаһандық даму ісіне бірлесіп үлес қосып жатқандығын айтады.

Қазіргі уақытта Қытайдың өзінің саяси моделін шет елдің сынынан қорғау нарративі өзгерді. Оның орнына қытайлық саясаткерлер Қытайдың саяси моделінің институционалдық артықшылықтарын алға қояды. Олар қытайлық басқару жүйесін қорғап қана қоймай, «Адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» идеясының мысалында батыстың идеяларынан озық концепция ретінде қарастырады. Бұндай саяси мәлімдемелердің астарында Қытай басқа елдер орнатқан ережелерге бағынушы емес, өз қызығушылықтарын қорғауға қажетті ережені өзі белгілейді деген әлдеқайда салмақты сигнал бар. Қытай өзінің дискурсивті күшін арттыру бағытын стратегиялық түрде жоспарлап, жан-жақты жетілдірілуге басымдық беріп келеді. Қытай Коммунистік партиясының XIX съезінен бастап Қытай өзінің халықаралық дискурсивті күшін кеңейтуге, соның ішінде өз дауысын тиімді түрде жеткізу, тілінің стилін өзгерту, институционалдық билікті нығайту және дипломатиялық практикасын жаңалауға көбірек көңіл бөле бастады. Қытай болашақта жалпы стратегиялық жоспарын күшейту, әртүрлі саладағы институционалдық дискурс күшін арттыру, Қытайдың дипломатиялық идеялары мен дискурсының жаһандық идеялармен интеграциялану мақсатын қойып отырғанын байқауға болады.

### 3.3 «Цифрлық Жібек Жолы» аясындағы Қазақстан мен Қытай қарым-қатынасының перспективасы

Қазақстан Республикасы егемендігінің отыз жылдық кезеңі халықаралық саяси-экономикалық қатынастар жүйесінің, технологиялық тартыс қарқынының өзгеруімен қатар келіп отыр. Геосаяси және экономикалық мүдделердің қайшылығы, экологиялық проблемалар, қауіпсіздікке төнген қатер аймақтағы және мемлекетаралық ынтымақтастықтың жаңа механизмдеріне сұранысты күшейтеді. Әсіресе, цифрлық экономиканың жалпы мемлекет дамуындағы үлесінің артуы, азаматтардың күнделікті өміріндегі ақпараттық технологиялардың жиі кездесуі мемлекеттер арасындағы қатынастың да жаңа форматын қалыптастыра бастады. «Цифрлық Жібек жолы» ҚХР Төрағасының баяндамаларында тұрақты түрде қолданылып келеді, ал Қазақстан тарапы соңғы жылдары ресми риторикада БЖИ-дің цифрлық бағытына назар аудара бастады. 2023 жылғы ҚР Президентінің Сиань қаласына сапарында электронды коммерцияны дамыту, Қазақстан тауарларын Қытайдың сауда платформаларына шығару, екіжақты ақпарат алмасу туралы мәселесіне басымдық берілді. Диссертацияның бұл тарауында Қазақстан-Қытай ынтымақтастығындағы Цифрлық Жібек жолы ұғымы, оның маңыздылығы, алдағы преспективалары мен проблемаларына шолу жасалады. Мемлекет деңгейіндегі қызығушылықты ескере отырып, алдағы уақытта отандық ғылымда тақырыптың түрлі аспектілерін, әсіресе қауіпсіздік және технологиялық қырын талдау қажет деп есептейміз.

Дүниежүзілік экономикалық форумның негізін қалаушы К. Шваб төртінші өнеркәсіптік төңкеріс жаңа ғасырда цифрлық сипатта жүзеге асатынын жазады. Оның басты сипаттарының бірі шағын өндірістік құралдар, жасанды интеллект пен оқытушы машиналар болмақ[332, 11 б.].

Цифрлық технологияның мемлекет пен қоғам өміріндегі қолданысы мен қолжетімділігі әр мемлекет пен өңірдің жағдайында әртүрлі деңгейде. Әлемнің экономикасын қамтыған цифрлық трансформацияның қарқыны мен ауқымы үлкейіп келеді. Технологияның дамуымен қатар мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықта цифрландырудың мүмкіндіктері жиі қолданылады. Аймақаралық немесе көршілес мемлекеттердің трансшекаралық байланысын нығайту, көлік-логистикалық, қауіпсіздік және экологиялық байланысты дамытуда цифрлық ынтымақтастық маңызды орын алып келеді[177]. Соңғы жылдардағы зерттеу жұмыстары мен халықаралық байланыстарда «цифрлық дипломатия» ұғымы да айналымға енді. «Жібек жолының экономикалық белдеуі» басталған ҚХР мен транқұрлықтық көпірге айналған ҚР-дың цифрлық революцияға жауабы ретіндегі потенциалы мен проблемалары өзекті болмақ. Ал, екіжақты қатынаста ҚР мен ҚХР-дың сауда-экономикалық қарым-қатынасын цифрландыру оны транспарентті,



трансшекаралық өткізу қуаты жедел және барынша автоматтандырылған, ақпарат алмасуға қолайлы қылуға мүмкіндік береді.

Бүгінде технологиялық трансформация, цифрлық даму стратегиясын дайындау, «ақылды қалалар» салу және трансшекаралық сауданы дамытуда Жібек жолы қайта жанданып, уақыт сұранысына сай цифрландырылып келеді. Қарапайым жүк көлігі, контейнермен немесе әуе тасымалдарын тиісті ақпаратпен алмаспай бір жүйеге келтіру мүмкін емес. Қытайдың сыртқы байланысында БЖИ атауымен қоса «Цифрлық Жібек Жолы» аясындағы ынтымақтастық туралы жиі айтылады. «Цифрлық Жібек жолы» деген ұғым ҚХР басшылығы мен инициативаға қатысушы елдердің баяндамаларында да жиі көрініс табады. Бірақ ЦЖЖ алдыңғы тарауларда қозғалған бастамалардың барлығынан кейін тарала бастады. БЖИ атауымен қоса Қытай және халықаралық БАҚ-та «Әуедегі Жібек жолын» дамыту, «Ғарыштағы Жібек жолын» құру, сондай-ақ «Цифрлық Жібек Жолы» аясындағы ынтымақтастық туралы жиі айтылады. Олардың арнайы бекітілген іс-қимыл жоспары мен бағдарламасы болмаса да, БЖИ-ді әртараптандыру, оны дискурсқа енгізу, іске асыру салалары бойынша толықтырып тұрады.

2017 жылы 14 мамырда Бейжінде өткен форумда «Цифрлық Жібек жолы» туралы жоғары деңгейде айтылды. ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин халықаралық қауымдастық өкілдерінің алдындағы сөзінде: «Біз «Белдеу мен жолды» инновациялар жолына айналдыруымыз керек. Инновация – дамуға серпін беретін маңызды күш. Біз «үлкен деректердің», «бұлтты» технология мен ақылды қалаларды дамыту арқылы оларды ХХІ ғасырдың Цифрлық Жібек жолына айналдыруымыз қажет» деді[41]. Бүгінде Қытайдың «Белдеу мен жол» бастамасын оның құрамдас бөлігі ЦЖЖ үлесінсіз толық қарастыру мүмкін емес. Қазіргі уақытта ЦЖЖ Қытай технологияларын инициатива бойындағы елдерге таратудың және ҚКП «кибердержава» болу ұмтылысын жүзеге асыру құралы ретінде де қаралады. Бейжің сонымен қатар 5G, жасанды интеллект және заттар интернетін қоса алғанда, бірқатар дамып келе жатқан технология үшін халықаралық стандарттарды орнатуға назар аударады[177]. АҚШ пен Қытай арасындағы шиеленіс күшейген сайын АҚШ пен Еуропа, Азия мемлекеттері технологиялар мен цифрлық инфрақұрылым саласындағы халықаралық стандарттарды қайта қарастырып жатыр және оны Қытайдан таратуды көздейді.

2017 жылы 16 мамырда жоғары деңгейдегі алғашқы БЖИ халықаралық форумы қатысушыларының бірлескен коммюникесі қабылданды. Құжаттың 15 тармағы 7-тармақшада «сауданың өсімін жаңа салалар арқылы кеңейту, сауда балансын, электрондық сауданы және цифрлық экономиканы қолдау, еркін сауда аймақтарын құруды көтермелеу және мүдделі елдердің еркін сауда келісімдерін қолдауға» назар аударылған[333]. Ол құжатта Цифрлық Жібек жолы – цифрлық экономиканың жаһандануы, оның басты бағыттары инновациялық қызметті арттыру, Жібек жолы елдерінің арасындағы

ақпараттық инфрақұрылымды дамыту, үлкен деректерді өңдеу және сақтау, бұлтты технологиялар, жасанды интеллект, нанотехнологиялар және кванттық компьютерлер және т.б. сияқты цифрлық экономика саласындағы инвестициялық ынтымақтастық нығайтатыны айтылған. Цифрлық Жібек жолын іске асыру Қытай мен БЖИ бойындағы мемлекеттер үшін экономика және технология секторларында маңызға ие. 2022 жылы Қытайдың БЖИ бойындағы елдермен сауда-саттық көлемі 18 трлн юаньға жетуі мүмкін делінген, сәйкесінше осы елдердің арасындағы цифрлық сауда-экономикалық қатынас та кеңейе түседі[205].

2019 жылы 27 сәуірде ҚХР астанасы Бейжің қаласында өткен II форумының нәтижесіндегі бірлескен мәлімдемеде цифрлық инфрақұрылымды дамытудың мән-маңызы көтерілді. Екінші рет ұйымдастырылып жатқан форумда цифрлық саладағы ынтымақтастық та тікелей қарастырылды. Бастама қатысушылары халықаралық тәжірибені пайдалануға, трансшекаралық жылдамдығы жоғары оптикалық кабельдерді қоса алғанда, цифрлық инфрақұрылымды нығайтуға, электрондық сауданы және ақылды қалаларды дамытуға, сондай-ақ цифрлық алшақтықты қысқартуға шақыратынын мәлімдеді.

Қытай ЦЖЖ аясында осыған дейін ең кемінде он алты мемлекетке цифрлық ынтымақтастық келісіміне қол қойды немесе осы бағытқа байланысты инвестиция құйды. Дегенмен, іс жүзіндегі келісімдер мен инвестициялардың саны анағұрлым көп болуы ықтимал, өйткені олардың көпшілігі тіркелмейді немесе өзара түсіністік туралы меморандумдар ашық жарияланбайды[334]. Сондықтан Қытай мен тағы бір мемлекеттің арасындағы цифрлық ықпалдастықтың деңгейін бағалау қиынға соғады. Кейбір зерттеулерге сенсек, инициативаға қатысушы 138 мемлекеттің үштен бірі ЦЖЖ жобаларына қатысады. 2016 жылы ҚХР ұсынып, 19 мемлекет пен 7 халықаралық ұйымның қолдауымен «Цифрлық белдеу мен жол бағдарламасы» (Digital Belt and Road Program) іске қосылды. Қытайда цифрлық экономиканың дамуын көрсететін негізгі үш фактор бар:

Біріншіден, цифрлық компанияларды қолдау арқылы Қытай үкіметі мемлекетті цифрландыруға айтарлықтай септігін тигізуде.

Екіншіден, Қытайдағы рыноктың үлкен ауқымы және жас интернет қолданушылардың көптігі цифрлық бизнес-модельдерді жылдам пайдалануға жол ашады.

Үшіншіден, қытайлық интернет-алпауыттар (Baidu, Alibaba, Tencent) цифрландыру үрдісін жылдам және ауқымды жүргізуге қолайлы «экожүйе» қалыптастырды[58].

ЦЖЖ жалпы «Белдеу мен жолдың» маңызды компоненттерінің бірі болғандықтан, Қытай осы инициативаның бойында технология арқылы ықпалын арттыруға талпынатыны белгілі. Ондай мүмкіндіктер телекоммуникация инфрақұрылымын, деректерді өңдеу орталықтары және «ақылды қалаларды» дамытудан туындауы мүмкін. Кейбір пікір Цифрлық

Жібек жолы цифрлық державаны құрудың спецификалы талабы болып саналады, бірақ сонымен қоса БЖИ бойындағы елдердің цифрлық дамуына мүмкіншілік береді дейді. Атап айтқанда инициатива елдердің экономикалық және әлеуметтік дамуына, ұлттық мемлекеттік басқару деңгейін көтеруге, халықаралық бәсекені өсіруге серпіліс береді[335].

Коммуникациялық инфрақұрылымды нарықтардан, стандарттар мен саяси элиталардан алға шығуға қолдану Қытай үшін мультитаймақтық база қалыптастырып, өз нормалары, жүйесі мен желілерін халықаралық аренада әлдеқайда кеңінен орнатуға да жағдай жасайды.

Кез-келген мемлекеттің цифрлық экономика саясатын дамытуында бес ортақ тенденция байқалады: біріншіден, инновациялар цифрлық экономиканы дамытудың басымдығына айналып келеді; екіншіден, жаңа инфрақұрылым елдердің экономикалық және әлеуметтік дамуына әсер етеді; үшіншіден, терең цифрлық экономикалық интеграция стратегиялық мақсатқа айналып келеді; төртіншіден, цифрлық экономикалық басқару сұрақтарын белсенді көтеру; бесіншіден, ұлттық цифрлық бағдарламаларды жетілдіріп, таланттардың жетістіктерін пайдаланады. Қытай коммунистік партиясының XVIII съезінен кейін цифрлық экономикалық даму стратегиясы нақты жоспарланып, цифрлық экономика ұлттық стратегия деңгейіне көтерілді. Көршілес ОА елдері де осы үрдістен тысқары қала алмайтын болғандықтан, бүгінде цифрлық трансформацияның өзектілігі мен маңыздылығын түсініп, цифрлық экономиканы ұлттық даму стратегиясының бағыты ретінде қарастырады.

Цифрлық экономиканың масштабы кеңейгенін 2019 жылы Қытайдың цифрлық экономикасы 35,8 трлн юанға дейін 1,4 пайызға өсіп, ЖІӨ-нің 36,2%-ы соған тиесілі болғанынан көреміз. 2019 жылы цифрлық индустрияның жалпы құны 28,8 трлн юанға жетіп, ЖІӨ-нің 29,0%-ын құраған. 2019 жылы цифрлық индустрия тұрақты даму сатысына көтеріліп, ішкі құрылымы мен іргетасы ары қарай нығайды. Өнеркәсіпті цифрландыру өсімді жеделдетіп, ұлттық экономиканы дамытудың басты қозғаушы күшіне айналды және цифрлық басқарудың тетіктері ұлғайды[336].

2020 жылғы коронавирус эпидемиясының таралуымен бірге цифрлық қызмет түрлеріне деген сұраныс артқаны белгілі. 2019 жылы дамыған елдерде цифрлық қызметті экспорттау көлемі 2 2431,00 млрд АҚШ долларына жетті, бұл әлемдік цифрлық қызмет экспортының 76,1%-ын көрсетеді. Бизнес саласында электрондық коммерцияның трансшекаралық экожүйесі цифрлық платформа қызметі, нарықтық ақпарат қызметі, төлем және есеп айырысу, логистикалық ақпарат сияқты бірқатар цифрлық қызмет түрлерін жасап шығарды. Дәстүрлі салаларда онлайн-білім беру және медициналық қызмет бағыты қарқынды түрде таралып келе жатыр[337].

**Қазақстандағы ЦЖЖ перспективалары.** ЦЖЖ дамыту туралы сөз болғанда, біз бірінші кезекте «Жібек жолының экономикалық белдеуі» бойындағы мемлекеттердің экономикасын цифрландыру деңгейіне назар

аударамыз. Осы тұрғыда қазақстандық қоғамның цифрлық трансформация динамикасын және ұлттық бағдарламасының нәтижелерін қарастыру қажет болады. Бүгінгі таңда Қазақстанда «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, кезең-кезеңімен іске асырылып келеді[338]. Ол бағдарлама 2018-2022 жылдарға арналған және іске асыруға мемлекеттік бюджеттен 141 048 387 мың теңге бөлінген. Оның іске асу динамикасын бақылап отыруды қажет етеді.

Еуразиялық кеңістік елдері өздерінің ұлттық бағдарламалары шеңберінде цифрлық экономиканы дамытуды қолға алып, бірқатар елдерде цифрлық даму министрліктері де құрылды. Мәселен, Қырғызстанда «Таза коом» (Таза қоғам) бағдарламасы, Беларусь Республикасында – «Цифрлық экономика және ақпараттық қоғамды дамыту», Түркияда – «Стратегия-2023», Ресейде – «Цифрлық экономика», ҚХР-да – «Made in China-2025» бағдарламалары іске қосылды. ЦЖЖ-ны құруда ынтымақтастықтың негізгі салалары ретінде электрондық коммерция, қаржылық инфрақұрылым, білім беру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қарастырылады[339].

Қазіргі уақытта, электрондық коммерцияның өсуіне байланысты, тіпті шектеулі капиталмен де бизнесті қиыншылықсыз құруға болады. Болжамға сәйкес 2040 жылға қарай сатып алулардың 95%-ы интернетте жасалады. Электрондық коммерция жастарға жаңа мүмкіндіктер ұсынып келеді. 2017 жылы жалпы саудадағы электрондық сауданың үлесі 2,3 трлн АҚШ доллары болса, 2021 жылға қарай бұл көрсеткіш 4,5 трлн АҚШ долларына дейін жетуі ықтимал. 2018 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстандағы онлайн-сауда нарығының көлемі 1,5 есе өсіп, 269 млрд теңгені құрады. Қазақстандағы электрондық коммерция нарығының құрылымын қарайтын болсақ, ондағы тауарлар саудасы – 68% және қызмет көрсету секторы 32%-ды құрайды[340]. Қазақстанда 2013-2017 жылдары интернет арқылы жасалатын бөлшек сауда көлемі 3,8 есе өсіп, 107 млн теңгеге жетті. Интернет арқылы жүргізілетін көтерме сауданың үлесі жалпы сауда-саттықтың 0,4% - ын құрайды.

Жоспар бойынша 2025 жылы электрондық сауда бөлшек сауданың 24%-ын құрайды. 2018 жылы онлайн-сатып алушылар саны 2,32 млн адамға жетті, 2025 жылға қарай ол 15 млн адамды құрауы мүмкін. Бұл көрсеткіштерді Қазақстанның Қытай мен Еуропа арасындағы транзиттік әлеуетін пайдалана отырып арттыруға болады. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізінің арқасында транзиттің бұл көлемін 2025 жылға қарай 864 млн. сәлемдемеге дейін ұлғайтуға болады. Отандық ауылшаруашылығы өнімдерін сату үшін Қытай нарығы тиімді болады. Электрондық коммерцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі жол картасы осы бағыттағы жұмысты жүйелеуге серпін береді. «Қорғас» ХШЫО Қазақстан-Қытай электрондық коммерциясын байланыстырудың тетігі. Бұл Қазақстанның транзиттік жағдайын кеңейту және шағын, орта бизнес өнімдерін экспорттауға жол ашады[341].

Цифрлық экономиканы дамыту көзделген жерде киберқауіпсіздік мәселесі қатар көтерілетіні белгілі. Өйткені, қазіргі уақытқа дейін әлемнің дамыған елдерінің өзі ақпараттық жүйесі сыртқы шабуылға тап болған. ҚР бұрынғы Президенті Н. Назарбаев 2018 жылғы 10 қаңтардағы Жолдауында: «Бүгінгі таңда киберқауіпсіздік ұғымы тек ақпаратты ғана емес, сонымен қатар өндірістік және инфрақұрылымдық объектілерді де қорғауды білдіреді» деген еді[342]. Қазақстан халықаралық киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ШЫҰ шеңберінде киберполиция құруды қолдады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін «Қазақстанның киберқалқаны» киберқауіпсіздік тұжырымдамасы әзірленді және жұмыс істеп келеді, ол бойынша жедел орталықтар мен кибер-инциденттерге жедел іс-қимыл қызметтері құрылады. Зерттеулерге сәйкес, Қытай, АҚШ, Ұлыбритания, Үндістан, Франция, Қазақстанның үкіметтік порталдарына сыртқы күштер хакерлік шабуылдар жасады. Цифрлық Жібек жолындағы ынтымақтастықты дамыта отырып, жекелеген мемлекеттердің дұшпандық көзқараста және егемендігіне қол сұғу үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды әскери-саяси мақсатта қолдануына қарсы күресудің маңызы ерекше.

ЦЖЖ-ның дамуы сауда операцияларының мобильділігі мен ашықтығы нәтижесінде елдердің экономикасын жаңа деңгейге көтереді. Мысалы, 2017 жылы Қазақстан басшылығы Қытай мен Қазақстан арасындағы 2004 жылдан 2018 жылға дейінгі тауар айналымындағы мәліметтердің айырмашылығы 64 млрд долларға жеткенін анықтады. ТМД-ның, ЕЭО-ның түрлі аландарында интеграцияланған цифрлық инфрақұрылым жасау мәселесі талқылануда[80, 37 б.].

Қазақстан Республикасы Жібек жолының экономикалық белдеуіне қатысушы және экономикасы мен мемлекеттік басқару саласын цифрландырушы мемлекет ретінде Қытаймен цифрлық байланысты дамытуға талпыныс білдіруде. Цифрлық дәуірдің сұраныстары мен сын-қатеріне жауап беру үшін іске асырылып жатқан әлеуметтік-экономикалық модернизацияға алдыңғы қабылданған «Қазақстан-2050» даму стратегиясы, 100 нақты қадам – Ұлт Жоспары, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы, 2018 жылы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдаулары негіз болады[80, 38 б.].

Жоғарыда айтылғандай, цифрлық ынтымақтастықтың дамуымен қатар БЖИ шеңберінде киберқауіпсіздік және сонымен байланысты мемлекеттік қауіпсіздік тақырыбы өзекті болады. Осы салада қос мемлекеттің ауылшаруашылығын, климаттың өзгерісі мен экологиялық, табиғи апаттарды зерттеуге, қалалардың дамуы, озық тәжірибелермен бөлісу, цифрлық экономиканы дамытуға қызмет ететін мамандарды даярлау іс-қимылы төмен екендігі байқалады. Ғылым мен технологияның жетістіктерімен алмасу, бірлескен зертханалар құру, технопарктердің арасындағы серіктестік және технологияларды беру маңызды мәселе болмақ. Қазақстан әлемде болып жатқан жаңалықтардан тыс қалмай, заманның технологиялық табыстарымен

ілесі отырып, өзінің тың ұсыныстарымен «Цифрлық Жібек жолының» мүмкіндіктерін тиімді пайдалана алады[57].

Қазіргі кезеңде «Бір белдеу, бір жол» инициативасының аясындағы цифрлық ынтымақтастықтың бірнеше күрделі кедергісі ретінде: осы саладағы өзара жобалар мен келісімдер туралы ақпараттың қолжетімді болмауын; дамушы және дамыған мемлекеттердің цифрлық экономикасындағы алшақтығын; сондай-ақ қауіпсіздік мәселесі тұрғысынан көршілес мемлекеттердің арасында цифрлық ынтымақтастықтың әлсіздігін көрсетуге болады.

«Электронды дипломатия» (E-diplomacy) термині интернет және ақпараттық-коммуникация технологиялары (АКТ) арқылы дипломатия мен халықаралық қатынастарды жүргізудің жаңа әдіс-тәсілдерін білдіреді. Сонымен қатар бұл термин АКТ құралдарының қазіргі дипломатия тәжірибеге әсерін де зерттейді. Қоғамдық дипломатия тұрғысынан АКТ мен электрондық дипломатия мемлекеттің қызығушылығын алға жылжыту үшін қажетті білімді өндіріп, таратып, қолдап отырады.

**Эксперттердің талқылауы.** ЦЖЖ инициативаға қатысушы мемлекеттердің цифрлық байланысын нығайтуды көздейді және бұл процесте Қытай өзін басты қозғаушы күш ретінде есептейді. Макродеңгейде қарастыратын болсақ, ЦЖЖ дегеніміз жерасты және жерүсті ақпарат алмасу желілері, 5G мобильдік желісі, мәліметті сақтау орталықтары, спутниктік навигациялық жүйелер сияқты цифрлық инфрақұрылымды дамыту және өзара іс-қимыл жасау [342].

Негізі Цифрлық Жібек жолы жәй ғана инфрақұрылым жобасы емес, азиялық және жаһандық цифрлық басқаруды Қытайға қарай бұратын амбициясы жоғары инициатива. ЦЖЖ Қытай үкіметінің «Қытайда жасалған – 2025», «Қытай стандарттары – 2035» сияқты ұлттық бағдарламаларымен толық үйлеседі. Аталған бағдарламалар Қытайдың ішкі технологиялық инновациясын сыртқа таратуға, өндірісін дамытуға және транзакция мүмкіншіліктерін кеңейтуге арналған. Сондықтан ол Қытай Мемлекеттік кеңесінің әлемдегі технологиялық көшбасшылығы мен цифрлық инфрақұрылымды автономды басқару мүддесімен сәйкес келеді[41-42].

Цифрлық Жібек жолы негізі БЖИ-ға мүше мемлекеттермен ықпалдасып, оның сыртында дамушы елдерге бағытталғанымен, Қытай инвестицияны Германия, Италия сияқты Еуропа елдеріне де құяды. Еуропадағы жобалар 5G желісі, финтех және ақылды қала технологиясына арналған. Егер ЦЖЖ қатысушы барлық тарап әлдеқайда ашық, транспарентті, еркін және әділетті жаһандық киберкеңістік, цифрлық басқару жүйесін құру мақсатын қойса мұндай ынтымақтастықтың форматы өз жемісін береді[343].

АҚШ сарапшысы Джонатан Хиллман Қытай нарығына қол жеткізгісі келетін батыс компаниялары өздерінің цифрлық технологияларын бұзуға, ұрлауға, көшіруге қалай мүмкіндік бергенін және Үкіметтің қолдауымен

төмен бағамен өндірілген қытайлық жабдықтарының әлемнің барлық елдерінде қалай орнатылғанын айтады. Ол жетекші демократиялық мемлекеттер мен ірі дамушы нарықтарға ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға бірлесіп инвестициялауға, еркін қоғамға ықпал ететін ашық техникалық стандарттар мен этикалық нормаларды белгілеуге және жоғары сапалы жабдықты бәсекеге қабілетті бағамен сату үшін мемлекеттік қолдау көрсетуге шақырады[176-177].

Осы орайда сарапшылар ЦЖЖ іске асырудың төрт стратегиялық салдарын атап көрсетеді. **Біріншіден**, Қытай цифрлық инфрақұрылымды салған сайын соған сүйену арқылы әлемдік цифрлық тәртіпте өзінің позициясын күшейтеді. Цифрлық артерия қалыптасқан соң, бұл үрдіс Қытай сыртқы сауда жеткізілімі мен экономикасын ынталандырып, жаһандық қаржы-экономикалық ықпалын арттырады.

**Екіншіден**, Қытайдың цифрлық басқаруы қатаң мемлекеттік және патерналистік сипатта болғандықтан, ол батыстағы цифрлық құндылықтар және нормалармен сәйкес келмейді. Қытай үкіметі қоғам тұрақтылығы үшін өзіне қарасты киберкеңістікте қатаң шектеулер орнатқан.

**Үшіншіден**, қытайлық кәсіпорындар және Қытай билігі ЦЖЖ арқылы жергілікті ірі мәлімет пулдарына қол жеткізуі мүмкін. Өзге мемлекеттердің Қытайдың инфрақұрылымына деген тәуелділігін күшейте отырып, Бейжің саяси ықпал етудің құнды құралына ие болуы да ықтимал.

**Жалпы алғанда** ЦЖЖ жаһанға жайылған цифрлық теңсіздікті азайтуға өз әсерін тигізеді. Сонымен қоса, бұл инициатива америкалық цифрлық құндылықтар жүйесі мен нарықтағы технологиялық компанияларына сын-қатер төндіреді. Әсіресе, дүниежүзінің экономикасы мен денсаулық саласына шығын әкелген пандемия жағдайында цифрландырудың мән-маңызы артып отыр[337].

Қытай стандарттары мен қызметтерін ілгерілету әлеуетін ЦЖЖ аспектілерінен көруге болады. «үлкен деректер», сонымен қоса «ақылды қалалар», ақылды «электр желілері», ақылды «логистика» БЖИ-ге қатысушы елдердің кейбір тұрақты даму мәселелерін, экологиялық проблемаларын шешуге көмектеседі. China Telecom Corporation, China Mobile және China Unicom Huawei және ZTE сияқты жабдық тапсырушыларымен 5G саласында серіктес болады және инвестиция құяды. 5G заттар интернетінің, автономды көлік құралдарының, дрондардың, ақылды қалалардың және басқа да негізгі тенденциялардың қозғаушы күші болады [336].

Цифрлық Жібек жолына қатысты тағы бір мәселе – оған қатысатын елдердің Қытайға тәуелді болу ықтималдығының артуы. Ол технологияларды жеткізу, қаржыландыру тетіктері, саяси қысым, Қытайдың ЦЖЖ-ға қатысушы елдерге ықпалының артуы, сондай-ақ олардың қарыз мәселесін шиеленістірумен байланысты болуы мүмкін. Осылайша Қытай технологиялық авторитаризм орнатуы мүмкін деген болжамдар жасалады. Мәселен, Huawei мәліметтері бойынша, оның осы саладағы шешімдері 30-

дан астам елдегі 100-ден астам қалада жүзеге асырылған. Әр түрлі дамушы нарықтардағы киберкеңістіктегі ықпал үшін күрес пен бәсеке арта береді[344].

Алдағы жылдары АҚШ-тан технологиялық артықшылық алуға бағытталған Цифрлық Жібек жолы Қытайдың сыртқы саясатының басым бағытының бірі болады. Бұл Қытайдың әлемдегі саяси ықпалын және оның Бәйдоу жүйесі арқылы әскери әлеуетін арттыруы мүмкін. Пандемия кезінде цифрландыруды жеделдетуі Қытайдың осы саладағы белсенділікті арттыруының қосымша дәлелі болды. «Қытай стандарты – 2035» құжатында көрсетілгендей, ҚХР өзінің технологиялары мен деректер ағынының стандарттарын ілгерілетуге тырысады. Қытай билігі бұл мәселе бойынша 49 елмен және аймақтармен келісімге қол қойғанын айтады. Қытай «егеменді киберкеңістік» тұжырымдамасын қолдай отырып, оны интернет-контент пен деректер ағынын мемлекеттік бақылау тетігі ретінде қарастырады[345].

«Цифрлық Жібек жолы» брендімен жасалған барлық жобалар Қытай мемлекетінің дамушы нарықтардың технология саласына үстемдік ету, сондай-ақ БЖИ ірі инфрақұрылымдық жобаларын цифрлық қолдауға арналады. Бірақ геосаяси әлем 2015 жылдан бері тектоникалық түрде өзгеріп келеді және Цифрлық Жібек жолы барған сайын БЖИ-дің маңызды бөлігіне айналып, Бейжің АҚШ үстемдік ететін технологиялық әлемге балама бағытты ілгерілетіп отыр[346].

2020 жылы 16 шілдеде «Қытай – Орталық Азия» саяси диалогы бейнеконференция түрінде өтті. Іс-шара барысында министрлер халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі бірқатар өзекті мәселелер бойынша пікір алмасты. Қатысушылар ОА мемлекеттері мен Қытай қарым-қатынасының әр саласын, пандемиямен күрес, өзара гуманитарлық көмек, жүк тасымалы мен тауарлардың транзитін талқылады. Осы кездесуде де ОА мен Қытайдың СІМ басшылары цифрландыру, электрондық коммерция, ақылды қалалар және басқа да «ноу-хау» бойынша кооперация мүмкіндіктерін талқылады. Мұндай дәстүрдегі кездесулер алдағы уақытта үйреншікті құбылысқа да айналуы мүмкін деп санаймыз.

COVID-19 қоғамдық өмірдің барлық аспектілерін өзгертіп жатыр және дипломатия саласы да одан тысқары қалған жоқ. Бүгінгі таңда цифрлық дипломатия стандартты тәжірибеге айналды. Ол дәстүрлі дипломатияның толығымен алмастырып жібермесе де, толықтырып және мүмкіншіліктер беріп отыр. Цифрлық дипломатия өз икемділігімен және дәстүрлі дипломатияның шектеулерінен шығуымен ерекшеленеді. Қазақстанның сыртқы саяси ведомствосы мен дипломаттары қазіргі жағдайда цифрлық дипломатияның артықшылықтарын тиімді пайдалануы керек. Коронавирусқа байланысты көптеген проблемаларды ескере отырып, жоғары деңгейдегі дипломатиялық келіссөздер негізінен виртуалды құралдармен жүзеге асырылады. Алайда, оның ұзақмерзімді перспективадағы нормаға айналатындығын уақыт пен тәжірибе көрсететіні рас. Қытайдың озық



технологиясы қауіпсіздік пен сапа тұрғысынан сұрақ тудырғанымен, дамушы нарық үшін тартымды болып қалуы ықтимал. Пандемия кезеңі жоғары технологиялық шешімге сұранысты көбейтіп, Қытайдың технологиялық саладағы ұмтылысын күшейтті. Бейжіңнің байланыс және ақпараттық технология секторындағы қадамдары, телекоммуникация желісі, бақылау жүйесі немесе жасанды интеллектіні кеңінен енгізуі Қытайдың ереже шығарушы мемлекетке айналуына көмектеседі[77].

Бұл тарауда Жібек жолы бойындағы елдердің цифрландыру ауқымына, цифрлық экономиканы дамытудың маңыздылығы мен үрдістеріне, Қазақстан-Қытай өзара цифрлық даму саласындағы ынтымақтастығына назар аударылды. Мемлекеттің барлық өмір саласын цифрландыру арқылы адамдар мен кәсіпорындар арасында ғана емес, мемлекетаралық іс-қимылдың жаңа мүмкіндіктерін қалыптастыруға болады. БЖИ аясындағы Цифрлық Жібек жолы бағыты кеңейіп келеді, мемлекеттер арасындағы жаңа технологиялар мен сауда қатынастарында қиыншылықтар болғанымен, даму тенденциясы бар. Қазіргі уақыттағы экономикалық санкциялар, ірі державалар арасындағы сауда соғысы жағдайында БЖИ аясындағы ынтымақтастық өзекті бола түсуде. Сондықтан отандық және шет елдік зерттеушілер кеңінен зерттеле қоймаған инициативаның коммуникациялық және ақпараттық сегментіне назар аударудың маңызы үлкен. Цифрлық Жібек жолы экономикалық трансформацияны жеделдетіп, аймақтық интеграцияны нығайтуға, сауда операцияларының ұтқырлығы мен ашықтығының нәтижесінде оған мүше болып отырған елдердің экономикасын диверсификациялауға ықпал етуі ықтимал.

Қытай ЦЖЖ арқылы өзінің технологиялық стандарттары мен компанияларын ілгерілетуге тырысады. Бұл қытайлық технологиялық компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және Қытайдың әлемдік технологиялық көшбасшы ретіндегі позициясын нығайтуға ықпал етеді. ЦЖЖ Қытайға цифрлық экономикадағы ынтымақтастық арқылы қатысушы елдермен дипломатиялық байланысты икемді қылуға мүмкіндік береді. Тұтастай алғанда, ЦЖЖ Қытайдың халықаралық ықпалын, экономикалық қатынастарын және әлемдегі технологиялық көшбасшылығын нығайтуға бағытталған сыртқы саясатының маңызды элементі деп түсінеміз. Ғылыми дискурстың нәтижесінде Цифрлық Жібек жолын дамытуда бірқатар кемшіліктердің бар екені де анықталып отыр. Цифрлық Жібек жолы кеңеюімен қатар мемлекеттік және жеке деректер құпиялығының, цифрлық қауіпсіздіктің проблемасы да туындайды. Цифрлық Жібек жолының мақсат-мүддесі айқын емес деген пікірлер бар. ЦЖЖ аясындағы инвестициялар туралы нақты мәліметтерді табу қиынға соғады және дамушы елдердегі цифрландыру деңгейіндегі айырмашылықтар да бар.

ЦЖЖ Қазақстан мен ОА үшін бірнеше перспектива ашуы ықтимал. Жібек жолының цифрлық жобаларына қатысу инвестицияларды ұлғайту және цифрлық инфрақұрылымды дамыту арқылы аймақтың экономикасына

әсер ете алады. ОА Қытай және басқа қатысушы елдердің нарықтарына оңай қол жеткізе алады, бұл сауда мен экспорттың әлеуетін кеңейтеді. Траншекаралық цифрлық дәліздер; халықаралық сауда мен қаржылық операцияларды жеңілдету үшін электрондық коммерция мен цифрлық төлемдер жүйесі; ғылыми және технологиялық салалардағы білім мен тәжірибе алмасу да осының механизмдеріне кіреді. Бірақ ЦЖЖ аясында цифрлық инфрақұрылымды кеңейту кибершабуылдар мен деректердің құпиялығы сияқты киберқауіпсіздік қатерін арттыруы мүмкін. Сондықтан ОА елдері үшін ЦЖЖ қатысудың экономикалық пайдасын іске асыру мен онымен байланысты сын-қатерді басқару арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды. Әрбір ел өз мүддесіне сәйкес келетін және тұрақты дамуды қамтамасыз ететін стратегияны орындауы тиіс.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертация жұмысында ҚХР сыртқы саясатының трансформациясын оның соңғы онжылдықта қабылданған жаңа сыртқы саясат концепциялары және инициативасы арқылы қарастыруда әртүрлі зерттеу парадигмалары, әдіснамалық көзқарастар, бірнеше теория арқылы анализ жасауға мән берілді. Қытайдың жаңа сыртқы саясат концепциялары мен БЖИ ҚХР-дың жалпы әлемдік тәртіп, аймақтық және әлемдік ықпалдастығы аясында объективті түрде қарастырылды. Тақырып гегемондық тұрақтылық, күштер балансы, моральдық реализм теориялары аясында талданды. АҚШ гегемониясының азаюымен бірге Қытайдың көшбасшылыққа ұмтылуы, Бейжіңнің алдағы сыртқы саясаты мен жаһанды басқаруға тигізетін ықпалы артуы ықтимал деген тұжырым жасалады. Сондықтан қазіргі Қытайдың ресми риторикасындағы «жаһанды басқару» шеңберінде көшбасшылыққа жету жолындағы жаңа бастамалары назарға алынды. Диссертацияның кіріспе бөлімінде алға қойылған мақсат-міндеттер жұмыс барысында толық орындалды және зерттеудің нәтижесі мен тұжырымдарынан көрінеді.

**Диссертация негізгі бөлімінің алғашқы тарауында Қытай сыртқы саясатының трансформациясы мен оның концепциялары әлемдік тәртіптегі Қытайдың орны, жаһанды басқару жүйесін реформалау өзгерістерімен байланысты зерттелді.** Қытай мүдделі тарап ретінде әлемде белсенді рөл атқаруды өзінің жауапкершілігі деп санап, жаһанды басқару жүйесіне үлес қосушы мемлекетке айналды. 2013-2023 жылдар аралығындағы қытайлық түпнұсқа деректерді зерттеу нәтижесі көрсетіп отырғандай, жоғарыда айтылған тұжырымға ҚХР ресми құжаттарына «жаһанды басқару», «жаһанды басқару жүйесін реформалау» ұғымдарының енгізілуі дәлел болады. Жаһанды басқару жүйесін реформалаудағы Қытайдың көзқарасы ретінде мәлімдемелерде жиі айтылған «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры», БЖИ, «халықаралық қатынастардың жаңа типі» концепцияларын түсінуге болады. Ендігі кезекте Қытай Үкіметі оның практикалық көрінісі мен іске асыру механизмдеріне басымдық беріп отыр. БЖИ Қытай үшін маңызды және ықпалды құрал болып есептеледі. Бұл көшбасшылыққа ұмтылыс, жаңа нормалар мен жаңа әлемдік тәртіпті құруға мүмкіндік береді.

Партияның XVIII съезінен бастап талқылау мен құруға негізделген жаһанды басқару тұжырымдамасы Си Цзиньпиннің дипломатиялық ойының маңызды бөлігіне айналды. Ал XIX съезден кейін «Си Цзиньпин идеялары» ҚКП Жарғысы мен ҚХР Конституциясына еніп, ішкі және сыртқы саяси риторикада «жаңа дәуір» (新时代) ұғымын жиі пайдалана бастады. Қытай кейбір бастамалары арқылы халықаралық қатынастардың батыстық үлгісін сынға алып, өзінің идеалды нұсқауларын жариялағысы келеді. Жаңа сыртқы саяси идеялар мен оларды өңірлік және жаһандық деңгейде іске асыру механизмдерінің әртүрлі болуына байланысты тұжырымдамалардың қатаң

иерархиясы анық көрсетілмейді. Қытай басшылары осы идеяларды тиімді формада алмастырып және толықтырып отырады. Дегенмен, түпнұсқа деректерді сараптау негізінде жоғарыда айтылған концепциялар әртүрлі деңгейде бір-бірімен байланысқан; БЖИ құрылысы осы мақсатқа жетудің ортақ маңызды практикалық құралы деген қорытындыға келуге болады. 2022 жылы Си Цзиньпиннің жаңа төраға болып сайлануынан кейін Қытайдың жаңартылған сыртқы саясат тұжырымдамасы нақты құрылымдық контурға ие болуы ықтимал.

**Негізгі бөлімнің екінші тарауында ҚХР сыртқы саясатының трансформациясындағы, сондай-ақ жаһанды басқару контекстіндегі «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» концепциясы және БЖИ-дің орны мен өзара байланысы кешенді түрде қарастырылды.** Біздің зерттеуімізше, он жылға жуық уақытта «адамзат қауымдастығы» идеядан нақты іс-қимыл жүйесіне дейінгі эволюциядан өтті. Си Цзиньпин билігінің кезеңінде ол саяси-ғылыми айналымға еніп, сыртқы алаңда Қытайдың имиджін орнататын басты идея ретінде қалыптаса бастады. 2013 жылы БЖИ шығуымен оның өзектілігі бірнеше есе артты. Бұл концепция ҚКП жаһанды басқару идеяларын алға жылжыту үшін мықты идеологиялық ресурс берді, мемлекеттік институттарды осы тақырыптың төңірегінде мобилизациялады.

Сарапшылар пікірі мен зерттеулер негізінде «Белдеу мен жол» іске асыру кезеңінде Қытайдың сыртқы саяси стратегиясының трансформациясы бірнеше сатыға бөліп қарастырылды: 1) Жариялау және таныстыру кезеңі (2013-2016 жж.). Бұл аралықта БЖИ Си Цзиньпиннің Қазақстанға сапарында жарияланып, Қытай Үкіметі әлемдік қауымдастыққа таныстыра бастады. 2) Ықпалдың артуы және бастаманы легитимдеу фазасы (2017-2019 жж.). Бұл аралықта Қытай БЖИ аясын жаңа аймақтар мен елдерге кеңейту арқылы өзінің сыртқы саясаттағы ықпалын тереңдетті. 3) Жаңа сын-қатерлер және пандемиядан кейінгі реориентация (2020-2023 ж.). COVID-19 пандемиясы жаһандық экономика мен әлемдік қатынастарға айтарлықтай әсер етті және Қытай осы өзгерістер аясында өз бастамаларын бейімдеуге тырысты.

Диссертацияда БЖИ аясындағы Қытайдың трансұлттық ықпалын зерттеудің кеңістіктегі перспективалары да қарастырылды. Аймақтық көпжақты ынтымақтастық сияқты зерттеу теориясы негізінде БЖИ-ға қатысты саяси кеңістікте жалғасып жатқан реконфигурация мәселелері зерттелді. ОА аумағындағы өзгерістер Қытайдың жалпы және әсіресе БЖИ-ге қатысты өсіп келе жатқан жаһандық қуатының операциялары мен масштабын түсінуге мүмкіндік береді.

Қолданыстағы әдебиеттерді шолу және географиялық, әлеуметтік және саяси контексті талдау негізінде бірқатар негізгі проблемалар да анықталды. Атап айтқанда, жоспарланған немесе ұсынылған БЖИ жобаларының ашықтығын қамтамасыз ету; қытайлық әзірлеушілер мен дамушы елдер үкіметтері арасында байланыс арналарын дамыту; БЖИ-дің нақты мақсаты,

стандарты мен құқықтық нормаларын жергілікті, мемлекеттік және трансұлттық деңгейде анықтап көрсету өзекті болып отыр.

БЖИ табысты орындалған жағдайда Қытай өзінің серіктес-елдерінің экономикалық перспективасына ықпал ету арқылы сыртқы әлеммен сауда-экономикалық байланысын жаңа дәрежеге көтеруді көздейді. Дегенмен, инициатива аясында Қытайдан көмек алатын мемлекеттер өзекті мәселелерді уақытында көтеріп, нақты проблемалар мен мүмкіндіктерді анықтап отыруды қажет етеді. БЖИ жылдам өзгеріп жатқан тақырып болғандықтан ондағы өзгерістерді, географиялық ауқымының кеңеюін, қатысу түрі және инвестициялардың фокусына қатысты зерттеулерді назарға алу керек.

**Зерттеудің соңғы тарауында «Белдеу мен жолды» іске асырудағы Қазақстан мен Қытайдың өзара ықпалдастығы, «Жібек жолы экономикалық белдеуіндегі» стратегиялық қарым-қатынастың жаңа сатысы, ҚХР дипломатиялық риторикасындағы өзгерістер және Қазақстан-Қытай өзара цифрлық даму саласындағы ынтымақтастығына назар аударылды.**

Қазақстан мен Қытай саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың барлық спектрі бойынша қарым-қатынасты тығыз дамытуда. Елдер арасында құқықтық норманың нық базасы мен өзара іс-қимылдың көпдеңгейлі тетіктері орнаған. Екіжақты жобалардың іске асуын бақылай отырып, Қытай экономикасы өңірлік ауқымнан әлдеқашан шығып кеткен, сондықтан Қазақстанда, бүкіл ОА-да БЖИ шеңберіндегі инфрақұрылымның ірі масштабты құрылысы ең алдымен Қытай үшін тиімді, ол оның ұзақмерзімді мүддесін қамтамасыз етеді және қытайлық компаниялар үшін пайда әкеледі деп тұжырымдауға болады. БЖИ іске қосылғаннан кейін Қытайдың ОА-дағы ықпалы үшін халықаралық бәсекелестік барған сайын күшейіп келеді. Қазақстандағы БЖИ іске асырылуын, атап айтқанда, оның әлеуметтік-экономикалық аспектілерін сыни бағалау қажет екендігін ОА халықтарының Қытай жобаларын әрқилы қабылдауынан байқаймыз. Дегенмен, Қазақстан прагматикалық тұрғыда БЖИ-ден экономиканы диверсификациялаудың ұтымды жолдарын қарастырып келеді.

Зерттеуде БЖИ-ді іске асыру кезеңіндегі Қытайдың дипломатиялық риторикасы да кезеңге бөліп талданды. **Пандемияға дейінгі аралықта (2013-2019 жж.)** дипломатиялық риторика бейбіт дамуға, өзара тиімділікке және қатысушы елдердің мүдделері ескерілетіні туралы болды. ОА елдері, Қазақстан БЖИ-ді инвестиция тарту және өз экономикасын дамыту, инфрақұрылымды кеңейту құралы ретінде қабылдады.

**Пандемиядан кейінгі кезеңде (2020-2023 жж.)** COVID-19 пандемиясына жауап ретінде Қытай қауіпсіздік пен денсаулық мәселелеріне, соның ішінде пандемияға қарсы ынтымақтастыққа және басқа елдерге медициналық көмек, «маска дипломатиясына» назар аудара бастады. Қытай ресми өкілдері өз бастамаларын ақпарат құралдарында белсенді жариялап,

Батыс елдерінің пікіріне шұғыл жауап қайтарып отырды. Қытай өзінің жетістігін көрсету үшін бастаманың бір бөлігі ретінде аяқталған немесе орындалып жатқан нақты жобалар мен инфрақұрылымдық жетістіктерге белсенді назар аударды.

Қазіргі уақытта Қытай өзінің саяси моделін шет елдің сынынан қорғауға, институционалдық артықшылықтарын алға қоюға басымдық беріп, дипломатиялық риторикасын өзгертті. Қытай бұрынғы реактивті дипломатия стилінен проактивті дипломатияға көшіп, жаңа халықаралық қатынастар үлгісін құруға тырысуда. ҚКП ХІХ съезінен бастап Қытай өзінің халықаралық дискурсивті күшін кеңейтуге, соның ішінде өз үнін тиімді түрде жеткізу, дипломатиялық тілінің стилін өзгерту және дипломатиялық практикасын жаңалауға көңіл бөле бастады. ҚХР болашақта жалпы стратегиялық жоспарын күшейту, әртүрлі саладағы институционалдық дискурсты арттыру, Қытайдың дипломатиялық идеяларын жаһандық бастамалармен байланыстыру мақсатын қойып отырғанын байқауға болады.

БЖИ аясындағы Цифрлық Жібек жолы бағыты кеңейіп келеді, мемлекеттер арасындағы жаңа технологиялар мен сауда қатынастарында қиыншылықтар болғанымен, даму тенденциясы бар. Диссертацияда отандық және шет елдік зерттеушілер кеңінен қызығушылық таныта қоймаған «Цифрлық Жібек жолы», яғни, инициативаның коммуникациялық және ақпараттық сегментіне көңіл аударылды. Ғылыми дискурстың нәтижесінде Цифрлық Жібек жолын дамытуда бірқатар кемшіліктердің бар екені де анықталып отыр. ЦЖЖ кеңеюімен қатар мемлекеттік және жеке деректер құпиялығының, цифрлық қауіпсіздіктің проблемасы да туындайды. ҚХР-дың ОА-ға «көлеңкелі» экспортының көлемі және Қытай-Қазақстан тауар айналымының статистикасындағы айырмашылықты азайту, сауданы транспарентті қылу міндеті тұр. Бұл трансшекаралық электронды коммерцияға қосымша импульс беруі ықтимал.

Жалпы алғанда ҚХР сыртқы саясаты мен оның ішінде концепциялары өткен онжылдықта жиі талқыланып, зерттеулердің көпшілігі негізінен оның өткен және бастапқы жылдардағы динамикасына арналып келеді. Бірақ оның құрылымы, ауқымы, процесі және салдары туралы кейбір сұрақтар әлі де ашық және жан-жақты пікірталасты қажет етеді. БЖИ-дің соңғы кезеңдердегі зерттеулерін қарайтын болсақ, әртүрлі теориялық перспективаларды біріктіруді талап етеді. Парадигмалар мен перспективалар арасындағы сәйкессіздік пікірталасынан хабардар бола отырып, БЖИ тақырыбын зерттеуде прагматикалық тәсілді ұстану маңызды болады. Диссертация тақырыбы соңғы онжылдықта теориялық-концептуалдық тұрғыда кешенді зерттелмегендіктен, таңдап алынған теорияларды кейінгі зерттеушілер де жан-жақты қарастырып, толықтыру енгізеді деген сенімдеміз.

## Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Бейсенбаев О., Кондапалли С. ҚХР сыртқы саясатының трансформациясындағы «Адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» концепциясы. «Қоғам және дәуір» ғылыми-сараптамалық журналы. № 3 (71) 2021, 72-94 б.
2. Бейсенбаев О. Адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры // [www.strategy2050.kz/news/51289/](http://www.strategy2050.kz/news/51289/)
3. “ 人 类 命 运 共 同 体 ” 大 事 记 // <http://world.people.com.cn/n1/2017/0709/c1002-29392217.html>, 07.09.2017
4. Horvath B. Identifying Development Dividends along the Belt and Road Initiative: Complementarities and Synergies between the Belt and Road Initiative and the Sustainable Development Goals / <https://www.undp.org/china/publications/identifying-development-dividends-along-belt-and-road-initiative>
5. Vision and Actions on Jointly Building Silk Road Economic Belt and 21st-Century Maritime Silk Road [https://www.fmprc.gov.cn/eng/topics\\_665678/2015zt/xjpcxbayzlt2015nnh/201503/t20150328\\_705553.html](https://www.fmprc.gov.cn/eng/topics_665678/2015zt/xjpcxbayzlt2015nnh/201503/t20150328_705553.html) 2015-03-28
6. Киссинджер Г. Мировой порядок / Генри Киссинджер (пер. с англ. В. Желнинова, А. Милюкова). – М.: Изд. АСТ, 2015. – 512 с.
7. Тоқаев Қ. Беласу. Дипломатиялық очерктер. – Алматы: «Дәуір», 2003 – 656 б.
8. Тоқаев К. Свет и тень. Астана. – 2007, 576 с.
9. Назарбаев Н. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 508 б. ISBN 978-601-06-4715-2
10. Инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған "Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасы / <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000470>
11. 中华人民共和国宪法 [Zhonghua renmin gongheguo xianfa – ҚХР Конституциясы]. – 2004. Сілтеме: <http://www.gqb.gov.cn/node2/node3/node5/node9/userobject7ai1273.html> (қаралған күні: 05.08.2021)
12. 新华社北京 2 月 25 日电 中国共产党中央委员会关于修改宪法部分内容的建议 全国人民代表大会常务委员会 [Синьхуа ақпарат агенттігі, Бейжің, 25 ақпан: ҚКП ОК БХӨЖ Тұрақты комитетінің конституциялық бөліктеріне өзгерістер енгізу туралы ұсынысы] / [http://www.xinhuanet.com/politics/2018-02/25/c\\_1122451187.htm](http://www.xinhuanet.com/politics/2018-02/25/c_1122451187.htm)
13. Поправки к Конституции КНР одобрены на 1-й сессии ВСНП 13-го созыва // [http://russian.news.cn/2018-03/11/c\\_137032010.htm](http://russian.news.cn/2018-03/11/c_137032010.htm)

14. 中华人民共和国宪法修正案 (2018 年 3 月 11 日第十三届全国人民代表大会第一次会议通过) [ҚХР Конституциясына түзету. 13-ші Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысының 2018 жылғы 11 наурыздағы бірінші отырысында қабылданды]. – 2018. Сілтеме: [http://www.gov.cn/xinwen/2018-03/11/content\\_5273222.htm](http://www.gov.cn/xinwen/2018-03/11/content_5273222.htm) . (қаралған күні: 18.06.2021)
15. Стратегия «Казакстан-2050» Новый политический курс состоявшегося государства / <https://primeminister.kz/assets/media/azastan-2050-strategiyasy.pdf>
16. Қазакстан Республикасы сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы / [https://www.akorda.kz/kz/legal\\_acts/decrees/kazakstan-respublikasy-syrtky-sayasatynyn-2020-2030-zhyldarga-arnalghan-tuzhyrymdamasy-turaly](https://www.akorda.kz/kz/legal_acts/decrees/kazakstan-respublikasy-syrtky-sayasatynyn-2020-2030-zhyldarga-arnalghan-tuzhyrymdamasy-turaly)
17. Decision of the Central Committee of the Communist Party of China on Some Major Issues Concerning Comprehensively Deepening the Reform), (新华社北京 11 月 3 日电) [Синьхуа ақпарат агенттігі, Бейжің, 3 қараша) / [http://www.china.org.cn/china/third\\_plenary\\_session/2014-01/16/content\\_31212602\\_16.htm](http://www.china.org.cn/china/third_plenary_session/2014-01/16/content_31212602_16.htm)
18. 中共中央关于制定国民经济和社会发展第十四个五年规划和二〇三五年远景目标的建议 [ҚКП ОК Ұлттық экономикалық және әлеуметтік дамудың 14-ші бесжылдық жоспарын және 2035 жылға арналған ұзақ мерзімді мақсаттарды тұжырымдау туралы ұсынымдары] / <http://politics.people.com.cn/n1/2020/1104/c1001-31917678.html>
19. 共建“一带一路”倡议：进展、贡献与展望[«Белдеу және жол» бастамасын бірлесіп құру: прогресс, үлес және перспективалар] 来源：新华网 [Дереккөз: Синьхуа ақпарат агенттігі] / [http://www.xinhuanet.com/world/2019-04/22/c\\_1124400071.htm](http://www.xinhuanet.com/world/2019-04/22/c_1124400071.htm) 2019-04-22
20. Full Text: Vision and actions on jointly building Belt and Road // <http://2017.beltandroadforum.org/english/n100/2017/0410/c22-45.html>
21. Full text of the Vision for Maritime Cooperation under the Belt and Road Initiative // [http://english.www.gov.cn/archive/publications/2017/06/20/content\\_281475691873460.htm](http://english.www.gov.cn/archive/publications/2017/06/20/content_281475691873460.htm)
22. China’s Arctic Policy. The State Council Information Office of the People’s Republic of China, January 2018 // [http://english.www.gov.cn/archive/white\\_paper/2018/01/26/content\\_281476026660336.htm](http://english.www.gov.cn/archive/white_paper/2018/01/26/content_281476026660336.htm)



23. Совместная декларация КНР и РК о дальнейшем углублении всестороннего стратегического партнерства (полный текст) 2013-09-16 // [http://kz.china-embassy.gov.cn/rus/zhgx/201309/t20130916\\_1045313.htm](http://kz.china-embassy.gov.cn/rus/zhgx/201309/t20130916_1045313.htm)
24. Joint Declaration on New Stage of Comprehensive Strategic Partnership Between the People's Republic of China and the Republic of Kazakhstan (Full Text), 2015-08-31 // [https://www.fmprc.gov.cn/eng/wjdt\\_665385/2649\\_665393/201509/t20150902\\_679409.html](https://www.fmprc.gov.cn/eng/wjdt_665385/2649_665393/201509/t20150902_679409.html)
25. Қазақстан и Китай подписали десять совместных документов <https://kapital.kz/economic/81146/kazakhstan-i-kitay-podpisali-desyat-sovmestnykh-dokumentov.html>
26. The Astana declaration of the Heads of State of the Shanghai Cooperation Organisation // <http://eng.sectesco.org/documents/>
27. Development Strategy of the Shanghai Cooperation Organization until 2025 // <http://eng.sectesco.org/documents/>
28. Declaration of the Fifth Summit of Conference on Interaction and Confidence Building Measures in Asia Shared Vision for a Secure and More Prosperous CICA Region Dushanbe, 15 June 2019 // [https://www.s-cica.org/docs/1583146511Declaration\\_of\\_the\\_Fifth\\_CICA\\_Summit%20\(1\).pdf](https://www.s-cica.org/docs/1583146511Declaration_of_the_Fifth_CICA_Summit%20(1).pdf)
29. Joint Communique of the Leaders Roundtable of the Belt and Road Forum for International Cooperation, May 16, 2017 // <http://2017.beltandroadforum.org/english/n100/2017/0516/c22-423.html>
30. Xi Jinping. The Governance of China / Volume 1, Foreign Languages Press, 2014, pp. 515
31. Xi Jinping. The Governance of China. Vol. II. Beijing, Foreign Languages Press, 2017. 620 p.
32. Н.А. Назарбаевтың CCTV телеарнасына берген сұхбатының толық нұсқасы // <https://www.youtube.com/watch?v=1nRZ75BfOVQ>
33. Полный текст интервью Н.Назарбаева агентству «Синьхуа» и другим китайским СМИ // [http://russian.news.cn/2016-09/02/c\\_135652681.htm](http://russian.news.cn/2016-09/02/c_135652681.htm) 2016-09-02
34. Full Text of Chinese president's signed article in Kazakh newspaper / [http://www.xinhuanet.com/english/2017-06/07/c\\_136347173.htm](http://www.xinhuanet.com/english/2017-06/07/c_136347173.htm) 2017-06-07
35. Full text of Xi's signed article on Kazakh newspaper. Build on the Past to Make Greater Strides in China-Kazakhstan Relations. Xi Jinping // [http://english.scio.gov.cn/topnews/2022-09/14/content\\_78418701.htm](http://english.scio.gov.cn/topnews/2022-09/14/content_78418701.htm)
36. 习近平 (Си Цзиньпин) 。 共同构建人类命运共同体 [Адамзат қауымдастығының ортақ тағдырын бірлесіп құрайық]. – 2017. Сілтеме: <http://cpc.people.com.cn/n1/2017/0120/c64094-29037658.html> (Қаралған күні: 08.08.2021)

37. 中国共产党第十九次全国代表大会在京闭幕 习近平发表重要讲话 [Бейжіңде ҚКП 19-съезінің аяқталуында Си Цзиньпин сөз сөйледі] // [http://www.xinhuanet.com/politics/19cpcnc/2017-10/24/c\\_1121849894.htm](http://www.xinhuanet.com/politics/19cpcnc/2017-10/24/c_1121849894.htm)
38. Xi Outlines 4-Pronged Proposal on Global Governance 27 Mar., 2019 / [https://brgg.fudan.edu.cn/en/articleinfo\\_366\\_2.html](https://brgg.fudan.edu.cn/en/articleinfo_366_2.html)
39. Н.Назарбаев «Бір жол, бір белдеу» екінші халықаралық ынтымақтастық форумының ашылу рәсіміне қатысты (2019 жылғы 26 сәуір) [https://www.akorda.kz/kz/events/international\\_community/foreign\\_visits/kazakstan-respublikasynyn-tungysh-prezidenti-elbasy-bir-zhol-bir-beldeu-ekinshi-halykaralyk-yntymaktastyk-forumynyn-ashylu-rasimine-katysty](https://www.akorda.kz/kz/events/international_community/foreign_visits/kazakstan-respublikasynyn-tungysh-prezidenti-elbasy-bir-zhol-bir-beldeu-ekinshi-halykaralyk-yntymaktastyk-forumynyn-ashylu-rasimine-katysty)
40. Выступление Председателя КНР Си Цзиньпина в Назарбаев университете (полный текст) / [http://kz.china-embassy.gov.cn/rus/zhgx/201309/t20130916\\_1045309.htm](http://kz.china-embassy.gov.cn/rus/zhgx/201309/t20130916_1045309.htm)
41. 习近平在“一带一路”论坛发表主旨演讲(全文) [Си Цзиньпин «Белдеу мен жол» форумында баяндама жасады (толық мәтіні)] [http://www.gov.cn/xinwen/2017-05/14/content\\_5193658.htm](http://www.gov.cn/xinwen/2017-05/14/content_5193658.htm)
42. 习近平在第二届“一带一路”国际合作高峰论坛开幕式上的主旨演讲(全文) (2019年4月26日, 北京) [Си Цзиньпин екінші «Белдеу мен жол» халықаралық ынтымақтастық саммитінің ашылу салтанатында сөйлеген сөзі (толық мәтіні) (26 сәуір, 2019 ж., Бейжің)] <https://www.yidaiyilu.gov.cn/xwzx/xgcdn/88249.htm>
43. 习近平(Си Цзиньпин). 习近平在德国科尔伯基金会的演讲(全文) [Си Цзиньпиннің Германиядағы Гербер қорында сөйлеген сөзі (толық мәтіні)] URL:<http://cpc.people.com.cn/n/2014/0330/c64094-24773108.html>. (Accessed: 19.09.2017)
44. 习近平(Си Цзиньпин). 中国共产党与世界政党高层对话会开幕式并发表主旨讲话 [Қытай компартиясы мен әлемдік саяси партиялардың жоғары деңгейдегі диалогының ашылу салтанатындағы баяндама]. – 2017. Сілтеме: <http://cpc.people.com.cn/n1/2017/1202/c64094-29681323.html>. (қаралған күні: 15.06.2021)
45. Xi J (2013) Promote Friendship Between Our People and Work Together to Build a Bright Future. Ministry of Foreign Affairs. [http://www.fmprc.gov.cn/mfa\\_eng/wjdt\\_665385/zyjh\\_665391/t1078088.shtml](http://www.fmprc.gov.cn/mfa_eng/wjdt_665385/zyjh_665391/t1078088.shtml).
46. Си Цзиньпин: ВВП Китая рос в среднем на 9,5 проц. в год в течение последних 40 лет // [http://russian.china.org.cn/business/txt/2018-04/10/content\\_50857066.htm](http://russian.china.org.cn/business/txt/2018-04/10/content_50857066.htm)
47. 王毅 (Ван И). 坚定不移走和平发展道路推动构建人类命运共同体 [Бейбіт даму жолынан таймайық және Адамзат қауымдастығының ортақ тағдырын құруға ықпал етейік]. – 2018. Сілтеме:

<http://theory.people.com.cn/n1/2018/0314/c40531-29866391.html>.(қаралған күні: 18.06.2021

48. Нұрышев Ш. Қазақстан-Қытай қарым-қатынастары стратегиялық әріптестіктің жаңа кезеңіне өтті. 2018 жыл, 6 маусым // <https://egemen.kz/article/169913-shakhrat-nuryshev-qazaqstan-qytay-qarym-qatynas%C2%ADtary-strategiyalyq-arip%C2%ADtestik>

49. Нұрышев Ш. О наших отношениях с Китаем. // <https://kazpravda.kz/n/o-nashih-otnosheniyah-s-kitaem/> 31 марта 2021 года

50. Чжан Сяо. Китайско-казахстанские отношения ждёт эра новых возможностей. / <http://russian.people.com.cn/n3/2022/0323/c95181-9975017.html> 23/03/2022

51. Посол КНР в РК: Китай будет открывать доступ к своему рынку / [https://forbes.kz//life/observation/posol\\_knr\\_v\\_rk\\_kitay\\_budet\\_otkryivat\\_dostup\\_k\\_svoemu\\_ryinku/](https://forbes.kz//life/observation/posol_knr_v_rk_kitay_budet_otkryivat_dostup_k_svoemu_ryinku/)? 16 июля 2019 года

52. Progress Report on the Belt and Road Initiative in Support of the United Nations 2030 Agenda for Sustainable Development // [https://www.un.org/sites/un2.un.org/files/progress\\_report\\_bri-sdgs\\_english-final.pdf](https://www.un.org/sites/un2.un.org/files/progress_report_bri-sdgs_english-final.pdf)

53. Belt and Road Economics: Opportunities and Risks of Transport Corridors // <https://www.worldbank.org/en/topic/regional-integration/publication/belt-and-road-economics-opportunities-and-risks-of-transport-corridors>, 18 июня 2019 года

54. Hearing Before The U.S.-China Economic And Security Review Commission One Hundred Fifteenth Congress Second Session Thursday, January 25, 2018 [https://www.uscc.gov/sites/default/files/transcripts/Hearing%20Transcript%20-%20January%2025%2C%202018\\_0.pdf](https://www.uscc.gov/sites/default/files/transcripts/Hearing%20Transcript%20-%20January%2025%2C%202018_0.pdf)

55. Meeting Asia's Infrastructure Needs. Mandaluyong City, Philippines: Asian Development Bank, 2017. <https://www.adb.org/sites/default/files/publication/227496/special-report-infrastructure.pdf>

56. ICBC Standard Bank | Belt and Road Interim Report – Tracking evolving scope, discovering expanding opportunities April 2018 // <https://www.oxfordeconomics.com/resource/5d9af887-c2bd-4c8b-9ced-e336901a00aa/>

57. China's Belt and Road at Five. A Progress Report Citi GPS: Global Perspectives & Solutions, December 2018 / <https://ir.citi.com/dC0rhREg0fYeOTBKwhWUfnNqO9TSCmCiHqvmurBP5UQw9%2BzuVan%2BdH9taO2%2FTQWm>

58. From Silk Road to Silicon Road. How the Belt and Road Initiative will transform the global economy. The Chartered Institute of Building. World Economic League Table 2019 // <https://www.ciob.org/sites/default/files/CIOB-Cebr%20report%20-%20From%20Silk%20Road%20to%20Silicon%20Road.pdf>

59. Construction of Kazakh-Chinese investment projects will be carried out in accordance with the legislation of Kazakhstan <https://invest.gov.kz/media-center/press-releases/stroitelstvo-kazakhstansko-kitayskikh-invest-proektov-budet-vestis-v-sootvetstvii-s-zakonodatelstvom/>, 10.09.2019

60. К 2025 году грузооборот железнодорожного транспорта между Китаем и Казахстаном достигнет 40 млн тонн // <https://rail-news.kz/ru/cargo-transportation/9851-k-2025-godu-gruzooborot-zheleznodorozhnogo-transporta-mezhdu-kitaem-i-kazahstanom-dostignet-40-mln-tonn.html>

61. 安蓓 (Ан Бэй) . 开启共建“一带一路”新征程. 新华社北京 4 月 22 日电[«Белдеу мен жолды» бірлесіп құрудың жаңа жолын бастау Синьхуа ақпарат агенттігі, Бейжің, 22 сәуір] // [http://www.xinhuanet.com/politics/2019-04/22/c\\_1124401087.htm](http://www.xinhuanet.com/politics/2019-04/22/c_1124401087.htm)

62. 从“两个大局”把握重要战略机遇期新变化新特征 2020 年 11 月 01 日 [«Екі жалпы жағдайдан» маңызды стратегиялық мүмкіндік кезеңінің жаңа өзгерістері мен сипаттамасын түсіну. 2020 ж., 1 қараша]// <https://www.chinanews.com/11/2020/11-01/9327984.shtml>

63. “人类命运共同体”大事记 [«Адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры». Негізгі мәселелер.] // <http://world.people.com.cn/n1/2017/0709/c1002-29392217.html>, 07.09.2017

64. Xie Tao. Is China's 'Belt and Road' a Strategy? <https://thediplomat.com/2015/12/is-chinas-belt-and-road-a-strategy/>

65. "Жэньминь Жибао" выпустила статью о концепции мирового сообщества с единой судьбой // <http://russian.people.com.cn/n3/2017/0116/c95181-9167272.html>, 16.01.2017

66. Диалог высокого уровня // [https://liter.kz/mobile/ru/articles/show/40132-dialog\\_vysokogo\\_urovnya](https://liter.kz/mobile/ru/articles/show/40132-dialog_vysokogo_urovnya)

67. Переговоры по вопросам на пограничных переходах состоялись между Казахстаном и Китаем <https://elorda.info/novosti-stolicy/2463-ec67953b-6469-4ad8-8d4f-fe1a29b46976-67404/>

68. «Критикует других, но блокирует тех, кто критикует его» <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-china-twitter/30505678.html>

69. За три года в КНР завели дела о коррупции на миллион чиновников // <https://www.bbc.com/russian/news-37749287>.

70. «Қазақстандағы шығыстану зерттеулері: жетістіктері мен болашағы» атты Халықаралық ғылыми конференция материалдары. 12 қазан 2016 ж. / құрастырушылары Халит Ерен, Б. Батырхан. - Алматы, 2018. - 456 бет.

71. Neafie J. Anti-Chinese Sentiment, the BRI, and COVID-19: Kazakhstani Perceptions of China in Central Asia // <https://research.nu.edu.kz/en/publications/anti-chinese-sentiment-the-bri-and-covid-19-kazakhstani-perceptio>

72. Ирсадиев С. Экономический пояс Шелкового пути и актуальные вопросы китайско-казахстанского взаимодействия (Астана, 2 июля 2018 г.), <https://isca.kz/ru/analytics-ru/2765>
73. Инициатива «Один пояс и один путь»: состояние и перспективы - Алматы: Исследовательский институт международного и регионального сотрудничества Казахстанско-Немецкого университета, 2018. – 220 с.
74. Инициатива «Один пояс и один путь»: важнейший фактор выстраивания современных международных отношений. – Алматы: Исследовательский институт международного и регионального сотрудничества Казахстанско-Немецкого университета, 2019. – 176 с
75. Нургалиев Б. Китай как драйвер современной мировой экономики // <http://sszi.kz/kитай-kak-driver>,
76. Нургалиев Б. Китайский «пояс-путь»: Казахстан и геополитика // <http://sszi.kz/chinese-belt-path-kazakhstan-and-the-geopolitics-of>
77. Муратбекова А. Цифровой шелковый путь Китая после пандемии// <https://www.eurasian-research.org/publication/chinas-post-pandemic-digital-silk-road/?lang=ru>
78. Ордабаев А. COVID-19 и его влияние на инициативу пояса и пути в центральной Азии // <https://www.eurasian-research.org/publication/covid-19-and-its-impact-on-chinas-belt-and-road-initiative-the-case-of-central-asia/?lang=ru>
79. «Жаңа Жібек жолы экономикалық белдеуі: Жібек жолы бойындағы мемлекеттердің ынтымақтастығы және тұрақты дамуы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 18-21 мамыр, 2016 ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 169 б.
80. «Цифрлық Жібек жолы» аясындағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастығының дамуы / ҚКП шешімдері және Қазақстан-Қытай қарым-қатынастары: мақалалар жинағы(Қытайды зерттеу). Алматы: «Мерей» баспасы – 2018, 254 б.
81. Алдабек Н. Новая экономическая политика Казахстана «Нұрлы жол» в контексте взаимной синергии с программой «Один пояс – один путь» Китайской Народной Республики. Вестник КазНУ. Серия востоковедения.– 2016 –Т. 76–№ 1.
82. Serikkaliyeva A. Chinese investment in the mining and metallurgical complex of Kazakhstan // KazNU Journal of oriental studies. – 2017. – vol. 78 – n. 3, p. 58-61.
83. Serikkaliyeva, A. The Role of the Central Asian region in China's New Silk Road Economic Belt project. Eurasian Research Journal, 1 (1), 66-81 // <https://dergipark.org.tr/en/pub/erj/issue/46776/609606>
84. Алдабек Н., Сериккалиева А. Қытай дипломатиясының жаңа концепциялары және Шанхай ынтымақтастық ұйымы // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. – 2016. – Т.72 – № 2.

85. Serikkaliyeva, A., Amirbek, A., Batmaz, E.Ş. Chinese institutional diplomacy toward Kazakhstan: The SCO and the new silk road initiative. *Insight Turkey*. 2018, 20(4), pp. 129–151.
86. Мұқаметханұлы Н., Нәбижанқызы З. Қытайдың «Бір белдеу бір жол» инициативасы және екі ел ынтымақтастығының перспективасы // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. – 2016. –Т. 74 – № 4.
87. Мұқаметханұлы Н., Құдайбергенова А. Си Цзиньпин билігінің доктринасы // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. - №2(97) – 2021. – 106-115 б.
88. Мұқаметханұлы Н., Бейсенбаев О. COVID-19 пандемиясы жағдайында «Бір белдеу – бір жол» инициативасын іске асырудың сын-кәтері. «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы, 2020. - №2(22). <https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/1455>
89. Serikkaliyeva A., Amirbek A., Tazhibayev R., Beisenbayev O. Global governance, Chinese-style: The Central Asian projects of the Asian infrastructure investment bank. *Central Asia and the Caucasus*. 2019, 20(4), pp. 32–40
90. Дәуен Д. Қытай мен Қазақстандағы көппартиялы жүйедегі негізгі партиялардың ел модернизациясын жүргізудегі қызметі / ҚКП шешімдері және Қазақстан-Қытай қарым-қатынастары: мақалалар жинағы(Қытайды зерттеу). Алматы: «Мерей» баспасы – 2018, 254 б.
91. Омарова М., Арзыкулов А. Возможности и перспективы Экономического пояса Шелкового пути // Вестник КазНУ. Серия востоковедения. – 2018.– Т. 81– № 2, 86-93 с.
92. Оразақынқызы Ф. «Бір белдеу, бір жол» жобасы аясындағы қазақ-қытай қарым-қатынасы // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. – 2018 – Т. 86 – № 3.
93. Ашинова Ж., Сяоли Цзинь. Инициатива «Один пояс, один путь» и действующие направления инвестиционного сотрудничества между Казахстаном и КНР // Вестник КазНУ. Серия востоковедения. – 2019 – Т.89– № 2.
94. Есдаулетова А., Далелхан А. Транспортная система как инструмент внешней политики Казахстана. Государственное управление и государственная служба. – 2022. – 4(83) – 43-55 с.
95. Duisekina, A., Baisultanova, K., Ashinova, Z. China and Kazakhstan: Belt and road cooperation. *Central Asia and the Caucasus*. – 2021. – 22(2), pp. 101–109
96. В нежных объятиях дракона? «Мягкая сила» Китая в Казахстане. Алматы, 2018 / <https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2018/12/Китай-в-Казахстане-.pdf>
97. Кожирова С. Китай как новый лидер глобализации: планы и реалии. – 2020 // <https://isca.kz/ru/pubs-ru/2033>. (Доступ: 02.08.2021)

98. Nuriddenova A. The concept of “Community of common destiny”: implications for China’s foreign policy behavior // Journal of Oriental Studies. – vol. 92, n. 1. – 2020. – pp. 54-60.
99. Zhekenov D., Makisheva M., Jakubayeva S. Chinese foreign policy through the prism of «community of common destiny» // International Relations and International Law Journal. – vol. 88, n. 4. – 2019. – pp. 13-19.
100. Qoraboyev I. One Belt, One Road: A Comparative Regionalism Approach. In: Cheng Y., Song L., Huang L. (eds) The Belt & Road Initiative in the Global Arena // Palgrave Macmillan, Singapore. pp. 103-114.
101. Bitabarova A. Unpacking Sino-Central Asian engagement along the New Silk Road: a case study of Kazakhstan, Journal of Contemporary East Asia Studies, 7:2, 2018, pp. 149-173
102. Shakhanova G., Garlick J. The Belt and Road Initiative and the Eurasian Economic Union: Exploring the “Greater Eurasian Partnership” // Journal of Current Chinese Affairs. – 2020– n. 49.
103. Шаханова Г. Китайская инициатива "Один пояс, Один путь": изменение архитектуры безопасности в Евразийском регионе // Қазақ экономикалық хабаршысы. – 2017–№2–24-35 сс.
104. Токеева А., Раев Д., Дауен Д. Один пояс - один путь. Выгоды и перспективы для Казахстана // Central Asia and the Caucasus, Journal of Social and Political Studies.- 2020 – vol.21. – issue 1. – p.70-79
105. Bugaenko A. Impact of the COVID-19 Pandemic on the Belt and Road Initiative in Central Asia // <https://cabar.asia/en/impact-of-the-covid-19-pandemic-on-the-belt-and-road-initiative-in-central-asia/> (accessed 15.05.2020)
106. Изимов Р., Мураталиева З. Центральноеазиатский трек инициативы «Пояс и путь»: возможности и риски // <https://cyberleninka.ru/article/n/tsentralnoaziatskiy-trek-initsiativy-poyas-i-put-vozmozhnosti-i-riski>
107. Изимов Р. О стратегии Китая в Центральной Азии: анализ новых подходов и трендов // <https://www.caa-network.org/archives/17410>
108. Амребаев А. Национальное, региональное и глобальное измерения китайской инициативы «Пояса и пути». <https://chinastudies.kz/ru/silk-way/one-belt-one-road/333/>
109. Амребаев А. Мы должны этим историческим шансом обязательно воспользоваться. <https://kapital.kz/gosudarstvo/59883/aydar-amrebayev-my-dolzhny-etim-istoricheskim-shansom-obyazatel-no-vospol-zovat-sya.html>
110. Анализ экономической стратегии и внешней политики Китая в Казахстане: аналитическое исследование. – Нур-Султан, 2020. – 165 с.
111. Далелхан А. Қытай дипломатиясының Қазақстанға қатысты стратегиялық тұғыры. 6D020200-Халықаралық қатынастар Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. –2018 ж. /

<https://repository.apa.kz/bitstream/handle/123456789/196/Диссертация.%20Далелхан.pdf?sequence=1&isAllowed=y>

112. Керімбаев Е. Қытайдың сыртқы тілдік саясаты және Қазақстанда қытай тілінің таралуы. 6D020900 – Шығыстану (тарих ғылымдары). 2020 ж. / <https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder17928/Диссертация%20Керімбаев%20Е%20Ә.pdf>

113. Мадиев Д. ҚХР-дың солтүстік-батыс шекара аймағын дамыту саясаты (1949-2015) 6D020900 – Шығыстану (тарих ғылымдары) Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. 2020 ж. / <https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder17928/Диссертация%20Мадиев%20Е%20ДА.pdf>

114. Цыганков П.А. Политическая динамика современного мира: теория и практика / П.А. Цыганков. — М.: Издательство Московского университета, 2014. — 576 с.

115. Глобальное управление: возможности и риски / Отв. ред. – В.Г. Барановский, Н.И. Иванова. – М.: ИМЭМО РАН, 2015. – 315 с.

116. Давыдов В. Новые центры силы – доступ к механизмам глобального регулирования // Глобальное управление в XXI веке: инновационные подходы / под ред. Ал. А. Громыко. М.: Ин-т Европы РАН, Нестор-история, – 2013. – 100 с.

117. Мокрецкий А. О дипломатии «новых возможностей» Китая // Материалы 7-й международной конференции молодых востоковедов «Восточная Азия: прошлое, настоящее, будущее». Москва: Федеральное государственное бюджетное учреждение науки ИДВ РАН. – 2020. – 13-23 с.

118. Тренин Д. Новый баланс сил: Россия в поисках внешнеполитического равновесия. — М. : Альпина Паблишер, 2021. — 471 с.

119. Тушков А., Фоменко Д. Экспликация концепта Си Цзиньпина «Сообщество единой судьбы человечества» как философия Евразийского развития // Международный научно-исследовательский журнал. – 2021. – № 3 (105). –123-127 с.

120. Семёнов А., Цвык А. Концепция «Общего будущего человечества» во внешнеполитической стратегии Китая // Мировая экономика и международные отношения. – 2019. – № 8(63) –72-81 с.

121. Маслов А. Возможности и комбинационности китайской стратегии «Пояс и путь» для национальных экономик Юго-Восточной Азии. Экономика промышленности // Russian Journal of Industrial Economics. – 2020– 13(4) – 482-493 с.

122. Voskressenski A. China, Europe, Eurasia and the USA: COVID-2019 and after — What Our Future May Be? Summary of the Online International Roundtable Discussion // Сравнительная политика. — 2020. — №3. — p. 5-11.

123. Кулинцев Ю. «Один пояс – один путь»: инициатива с китайской спецификой / <https://russiancouncil.ru/blogs/riacexperts/31461/>



124. Kashin V., Korolev A. China's Foreign Aid to Central Asia States // World Economy and International Relations. – 2018– vol. 62– n. 3– pp. 78-85.
125. Кашин В., Пятачкова А. Китайская дипломатия: сужение коридора // <https://globalaffairs.ru/articles/kitaj-suzhenie-koridora/?fbclid=IwAR3t10pG6hxNU7V58-IVmnaX2z3RFfvdHOMoWZnrzVUR86ZSyhzIQ9DgYnY>
126. Зуенко И. Один «Пояс», два пути: восприятие китайских интеграционных инициатив в России и Казахстане (2014 — 2017). // <https://cyberleninka.ru/article/n/odin-poyas-dva-puti-vospriyatie-kitayskih-integratsionnyh-initsiativ-v-rossii-i-kazahstane-2014-2017>
127. Денисов И., Зуенко И. Почему новый язык китайской дипломатии звучит так грубо // <https://profile.ru/abroad/pochemu-novyj-yazyk-kitajskoj-diplomatii-zvuchit-tak-grubo-320380/> (дата обращения 30.05.2020)
128. Zuenko I. The Balance between Sinophobia and Discourse on Cooperation: Expert Opinion on China in Russia and Kazakhstan // <https://theasanforum.org/the-balance-between-sinophobia-and-discourse-on-cooperation-expert-opinion-on-china-in-russia-and-kazakhstan/>
129. Габуев А., Умаров Т. Политика волков и масок: как Китай защищает свою репутацию в кризис // <https://carnegie.ru/2020/04/30/ru-pub-81701> (дата обращения 01.05.2020)
130. Gabuev, A. Crouching Bear, Hidden Dragon: “One Belt One Road” and Chinese-Russian Jostling for Power in Central Asia // The Journal of Contemporary China Studies. – 2017. – n. 5– p. 61-78.
131. Feng Yujun, Gabuev A., Haenle O., Ma Bin, Trenin D. The Belt and Road Initiative: Views from Washington, Moscow, and Beijing. / <https://carnegieendowment.org/2019/04/08/belt-and-road-initiative-views-from-washington-moscow-and-beijing-pub-78774>
132. Gabuev A., Zuenko I. The “Belt and Road” in Russia: Evolution of Expert Discourse // <https://eng.globalaffairs.ru/articles/the-belt-and-road-in-russia-evolution-of-expert-discourse/> 17.01.2019
133. Умаров Т. На пути к Pax Sinica: что несет Центральной Азии экспансия Китая // [www.carnegie.ru/commentary/81265](http://www.carnegie.ru/commentary/81265) (дата обращения 20.03.2020)
134. 阎学通(Ян Сюэту́н), 道义现实主义的国际关系理论, 国际问题研究, 2014, no. 5, pp. 102-127. [Моральдық реализм халықаралық қатынастар теориясында, International Studies журналы, 2014, № 5, 102-127 бб.] / [http://www.ciis.org.cn/gyzz/2014-10/15/content\\_7296665.htm](http://www.ciis.org.cn/gyzz/2014-10/15/content_7296665.htm) (accessed 24.01.2017).
135. Yan X. New Values for New International Norms // China International Studies. – 2013, vol. 38, n. 1– p. 15-28.
136. Yan X. From Keeping a Low Profile to Striving for Achievement // The Chinese Journal of International Relations. – 2014, n. 7 (2) – pp. 153-184.

137. Hu Angang, 'Zhongguo Jueqi yu DuiWai Kaifang: Cong Shijiexing Kaifang Daguo Dao Shijiexing Kaifang Qiangguo' // Xueshu Yuekan. – 2009, n. 9, pp. 52-60.
138. Юй Кэпин. Цюаньцю чжили иньлунь [Введение в глобальное управление] // Макэсычжуи юй сяньши. – 2002– №1– 20-32 с.
139. Цай Туо. Цюаньцю чжили дэ Чжунго шицзяо юй шицзянь [Взгляд и практика Китая в глобальном управлении] // Чжунго шэхуй кэсюэ. – 2004– №1– 94-106 с.
140. Пан Чжунбин. Бацюань чжили юй цюаньцю чжили [Гегемонистское управление и глобальное управление] // Вайцзяо пинлунь. – 2009, №4– 20 с.
141. Ван Ивэй. Хай шан? Оучжоу вэньмин цишилу [Смерть моря? Откровение европейской цивилизации] // Шанхай: Шанхай жэньминь чубаньшэ. – 2013. – 215 с.
